





Қазақ  
прозасы  
Казынасынан

Әлібек  
АСҚАРОВ

Ор Алтай,  
мен қайтейін биғінді...



RARITY





PUBLISHING  
COMPANY Ltd


**Әлібек Асқаров**

**Ор Алтай,  
мен қайтейін биғінде...**

**Хикаят**

**Алматы  
«Раритет»  
2006**





Казак  
прозасы  
казынасынан

Әлібек  
АСҚАРОВ

Ор Алтай,  
мен қайтейін биғінді...



**Хикаят**

**ББК 84Каз7-6  
A88**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне  
ақпарат министрлігі**

**Ақпарат және мұрағат комитеті  
бағдарламасы бойынша шығарылды**

**Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді**

**Серияның негізін салған 3. Серікқалиұлы  
Көркем безендірмесі негізін салған А. Тіленшиев**

**Аскаров Э.**

**A88 «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...». Хикаят. —  
Алматы: Раритет, 2006. — 312 бет. — «Алтын қор»  
кітапханасы.**

**ISBN 9965-770-08-5**

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Әлібек Аскаровтың «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...» хикаяты — оқырман қауым жылы қабылдаған шығармалардың бірі.

Хикаят откен гасырдың сонындағы «қайта күру» деп аталған реформалық озгерістердің қазақ ауылына екслеген қылыш-қылыш осерін өнгіме етеді. Әдемі әзіл, үтқыр юмор арқылы жазушы ауыл адамдашының алуан түрлі характерлерін ашады. Жеке адамның басындағы қызық та құлқілі оқиғалар арқылы жалпы қогамды жайлаган трагедиялық ахуалдарды астармен нұсқап отырады.

Хикаят 2005 жылы Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан жеке кітап болып жарық корді.

**ББК 84Каз7-6**

**A—4702250201—05  
413(05)—06**

**ISBN 9965-770-08-5**

© Аскаров Э., 2006  
© «Раритет» БК, 2006  
© Безендірген Святослав Ким, 2006

## РОМАНҒА БЕРГІСІЗ ХИКАЯТ

Бәріміз де ауылда туып, ауылда өстік. Әсіресе, қолына қалам ұстап, жазушы, журналист атанған агайындардың көбі ауылдан шыққан.

Ал Ана тілінсіз жазушы да, журналист те жоқ. Өйткені ауыл — ана тілінің мәйегі. Ауыл болмаса, осы күндері ана тілі де болмас еді. Ана тілінсіз Қазақ әдебиеті, Қазақ өнері, жалпы Қазақ халқы деген ұгым да ұмытылар еді.

Қасиетіңен айналайын ауыл аман болсын!

Ал кейбір басшылар, оқымыстылар, саясаткерлер: ауыл адамдары қалага көшпейінше, пісіп-жетілмейді, мына заманга лайық азамат бола алмайды деп уағыз айтып, көріпкел болысып жур. Алаш көсемі Әлихан Бекейханов сонау 1910 жылдың өзінде қазақ жері буліне берсе, қазақтар амалсыздан қалага көшіп, пролетариат қамытын киіп, қаңғырып кетеді деген жоқ па?

Айтқаны келгендей болды. Қазір ауылдан адамдар безіп, қалага қарай лап қойып еді, не болды? Қайыршы, ұры-қары, маскүнем, нашақорлар көбейді. Түрме толы қазақ жастары.

Қазақ демографиясының кениші ауыл еді. Он баладан дүниеге келтіріп, «Батыр Ана» атанған асыл аналар көп еді. Қайда солар қазір? Бесік тербеткен ауыл сиреп қалды. Мыңдаган жылдар бойы сан-саналак зұлматтан көп жапа шексе де, феникс құс сияқты, өртенген күлден қайта тіріліп, қайта қанат қага бастаган қазақ XXI гасырдың табалдырығын аттады. Шукір, шукір! Бірақ ұлттың үйітқысы ауыл азаппен аттады. Ұлттың үйітқысы іріп кете жаздады.

Лев Толстойдың Қазымұратындағы соқа жырып кеткен түйе жасап рақтың тамырында ауылдың да жаны сірі, тамыры тереңде. Осы көріністі көркем әдебиеттен көремдеген кісі «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...» атты туындыны оқысын. Авторы — Элібек Асқаров.

«Өр Алтай» — Түрік әлемінің алтын бесігі.

Элібек суреттеген кішкентай ауылдың жанынан осы таяуда гана археологтар адамзаттың көне мекенін тапты. Алтай Алтай болғалы оның асыл құрсағынан кімдер туып, кімдер өтпеді. Ұрпақтар, әйтеуір, үзіліп қалмай, жалғасып келе жатыр. Үзіліп қалса — сол қайғы.

Алтайдың ірі ақыны, толагай суреткері Оралхан Бекей де өтіп кетті дүниеден. Бірақ жалғассыз емес екен. «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...» атты шыгармасының соңғы парагын жауып отырып, Оралхан өлмеген екен, Алтай жыры үзіліп қалмаган екен деп ойладым.

\* \* \*

Алдымен жүз үйлі «Төртінші бригада» тарап кетті. Жүз үйден жеті-ак үй қалды. «Раздольное» дейтін совхоздың орталығы Мұқыр еді. Мұқырга да тықыр таянды...

Кітаптың мазмұнын тізіп шыгайын деп отыргам жоқ. Мәселе сол жеті-ак үйде, «Төртінші бригада» арқылы жазушының бүкіл республикадагы қазақ ауылдарының айнасын жасай алуында. Жасай білу шеберлігінде. Мен ел аралап жүріп, сонау Атыраудагы Тайсойған құмына барсам да, Сарысу мен Таласқа барсам да, алдынан Алтайдагы «Төртінші бригада» шыгады. Эрине, жер бедері, табигат көрінісі әрқылы. Бірақ адамдар...

Элібек Асқаров қалам ұшындағы бір нүктеден шартарапқа күн сәулесінің кірпіктеріндегі сзызық тартып, бүкіл қазақ даласын қамтыған.

Ауылда жадауга жақын жадағай мектеп бар. Өзі де бір жабылайын деп тұрған дүние. Сөйтсе де, оның осы уақытқа дейін аты да жоқ екен. Кітапханаши Дәулетхан кенет осы мәселені көтеріп-ак жібергені. Аз ауылдың «энциклопедиясын» үш томдық етіп жазып жүрген осы Дәулетхан мектептің аты жоқ, аты бәленше болсын деп аудандық газетке жарияладап-ак жіберсін. Сол сол екен,

*Құдай салмасын, азғантай гана Мұқыр ауылы екіге қақ жарылып шыға келсін.*

*Қамай мен Қаргалдақ екі ата ел екен. Сол мектептің атына бола екі ру ал кеп айтыссын. Соңқан согыс бола жаздады. Ақыры мектептің аты Калинин болып тынды. «Екі үйрек таласса – тауықтарга тамаша» дейтін татардың мақалы келді де қойды.*

*Бұл қазіргі қазақ ауылдарындағы жалпы көрініс.*

*Екі қазақ дауласқан жерден бір Калинин шыға келеді. Ол ерте-ертеден келе жатқан кесел. Сүтке аузы күйген кісі сүйк судың өзін үрлеп ішеді деуші еді, біздің казақтың рушилдық кеселі аузымызды қарып кетсе де қырсықтан тыйылар емеспіз.*

*Әлібектің сөз кестесі зерлі жіппен өрнектелген. Осы прозасынан алтайлық қаламdas бауырлары Қалихан мен Оралханның өрнегі сезіледі. Бірақ оларды қайталау жоқ. Мұлде басқа суреттер... Астанадагы үйлердің терезелеріне қазір түнгі қырық градустық аязда қыраудан суреттер салынады. Терезе шынылары бірдей болса да, ою-өрнектері әртүрлі.*

*Сол өзі гана салған ою-өрнек арқылы Әлібек сені күлдіреді де жылжатады. Тұнып тұрган әдемі юмор. Сөйтеп тұра, азынаган азап пен қасыреттен жүрегің сымбадайды. Әдемі әзіл, жеңіл юмор арқылы ауыр трагедиямызды ашып көрсетіпти автор.*

*Шын жазушы оқырманың осылай баурап алса керекті. Бұл менің өз әсерім. Әлдекім басқаша ойлан қалар. Жағымпаздық маган жақпаган әдет. Құдай солай жаратқан.*

*Әлібек Асқаров – ірі шенеунік. Сөйтеп тұра, өз кітабын бар болғаны 2000 данамен гана шыгарыпты. Сын ретінде айтарым: құнды кітаптарды миллиондаган оқырманы бар қазаққа соқыр көздің тамшысындаған гана етіп таратсаң, халқыңды әлі-ак қараңғы қалдырасың.*

*Әңгіме кітаптан шығып кетті гой. Мәдениеттің мәйегі – кітап. Адам баласы әріпті ойлан тапқаннан бері солай.*

*Кітапты ортагасырлық инквизиторлар мен жиырмасының гасырдың соңындағы имансыздар гана өртеген. Өртегені емей немене, бір дуайпат премьер-министр кезінде кітапханаларды жаппай жабыңдар деп бүйрек берді гой.*

*Кітапты қысқарту, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақша хабарларды қысқарту, газет-журналдардың тиражын қысқарту — мұның бәрі қазақ ұлтының тамырына астыртын балта шабумен бірдей.*

\* \* \*

*Мен 60-қа толғанда, Оралхан Бекейдің: «Төменге қарызыши, ага, мен көрінер ме екем...» дегені бар еді аса бір кішіпейілділікпен. Ізетіңен айналайын, сол інімнің айтқаны жсіі-жсіі есіме түседі. Кейінгі інілерімнің жетістігін көрсем, кәдімгідей марқайып қалам. Жазушы Әлібек Ақаровтың «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...» хикаятын оқып шыққаннан кейін көңілім жоргага мінгендей өсіп-ақ қалды. Енді Әлібекке келесі кітабы екі-ақ мыңмен емес, баяғыдай елу мыңмен, жуз мыңмен шыгуын тілер едім.*

Шерхан МҰРТАЗА

## БІРІНШІ БӨЛІМ

Өр Алтайдың төріндегі Төртінші ауыл қазақтың құт дарыған қасиетті қонысының бірі еді.

Осы өнірдің базарлы шағында бұл ауылда үш көшө бар болатын, үш көшенің үш түрлі аты бар болатын.

Бүгінде сол көшелерден жұрнақ та қалмапты.

Ел-жұрттың әлі есінде, ·көшенің біреуі — «Алмалы» деп, келесіci «Орталық», ал үшіншіci «Заречный» аталушы еді... Соңғысына орысшалап айдар тағып жүрген — Метрей атай. Басқаша айтқанда, жабағы бет Дмитрий шал. Әйткені Дмитрий шал ежелден сол «Заречный» кошесінде тұратын да, «Заречный» — ауылды қақ жарып ағып жатқан Талдыбұлақтың арғы бетінде еді.

Бір кездері ортаңғы кошениң бойында бөлімше кеңсесі, дүкен, бастауыш мектеп, медициналық пункт, клуб секілді осы ауылдың мәдени және әкімшілік мекемелері бірінен соң бірі қатар түзеп, қаздай тізіліп тұратын. Сонысы үшін де бұл көшені Метрей атай ауыз толтырып «Центральный» деп, былайғы жұрт «Орталық көше» десетін.

Ал бергі шеткі көшениң «Алмалы» атануына — тікелей ауылдың жалғыз мұғалімі Мелс кінәлі...

Бұл өзі азыздай болған қызық әңгіме.

Қысқасы, ол кісі педучилищені ойдағыдай бітіріп, үкіметтің жолдамасымен шалғай шеттегі осы ауылға келеді ғой... Келгенімен, ұзақ уақыт бойы жерсіне алмай, алғашқы жылдары қатты зерігіп жүреді. Сонау жер жаннаты Жетісуда қалған елі мен жерін, туған үйін жиі-

жіңі сағына береді. Сойтіп жүргенде, бірде көктемгі бір каникулда жолы тұсіп, алыс Қапалдағы үйіне барып қайтады. Қапалдан қайтқан сол жолда өзімен бірге алма ағашының бір тұп кок оскінін орап-шымқап ауылға ала келеді.

Ол кезде Мелс мұғалім қазіргі тегенедей төңкерілген Зайрасына өлі үйлене қоймаған, Қасиман ақсақалдың үйінде пәтерде тұратын сұр бойдақ кезі екен. Алыстан ат арытып әкелгөн алманың кошетін Қасекеңің көше жақ терезесінің алдына егеді. Арада жылдар жылжып өтіп жатады. Алманың кошеті бой көтеріп көктеп осіп, жапырақ жайған ағашқа айналады. Жапырақ жайғанымен көрші-қолаңың үмітін ақтамайды, тәтті алмасын бермейді. Өстіп жылдар бойы қысыр қалған қырсық ағаш ақыр сонында қатты бір қыстың суығында үсікке шалынып, қурап тынады.

Қалай болған күнде де, олгі ағаш — осы онірде көктеп өскен тұңғыш алма ағашы ғой. Соны ескерген ауыл тұрғындары осынау тосын құбылысты тарихқа мәңгі қалдырғысы келеді. Келеді де, алма ағашының құрметіне бір кошенің атын «Алмалы» деп қояды.

Қазір сол айтқан алма ағашы аксоңке болып қурап, Қасиман оны отынға турап тастағанына да көп жылдар өтті.

Баяғы үш кошенің бойында жұз қаралы үй бар еді, қазір өрт тиген қамыстай селдіреп, одан да жетеу-ак қалған.

Қарайып жұртта қалған жетеуінен басқасы бұрнағы жылдан бастап етектегі Мұқыр жаққа үздік-создық көшіп кетіскең. Ең соңғысы былтыр еңкейді. Көшкеннің бәрі боренесін таңбалап, мұндағы үйлерін біртіндеп тасып алысқан. Қазір ауыл іші қотыр тайдың жон арқасына ұқсайды, ойдым-шұнқыр, қағылған қада, күйген бөрене. Осы жазда қышыма мен кендір өрескел қаптап кетті... Оны шауып алатын адам да жоқ, жеп құртатын мал да жоқ бұл маңайда.

Ескі көздің айтуына қарағанда, осы ауылдың ежелгі аты «Айдарлы» екен. Болса болар, бұл ауылдың Алтай жарықтықтың айдарындағы тынысты ортада, ырысты жерде тұрғаны рас. Түстік қанатында сыңсыған қара

орман, қара орманның төрінде ұшар басы күмісше жалтырап Ақшоқы қасқаяды. Бір бүйірінде текшеленген жартасты жон. Текшеленген жартастардың биігінде желмен шулап самырсын мен балқарагай жайқалады. Ақшоқының алқымынан домалаған Талдыбұлақ ауылға жете арының басып, бұрандай аққанымен, тәменірек тұста жартастан өкіре құлап, гүрілдеп жатыр. Гүрілдеген осы сарқыраманың арғы жағында, сонау майсалы ма-шақтың төсінде сұы шәрбат Құндызды көлі жатыр айнадай жарқырап.

Айтары жок, ауылдың «Айдарлы» деген асқақ атқа лайық жерде тұрғаны әбден рас.

Тағы да сол қариялардың айтуынша, ак қашып, қызыл қуған анау жылғы аласапыраннан кейін бұл ауыл «Коммуна» атаныпты. Кейінгі аты — «Төртінші бригада». Турасында, «Төртінші бригада» — ауылдың ресми аты. Қалың қазак бұл атты өз ыңғайларына бұрмалап, «Төртінші ауыл» деп кетіскең. Ал, «Төртінші бригада» деп кім атап жүр, қай кезде атап жүр, онысын ешкім білмейді. Балташы Байғоныстың есебінше, осы соңғысы ауылға аса ұрымтал, дәл тауып қойылған атау секілді.

— Мысалы, — дейді Байекең саусақтарын бірінен соң бірін бүгіп. — Мұқыр ауылы — совхоз орталығы, яки бірінші біргәді, оның іргесіндегі Берел — екінші біргәді, Өрел — үшінші біргәді, біз — төртінші біргәдіміз. Бәрі де ақылға қонады, бәрі занды... Бұл жерде ешқандай талас болмауы тиіс.

— Біз неге төртіншісі боламыз? Неге біз ең соңғысы боламыз? Неге біз үшінші немесе екінші біргәді емес-піз? — деп ондайда Қасиман тұсінбестік танытып, Байғоныспен таласа кетеді.

— Себебі, біздің ауыл орталықтан алыста, қыыр шетте орналасқан, — дейді Байекең дымды білмес құрдасының арандатуына ерік бермей, сабырмен ғана.

— Біз неге өйтіп шетте қалғанбыз? — Қасекең бұндай жаңалыққа кәдімгідей таңданып, сенбестік танытады.

— Қартаға қара, сонда бәрін тұсінесің! — деп, Байекең ендігі жерде құрдасының мылжың сөзінен қашқақтай бастайды. Бірақ Қасекең де қадалған жерден

қан алмай қоймайтын кәззәптің бірі гой, одан сайын ентелей түседі.

— Сен, Қасиман, көзінді ашып, былай қартаға қара-саншы, біздің ауыл Қазақстанның ең шетінде жатқан жок па! Бізден ары қазакта ел жок — бір жағымызда Қытай, бір жағымыз Монголия, бір жағымыз Ресей. Үктың ба? — дейді Байғоныс.

— Бәрібір, бастықтардың бұлары дұрыс емес, — деп Қасекең қыңырайып көнбейді. — Номірді ауылдың алыс-жақындығына қарай үлестіріп, бүйтіп алалауға болмайды гой.

— Онда несіне қарап үлестіру керек дейсің? — Байекең шынымен ашу шақырып, шаңқ ете қалады.

— Енді... мисалы, берген оніміне қарап...

— Ал сенің ауылың алға түсетіндей қандай өнім беріп қарық қып жатыр?

— Не болушы ед... Кой бағамыз, сыр сауамыз де-гендей...

Құрдасының аузына қапелімде онды сөз түспегеніне Байғоныс одан бетер шамданып қалады.

— Эй, Қасеке-ай! — дейді басын шайқап. — Сенің аузыңа қой мен сиырдан озге не түсуші еді?.. Шана жасайды, арба жасайды, қамыт-сайман жасайды... Олар сен үшін немене... онім емес пе?

— Әнеки, өзің айтып отырсың... құдая тәуба, өнім дегенің бізде жетеді екен гой? Нағып мен ұмыта қалғам! — деп Қасиман жоғын тапқандай жадырап сала береді.

Байғоныс әңгіме ауанының ауытқып бара жатқанын дер кезінде аңғарып:

— Жок, Қасеке, басқалармен салыстырғанда бұла-рың мардымды шаруа емес, — дейді дәлелдеп. — Біздің сапқоз негізінен марал өсіретін шаруашылық. Сондықтан марал шаруашылығы үшін сенің үш-төрт отар қойыңың, екі табын сиырыңың құны көк тын. Білдің бе? Текшеленген мынау тау мен тасыңды сатымен коршап тастаса — өрісің тарылып, мал асырар жерің жок, ертеңгі күні қой мен сиырыңды өзің де тастай қашар-сың...

— Байеке, асылық етпеніз!

— Бұл асылық емес... Менің ойымша, түбінде осы таудың бәрін айқыш-ұйқыш сатымен қоршап, бірыңғай марал асырауға бет бұратын шығар бұл сапқоз. Айтпайды деме, Қасеке, тірі болсақ екеуіміз оны да көреміз.

Бұндай әңгіменің болғанына да, мінеки, ширек ғасыр уақыт өтіпті. «Сен әулие екенсің! — дейді бүгінгі Байғонысқа құрдастары. — Әттең, қара танымай қор боп жүрсің-ау, әйтпесе мынадай зеректігіңмен баяғыда Алматыда отыратын адамсың ғой».

Құрдастары Байекенді «әулие» дейтіні — баяғыда Қасиманға айтқан сөуегейлік сөзі айнымай келген. Бұғы мен маралдың басы жыл санап көбейіп, совхоз тау-тастың бәрін сатыладап коршаумен болды. Ақыр соңында «Төртінші бригаданың» да мал жаяр орісі тарылып, егер егісі, шабар шабындығы саты ішінде қалып қойған. Сөйтіп мұндағы қой мен сиыр басқа совхозға таратылып берілген еді. Қоймен бірге еріп қойшылар, сиырмен бірге еріп сиыршылар көрші шаруашылықтарға кетіп қалысты.

Жер тарылып, жұмыс азайған сайын мұндағы жұрттың да көнілдері бұзылып, табандарының бүрі кетіп, тайғанақтай бастады. Соңынан бригада ресми түрде жабылды. Бригаданың кенсесі қағаз-мұлкімен қоса етектегі Мұқырға кошіп кетті.

Алғашында Төртінші ауылда бұғышылардың бір звеносы жасакталады деп еді, ойласа келе ол шаруа да тиімсіз болған сияқты. Өйткені бастықтардың берген бұл уәдесі сөз жүзінде ғана қала берген. Зеноға қарай-лап, әліптің артын баққан кейбір ер-азаматтардың үміті акталмады. Күте-күте, ақырында олар да орталыққа қарай ойысты.

Кенседен кейін ауылдың мектебі жабылды. Мелс мұғалім шыр-пыр болып, мектеп үшін ауданға дейін барып қайтты. Бәрібір онысынан дәнене де шығара алмады. Амалы құрыған ол оқушылардың соңғы екеуін қолдарынан өзі жетектел Мұқырдағы интернатқа орналастырып қайтты.

Мектептен соң дүкен жабылды. Оғанға дейін ауылдың дүкені арақтың есебінен айлық жоспарын ойдағыдай орындалап тұратын. Жүрттың көшілігі көшіп, ауылда

бірөңкей кемпір-шал қалған соң, дүкенші қыз да әлгіндей майшелпектен қағылып қалған... «Дүкен жабылады» дегенді алдын-ала естіген де ешкім болмады. Жабылған кезде елең еткен де ешкім жок. Солай болуы тиіс сияқты қабылдасқан. Әйтеуір бар білетіндері — аудан жақтан қияқ мұртты жылмиған бір жігіт келді де, дүкенге екі күн бойы ревизия жасады. Ревизиясы біткен бойда дүкенді сатушы қызымен қоса копарып, бір-ақ күнде көшіріп алып кетті.

— Бұлары дұрыс емес!

Секеңдеген машинаның соңынан телміріп шығарып салып тұрған Мелс мұғалім ғана бұл жағдайға қатты наразылық білдірген.

— Мен ауданға барып, дүкенді бәрібір қайтартаң! — деп мұғалім тісін қышырлатты. — Мейлі бесеу болайық, он кісі болайық, біз де тірі жан, тісті бақа емеспіз бе! Біз де бір елміз ғой!

— Керегі жок! — деді мұны естіген Байғоныс Мелс мұғалімге. — Әуре болып қайтесің?.. Дүкенсіз де бірдене етіп күнімізді корерміз.

Соңынан қудалған озінің мектеп екеш мектебін де қайтара алмай сандалып бос қайтқан мұғалімге балташы ағасы бұл жолы сенімсіздік танытқан сыңайда еді.

Дүкеннең соң, арада бір ай отпей жатып дәрігерлік пункт жабылды.

— Жо-жок, ағайындар, мені енді ұстамаңдар! — деді Мелс мұғалім бұл жолы. — Мен енді барап жерге барамын. Конституция бойынша әрбір азамат денсаулығын сақтауға қақылы. Сондай-ақ, әнеу бір жылғы Совминнің қаулысы бойынша олар медициналық комекті барынша жақсарта тұсуі тиіс. Жақсартқандары сол, бұлар бар дүниені құртып, тасып жатыр етекке. Бұл — барып тұрған бассыздық! Бұның бәрін берідегі шолақ белсенділер жасап жүр. Алып та жығып, шалып та жығып білгендерін істеп жүрген солар. Мен бәрін сезіп отырмын. Сондықтан мен әріге, үлкен жерге барам. Мені жолымнан қалдырып, енді ұстаушы болмаңдар!

Жұртта қалған азғантай ауылдастары мұғалімнің бұл жолғы тілегін орындалап, ұстаған жок. Ұстамағанға лып етіп кете қалған Мелс те болмады. Әне барам, міне

барам деп жүргенде қылышын сүйреп қыс келді. Даляр тұрған колік жок, қысты құні жол жүру бұл жақта қияметтен бетер. Не де болса артын күтіп, арызданар алысқа көктем шыға кетпек болып бекінді.

— Бәлем, құн жылынын. Алдымен облысқа барам. Олардың қолынан дым келмесе, Алматы түсем, — деп кіжінді мұғалім қаңтар түсе.

— Апрай! — деп мұғалімнің мұншалықты қайратына саңырау Кәрімге дейін бастарын шайқасқан. — Ендеши, босқа әуре болмай, неге бірден Алматы түспейді екен?

— Мәскеу түсіп, мектепті де, дүкенді де, дәрігер қызды да бірден қайтарып алсаншы! — деп Қасиман да күйеу баласына кеңес берді.

Үлкендердің ақыл-кеңесін Мелс мұғалім құлағына да ілмеді:

— Жо-жоқ, ағайындар, бұған этикет қажет! — деді сұқ саусағын шошайтын. — Сатылап, инстанция сактап бару керек, әйтпесе ұят болады!

— Онысы не нәрсе? — деп Қасекен Байғонысқа жаутандай қарады. — Ондай дүние сенде жоқ па еді?

Шанаға шабақ шауып жатқан Байғоныс иығын котеріп, басын шайқады.

Қар еріп, көк тебіндең коптен күткен көктем де жеткен. Коктем келіп, құн жылынғанымен, Мелс мұғалім қалаға жиналардай сыңай танытпады. Кәрім шал мұғалімнің мұнысын «тегі, жер кеуіп, жолдың ашылуын күтіп жүрғой» деп жорамалдады. Сөйтіп жүргенде жадырап жаз да шықты. Мелс мұғалім тобық жүтқандай бәрібір үнсіз. Қаращенің қары түсе тепсінген баяғы екпін, темір үзгендей болған тегеурін қайда кеткені белгісіз, қойдан жуас, жылқыдан торы бол қапты.

Маусым туда ауылдағы жалғыз басты Сәлима қыз қалаға барады екен деген әңгіме шықты. Ол әңгімені естіген бойда саңырау Кәрім қолын арқасына артып, тәйтіктеп мұғалімнің үйін бетке алған.

— Мелс шырағым, байқаймын, шаруабасты бол қолың тимей жүрген секілді. Әлгі айтар дүниенде Сәлимадан айтып жіберсеңші, сол қыз бәрін тындырып бірақ қайтсын! — деп мұғалімге ақыл қосты.

Мұғалім «болмайды» дегендей басын шайқады. Неге болмайды, ол жағын мұғалім айтпады. Кәрім қайыра сұрамады.

— Жөн, шырағым, еркің білсін! — деді де, келген ізімен тәйтіктеп қайтып кетті.

Уақыт өте көшкен әңгіме де, боскен әңгіме де біртіндеп ұмытыла берді.

Жұртта қалған жеті үй тағдырдың жазуына мойынсұнып, шама-шарқынша жаңа жағдайға икемделіп, өз тіршіліктерін жалғап жатты.

\* \* \*

Бір кездері азан-қазан болып жататын берекелі ауылдан небәрі жеті үй қалғанымен, осы жеті үйде сегіз отбасы тұратын.

Жұртта қалған жеті үй жеті тұста жетімсіреп қадау-қадау қарайды.

Кезіндегі «Алмалы», «Заречный», «Орталық» көшелердің бойында қазір бірден-екіден ғана үйлер қалған.

Солардың ішіндегі адасқан қудай болып, бергі шетте қуарып тұрган анау біреуісі — Сәлиманың үйі.

Иә, баяғыда қалаға жиналып, мұғалімнің аманатын жүктесек қайтеді деп Кәрім шал міндет артпақ Сәлима. Қызық, Сәлима сол жазда қалаға ұзак жиналып, ақыры бармай қалды... «Қаладан бір нағашы туысы табылыпты, әжептәуір қызметте екен», — деп естіген мұндағылар. «Барса жолы болсын, бағы ашылсын қайран баланың!» — деп бір ауыздан бас шүлғысып, ризашылықтарын білдірісіп еді ауылдастары. Риза болмай қайтеді, білген жанға ер-азаматтың қолынан келе бермейтін кіслік жасады бұл Сәлима. Сәлиманың ондай азаматтығына, оның жүрек тебірентер адамгершілігіне қазір жеті үй ғана емес, бұрынғы Төртінші ауылға дейін түгел куә.

Шешесі Нұрбикеш еңбегін емген шаруакор, бөтеннің ала жібін аттамаған адал жан еді жарықтық. Бұл жалғаның қызығына жете алмай арманда кеткен бір адам болса — ол Нұрбикеш шығар, сірә. Тұрмысқа шығып, жар қызығын көрдім бе дегенде күйеуі бертінгі жапон соғысына кете барды. Көп өтпей-ақ, қырық бестің жа-

зында майданнан «қара қағаз» алды. Содан Нұрбикеш қайтіп тұрмысқа шыққан жоқ. Күйеуінен құрсақ көтеріп ұлгермесе керек, бірақ елуінші жылдардың орта тұсында дүниеге осы Сәлима келген. Жолдан тапқан бұл нәресте қайдан келді, әкесі кім, ол жағы ел-жұртқа әлі күнгे жұмбақ. Неге екенін кім білсін, жеңіл жүрісің бар екен ғой деп, онысын Нұрбикештің бетіне басқан да ешкім болмады. Нұрекең бұрынғыша өзінің қоңырқай шаруасын күйттеп, кішкентай қызын мәпелеп өсіріп жатты. Жұмбақтың сырына құмартқан ауылдың қайсыбір әйелдері Нұрбикешті бірер жыл бақылауға да алған. Алғанымен қия басып, күдік келтірер Нұрбикештен міnez байқай алмаған соң, ақыры олардың да үміті адыра қалды.

Сол Нұрбикеш жалғыз қызы тоғызынышы класс оқып жүрген қыста төсек тартып жатып қалған. Сонынан ауруы асқынып, аудандағы ауруханаға тұсті. Содан жаз шыға бір жақ аяқ-қолы сал мүгедек болып, зембілмен үйіне қайтқан.

Шешесінің жағдайына байланысты Сәлима оныншы класты оқи алмай, жұмысқа кірді. Фермаға сауыншы боп орналасты.

Нұрбикеш сол жатқаннан табандатқан он жыл бойы тосектен тұрған жоқ.

Осының бәрін көріп-біліп жүрген ауылдастары Сәлиманың азаматтығына сүйсінетін, қаршадай қыздың қайратына қайран қалысатын. Құрбылары секілді біруақ бой түзеп, клубқа барып би билеп, жастармен қолтықтасып көше қыдырған кезін бір көрмеді ғой ауылдастары. «Бағынды байламайын, жолынан қалма, қызым!» деп, шеше байқұс талай рет ак батасын берген екен, ондайға Сәлиманың өзі көнбепті. Әйелдердің піш-піш әңгімесіне қарағанда, анау бір жылдары осы ауылға жұмысқа келген жас зоотехникпен Сәлима сөз байласқан көрінеді. «Екі жылдық отработкам біткен соң сені қалаға алып кетем!» — депті жас жігіт. Зоотехниктің өзі айтқан кесімді уақыты біткен кезде Нұрбикеш қызына: «Барсаң бара ғой», — деген екен. Бірақ Сәлима еңірегендеге етегі жасқа толып, шешесін құшақтап үйден шықпай жатып алыпты. Амал қанша,

екі көзі боталап, соңына жаутаңдай қарап, жас зоотехник келген жағына кете болған сиякты.

Өтірік-шыны белгісіз, осы Мелс мұғалімнің де бір кезде Сәлимада көңілі болған деген қауесет бар.

— Бетім-ау, әкесіндей кісі емес пе? — деп, бұны естіген әйелдер беттерін шымшыласса керек.

— Несі бар? — десіпті еркектер жағы. — Небары он бес-ақ жас үлкен екен, ер-азаматқа үлкендік жараса береді.

Бұл жағдай, тегі, әлгі айтқан зоотехникке дейін болған тәрізді. Ұзак жылдар бойы үйленбей, ауылдың әйгілі сұр бойдағы атанған Мелекенің козі күндердің күнінде осы Сәлимаға түссе керек. Үй жұмысын да, тұз жұмысын да дөңгелентіп тындырып жүрген тал шыбықтай талдырмаш қызға құмартпай қайтсін! Құмартқанымен, жас айырмасынан жасқанып, жұзбе-жұз сойлесуге жүрегі дауаламай жүреді. Басы толы идея Мелекен бір күні бұның да амалын табады ғой... Алдап-сулап, сыйсияп жасап жүріп көрші бір әйелді женгетайлыққа жұмсайды. Женгетайы Мелстің солемін Сәлимаға жеткізгенге дейін ауылдағы әйел атаулыны адақтап, ақылдасып шығады. Сол-ақ екен, ауыл іші қораға оқыста ит-құс түсіп кеткендей шулап қоя беріседі. Эрине, заты қыз болған соң, Сәлима да әлгі шудан шошып, мұғалімнің маңынан ат-тонын ала қашады.

Жарықтық Нұрбикеш козі тірісінде атақты наубайшы еді. Нұрбикештің пісірген нанын сыйлы қонақтар келген кезде анау Мұқырдағы бастықтарға дейін арнайы шаналы атпен алдыртатын. «Нұрбикештің үйінен нан иісі күншіліктен аңқып тұрушы еді», — дейді бүгінгі қариялар. Аңқыған иістің өзіне үлпілдек нан жегендей марқайып, былайғы жолаушыға дейін тамсанып отеді екен.

Шеше өнері Сәлимаға да жұғыпты. Бірақ баяғыдай емес, жалғыз басты қыз баланың үйіне адамдар көп бара бермейді. Бұрынғыдай емес, Сәлима да тандырды сирек жағады, нанды сирек пісіреді.

Бригада тарап, сиырды басқа совхозға ауыстырғаннан кейін, Сәлима сауыншылығын тастаған. Арада бір ай шамасындай жұмыссыз жүрді де, соңынан поштабай болып орналасты.

Жалпы бұл ауыл болғалы «Пошта» деген мекеме бұл жерде атымен болған емес. Сонау жылғы «Коммуна» кезінде де, кейінгі «Төртінші бригада» дәуірінде де хат-хабар, газет-журнал күншіліктегі Мұқырдан атпен тасылатын. Бригада жабылып, жұрт үдерे көшіп жатқанда бұрынғы поштабай келіншек те күйеуін қолтықтап, етекке түсіп кеткен. Оның кеткені жөн болып, бос орын Сәлимаға бұйыра салды.

— Эгәрки поштабайды да құртар болса — кауым болып хат жазамыз! — деп тепсінген бірде Мелс мұғалім. — Біз де газет-журнал оқып, күнделікті саясаттан хабардар бол отыруға тиіспіз. Біздің ондай құқымызға біреудің қол сұғуына, тыйым салуына жол бермейміз. Біздің бұл құқымыз заңмен коргалады.

Мелстің бұл айдынды ұранын құлағы шалып қалған әйелі Зайра:

— Өзгесін қайдам, поштабайды жібермеуге сен бар жаныңды салатыныңа сенемін! — деп сөзбен түйреп өтті.

— Айналайын Зайраш! — деп оған Мелекең азар да безер болды. — Бұл дегенің принципиальный әңгіме. Мұның арғы жағында саясат жатыр, сондықтан саяси әңгімеге әйел баласының араласпағаны жөн!

Сөйтіп, ауылдың поштабайы өзге мекемелердің кебін киіп қысқармай, аман қалған. Бұл игілікті шаруада Мелс мұғалімнің қаншалықты үлесі болғанын жұрт оншалықты білінкіремейді. Осы сұрақ көкейін тесіп, бірде саңырау Кәрім мұғалімнен сыр суыртпақтаған еді:

— Мелс шырағым, — деді. — Әлгі поштабай туралы хатты айтамын да... Тегі бізді әурелемей өзің-ак тындырған екенсің ғой? Менің ішім бірденені сезеді... Арызды бірден жоғарыға жазып, дымдарын шығармай тұншықтырдың білем?

— Кәреке, мен жалобщик емеспін! — деді мұғалім. Кәрім ести алмай құлағын тосты.

— Мен жалобщик емеспін! — деді мұғалім қайталап.

— Оның рас... Сен ондай емессің. Сен мықтысың ғой, мықтысың! — деп, Кәрекең осы жолы мұғалімге қатты сүйсінді.

Поштабайдың өзі қысқармай аман қалғанымен, кесімді айлығы қысқарыпты. Сәлима қазір бұрынғы келіншектің айлығының жарымын ғана алады екен. Зайраның айтудынша, Мелстікі бос мылжың, поштабайды қысқартпай алған қалған Сәлиманың өзі. Бастықтармен әлгі жарты ақыға да келіскең көрінеді.

Бригада жабылып, ел-жүрт етекке көшіп кеткен соң, жүртта қалған жеті үй түгелімен газет-журналға жазылғыш, шеттерінен радио тындағыш болып алды. Тіпті, ғұмыры газет бетін ашып көрмеген, қағаз атаулыны бірыңғай өзге мұқтаж үшін ғана пайдаланатын Кәрім шалға дейін жазылған. Алып жүргені — аудандық газет пен «Мода» деген журнал. Соңғысы кілең қыз бен жігіті бар, түрлі-түсті, көз тұндырған әлеміш дүние екен. Кәрекең қазірде қимас туысын тосқандай бұл журналдың әр нөмірін тағатсыздана күтіп жүреді... Осының бәрін үйымдастырып, жаздырып жүрген Сәлиманың өзі.

Поштабайдың астында бастықтар бекітіп берген бір ат бар, өзін «Захар торы» деп атайды. Олай дейтіні, бағыда осы атты құнан күнінде Захар деген кержақтың шалы үйретіп, ұзак жыл мініпті деседі.

«Захар торыны» таң қараңғысынан ерттең, Сәлима аптасына екі рет жолға шығады. Содан Мұқырға барып поштаны алған, қас қарада шаршап-шалдырып ауылға оралады. Биыл қыста қамсаулы шана жегіп, патронсыз ескі он алтыншы мылтықты бауырына басып, тұлышқа оранып барып-келіп жүрді. Боранды күндері жүрт поштасыз да қалатын еді. Тұнеу күндері, аклан туа екі апта бойы үйде жатып, Мұқырға барса — газет-журнал тау-төбе бол үйіліп қапты. Ішінде тілдей бір хат жур. Қабден ақсақалға Алматыдағы ұлынан екен.

Сол күні кеште Қабден мен Нұржамал шешейдің үйіне бір топ адам жиналды. Дөңгелене отырып, дауыстап бәрі әлгі хатты оқысты. Хатта Қабекенің ұлы окуға биыл түссе алмағанын, бірақ келесі жылы сөзсіз түсетінін, әзірше құрылышы бол үй салып жүргенін, табысы жаман емес екенін жазыпты. Хат сонында жазда сатқан малдың ақшасынан аздаған тын-тебен аударып жіберсендер деген өтініш айтыпты.

— Әлгі күзде келген хатта «оқуға тұстім» дегені қайда, бәтіреке? — деп Қабекен бұрқан-талқан болды.

— Оқуын қайтейін, құлыным аман жүрсе бопты! — деп Нұржамал шешей көзіне қуаныштан жас алды.

— Оқуға түсे алмаған соң ұялған ғой, шамасы, — деді Сәлима.

— Бәтір-ау, несіне ұялады? Әке-шешесінен ұялғаны несі, тағы?

— Жігіт емес пе, намыстанғаны да.

— Өйтіп бөтен ел, бөтен жерге кіріптар болғанша қайтып келгені жөн еді.

— Осылар ауылдан неге қашады екен? — деп Қасиман таңқалғандай басын шайқады.

— Жалғыз Қанат па... кеткеннің бәрі қайтпай жатыр емес пе? — деп Метрей де гүж етті.

— Бір есептен жастардың қалада жүргені де дұрыс, — деді Мелс мұғалім терең ойға батып. — Қайткенмен де Алматы үлкен мәдени орталық қой... Бардан ауысады, балдан жұғысады деген. Қайрат қайтып келген күнде дайын тұрған жұмысын қайсы?.. Бәрібір Мұқырға жіберер едіңіздер!

— Мұқырда туыстары бар ғой... Анау Алматы дегенің құлақ естіп, көз көрмеген киян емес пе... жетімсіреп жүр-ау, құлыным! — деп Нұржамал ендігі сөтте дауыс шығарып, сұнқылдап қоя берді.

— Тәйт әрі! — деді Қабекен жекіп. — Сенің ұлың басқаның ұлынан әулие ме екен? Қайтеді ей, жаманатқа бастап!

— Менің де үлдарым, мына Метрейдің де балалары қалада жүр ғой, — деді Қасиман.

— Байғоныс атамның да бір баласы Өскеменде оқиды, — деп Сәлима Қасекенің тізімін толықтыра тұсті.

— Қайта сендердің балаларың хат жазады. Біздікі совсем забыли, черти! — деп Метрей сақалын салалады. — Үлкен ұлымды көрмегелі, міне, он үш жыл болды. Мен қайтып шыдап жүрмін осы?

— Әндрейді айтасың ба?

— Иә, соны айтам.

— Ол анау Мұрман деген жерде емес пе еді?

— Иә, сол Мурманскіде...

— Ол жақ сүйк болады деуші еді. Боран-шашын боп келе алмай жүрген шығар, — деді бір бүйірден Нұржамал.

— Әндірейдің өскери шені қандай еді? — деп сұрады Мелс.

— Прапорщик!

— А-а? — деп Кәрім естімей құлағын тосты.

— Прапорщик деймін!

— Апымай, ә! — деп Кәрім басын шайқап, Метрей құрдасына бұрылды. — Ол әлгі генерал дегеннен үлкен бе еді, қалай еді? — деп тағы да жаутаңдал қалды.

— Соның ар жақ, бер жағындағы үлкен бастық, — деді Қасиман білгішсініп.

Бағанадан әңгімеге араласпай, тісін шұқып, тыңдал қана отырған Байғоныс миғынан жымиып жөткірініп қойды. Ендігісі отырғандардың бәрі мойын бұрып, Байғонысқа аңтарыла назар тікті.

— Жөн-ак! — деді Байекен тағы да жөткірініп. — Сөйтсе де, біздің Қанатжан қолымызда өскен балағой, қалайша құрылышты бол жүр екен, а?

— Иә, «құрылыштымын» деп жазыпты, Байеке!

— Қызық екен. Қолынан балта ұсташа келмейтін, жазу-сызуға ғана бейім бала емес пе еді! Қалайша құрылышты бол жүр екен, а?

— Байеке, оған несін таңданасыз? — деді Мелс.

— Таңданбай қайтейін, егер алматылықтар біздің Қанатжанға өздерінің тұрар үйін, кара шаңырағын сеніп тапсырып жүрсе — олардың жағдайы мәз болмағаны. Апымай, қолы іс білетін, балта ұстай білетін біреулер табылмады ма екен?

Байғоныстың сөзіне Метрей кенк-кенк күлді.

— Қанатжан зерек еді ғой, бірдене етіп үйренген шығар, — деп Қабекен ұлы үшін акталғандай болып, қипактап қалды.

...Аптасына болмаса да, айна бір осындағы хат бұл ауылға келіп тұрады. Хатты ең жиі жазатын Байғоныс пен Қасиманның өскердегі үлдары. Біреуі Германияда, біреуі Камчаткада. Көрдіңіз бе, жетім қалған жеті үйдің үрпағының қайда-қайда жүргенін! Содан кейінгі алыс-

тағылар — Метрей атайдың балалары. Біреуі Мурманскіде, ол кісінің әкесіне хат жазғанын өлі көрген жоқ. Сәлима поштабай болғалы жалғыз рет тілдей ғана жеделхат келген. Әкесін жетпіс жасқа толуымен құттықтапты. «Жұз жаса» деген тілек айтыпты.

— На кой хрен мне сто лет! Мне и восемьдесят тошно жить! — деп, жеделхатты оқыған кезде Метрей атай кемсөң-кемсөң жылап алды.

Ол атайдың бір қызы Таганрог деген қалада тұрады. Тұрмыста. Осыдан үш жыл бұрын күйеуін ертіп, ауылға келіп қайтқан. Құдайға шүкір, атай осы қызына дән риза, жылына екі-үш мәрте хат алғанына мәз.

Алматы мен Өскемен жақта да осы ауылдың бір топ жастары бар. Аудан орталығында, облыста тұратын үйлі-баранды жұрағаттар да баршылық. Бірақ олардың әкешешелеріне сөлем жолдағандарын Сәлима өлі көрген жоқ. «Шаруадан қолдары босамайтын шығар, төрде отырған төрелер емес пе» деп ойлайтын Сәлима. Қалай болған жағдайда да тамырын теренге жайған мәуелі ағаштай, ауылдастарының құлақ естіп, көз көрмеген алыс-алыс жерлерде жүргені поштабай Сәлиманың көніліне мақтаныш сезімін үялататын.

\* \* \*

Бұрынғы «Алмалы» көшесінде көшпей қалған келесі бір үй — Қабден аксақалдікі еді. Қабекен жасы үлғайыңқырап қалса да, өнін бермеген қызыл шырайлы, кесек бітімді мол кісі. Кезінде осы ауылдың балуаны атанып, сабан тойда неше дүркін бәйге алыпты. Бәйбішесі Нұржамал екеуі өмір бойы сиыр бағып, сыртта жүрді де, зейнетке шыққаннан кейін ғана зәйімкеден ауылға көшіп келген. Қазір кемпір-шалдың қолында Әсия деген алты жасар немерелері бар. Мұқырдағы кенже үлдың тұңғышы.

Осы ауылда Қабекен туралы алыпқашпа азыз көп. Соның бәріне мұрындық болатын Қабекенің ақкөңіл аңғалдығы тәрізді. Қабекен табиғатынан жуас, қой аузынан шөп алмайтын момын кісі. Бозбала жасында соғысқа бара жатып, поездан қалайша қалып қойғанын өзінен сұрасаңыз да айтып береді... Насыбайы тау-

сылып, нешеме тәулік бойы вагонда ыргатылып, Қабекен өлердей қаңсып келе жатса керек. Күндердің күнінде поезд Қызылорда деген қан базарлы бір қалаға тоқтапты. Мынадай үлкен базардан насыбай табылmas па екен деген ұмітпен Қабекен командирден сұранып, жылыстап теплушкадан түседі. Түссе, расында да, кемсендеген ешкі сақал арық шал бүйра насыбайды бұрқыратып сатып отыр екен. Қабекен асығыс мұрынына екі атымын тартып жіберіп:

- Бұдан гөрі күштірегі жоқ па? — деп сұрайды.
- Бар, — дейді шал бас бармағын шошайтып.
- Қайда?
- Менімен жүріңіз!

Шал Қабекенді қолынан алып жетелей жөнеледі. Соңына қараса, пойызы әлі орнында екен, «не де болса күштісін сатып алайын» деп, Қабекен шалға еріп жүріп кетеді. Шал базардың арғы бетіндегі бір бұрылыштағы жапырайған тамға ертіп апарады. Келсе, бұндағы насыбай да пәлендей оңып тұрған жоқ, шамасы әлгі базардағы насыбайдай ғана екен. Саудаласып жатар уақыт қайда, бір дорбасын сатып алады да, қолтығына қысып елпен қағып вокзалға қарай жүгіреді. Сойтсе, келген жолымен емес, құдай атын теріс бағытқа қарай лағып кетіпті. Қайдан келіп, қайда тұрғанын білмей қалада жарты күн адасады. Біреулердің сілтеуімен азар дегенде жол тауып, вокзалға келсе, әрине, поезд түгіл сайтан да жоқ, баяғы заманда кетіп қалған...

Дәл осы сәттен бастап Қабекен адам айтса сенгісіз қиқыметті бастан өткереді гой... Өзінің кім екенін растайтын куәлік құжаттың бәрі теплушкадағы қоржында кеткен, қолтығына қыскан насыбайдан басқа дәненесі жоқ Қабекенді комендатура тергеуге алады. Қандай поезд, қандай бөлімше — қараңғы Қабекен ол жағын қайдан білсін, жұмған аузын аша алмай қор болады.

Ақыры, Қабекенді бірден-бірге ауыстырып көп тергеп, әлдебір үлкен қалаға жеткізеді. Сол жерде бұны «дезертир» деп тауып, атуға бүйірады. Абырой болғанда, Қабекенді өзінің жоғалтқан баяғы пойызының бір офицері танып, жөн сөзін айтып, өлімнен арашалап қалыпты.

Содан Қабекең майданың орнына он жыл Магаданда айдауда, қара жұмыста болып қайтыпты.

Қабекеңнің қайбір қылышын айта бересің. Оның баз бірін жұрт ойдан да шығарып алады екен. Бастарына күлдіргі бір қызық дүние келе қалса — «Қабекең сойтіпті» деп, оп-оңай осы кісіге аудара салатын сияқты. Былтыр жазда шөп шауып жүргендеге Байзак деген тракторшы жігіт Қабекеңнің айды аспанға шығарғанын айтып, жұртты қыран-топан күлкіге батырғаны бар. Бірақ Мелс мұғалім тракторшы жігітті табан аузында тамам елдің козінше әшкере етіп, Қабекеңнің абыройын арашалап қалған.

— Өтірік! — деп мұғалім шар ете қалды. — Бұл айтып тұрғаның Қожанасырдың әңгімесі! Сенбесен, біздің үйде «Өлген қазан» деген кітап бар, соны қара!

— Қожанасырдікі болса қайтеді? — деді тракторшы Байзак.

— Онда неге Қабекеңе таңасын?

— Мен әшейін жұртты күлдіру үшін айта салым...

— Елді үлай күлдіруге болмайды, — деді мұғалім айтар ақылын салмақтап. — Болмаған әңгімені болды деп, Қабекеңе таңуға тағы да болмайды. Біле білсеңіздер — Қабекең әулие кісі.

— Қандай кісі дейді?

— Әулие дейді...

— Пішту... оттапты мұғалім.

Жалғыз мұғалім ауылдағы қай еркектің аузына қақпақ болсын, бәрібір айылын жинап жатқан ел жоқ. Тұздықтап, пісіріп, әсірелеп, Қабекеңді әр жерде әзілге қосып жүреді. Сондай әңгіменің біреуі осы өткен қыстағана пайда болды.

Әлдебір шаруа бабымен Қабекең Мұқырдағы туыстарына барып, кештетіп үйіне қайтып келе жатады ғой. Ол жақта не жегенін, не бәле ішкенін кім білген, әйтеуір жол ортаға жеткенде, Қабекеңнің іші бұрап ала жөнеліпті. Амал жоқ, атын тоқтатып шанадан түседі. Жол үстіне жалпая салуға ұялады да, қарды омбылап самырсының қалың ортасына бойлап кіреді. Шаруасы тынған соң, көнілі жайланып, мұртына қатқан мұзды тарап, ағаш арасынан шыға келсе — аты да, шанасы да орнында жоқ...

Қабекенің жолға киген тұлып тоны, тіпті тұлқі тымағына дейін әлгі шана үстінде кете барыпты деседі.

— Эй, Қабеке, айдалада тұлқі тымағына дейін шешіп, неғып соншалықты жайланып жүрсің? — деп, Байғоныс бұл әңгімеге кәдімгідей таң қалады.

— Отірік айтады... Тымағымды шешкем жоқ, тонымыңғана шешкем! — дейді ондайда Қабекен әкталып.

— Байқұс-ау, тоныңмен жалпая кетпедің бе... Өліп қала жаздадың ғой! — деп бәйбішесі Нұржамал бәйек болады.

— Ыңгайсыз болар деп едім? — дейді Қабекен қателігін кеш болса да мойындал.

Расында да сол жолы Қабекен сүйққа қатты тоңып, өлім аузынан қалыпты. Жол ортасы дегеннің өзі он бесжырма шақырым шамасында, қантардың қақаған аязы жеңіл киіммен ондырысын ба! Тұн жарымында шалы есіктен кіріп келгенде, Нұржамал баж етіп, косеуге ұмтылыпты.

— Әдірағалды, кісікік екен деп қалдым! — дейді шешей шындығын айтып. — Үсті-басы аппак қырау, көзі ғана жылтырайды. Қайдан білейін, бұл бәтуасыздың бүрқасында бүйтіп жаяу қалғанын!

— Аты қайда, бос қайтқан шана мен аттан бірдене сезбедіңіз бе? — дейді Мелс мұғалім.

— Аты құрғыр үйге келмей, ауыл сыртындағы әйдөңкеге бұрылып кетіпті ғой.

Жұрттың айтуынша, сол оқиғадан кейін Қабден қыс баласында алысқа ұзап шықпайтын болыпты.

Қабекен туралы шындық әңгіменің бірі — ол кісінің Мәмбет қойшыға барғаны. Ол кезде Қабекен өкірген мықты бақташы екен. Бірақ сол жылы қолындағы жеке меншік қойының бәрі еркек туып, күз түсе әлдебір үмітпен таныс қойшысы Мәмбетке барады ғой. Екі-үш еркек тоқтыны ұрғашыға аударып берсөңші деп, қойшыға базынасын айтады. Мұны естіген Мәмбет жатып кеп ашуланады. Бастықтарға айтып, көкеңе танытам, көз бояушылық қара ниетінді сотқа жазып, айдатам сені деп зәре-құтын алады. Қабекен қатты сасып, салы суға кетіп, мініп барған атына шейін тарс ұмытып, сол жолы үйіне тағы да жаяу қайтыпты.

Қабекен туралы жұрт қалай десе де өз еркінде, бірак ол кісінің әдебиетке деген құмарлығы солардың қай-қайсысынан ерекше болатын. Әдебиет болғанда, Қабекенің оқитыны — «Батырлар жыры». Өзі оқымайды, кеш түсіп, шам жанысымен балаларына оқытады.

Кішкене күндерінде балалары көкесіне жалықпай-ақ дастандарды бірінен соң бірін жырлап беруші еді. Ондайда Қабекен «паһ, паһ» деп тамсанып қойып, рахаттана үйіп тыңдайтын. Өсе келе балалары батырлардың жырынан жалығып, кеш түссе киноға, клуб жаққа қашқақтауды шығарды.

Балалардың кенжесі — Қайша. Сол Қайшасы бесінші кластан бастап каникул сайын көкесіне кітап оқып беріп жұр. Қазір — тоғызыншыда. Баяғыдағы «Батырлар жырының» мұқабасы жұндей тұтіліп, беттері сарғайып, бүгінде әбден ескірген. Тегі, Қамбар болар, сыртында бүркіт ұстап, сауыт киген бір батырдың әлеміш әдемі суреті бар еді. Соның батыры жок, бүркіттің бір қанаты, аттың бір құлағы ғана қалыпты қалқып. Мейлі, кітап ескіре берсін, бәрібір Қабекен үшін бұдан ардақты, бұдан мықты кітап жок. Қайшасы кезекті каникулға шыққанша кітапты ақ матаға қаттап орап, сандықтың түбіне сақтап қояды.

Былтырғы жылы жұрт жапа-тармағай Мұқырға көшіп жатқанда біреудің үйінен сырты жұлым-жұлым, шетін тышқан кемірген «Рұstem-дастанды» қолға түсіргені бар. Дәл сол күнге дейін Қабекен іштей өзін батырлар киссаларының асқан білгірі санап жүретін. Көлемі күректей кере қарыс мына кітапты көргендеге таң-тамаша қалған.

— Әкіри, мынауың қиссаға үқсайды ғой? — деп іші құрғыры қылп ете қалды.

Қабекен өзін қисса-жырдың білгірі санаса санағандай-ақ еді. Кіндігінен тараған балалардың бесеуі де осы «Батырлар жырын» көкесіне жырлап берумен ержетісті. Оның үстіне кейде қонақ болып осы үйге әлдебір балашаға келе қалса, Қабекен оларға да жантая жатып кітап оқытып жіберетін. Бар-жоғы жалғыз-ақ кітап, бұл ғұмырында кем дегенде өзін жүз рет парактап төңкерген шығар. Бәрібір құлақ құрышы қанып, көнілі бір сусын-

дап көрген емес. Бабына жеткен бал қымыздай дәмді, ішкен сайын іше түскісі келе береді шіркінді, бәрібір қанағат тұтып тойып бермейді. Арып-шаршап тау мен таста мал соңында жүрген кезде де үйіндегі кітабын сағынумен болады. Осы кітабы қыстың қырауында да жүрегін шабақтап, бойын жылдып жүреді.

Сойткен Қабекеннің қолына ойда-жокта «Рұстем — дастан» тисін...

— Бәтіреке, мына біреу қандай кітап өзі? — деп жұлма-жұлма кітапты Мелс мұғалімге апарып көрсетті.

— «Рұстем-дастан» ғой! — деді мұғалім.

— Оның кім еді?

— Батыр ғой, батыр...

— Ой әкіри, ондай да батыр бар ма еді? — деп Қабекен қатты өкініш білдірді.

— Бар, Қабеке, бар!

— Пошымына қарап, өзім де тегін кітап емес екенін сезіп едім. Қап-п-п!

Жаңа кітапқа құмартқан Қабекен сол күні Сәлиманы қонаққа шақырып, қатарымен екі кеш оқытыпты. Соңынан Қайша каникулаға шығып, үйге келіп, ол да бірнеше күн бойы жырлап беріпті. Өзі де сүбесі бес елі семіздеу дүние екен, қазір Қабекен бітіруге таяу. Немересі Әсия екеуі енді Қайшаның көктемгі каникулын асыға күтіп жүр. Қалған беттері, Қабекеннің есебінше, балалардың бір каникулынан аспайды.

\* \* \*

Қасиманың төрт бөлмелі қаңылтыр шатырлы қызыл үйі де көшенің Қабден тұратын жағында болатын.

Бұрын бұл үйдің есігі күншығыс жаққа қараған біреу еді, қазір күнбатыстан да есік шығарып, екеу болған. Көшенің, «Алмалы» атануы да осы үйге қатысты дедік қой. Мелс мұғалімнің ұзақ жылдар бойы пәтерде тұрып, ұстаздық еткен мекені де осы үй болады.

Алғаш оқу бітіріп, бұл үйдің табалдырығын аттағанда — қазіргі Әйелі Зайра бесінші класта оқушы еді. Абырай болғанда, Мелс мұғалім Зайраға сабак берген жоқ. Әйтпесе, оқушысына үйленді деп жаман атқа қала-

ры анық еді. Мелс келген жылы Зайра Мұқырдағы интернатқа барып орналасқан. Соңынан сол Мұқырдан оныншыны бітіріп бір-ақ қайтты. Үш жыл қатарынан оқуға түсе алмай, ауылда сауыншы болды. Болашақ басқа өмірді, басқадай жолды көре алмаған соң екеуі бас қосып, отау тікті.

Үйленгеннен кейін, арада бір ай өтпей жатып, Қасиман екі жасты бөлектеп, үйін екіге боліп тастаған. Үйдің қарсы бүйірінен тағы бір есік ойып, алдына шағын қалқа салып берді... Сойтіп, жас жұбайлар жеке үйге шыққандай болысты.

Қасекенің қаймалысқан ғұмырының көп бөлігі лес-промхозда өткен-ді. Денсаулығына байланысты зейнетке ертерек шығып, содан кейін осы ауылға біржола көшіп келген.

— Біз, қалқам, сыған сияқты көшіп-қонып үйренгеміз. Ділекен «әйда» деген күні айтқан жағына тартып отырамыз! — деп Қабекен кейде мактанып та қояды.

Ділекен дегені — Ділбар шешей, Қасекенің қырық жыл отасқан қосағы. Ұл өсіріп, қыз өсіріп, бәрін де қанаттандырып, жан-жаққа ұшырып жіберісті. Қазір сол жан-жақтағы балаларына айна-жылына қонаққа барып қайтуға қолдары тимейді. Қолдары тимейді емес, қыста жол азабынан қоргалайды, жаз шыға шөп деп шапқыласады. Өстіп күнде «ертеңмен» жүргендеге уақытта зымырап өте береді.

Қасекен соғысқа бармаған кісі. Тегі, соғысқа да ағаштың керек болғаны ғой, Қасекенді ағаш кесуші қалың әйелдің бригадирі етіп броньмен алып қалған. Әйел біткенді ағаш кесу шаруасына үйретіп болған соң, өзі сал ағызуши бол, ең қын әрі қауіпті учаскеге ауысты. Ақ көбігін аспанға атқан Бұқтырманың бойымен қаншама миллион текшеметр ағашты Зеранға дейін айдалап апарды десенші! Есіне алса, бүгінде соның бәрі ертек сияқты, өзі де әзер сенгендей.

Соғысқа бармай қалған жалғыз Қасекен дейсіз бе? Басқаны қойғанда, іргедегі анау Кәрім де барған жок. Бірақ соғысқа бармадым-ау деген ой Кәрекеңнің қаперіне де кіріп шықпайды. Не үшін соғысқа бармағанын сұрасаң: «Шақырған жок, шақырмағасын мен

барғам жоқ, койымды бағып жүре бердім», — дейді ол күмілжіп.

Ал Қасекең болса военкоматтың бронімен қалған бөлекше кісі. Майдан үшін жан аямай тылда еңбек еткен жауынгер. Қасекеңе салсаныз, арқыраған ақөркеш асau өзенмен сал ағызу — атойлап жауға шапқаннан онай дей алмайды. Ендеше тылдағы ауыртпалықтың осындай астарын Байғоныс ағасы неге түсінбейді? Қасекең соған күйінеді.

Бұл ауылда мектеп төрт жылдық болып, оның мұғалімі өзінің қазіргі күйеу баласы Мелс болып тұрған кезде оқушылар бір игілікті бастама көтерген. Соғысқа қатысқан азаматы бар үйдің қақпасына қып-қызыл бесбұрыш жапсырып, сенбі-жексенбі күндері әлгі үйдің қорасын тазалап, отынын кесіп, әжептәуір қолғабыс көрсетіп тұрды. Бірақ Қасекендені елеген ешкім болмады. Мелске жағдайын түсіндіріп, қақпаның мандайына жұлдыз жапсыруын өтініп еді, болашақ күйеу баласы табансыздық танытып, тайқып шықты:

— Бәрі де дұрыс қой, — деді ол. — Мен бәрін де түсінемін. Дегенмен қолыңызда арнайы билетіңіз болмаған соң, бұл мәселені мен шеше алмаймын. Әрі өзім сіздің үйде тұрам. Сосын жұрт мен туралы не ойлайды.

Мұғалімнен қайран болмаған соң, Қасекең ертеңінде салып ұрып балташы Байғонысқа барды. Байекененнің Қасиманнан бес-он жас үлкендігі бар еді, ізетпен сәлем беріп:

— Байеке, біз де Женіс үшін бір адамдай тер төккен кісіміз. Оның шет жағасын өзініз де білесіз, — деп сөзін салмақтап, әріден қозғады. — Кар жастанып, мұз төсенип дегендей, тау басынан ағаш кесіп арпалыстық. Қала берді қактығысқан қалың бөренеге жол салып, белшемізден су кешіп, сал ағыздық. Кәрім сияқты емес, мен өкіметтің арнайы бронімен қалдым. Ендеше мен де өзімді тылдың жауынгері санаймын...

— Санасаң санай бер, — деп балта шауып отырған Байғоныс Қасекененнің сөзін оқыс бөліп жіберді. — Маган салсаң, мен олай деп санамаймын.

Бұндай жауаптан гөрі Байғоныстың анау балтасының дүмімен көк желкеден қойып қалғаны Қасекеңе

женілдеу тиер еді. Таңдайы кеүіп, тілі тұтықса да, Қасекең шырылдаған шындықтың тұбіне жетпек болып бекінді:

— Ендеше сіз қалай санайсыз? — деді Қасекең екі жақты келісім, ортақ мәміле іздеп.

— Мен ештеңе деп те санамаймын! — деп Байғоныс шорт кесті.

— Жо-жоқ, Байеке, — деп Қасекең шыр-пыр болды. — Олай болуы мүмкін емес. Не ақ, не қара деп бір жағына шығу керек. Яки сіз де бірдене деп санауға тиіссіз?

— Санасам — айтайын, — деді Байғоныс бар денесімен Қасиманға бұрылып. — Сен қолыңа мылтық ұстап көрген жоқсың — бұны бір де, дәрі иісін иіскеп корген жоқсың — мұны екі де, окопта жатып биттеп көрмедің — мұны үш де, бірге жүріп, бірге тұрған достарыңың қазасының қандай екенін білген жоқсың — мұны торт де, значит, бұлардың бәрін көрмеген соң сен соғысқа қатысқан жоқсың — бұны бес де! Міне, осы бес пакті саған жете ме?

— Биттеп дейді... бит деген бізде де болды ғой, — деп Қасиман мұдірді. — Бәрібір сіздің бұларыңыз әділетсіздік!

Ардақ тұтқан ақсақал ағасынан да қолдау таппаған Қасекең ендігі жерде жұлдызшаны жұқа тақтайдан әдемілеп кесіп, егеп-жонып өз бетінше жасап алады. Қырсыққанда жұлдызшаны бояйтын қызыл бояу Байғоныстан өзге бұл ауылда ешкімде жоқ бол шығады. Шаrasы таусылған Қасекең басын иіп Байекеңе қайта барады ғой.

— Қызыл бояуды не істегелі жүрсің? — дейді Байғоныс күдіктеніп.

Жүртқа өтірік айтып көрмеген Қасекең біраз кібіртікте, күмілжіп, ақыры шындығын айтады.

Сол-ақ екен, Байекең ерін мойнына алған атша ту-лапты. Қасиманың тірлігі барып тұрған жүгенсіздік екенін, соғысқа қатысқандардың тізімі қатаң түрде мектептің тізімінде тұрғанын, ол тізімді өзгертуге Қорғаныс министрінен басқа ешкімнің де қақысы жок екенін дәлелдейді. Егерде Қасиман ұяты жетіп, шыны-

мен ондай ауыр қылмысқа барап болса — масқара етіп газетке мақала жазып жіберетінін, немесе осы өңірдегі барша соғыс ардагерлерін жинап, мәселені қатаң түрде жиналыста қарайтынын, шындық жолында жеңіске жеткенше ештеңеден де аянбайтынын қатты ескерtedі.

Бәледен машайық қашып құтылыпты дегендей, Қасекең не үшін келгенін де ұмытып, алды-артына қарамай безіп беріпті.

Сөйтіп, Қасиманың асыл арманы орындалмаған. Бар өнерін салып, әдемілеп өзі жасаған жұлдызшаны қақпасының мандайшасына жапсыра алмады, тіпті оны қызылға бояп та ұлгерген жоқ. Арманы аяқсыз қалған соң, жұлдызшаны аппақ шүберекке әдіптел орап, «ұрпағыма аманат» деп сандықтың түбіне қаттап салып тастады.

Жұлдызшамен болған ыңғайсыз жағдай Қасекеңің көңіліне қара коленке тастап, омірінің мәнін озгертіп жібергендей болған... Мұз жастанып, қар тосеніп, белшесінен су кешіп, өмір мен олімнің арасында өткізген қыын-қыстау жылдары, енді қараса, ешқандай да есепке кірмей қалыпты. Басқалар алып жатқан атақ, көріп жатқан құрмет бұл үшін жоқ екен. Неге олай болды? Кімнен сұрайды? Бұл сұрактың жауабын кім береді?

Қасиман жанын қинаған осы тұңғиықтан үлкен ұлы әскерге кеткенде бір серпілгендей болған.

Ұлы әскерге кеткенде Қасекең бұл ауыл бұрын-соңды көрмеген ұлан-асыр той жасады... Совхоздың шаруасы ыңғайланып, мал семіріп, арқаны кенге салған жайма-шуақ кез еді, содан ба, тойға ауылдың тайлытаяғына шейін жиналды. Жұрттан жырылып жалғыз қалғанға үяды білем, бәйбішесіне ілесіп бұл тойға Байғоныс та келген.

«Көрсін Қасиманың қандай екенин! — деп шалқыды іштей Қасекең. — Біздің де әuletten әскер шыққанын білсін бұл ел!»

Іңірде басталған той ұзак таңға ұласты. Бала-шаға болмаса, Қасекең ересек адамдардың бір де біреуін қайтарған жоқ, ән айтқызып, би билетіп дегендей, таң атқанша сауық құрғызды. Таң сібірлеп атқан мезетте

пар аттан жегілген қамсаулы үш шана есік алдына сырғып келіп тоқтай қалған.

— Ал, қанеки, Мұратжанды шығарып салам дегендерің шаналарға отырындар! — деді Қасекең ұрандап.

Қызып алған жастар жағы шаналарға лап қойысты. Шығарып салушылардың коптігі сондай, әскерге кетіп бара жатқан Мұраттың өзіне орын өзөр табылды.

Сонымен не керек, үш шанаға тиелген сауыққой жастар Мұратты сонау Мұқырга дейін шығарып салысқан. Мұқырды бастарына котеріп өлең айтып, улапшулап жүріп Мұратты ауданнан қатынайтын автобусқа отырғызған.

Ұлын автобусқа отырғызып, қоштасып жатқан кезде Қасекең шыдай алмай солқылдаپ жылап жіберсе керек. Әкелік сезім ғана емес, құрғыры, азы судың да қызыы ма, қай-жайдағы окпе-назы есіне түсіп, ұлын құшактап, оксігін баса алмайды. Еңкілдеген әкесін көріп, Мұрат та жылайды. Еріп келген қалың жұрт әке мен ұлдың қоштасуының куәсі болып, бәрі де елжірей тебіреніп қарап қалысады.

— Әке, қателігім болса кеш мені! — дейді ұлы солқылдаپ.

— Кештім, құлыным, кештім, — дейді әкесі еңкілдеп.

— Әке, темекі тарттың деп үрсуши едің, енді тартпаймын, қоямын, әке! — дейді ұлы мұрның қорс еткізіп.

— Тарта бер, құлыным, сен енді әскер болдың, ұлкен азамат болдың, енді саған бәрі де рұқсат! — дейді әкесі ұлының мандайынан сүйіп.

— Әке, тірі жүрсем ендігәрі сені ешқашан ренжітпеуге тырысамын, — дейді ұлы.

— Сен онсыз да жаман әкеңнің езілген еңсесін бір котеріп тастадың, құлыным! — дейді әкесі мейірленіп.- Сенің әскер болғаның, әкенді үрайын... достарымды куантып, жауларымды жер етті!

— Кош, сүйікті әкем менің! — дейді ұлы басын тіктеціп.

— Әскерге лайық бол, ұлым. Сенің әскер болғаныңды көре алмаған жауларымның іші күйсін, жаным! — дейді әкесі кеудесін керіп.

— Кош, аяулы әкем менің! — деп ұл солқылдайды.

— Әuletіңің намысын таптатпа, балам! — деп әке жігерленеді.

— Қош, қайран әке!

— Қош, намысым менің!

Бұндай қимас қоштасуға тірідей куә болып, бақырайысып қарап тұрган қыздар жағы шыдай алмай беттерін басып, сұңқылдан бәрі жылап қоя беріспті.

Сөйтіп, екі көзі бұлаудай, ботадай боздап Мұрат автобуспен борандатып әскерге кете барады. Қасқыр шапқан қоралы қойдай шуласып, қолдарын бұлғай-бұлғай зар илеп, ауылдастары соңында қала береді.

Әттең, бар әңгіме осымен тамамдалса жақсы ғой шіркін, онда құда да тыныш, құдағи да тыныш болар еді-ау. Амал нешік, екі күн өтіп, үшінші күн жеткенде улап-шуласап шығарып салған баяғы Мұратжан сүйретіліп үйге қайтып келіпті. Ұлын коргенде әкесінің шығарға жаны қалмай:

— Ойбай-ау, не болды, айт шыныңды?! — дейді сасқалактап.

— Көктемге қалдырыды, — дейді ұлы ұртын томпайтып.

— Құдай-ау, военкомның аяғына жығылып жалбарынсан да неге кетіп қалмадың?

— «Қайта бер» деді, мен бұрылдым да қайтып кеттім, — дейді ұлы иығын қиқаң еткізіп.

Әскерге жарамай қайтып келгенін Мұраттың озі қалай қабылдағанын кім білсін, әкесі Қасиман кірерге тесік таптай қиналған. Бір теуіп, жердің астына түсіп-ақ кеткісі келді. Барап жер, басар тауы тарылып, бір ай бойы кісі бетіне қарай алмай жүрді.

Арада шаруаның арпалысқан тірлігімен қытымыр қыс өтті. Ақыры көлтен күткен көктем де шығып, военкоматтан тағы бір шақыру қағазы келген. Бұл жолы Мұрат тезегін жасырған мысықша ел-жүрттан үрланып, қараңғы тұнді жамылып, әскерге үн-тұнсіз зытып отырды.

... Қасиман үйінің жартысын жастарға бөліп, қарсы беттен болек етіп есік шығарып бергенімен, казандары әлі күнгө ортақ. Бүгінде Зайра ғана емес, күйеу баласы Мелс те Қасекең мен Ділбар шешейге баласындағы ба-

уыр басып кеткен. Қасекең күйеу баласының бойындағы көп билетін, көп оқыған білімділігін сыйлайды. Талай жыл қатарынан осы ауылдың бала-шағасын жалғыз өзі оқытып, білім нәрімен сусындағанын мактан тұтады. Мелс болса атасының ак жарқын адалдығын, бөтеннің көңілін жықпас жібектей мінезін құрметтейді.

Зайраға үйленген жылы Төлеужан деген қызыл мұрын бір жігіттің Мелспен байланысқаны бар. Алдымен тілін bezеп, қалжынмен қажаған болды. Сонынан, оқыған мұғалімді қара сөзбен жеңе алмасын сезді ме:

— Күшік күйеу! — деп көзін қысып қулана күңк етті. Сосын бұл «тапқырлығына» өзі риза болып, шиқшиқ күлді.

Мелс те жұрттың осындай оспадар сөзінен қауіптеніп, қарадай қуыстанып жүретін. Мынаны естігенде оқыс қақпанға түскендей, ішкі әлемі аласапыран болды да кетті. Шиқылдал күлген қызыл мұрынға не дерін білмей тілі тұтығып, мелшиді де қалды.

Арадағы өресіз әңгімені үнсіз ғана тыңдалап отырған Байғоныс дәл осы мезетте келіп арашаға түскен. Байғоныс арашаға түспегендегі, Мелекеннің сол күні шұғыл бір шешімді жасары даусыз болатын. Жаман айтпай, жақсы жок деп, ондай шешімге іштей дайындалып та жүретін: атасынан іргесін аулак салып, көзге күйік болмай «Заречный» көшесіне көшіп кетсем деп ойлайтын. Егер оған Зайра көнбей жатса, азаматтық намыс үшін ажырасуға да дайын еді бұл Мелс... Шабаданын арқалайды да, жалғыз өзі қайқайып отырады.

Бағына орай бұл жолғы кикілжің ондай оқыс жағдайға жеткізбей, әйтеуір бейбіт шешімін тапты:

— Шырағым Төлеужан, — деді Байғоныс әлгі қызыл мұрын жігітке бұрылып. — Сен, біріншіден, қызара бөртіп тойып отырсың, сондыктан да аузыңа келгенде көкіп отырсың. Мен оның бәрін де естіп отырмын. Мұның үят нәрсе! Екіншіден, сөзден ұтылғаныңды мойындармайтын білместік таныттың. Мұның, сайып келгенде, білместік емес, жетесіздік болды. Үшіншіден, «күшік күйеу» деп ауылдың ардактаған жалғыз мұғалімді қорлағың келді. Мұның өрескел үят нәрсе... Білген адам бұл балаға рақмет айту керек. Елін тастап, жерін тас-

тап, сонау Талдықорғандағы әке-шешесіне де қарай-  
ламай, бізге келіп бала оқытып жүр. Сендер болсаңдар  
тұзден тоят іздел, ауылды менсінбейсіндер. Оқу бітір-  
гендерің қайтып оралмай, қалада қаласындар...

Байекең осы арада тамағын кенеп, көзін Мелске  
төнкерген:

— Алыс ауылдың қыындығына қарамай тырашта-  
нып адалынан еңбек етіп, Мелс шырағым, сен өз бала-  
мыздай бізге бауыр басып кеттің. Сол үшін де саған біз  
екі дүниеде дән ризамыз! Ал «күшік күйеу» дегені —  
Төлеужанның сандалғаны. Сен күшік күйеу емессің,  
шырағым. Өйткені, сен Зайраға үйленгенге дейін Қаси-  
маннның үйінде пәлен жыл пәтерде тұрдың. Қасиман  
мен Ділбарға туғандай болдың. Сенің енбегің артығы-  
мен сінді бізге. Сайда саны, құмда ізі жоқ қаңғырган  
біреу демедік, мандайынан шертіп қай қызымызды таң-  
дасан да еркінде еді. Зайраны алып, Қасиманға күйеу  
болдың, оны да жөн деп таптық. Мынау Толеужан сияқ-  
ты құрдастарың жырқылдай берсе — шаңырағының  
бөлек, есігіңің тұзден екенін көздеріне шұқып тұрып  
көрсеткейсің. Мүмкін, сонда ғана иланып, ендігәрі  
ауыздарына уақап болар бұл жетесіздер.

— М... м... мен... мен причем? — деді Толеужан сас-  
қалактап. — Мен ауылды менсінемін... Мен осы ауыл-  
дың мандай алды механизаторымын.

— Сөздің рәсімі де, Толеужан, — деді Байекең. —  
Накты сені емес, сенің кейбір құрдастарынды мысалға  
айтып отырмын.

Мелс үстінен үлкен жүк түскендей жеңілейіп қал-  
ған. Жайшылықта көп сөйлемейтін түйік кісінің ойда  
жоқта ағыл-тегіл актарылып, өзін жер-көкке сыйғыз-  
бай мактағанына бір түрлі шамырқанып, көніл құрғы-  
ры көлдей толқып кетті.

Расында, педучилищені бітіріп, жиырманың бесіне  
шыққан жас жігіт жолдамамен осы ауданға келгенде,  
бұл жақта мұлдем қаламын деген ой үш үйықтаса түсіне  
кірмеген. Алғашында мектепте екі мұғалім болатын. Ара-  
да жыл өтпей жатып бұрынғы ағай аяқ астынан жүрек  
дертінен қайтыс болды да, Мелс мектепте сопайып жал-  
ғыз қалды. Сөйтіп бастауыш төрт класқа да жалғыз өзіне

сабак беруге тура келді... Төрт класс деген аты болмаса, әр класта бес-алтыдан ғана бала бар-тын. Бұрынғы қалыптасқан дәстүр бойынша, Мелс те екі-екі кластан біріктіріп оқытты... Тұске дейін бірінші мен үшінші, түстен кейін екінші мен төртіншіге сабак берді.

Алдымен жұмысты икемдеп, бір ретке келтіріп ала-йыншы, сосынғысын көре жатармын деп ойлады. Жұмысқа бойлап бір кірген соң байланы берді, қызметінің қызығынан шыға алмады. Қызығынан шыға алмаған соң қып кете алмады. Оның үстіне жалғыз ғана мұғалім, ол — өзі. Сөйтіп жылдар бірінің артынан бірі жылжып өтіп жатты. Мұғалімнің сүр бойдақ жүргені көпшіліктің көзіне тұрткі болып, ақыры үйленіп тынды. Ал, үйленген, бас құраған басыбайлы еркектің жағдайы қай жерде де белгілі ғой...

Шүкіршілік, жазғы каникулға шығысымен жыл сайын Талдықорғанға барып, Қапалда тұратын туған-туысқандарын аралап қайтады. Соңғы жылдары бала-шағасымен түгел шұбап жүр. Бір қызығы, қазір ол жаққа бара қалса — бір апта өтпей жатып Алтайдағы ауылын сағынатынды шығарды.

— Мен туғаннан интеллигент бол туғам, — дейді Мелс өзі жайында сұрай қалсаңыз. — Әкем — мұғалім, шешем — мұғалима, менен үлкен екі ағамның екеуі де мұғалім, қарындасым — дәрігер, кіші інім — ол да мұғалім. Менің затым түгілі, атымның өзі тұнған интеллигенция: М дегенің — Маркс, Э дегенің — Энгельс, Л дегенің — Ленин, С дегенің — Сталин. Бәрін қосқанда МЭЛС шығады. Жалпы мені Мелс деп қате айттып жүр, паспортымда да дұрыс жазылмаған. Мені оборотный Э-мен айту керек!

— Бәрі де жөн, Мелс шырағым, — дейді ондайда мұғалімге Байғоныс ақсакал. — Сенің ақсүйек, білімді екеніңе күмәніміз жоқ. Әттең, сен Шәкіріпті көрмедің ғой... Міне, білімді деп сол кісіні айт! Мінбеден саң-қылдан сөйлеп бергенде жылаған бала уанушы еді. Сол кісімен бір кездессең — көп нәрсе үйренер едің... Ғұлама еді ғой, ғұлама болатын біздің Шәкіріп!

— Ол кісі қазір қайда еді? — дейді Мелс шынымен құмартып.

— Өрел мен Мұқырда ұзак жыл бойы селсебет бол істеді. Пенсияға шыққан соң Катонға көшіп кеткен.

— Рас айтасың, Шакировтай білімді кісіні мен де көргем жоқ, — деп ондайда Метрей атай да құрдасын қостап қояды.

Байғоныстың сөзі негізсіз де емес еді. Бұл ауданда бір кезде Абдолла Шәкіровты білмейтін пендे жоқ болатын. Ауылдық кеңестің төрағасы болып әр жерде істеген қадірменді, елге сыйлы азамат-ты. Шәкіров келе жатыр дегенде сиыр мөңіреуін, қой маңырауын қояды екен деседі. Өйткені, төраға жүрттың артық малын жылма-жыл жиып алатынын былай қойғанда, әр үйде қанша қаз, қанша тауық барына дейін жатқа біледі екен. Ел мен жұрты ол кісіні кереметтей құрмет тұтып, «Селсебет» деп атап кетіпті.

— Алпысыншы жылдардың басы еді, — дейді балташы Байғоныс алыста қалған бір жайтты есіне түсіріп. — Шәкіріп біздің үйге келіп, биыл қанша мал тапсыратынымды тіркең, уәдемді алды. «Жалғыз тайыншамды соғымға жығуға рұқсат ет», — деп жата кеп жабыстым. Көнбей-ак қойғаны. «Сіз жеке басыңыздың пайдасын ғана көздейсіз, ал үкіметтің жоспарын неге орындамайсыз?» — деп, қолындағы газетті шошаңдатып, өзіме бәле салды. Амал жоқ, соғымға деп арнайы бордақылаған тайыншамды алдына салып қоя бердім. Кетіп бара жатып: «Жолдас Байғоныс, биыл мына ала сиыр егіз бұзаулайтын секілді. Жасырмай, екеуін де селсебетке тіркетіңіз», — деп бүйыра тапсырып кетті. Алла-ай десенші, Селсебетім мұншалықты көріпкел бола ма, ала сиырым сол жылы расында да егіз бұзаулады.

Жалпы ол кісі жайында бұл өңірде әңгіме көп. Шәкіровті көзі көрген қайсыбір қариядан сұрамаңыз — «қызметіне өлердей адал кісі еді» деп сүйсіне сөз етеді. Жас болсын, жасамыс болсын, бәрімен де «жолдас пәленше», «жолдас түгенше» деп аса ресми мәнерде сөйлеседі екен.

Шәкіровтың әсіресе жиналыстарда көсіліп сөйлегені кереметтей әсерлі еді деседі. Ол кісі мінбеге шыққанда міндетті түрде стақанмен су сұратады екен. Мінбеде

тұрып, тамағын қырнап жөткіріп, судан бір үрттап қойып:

— Қымбатты азаматтар мен азаматшалар! — деп бастайды екен баяндамасын. Содан кейінгі сөзі әрдайым:

— Совминнің пәленшесінші жылғы пәленше нөмірлі қаулысы бойынша, — деп жалғасатын секілді. Шәкіров дәл осы тұста сөзін кілт ұзіп, жайлап қозілдірігін шешіп, залда отырғандарды бір шолып шығады екен.

Сосын:

— «Совмин» дегеніміз, қымбатты азаматтар мен азаматшалар, «Совет Министров» деген болады! — деп, стақандағы судан тағы бір жұтып жібереді екен.

Кайдағы бір қын сөздің мағынасын осылайша опоңай тарқатып бере салған «селсебеттің» білімпаздығына әсіресе шал-кемпірлер жағы қайран қалып, бастарын шайқасатын корінеді.

Бәле шықса осы жастардан шығады. Кезекті сондай жиналыстың біреуінде «Селсебетке су дайындандар» деген тапсырманы алған сайқымазақ біреу судың орнына стақанға толтыра арак құйып, лып еткізіп ұсына қойыпты. Шәкіров ұсынған ыдысты қолына алып, әдетінше үрттай бере сөтке ғана бөгеліп қалады. Сосын сабазың стақанды тамсана тұрып көмейіне төңкере салыпты. Артынша әдеткідей «Қымбатты азаматтар мен азаматшалардан» бастап, түк болмағандай сөзін жалғай жөнеліпті.

Мелс мұғалім Төртінші ауылға келgelі бергі өзінің ширек ғасырға жуық ғұмырында Шәкіров туралы әңгіменің талайын естіген. Әдемі әзілге толы, іш тарта айтылған осы әңгіменің қай-қайсысы да мұғалімге ұнайтын. Аты аңызға айналған ауылдық кеңестің бұрынғы тәрағасына деген құрметі ме, әлде ұзын сөзді толық айтқаннан гөрі ыңғайлырақ санады ма, Мелеңкен де әңгіме арасында Министрлер Кеңесін «Совмин» деп қысқартып айтуды шығарған.

Мектеп жабылғаннан кейін Мелс мұғалім мұлде жұмыссыз бос қалған еді. Зайраның тұртпегімен, онтайлы бір жұмыс сұрап етектегі Мұқырға барып қайткан. Совхоз директоры Тұсіпбеков мұғалімді жылы

қабылдағанымен, «әзірge ештеңe жoқ» деп, шарасызыңдық танытып, қолын жайған.

— Пажалыста, осы Мұқырға көшіп келіңіз, бірденесін қаастырайын, — деді мұғалімнің үзак жыл бойы сінірген адал еңбегін ескеріп. — Эйтпесе «Төртіншіден» сіздің ыңғайға келетін жұмыс табамын деп айта алмаймын... Кстати, анау сіздер жақтағы Ақшоқының сатысына келешекте марал кіргізек қарауылдық орын болып қалуы мүмкін. Оған қалай қарайсыз?

— Біз қандай жұмыс болса да тартынбаймыз! — деді мұғалім жігерленіп.

— Ендеше күтіңіз сол орынды.

— Күтемін!

Сол «күтемінмен» арада біраз уақыт өтті. Ақшоқының ар жақ, бер жағы баяғыда-ақ сатымен айқышұйқыш қоршалып біткен. Біткенімен, саты ішіне әлі бұғы-маралды кіргізген жoқ. Яғни, бұғысы жoқ, маралы жoқ сатыға күні бұрын қарауылдың қандай қажеті бола қойсын.

— Жүртта қалған жұрындай қашанғы селтиіп жүре бермексің? — деп ренжиді кейде Зайра. — Еңсенді көтеріп, есінді бір жинасаңшы... Өстіп омалып үйде отыра бергенше — кетейікші бас ауған жаққа!

— «Бас ауған жаққа» дейді... Қызық екен! — деп, Мелс әйелінің сөзіне көдімгідей ойланады. — Мәсленки, менің өмір бойғы арманым — «Франс Иосиф жерін» бір көру еді. Егер солай қарай тартып отырсам, соңымнан еріп барап ма едің?

Мелс мұғалім осыншалық қын сұрақты қоюын қойса да, «сынағандай менің мұным не, үят-ау» деп, әйеліне мейірлене қарайды. Іштей толқып кеткендіктен аздал кеудесі де алқынып, оның соңы күркілдеген көк жөтелге үласады.

— Дүниенің шетіне кетсөң де етегіңнен ұстап қалмаймын! — дейді Зайра ақ ниетімен, солай деп еркелеп күйеуінің шашын салалайды.

— «Франс Иосиф жері» — шынында да дүниенің шеті...

«Шеті болса бола берсін...

— Шеті емес-ау, оның да арғы жағы... Жыл он екі ай қыс, алты ай бойы қара түнек басып жататын Қызыр солтүстіктегі арал... Екі арада Мұзды мұхит жатыр.

— Мейлі, — деп Зайра оған да келіседі. — Эйтеуір саған жұмыс табылған жаққа қарай кетейікші!

— Эй қайдам? — деп осы арада Мелстің өзі де күмәнданады. — Ол аралда маған оңтайлы жұмыс табыла қояр ма екен?!

Осындай құрғақ қиял, бос әңгімемен өзірге уақыт отіп жатыр. Зайра «кошайік» деп күнде құлақ етін жейді. «Сәл күтейік, бастық айтқан әлгі қарауылдың орны болып қалар» деп Мелс Мұқыр жаққа жаутаңдал қояды.

Қолы бос мұғалім тұнеу күні үлкендердің бас қосқан бір жиынында ортаға ғаламат идея тастаған.

— Даға салуымыз керек! — деді мәселені төтесінен қойып. — Біз осы кімнен кембіз, ағайын? Қазір окіметтің өзі қала мен ауылдың арасындағы айырмашылықты жоюға ұмтылуда. Енде же жоғарыдан жарлық құтпей, инициативаны өз қолымызға алғанымыз жөн... Студент кезімізде қаланың жайына біз де біршама қаныққамыз. Рақат солардікі... Сенбі күні бала-шағасымен даға тартады. Таза ауа жұтып, демалып, жексенбі күні кешкісін сіп-сібежи бол қайтып келеді. Міне, өмір деп соларды айт. Олай болса, ағайын, біз қалалықтардан кембіз бе? Біз олардай демалуға қақымыз жоқ па? Әлде даға салу қолымыздан келмей ме?

— Даға дейді... Әлгі Мұқырдағы тракторшы Сәмөшкөннің қатынын айтып отыр ма? — деп саңырау Кәрім құлағын тосты.

— Айтып отырғаным Сәмөшкөннің әйелі емес, демалыс үйі жайында! — деді мұғалім түсіндіріп.

Құрыстанған маңдайын сипап, көзі кіртиіп есінеп-құсынап өзер отырған Қабден:

— Бәтіреке, таза ауа дейтіндер қайта бізге келмей ме? — деп немқұрай пішінде пікір қосып қойды.

— Қабеке, бүгін үйқыныз біртүрлі шала ғой? Тұз жортып, түсініз қашып жүрген жоқсыз ба өзі! — деді құрдасына Қасиман.

— Таздан тарақ қалғалы қашан, — деп Қабден тағы да есінеді. — Үйден қандала деген бәле шығып, екі күн болды, мазамды алып, ұйықтатпай жүргені.

— Қандалаға мазаң кетсе, әлі де қытығыңың ба-сылмағаны-ау, сайтан?

— Ағайындар, байыпты әңгімеге қысыр сөзді қыс-тырмалап қайтесіздер! — Мұғалім ұлкендерге реніш білдірді.

— Таза ауаны айтам, — деді Қабден оз ойын тағы қайталап. — Таза ауа дегенің осы бізде емес пе? Алтай ғой бұл, Алтай... Суы бал, кодесі майса Алтай, қасиетінен айналайын!

— Сөзіңдің жаны бар, Қабеке. Таза ауа іздең бас қатырудың қажеті шамалы. Сондықтан біз өзімізше де-малатын, күнге қыздырынып, спортпен айналысатын-дай саяжайлар салуға тиіспіз. Ауылдың сыртына, алышырақ тұстан дегенім ғой...

— «Саяжай» дегенің үй ме?

— Комплекс... Ол жерде жеміс-жидек, бау-бақша да өсіруге болады.

— Значит, огороды да бар ғой? — деді Метрей атай.

— Бар.

— Ол жерге картоп егуге бола ма?

— Болғанда қандай!

— Онда ауылдағы огородты кімге тастаймыз?

Мұғалім күмілжіп қалды:

— Картопты ауылда егіп, қалған жемісті дачада өсіруге болады ғой....

— Значит, мен картопты түптең үйде қалам, Глаша жемісін өсіріп дачада тұратын болады.

— Бәсе, бұндай жағдай Метрейге майдай жакса ке-рек еді.

— Жаққанда қандай! — деп Метрей атай қулана көзін қысып, қаба сақалын қапсыра сипалап қойды.

— Метрей өзі білсін, Мелс шырағым, бірақ мына әңгімен менің көніліме қоныңқырамай отыр, — деді бағанадан бері үнсіз отырған Байғоныс.

— Байеке, сіз өзірге дача дегенің мағынасын түсінбей айтып отырсыз. Түсінген кезде шаруаға бел шешіп кірісетініңзге менің күмәнім жоқ.

— Мәнін түсіндім-ау, қажетін түсінбедім?

— Қажетін дейді... Қалайша қажетін түсінбейсіз? — деп, Мелс қолын жайып қайран қалды. — Біз осы жерде қоғам болып, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты тездетіп жоюдың ең ұрымтал, ең төте жолын талқылап отырмыз. Ал, қала мен ауылдың айырмашылығын жою — партия мен өкіметтің алдымызға қойып отырған сындарлы саясаты. Сіз, Байеке, соның да қажеттілігін түсінбей отырсыз ба?

Байғоныс мұдірді. Оның мұдіргенін пайдаланып, Қасиман қатты өкініш білдіргендегі басын шайқапшайқап жіберді:

— Сіз немене, өкіметтің саясатына қарсы шығып, алжиын дедіңіз бе? Әлде, баяғы отыз жетіні ұмыттыңыз ба?

— Құдай сактасын, неге ұмытайын... Мен саясатқа қарсы емеспін, бірақ көкейге қонбайды.

— Өкімет қана емес, партияның да саясаты деген жок па?

— Олар ғана емес, «сындарлы» дегенді де айтты ғой?

— Онысы не бәле тағы?

— Ит біліп пе...

Мұрнын шұқып былайғы бір шетте отырған Қабден:

— Бұл шаруаларың менің де көкейіме қонып отырған жок, — деп гүж ете түсті.

— Мелс шырағым, біз өкіметтің ондай саясатына қарсы емес екенімізді өзің де жақсы білесің, — деді Байғоныс Қабден өзін қолдағанға қабағы ашылып. — Алдымен сол жақсылық шаруаны Метрей екеуің бастап, бізге жол көрсетсендер етті. Сендерден көріп, сонынан біз де қозғалар едік.

— Мені де әурелемей, сол дачаны алдымен өзің бастасаңы! — деп, Метрей Байғоныска қарай жылжыңқырап отырды.

Мықты идеясы үлендерден қолдау таппағанына қиналып, Мелс сөзден тосылды.

— Жарайды, оған де келістік, — деді ақыры амалы таусылғанын ұғып. — Олай болса дачаны алдымен өзім бастап салып, сіздерге үлгі көрсетейін. Сіздер сосын кірісерсіздер.

— Мелс шырак, асарға шақырғандай болсан, біз көптең көмек етіп жібереміз.

— Жо-жоқ, ақысыз еңбек күшін пайдалануға менің қақым жоқ... Өзім саламын.

— Патша көңілің білсін, қарағым, — деп, ақсақалдар осы шешімге тоқтап, сүйектерін сықырлатып орындарынан тұрған.

\* \* \*

Ертеректе, «Төртінші бригада» атанып тұрған шағында бұл ауылда жалғыз ғана телефон бар еді. Бригада кенсесінде тұратын сол жалғыз қара телефонмен дауысы шамалы былайғы адамның сөйлесуі екіталай-ды. Өйткені телефонның құлағындағы қиқулаған, ыскырған, пыскырған айқай-шудың ар жағынан, жер түбінен шыққандай адам дауысы еміс-еміс, үзіп-талып жететін. Бар дауысқа салып арғы жақтағы кісі айқайлап сөйлейді, боранды түнде мал қайырған малшыдай бергі жақтағы адам да тамағын жыртып, бар өнерін салып айқайға басады. Соның өзінде бірін-бірі дұрыс түсініп жатқаны шамалы. Кейде, тіпті түк ұқпаған кездері бастықтар ұғып қайту үшін Мұқырға ат шаптырып жатады...

Телефонмен ең көп сөйлесетін бөлімше басқарушысы Қақантай еді. Ол кісі Мұқырмен күніне екі мәрте сөйлескеннен кейін тамағы қырылдап, көкірегі сырылдап, дауысы сыбырлап қалатын.

Бірде Қабден қаңғалактап жүріп, Қақантай жоқта кенсеге кіріп кетсе керек. Кіріп келсе, үстел үстіндегі қара телефон қолды-аяққа тұрмай безектеп шырылдап жатыр екен. Қабекен «мынау қайтеді-ей» дегендей аңтаң күйде біраз бақылап тұрады. Телефон шырылдай берген соң асқан сақтықпен жайлап құлағын көтереді.

— Әлеу, — дейді арғы жақтағы үн айқайлап, — бұл «Төртінші бригада» ма?

— «Төртінші біргәді» емес, Қабденмін, — дейді Қабекен ақырын ғана.

— Әлеу, — дейді арғы жақтан үн айқайға басып, — бұл «Төртінші бригада» ма екен?

— Жоқ дедім ғой, «Төртінші біргәді» емес, Қабденмін! — дейді Қабекен дауысын сәл қатайтып.

— Элеу, — дейді арғы жақтағы үн тамағын жыртып. — Бұл «Төртінші бригада» ма деймін?

— «Төртінші біргәді» емес, Қабденмін... Мен Қабденмін ғой! — дейді Қабекең де барынша дауыс көтеріп.

— Элеу, — дейді арғы жақтағы үн түк естімей, қышқырғандай бол. — Аузыңа су жұтып алдың ба, неге мелшиіп жауап бермейсің?

Сол кезде Қабекенің басына қан шапшиды ғой. Басы бөркіне сыймай бара жатқан соң, бөркін жұлып алып, үстел үстіне атып ұрады:

— Әй, атаңа нәлет, Оралғазы! — дейді телефонның құлағына айқай салып. — Сен өлгі біздің Мәуіт құрдастың үлкен ұлы Оралғазы боласың ба?

— Солмың, солмың! — дейді ар жақтағы Оралғазы ақыры өзінің дауысын естігенге катты қуанып.

— Сол болсаң — тақ әкеңдің аузын... — деп, Қабекең Оралғазыны әкесі Мәуіттен сыбап бір түсіпті де, телефонның құлағын ашудана тарс еткізіпти.

Бригада жабылғаннан кейін сол қара телефон да қоса құрыған. Өзі телефонмен сирек сөйлессе де, ауылдан телефонның жоғалуы Мелстің жанына аяздай батты.

— Үлкен өмірге шығатын байланысымыздың бір тармағы мәңгіге үзілді, — деп Байғонысқа барып мұнын шакты.

— Қауымдасып, күнімізді көрерміз, ұсақ-түйекке бола мойыма! — деп Байекең басу айтқан болды.

— Ұсақ-түйек емес, бұл кесек проблема! — деді мұғалім.

— Кесек болсын, ұсақ болсын, қолдан келер қайраның қайсы?

— Сөзіңіз орынды. Бірақ қарекетсіз қарап отыруға тағы болмайды.

Балта шауып отырған Байғоныс елең етіп, мұғалімге бетін бұрды.

— Сонда қалай... Тағы да ауданға барып арызданасың ба?

— Барғанмен пайда жок, — деді мұғалім. — Біз телефонның орнын телевизормен толтыруымыз керек.

— Неменемен дейді?

- Телевизормен...
- Мейлің, шырағым...
- Міне, бұл табылған ақыл, тамаша идея... Біз сөйтеміз, Байеке.
- Мейлің, шырағым!

Осындаған оқыс шешімге бекінген Мелс мұғалім үш күннен соң Сәлиманың атын сұрап мініп, Мұқыр түсіп кеткен. Сол кеткеннен ауданға дейін барып, араға екі күн салып, алдына өңгерген абажадай жәшігі бар, үйіне оралған. Өңгерген жәшігі телевизор екен.

Кешкісін мұғалімнің тауық қорадай ғана тар үйіне ауылдағы жан біткеннің бәрі жиналды.

Мұндай жиын-тойға көп үмтыла бермейтін Сәрсен мен Әлипа да қолтықтасып жетіпти.

— Телевизор үшін мен таң атқанша свет жағуға да-йынмын! — деп моторист Сәрсен үйге жігер көрсете кірді.

Жұртшылық тегіс жиналып біткен кезде Мелс салтанатты жағдайда телевизорды қосып еді, ештеңе көрсетпеді. Көрсетпеген соң, техникадан хабары бар Сәрсен де білегін сыбанып тастап, комекке араласты. Біреуі шатырға шығып, самырсын сырғықтың басындағы антеннаны ары-бері қозғады. Біреуі үйдегі телевизордың құлағын сыртылдатып айналдырыды. Бәрібір, телевизор селт еткен жок, суретсіз, әншайін құр жарқырап тұрып алды. Келген жұрт телевизорға телміріп тұннің бір уағына дейін отырды.

— Мүмкін бұзылған телевизор шығар? — десті жиналған көпшілік таң алдында, жарқырап Шолпан туған шақта үміттері үзіліп.

— Жо-жок, дүкенде тексеріп алғам! — деп Мелс оларға дес бермеді.

— Мүмкін автобустың ішінде, немесе атқа өңгерген кезде бір жерін бұлдіріп алған шығарсың?

— Жо-жок, өзіме жайсыз болса да осының жайын ойладап, үрмай-сокпай әкелдім. Оллаңи бұлдіргем жок!

- Онда несіне қырсығады бұл құрғыры?
- Бізге келгенде бәрі де қырсығып тұрғой!
- Адамша бір кино көрсем деп армандалап ем... Қап!

— Бұл телевизор кеше менің тұсіме кіріп жүр... Жалғыз өзім Шәмшінің әнін тыңдал отыр екем деймін... Қызық!

— Үмітсіз — шайтан деген. Ақырын қүтейік.

— Общым былай, — деп, бұл күнгі жиынды Сәрсен қорытындылады. — Мен бірдене білсем — бар бәле — антеннадан. Антеннаны анау жартастың басына орнату керек. Былқ етпеніздер, менде соған дейін жететін кабель бар. Ертең осы телевизор сайрап тұрмаса — мұрнымды кесіп берейін. Тоқ етері, ертең кешке осы үйде тағы кездесеміз! Келістік пе?

Жұрт келіспей қайда барсын, бастарын шұлғысып, күбір-күбір құңқілдесіп үйді-үйіне тарқасты.

Ертеңінде бұқіл ауылдың көзінше жартас басына құрықтай ұзын антенна орнаған. Антенна Сәрсеннің кабелі арқылы телевизорға жалғасты. Жалғасқанмен, телевизор бәрібір көрсетпеді. Телевизор көрсетпегенге кешегі уәдесін ескеріп, Сәрсен де мұрынын уайымдал жатпады.

— Отражательсіз болмайды еken, — деді ақталып. — Мұқырдағы отражательдің күші бізге жетпейді білем. Біз бұгін соны дәлелдедік.

— Кітап керек, — деді Мелс. — Антеннаны кітапқа қарап қайта жасауымыз керек.

Ондай кітапты Сәлимаға тапсырып еді, Мұқырдан екі күн ізде, таба алмай қайтты.

— Ауданнан іздеу керек, — деді Мелс сонда да үмітін үзбей.

— Сол жаққа телевизорымызben бірге көшіп кетсек қайтеді? — деп мұны естіген Зайра күйеуіне қыла қарады.

— Жо-жоқ, Зайражан, олай болмайды... Бастаған істі аяқтау парыз. Жұрт маған сенім жүктеп, нәтиже күтіп отыр! — деді Мелс азаматтық мінез танытып.

Өзі айтқандай, мұгалімнен ел-жұрты пәлендей нәти же күте қойған жоқ-ты. Әншейін, көрмеген көлде естімеген құстың үні бардай көнілдерінде болымсыз сағыныш қалған. Арада бір апта уақыт өткен кезде көніл тербеген әлгі мұң да тарқай бастады. Сәрсен кабелін дөңгеленте орап, қайыра жинап алды. Жартас басында

сорайған құрықтай антенна ғана оқта-текте Мелс мұғалімнің үйінде телевизор барын еске салатын. Сөйтіп жүргенде мұғалімнің басына аяқ астынан саяжай тура-лы пәрменді бір идея келді де, «телевизор проблема-сы» екінші кезекке ысырылып, комескіленіп қала берді.

Ойдан ой туады деген рас екен, бірде терең ой үстінде жүрген Мелс мұғалім саяжайдың да, телевизордың да мәселесін бір-ақ сәтте шешіп тастасын:

— Біздің ауыл қойнауда тұр, — деді озгеше шабыт-танып. — Яки, біз болашақта дачамызды таудың басына салуға тиіспіз. Сонда ғана телевизор толқынын үстап, құнде кешке Алматыны тамашалайтын боламыз.

«Таудың басы» дегенге саңырау Көрім күн сала сығырайып, Ақшоқының қарлы шыңдарына көз жүгіртті.

— Ол жақ сұық емес пе? — деді тітіркене бүрісіп. — Сол телевизор құрғырды кормей-ақ қойсак қайтеді?

— Олай десеніз, сіз қатты қателесесіз! — деді мұғалім Кәрекенің құлағына дауыстап. — Өркениетті өр елдің әрбір азаматы, соның ішінде сіздің де телевизор кору-ғе, ақпарат алып отыруға қақыныз бар!

«Қақыныз бар» дегенге Көрім кәдімгідей қеудесін тіктеп, үйіне біртүрлі күпійіп қайтты.

Мелс мұғалім алдымен құрылыс материалдарын жи-науға кірісті.

Етектегі Құндызды көлінің жағасындағы ағаш өндайтін «пилорамның» тоңірегінде гәрбіл тақтайлар жеткілікті екен. Көбісі белуардан батпакқа батып, шіри бастапты. Құрылысқа жарайды дегендерін Мелс бір шетке бақшалап жинап, күн көзіне кептіріп қойды.

Кезекте тұрған келесі міндет — саяжайлық ыңғай-лы жер тандау болатын. Бұл да ә дегеннен шеше сала-тын оңай шаруа емес екен. Жақын маңда Мұқыр ауылы көріне қоятындағы биік жер табылмады. Алысырак тұста-ғы таулардың желкесін барлап еді, азынаған жел, ыз-ғары сай-сүйекті сырқыратқандай. Ешқандай ықтасы-ны жоқ ондай тұл жалаңаш, тайдың терісіндей тақыр тазда құнге қыздырылып, спортпен шұғылданудың мүмкіндігін мұғалім көре алмады.

Жер аралаған күннің ертеңінде Мелс мұғалім сұық тиіп құркілдеп, төсек тартып жатып қалды. Үстығы

көтеріліп, мандайынан шып-шып тер шықты. Қүйеуінің сырқатына Зайраның зәресі кетті. Мұқырға дәрігерге шапқыламақ болып еді, шешесі тоқтатты. Байғоныстың бәйбішесі — Гүлжамал шешейдің аздаған тәуіпшілігі бар болатын, сол кісіні шақыртып, екі кештің арасында ұшықтатты. Гүлекең әлдебір шөпті қайнатып, нілін ішкізіп, мандайына спіртке шыланған орамал басты. Сәлима да бір уыс дәрі-дәрмек әкеліп берді.

Сәлима мен Гүлжамал шешейдің ем-домының әсері ме, әлде Зайраның қүйрық май, ыстық сорпасының борша-борша терлеткенінен бе, төрт күннен соң Мелс қалқып далаға шықты.

— Даңасы да құрысын, телевизоры да құрысын, денсаулығынды ойласаңшы! — деді Зайра жаны шығып. — Жотелің бір жазылмады, мен осы жотелден қауіп қылам. Дәрігерге қаралып, курортқа барып, емделіп қайтсан қайтеді?

— Екеуіміз де жұмыссыз журміз, курортқа қаражатты қайдан табамыз? — деді Мелс мұңайып.

— Телевизорды сатамыз... Кок тайыншаны өткіземіз... Сенің жолыңа сол жетеді!

— Басқасына тиіссен де телевизорға тимеші, Зайра-жан! — деді қүйеуі жалынғандай болып. — Көрсетпесе де үйінде телевизордың болғанына не жетсін!

Ақшалары таусылып, шай-шаклыт, жіп-суанға қаражат керек болған соң, Зайра расында да көк тайыншаны сатып жіберген. Телевизорға тиіскен жоқ. Қайта, сандықтың түбінен тогілген қызыл бүліш бір матаны шығарып, матаның жиегін шашақпен әдіптең, телевизорға әсемдеп жауып қойды.

\* \* \*

Мелс мұғалім ақыры курортқа бара алмады. Дәрігерге қаралып, курортқа бармаған соң денсаулығы да мәз емес, күркілдеп жетеле береді. Бұрын да бойына шыр жүқпаған ілміген арық еді, қазір тіпті солып кетті. Мұрны сорайып, көзі шүнірейіп, кемпір бет боп қалған. Құр сүйек. Өзінің айтуынша, соңғы үш жылда он килограмға арықтапты.

— Онысы бекер сөз, — деп мұны естіген кезде Байғоныс сенімсіздік білдірді. — Мелс он келеграмға арықтаса — орнында түк те қалmas еді. Менің шамалауымша ол бес келеграмға арықтаған.

Қанша арықтаса да мейлі ғой, бірақ денсаулығының нашарлап бара жатқаны жалғыз Зайраны ғана емес, ауылдастарын да алаңдата бастады.

— Дачаны салып, сендерге телевизорды қосып беремін, сосын айлатып жатып емделемін, — дейді мұғалім ауылдастарына.

Әйтсе де Мелс мұғалім айтқанында тұратын табанды кісі екен. Саяжайлық ыңғайлы орынды ақыры іздең тапқан. Қазір Сәлиманың «Захар торысын» жалдал, көл жағасындағы тақтайларды біртіндеп тау басына қарай тасып жатыр.

\* \* \*

Жұртта қалған жеті үйдің жоні тұзу тәуірі де, корер көзге көрнектісі де балташы Байғоныстың алты қанат ақшаңқан отауы болатын.

Байекең осы ауылдың жетпісті алқымдал қалған ақылман үлкені. Бәйбішесі Гұлжамал екеуі алты бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бұл аймақтың қадірменді қариялары.

Тегінде, Байғоныс — ағаштан түйін түйген ісмер кісі. Бұл кісінің балташылық шеберлігі кезінде ауданнан асып, анау Нарынның еліне шейін мәшіүр бопты. Осы өңірдегі екі шананың бірі Байекеннің қолынан шықты десек, артық мактағандық емес. Баяғыда Байғоныстың балдай бармағынан шана мен доға да, ер-тоқым мен қамыт-сайман, тіпті арба мен тарантас та дөңгеленіп шыға беретін. Қазір арба мен тарантастың дәурені өтіп, Байекең шанамен ғана шектеліп қалды. Әйтпесе, бұл жақтың елі Байғоныстың үйінен қазақы ер мен қалмақы ерді, құранды ер мен қозықүйрықты қасынан шертіп жүріп таңдап әкетуші еді. Ер іздейтін бүгінде адам да сирексіді, дүкендегі «кавалерийский» дейтін темір құраманы малданып, аттарының арқасын жауыр ғып езіп жүргендері.

Байғоныс қолынан келген өнерін әсте бұлдаған жан емес. Керек затынды сұрасаң, сөзінді жерге тастамай жасап береді. Сұрамасаң да жасар затын тоңқандап жасай береді, әйтеуір, дүние бар болса оған ие табылады деп сенеді... Доғаларын ешкім алмай соңғы бірер жылдың ішінде тау болып үйіліп қалып еді, біреуден естіп, көрші «Жамбыл» совхозының директоры бір-ақ күнде бәрін жинап алып кеткен. Ендігі жерде Байекеңнің шаналары тау-төбе болып бақшаланып жиналып қалды әнеки. Бригада тарамай тұрған кезде жасағанын жасаған бойда талап әкетуші еді, қазір анау Мұқырдағы бастықтардың аяғы жетпей жатқан сияқты бұл жаққа. Жетпесе жетпей-ақ қойсын, бәрібір күнделікті балташылық кәсібін Байғоныс токтатқан да емес, тастаған да емес.

— Құдая тоба, зейнетке шыққан адам денсаулығын бағып, тып-тыныш үйде отырушы еді. Біздің шал жердің тесігін бітердей күйбендең, жұмыстан әсте қалсаши! Дауа жоқ бұл шалға, дауа жоқ! — деп бәйбішесі Гұлжамал бәйек болады.

— Тып-тыныш отырган адамда денсаулық болушы ма еді? — дейді Байекен қарсыласып. — Бойдағы қан секілді, адам да үздіксіз қарекет етуі керек.

Байғоныс көп тындалап, аз сөйлейтін сырбаз кісі. Сонын да Мелс мұғалім басына келген күрделі ойларын алдымен осы кісіге айтып, кеңінен ақылдасып алады. Тіпті, саңырау Кәрім мен туған бажасы Қабден де әр нәрсені Байғоныспен кенесіп шешіп жүр. Кейде қолын арқасына артып, арғы көшедегі Метрей де мамырлап келіп, ұзакты күн кәүкілдесіп кетеді.

Байғонысты шалдардың қысыр әңгіме, бос сөзінен гөрі су жағасындағы қайың мен талдың тағдыры көбірек толғантатын еді. Шана жасау да, доға жасау да жұрт ойлағандай онай шаруа емес. Алдымен соған лайық ағаш таңдау қажет. Соңғы жылдары жұмыр тал, бұтаксыз қайың табудың өзі қындалап барады. Нешеме қысқатарынан таудан көшкін түсіп, көктемде атқы жүріп, көл жағасындағы тоғайды жусатып кетті. Етектегі өзен бойындағы тоғайлы жалды анау жылғы қатты қыста шөп жетпей, совхоз жаппай отап, малға берген. Одан

қалғанын жазғытұрым жүрген сең арнасынан тасып жайылып, жырымдап, жарапал, іске алғысыз етілті. Сонау Бұқтырманың бойынан ағаш іздемесе, Байекенің де барап жер, басар тауы бүгінде айқындалып қалды.

Ағашты да мезгілінде, бабы жеткен дер кезінде кес-песең — икеміңе көне қоюы негайбыл... Көктемгі ағаш жарамайды. Жаз шығып, жапырақ жайған кездегі ағаш тағы да жарамсыз: өзегінде нілі бар ағаш иілмейді. Иілсе де морт сынғыш келеді. Ал тамыздың аяғы, қыркүйектің басында, жапырағы сарғайып, өзегіндегі нілі суалған кезде ғана балтанды белінде байлап, тоғай тентіреуіңе болады.

Байғоныс өзіне тапсырылған қай шаруаны болмасын қашанда ықыласпен жасайтын. «Жамбылдың» директоры тапсырған кәшәуаға да бар зейінін, бар өнерін салған еді. Асықпай, баппен үзак жасады, жаз бойы тек сонымен ғана айналысты. Темірден табан салып, оюлап, қара түске сырлап, жарқыратып далаға шығарған кезде — бәйбішесінің көзінен жас та-мып кетті:

— Шал! — деді орамалмен бетін басып. — Мен мына дүниенен тіксініп қалдым... Мен білгенде, бұл сенің өнеріңің жеткен биігі секілді... Корқамын сенен шал! Несіне осыншалық жанынды салып едің?

— Тәйт әрі, жаманатқа бастамай! — деді Байғоныс зілсіз ғана. — Жаман шалыңың өле қоятын түрі жок. Азандық болса бұдан да тәуірін жасармыз әлі!

Кәшәуаны көруге бірінші болып бажасы Қабден келді.

— Байеке, сірә бұдан артық дүниені сен енді қайтып жасай алмассың! — деді басын шайқап.

Бажасының бұл сөзінен Байекең шынымен-ақ сескеніп қалған.

— Әй, Қабден, аузыңа Табанбайдың қалың қызы түкіріп қойғаннан сау ма? — деді қызаракта.

Сосын Мелс мұғалім келді. Келді де, кәшәуаны үш айналды. Сығырайып алдынан қарады, еңкейіп артынан қарады. Былайырақ барып етпеттей жатып, бүйірінен сығалады.

— Мынауыңыз нағыз өнер туындысы! — деп, соңынан өзінің тұжырымды бағасын берді. — Мынадай дүниені Эрмитажға немесе Луврға өткізу керек!

— Мелс шырағым, ғафу ет, мен мұны «Жамбылдың» деректірі үшін жасап едім, — деді Байекең ыңғайсызданып.

— Жо-жоқ. Бұл қайталанбас өнер туындысы! Шын өнер дегенің, мінеки, осындай-ақ болсын!

— Мен бұл кәшәуәні «Жамбылдың» деректірі үшін жасап едім.

— Кімге дейсіз?

— «Жамбыл» совхозының деректіріне... Баяғы өзіміздің Мұқтарбайдың Толқын деген баласына.

— М... м... м!.. — мұғалім үндемеді.

— Сондықтан ғафу ет, шырағым! Алдын ала уәде беріп қойып ем... Әйтпесе сенен немді аяйын!

Жұрт тамашалап біткен соң, Байғоныс кәшәуаны майлап, кораға кіргізіп, бетін кенеппен жасырып жауып қойды. Содан бері де жылдан асты. «Жамбылдың» директоры әлі келген жоқ. Елеңдеп күнде күтумен Байекең жүр.

Байғоныс — төрт жыл соғыстың үш жылын бастан-аяқ басынан өткерген жан. Осы ауылда шын соғыстың қандай екенін білетін бір адам болса — ол осы Байғоныс шығар. Сүм соғысты Сталинградтан бастап, Прагамен аяқтаған кісі. Сондықтан да соғыс жайында артық айтылған, кем айтылған әңгімені жаны жақтырмайды. Бұл кісі отырған жерде жұрт та ондай өтірік әңгімеге баспайды.

Соғыс демекші, соғыс ардагерлерін оқушылар тізімге алып, ауық-ауық мектепке кездесулерге шақырып тұруши еді. Мектеп жабылғалы жүрекке жылы сол бір шаруа да жайына қалды. Қабден мен Метрейдің қақпасындағы жұлдызшалардың шеттері сынып, бояулары оңып кетіпті. Екеуінің осыншалық салақтығына жаны ауырады: қасиетті дүниені қашанда қастер тұтқан жөнғой! Байекенің өзі болса жұлдызшаны қаңылтырмен қаптап қойған, аптасына болмаса да айына бір мәрте бояп, жарқыратада жаңартып отырады. Айшықты алқызыл бояуды да сол жұлдызша үшін аудандағы қызы әкеліп берген.

Бөлімшенің «Құрмет тақтасы», мектептің «Класс бұрышы» секілді бәкүн-шүкін ұсақ шаруаларды былай қойғанда, Байғоныстың баяғыда адамның мұсінін де ағаштан шауып жасаганы бар.

Күні кешегідей бәрі де есінде... Сонау алпысыншы жылдардың басы болатын. «Аспанға адам ұшыпты, Гагарин ұшыпты» деп жер-дүниенің шулап жатқан кезі. «Ұшқан адам ұша берсін, мейлі ғой» деп, алғашында әлгі жаңалыққа оншалықты мән берменген. Бірақ ел-жүрттың бәрі де Гагарин деген жігітті қайта-қайта сөз ете берген соң, Байекең де аздап алаңдайын деді. Тіпті, тау басында қой жайып жүрген саңырау Кәрімге дейін таяғын сүйреп, бірде аталақтап жеткенін қайтерсің:

— Мен Гагаринді көрдім, — деді көзі шырадай жаңып. — Оллаңи, көрдім! Артынан шұбырған аппак із тастап, Ақшоқыны асып жонелді.

— Артында шұбырған ізі бар дейсің бе?

— Иә, аппак із қалды... Әлгі, алдында кетіп бара жатқан Гагариннің өзін көрмегендеген, ирелендерген ізін айдаңар екен деп қала жаздадым.

— Ендеше ол Гагарин емес. Оны «райактивный сәмөлөт» дейді.

— Не дейсің?

— «Райактивный сәмөлөт» деймін...

Кәрім дауласқан жоқ, қабағы түсіп, тауы шағылып, таяғын сүйретіп қайтадан таудағы қойына кетті.

Ауылды дүрліктірген осындай әңгіме Байғоныстың да делебесін қоздырайын деген. Ұмытпаса, Бірінші май күні шығар... Жұрт улап-шулап, үй-үйді қыдырып тойлап жүргендеген, Байекең газеттен Гагариннің суретін қып алды да, балтасы мен шотын беліне қыстырып тауға қарай тартып отырды. Ақшоқының етегіндегі жартастың желкесінде көптен бері состыып балқарағайдың бір молағы тұратын. Балқарағайды бел ортадан жасын осып тұскенімен, өзегі аман екен. Байғоныс барған бойда әлгі ағашты шапқылап өз жөніне ыңғайлап, шаруаға кірісіп кетті. Содан нешеме күн ак тер-көк тер болып арпалысқан. Таң атпай кетеді, ел жатқанда келеді. Тіпті Гүлжамал шешей де күйеуінің қайда

жүргенін көпке дейін сезбепті. Байекеңнің бұл құпиясы тоғызынышы май күні ғана ашылса керек...

Женіс күніне орай Байғонысты шабарман жігіт клубтағы кездесуғе шақыра келеді. Шақыра келсе, Байекең таң атпай бір жаққа балтасы мен шотын, балғасы мен қашауын қолтықтап кетіп қалған. Қайда кетіп қалған? Ақшоқы жаққа қарай кетіп қалған. Ол кезде бөлімше басқарушысы Қақантайдың дүрілдеп тұрған кезі. «Қап тауын асып кетсе де табындар» деп жарлық береді. Жарлық қатты, жан тәтті, шабарман жігіт атына міне салып, Ақшоқыға қарай шабады ғой... Атының қан сорпасын шығарып, Ақшоқының етегіне жетсе — Байекең жартас басында бүкендер мұсін қашап жатыр екен. Мұсінге әрі қарап, бері қарап, шабарман:

— Мынау Қақантай аға ғой! — дейді қуана алақайлап. Содан бұл жерге не үшін келгенін де ұмытып, «сүйіншілеп» ауылға қарай атын борбайлата жөнеледі.

«Балташы Байғоныс Ақшоқының басына Қақантайдың ескерткішін орнатып жатыр екен» — деген әңгіме ауыл арасына тез-ақ тарайды. Құдай айдал сол күні жиналысқа «сел себет» Шәкіровтың келе қалмасы бар ма! Төнірегінде болып жатқан құбылысқа қашанда салқын зерде, сабырлы қозбен сынай қарап жүретін Шәкіров жолдас та мынадай жаңалыққа жайбарақат қала алмапты. Жиналысты коя тұрып, клубқа жиналған халықты соңынан шұбыртып, Ақшоқыға қарай өрмелейді.

Байекең мұсінді әсемдеп-ақ жасаған екен: басында шлем, шлемде «СССР» деген жазу бар, көк жүзіне көз тігіп қимылсыз қалған жансыз бейне. Әттең, қолынан бал тамған шебер балташы болса да, Байекеңнің мұсіншілік өнері олқылау түскен сияқты... Гагаринге қаншалықты ұқсатам деп тыраштанғанымен, ол кісінің пошымына оншалықты келтіре алмаса керек, тегі.

— Аумаған Қақантайдың өзі! — деп, мұсінді көрген кезде қойшы Кәрімге дейін қуана қол шапалақтап жібереді.

— Рас, маған ұқсайды екен! — деп Қақантайдың өзі де мойындайды.

Шәкіров мұсінді ұзак зерттейді: етектен қарайды, өрден қарайды, жартасқа шығып қолымен де сипалап көреді. Бұл кезде Жеңіс құрметіне арналған жиналыс осы жерде отердей-ақ, жартас түбіне бірқауым ел жиналып қалады. Сілтідей тынып, бәрі де Шәкіровтың көсемдік созін күтіп тұра береді.

— Жолдас Байғоныс! — дейді аздан соң жартас басындағы төраға. — Сіз орескел саяси қателік жібергенсіз. Сіз бүйтіп управляющий Қақантайдан космонавт жасауға кімнен лұқсат алдыңыз? Мұқыр селсебеті ондай указаниені сізге берген жок. Яғни, сіз ешкімнің лұқсатынсыз өз бетіңізше ескерткіш жасауға кіріскеңсіз. Нәтижесінде саяси қателікке ұрынғансыз! Қақантайдан үшқыш-космонавт жасауыңыз — майор Юрий Алексеевич Гагариннің атына кір келтіргендігініз. «Космонавт» деген қасиетті атақты қорлағаныңыз. Немесе оның мағынасын тереңдей түсіне алмағаныңыз. Сіз осыны мойындаісyz ба?

Жеңіс мерекесіне орай бірер ауыз жылы соз күтіп тұрған Байғоныс мұндаиды естігенде жағы қарысып, сілейіп тұрып қалады.

— Әне, үндемейсіз! — дейді Шәкіров сұқ саусағын шошайтып. — Значит, бұны біз кінәңізді мойындағаныңыз деп түсінеміз!

— Құрметті азаматтар мен азаматшалар! — дейді селсебет ендігі сөтте етектегі көпішлікке соз арнап. — Бәріңіз де коріп тұрсыздар, қашанда указаниясыз жұмыс, өзімшілдік міnez осындаі білместікке, анахияға әкеліп соқтырады. Партия сзып берген сара жолдан тайдырып, зор қателіктерге ұрындырады. Осыны мықтап естеріңізге сақтаңыздар! Ал, жолдас Байғоныспен болған бүгінгі жағдай сіздерге де үлкен сабак болсын, ендігәрі мұндаі саяси қателіктерді әсте қайталамайтын болайық!

— Қайталамауға тырысамыз-ау, бірақ мына ескерткішті қайтеміз? — дейді топ ішінен біреу.

— Меніңше, үлкен бастықтардың көзіне түсірмей өртеп жіберген дұрыс, — дейді Шәкіров.

— Өртеуге лұқсат жок, оқыста орманды өртеп алып жүрерміз! — дейді топ ішінде тұрған орманшы жігіт.

— Ендеңе трактор өкеліп жұлып тастандар! — дейді селсебет.

— Рақмет! — депті осы кезде шетте тұрған Байғоныс ернін тістеп, шүберектей бозарып..

— Рақметті маған айтпаңыз, жолдас Байғоныс, — дейді селсебет оған түсін сәл жылытып. — Рақметті сіздің қателігіндегі дер кезінде корсете білген шабарман жолдасқа айтыңыз!

Осымен шағын жиналыс аяқталып, жұрт Шәкіровтың соңынан шұбырып ауылға қайтып кетеді. Байекен болса озіне-озі келе алмай, бір апта бойы сенделіп қалады. Ақыры, «осы менің қателескенім, тегі, рас шығар» деп кінәсін іштей мойындасты.

Кейінірек Шәкіровтың бұйрығымен мұсінді тросқа іліп, трактормен сұйрап, тамырымен қопарып жұлып тастайды. Құлаған мұсін жартас түбінде қарашаның қары тұскенше жатты деседі. Сосын бірде ұшті-күйлі жоғалып тынған сияқты... Әлдекім дәл түбінен арамен кесіп, тамырын тастап, мұсінін үрлап кетіпті.

Біреулердің созіне қарағанда, оны істеген Қақантайдың озі екен. «Өзекті жаңға бір өлім, кейін басыма қояр бір белгі осы болсын», — деп бір сырлас досына аманат еткен екен деседі.

\* \* \*

Моторист Сәрсен — Байғоныс ақсақалдың құдайы көршісі, біреуі кошенің арғы бетінде, біреуі бергі бетінде. Бұл тұста көше дейтін көше де жок, екеуінің де үйі түйік түкпірде, таудың етегінде тұр. Ауылдың әйгілі «Орталық көшесі» бұрын осы тұстан басталатын, қазір көше қайда, біреу қайда... Ойдым-шұңқыр, қотыр жазық, қоқсыған дала. Шүкіршілік, көше өзгерсе де, көрші екі үйдің қыбыласы әзірге өзгереп койған жок.

Сәрсен негізінен Мұқырдың жігіті еді. Мұқырдағы осы өнірге аты мәшіүр семіз Қанапияның үлкен ұлы болатын. Қабденнің ортаншы қызы — Әлипаға үйленгеннен кейін Мұқырда бір жыл тұрды ма, тұрмады ма, іле-шала осы ауылға отбасымен көшіп келген.

— Ол кезде «Төртінші бригаданың» неперспективный болатынын қайдан білейін, — деп Сәрсен қазір

басын шайқап, өкініп те қояды. — Шөбі қасында, шабындығы іргеде, мыңғыртып мал ұстап, мамыр асып бай боламыз деген соң, лып ете түсіп едім... Жалғанда әйелдің үгітіне қонуге болмайды екен. Бүгінде соған көзім қатты жетті.

Мұқырда тұрғанда Сәрсен мен Әлипа кішкентайлы болып, көп ұзамай балалары шетінеп кетіпті. Содан бері, мінеки, бірге тұрғандарына жиырма жылдан асты — Әлипа кайтып құрсақ көтермеді. Бармаған жері, көрінбеген дәрігері жоқ, бәрібір ешқандай пайда болмады. Тіпті сонау жылдары Алматыға да екі рет барып, емделіп қайтты, одан да түк шықпады.

— Бедеусің! — дейтін Сәрсен қызара бөртіп қызып алған кезде әйеліне.

Күйеуінің бедеулікті бетіне басқанын Әлипа бұрын үнсіз ғана қабылдайтын, ішіндегі қайнаған қасіret-наласын көз жасымен жуатын. Кейінгі жылдары оған да көндігіп, қара тастай қатып алды. Баяғыша сұңқылдал жылауды да мұлдем қойды.

— Сенің өзің бедеусің! — деп, енді күйеуін өзі беттен алатын болды. — Дәрігерлер қаша іздесе де менен дәнене таппады. Осы сенің озінде бір пәле бар. Бар да, өзінді тексерт, білдің бе?

Ондайда Сәрсен дау айта алмай, аузын ашып, антарылып қалатын. «Осының сөзінде шындық боп жүрмese неғылсын!» — деп қауіптенетін кейде. Бірақ, дәрігерге қаралып, тексеруден өтуге біртүрлі ұялып жүрді. Біреу болмаса біреу көріп, ел-жүрттың алдында масқарамды шығарар деп қорғалады.

Ана бір жылы Арасан санаторийінің бір дәрігерін тракторына отырғызып, автобусқа дейін шығарып салғаны бар. Жол-жөнекей екеуі жақсылап танысып, біраз әңгіменің басын қайырып тастаған. Сөз арасында Сәрсен:

— Осы сіздер көп дүниеден хабардарсыздар ғой... Айтыңызшы, еркектің бедеу болуы мүмкін бе? — деп сұраған.

— Болғанда қандай! — деді дәрігер. — Бір түн бойы мұз үстіне отырып шықшы, бедеу болмағанда қайда барап екенсің!

- Тегі, сұық тигеннен екен ғой?..
- Сұық, тигеннен де, микроб түскеннен де, қысқасы оның көптеген себебі бар. Туғаннан функциясы бұзылған бедеулер де болады.
- «Осы кісі көпке жая қоймас» деп, Сәрсен енді әңгіменің ашығына бассын.
- Көп жыл бойы бізде бала болмай жүр. Дәрігерлер әйелімнен тұқ таба алмапты. Ендеңе менің де қаралғаным жөн бе?
- Әрине, ондай жағдайда тексерілгеннің артығы жоқ.
- Ендеңе, алғашқы баламыз қайдан пайда болды деп ойлайсыз?
- Қайдағы «алғашқы бала»?
- Үйленген жылы біздің бір баламыз болған. Атын Болат деп қойып едік. Үш айдан соң өліп қалды.
- Ә, солай де... Мүмкін ол сенің балаң емес шығар?
- Дәрігер қарқылдап күліп жіберді.
- Қалжың ғой, інім, — деп ізінше Сәрсенді арқадан қағып, күлкісін жия қойды. — Адамның жүре келе де ондай дертке шалдығуы әбден мүмкін. Шыныңды айтшы, солақай жүрісің бар ма еді?
- Біздікі әншейін ауызben орақ органымыз болмаса...
- Ендеңе сұық тигізген боларсың... Қайдан білейін мен... Анализінді көргем жоқ, уролог емеспін, — деді дәрігер иығын көтеріп.
- Бұл әңгімені өрескел ыңғайсыз санаса да, Сәрсен соңынан қатты ойға қалған.
- Ол кезде арак-шараптың да ел ішіде молдау уағы. Сәрсеннің де ішімдікпен әуестеніп жүрген кезі. Бір қызығы, ішкен сайын дәрігердің әлгі бір әңгімесі құлағында ызыңдап тұрып алатын болды.
- Удай мас, есі кіресілі-шығасылы, бірде сүйретіліп тұн ортасында есікті айқара ашып үйге кірген. Кірген бойда әйеліне:
- Сен, Әлипа, басымды қатыrmай тұрасын айтшы, — деді тілін шайнап. — Болаттың әкесі мен бе едім, әлде басқа біреу болды ма?
- Әлипа жақ ашып сөз қатқан жоқ, пештің үстінде жатқан табаданды жұлып алды да, күйеуін қақ маңдайдан сылқита сокты. Сосын шалқалай жығылған

күйеуін табалдырықтан асыра домалатып, есікті тарс жауып алды.

Басы мең-зен, Сәрсен ертесінде ояна келсе — жұні жидіп алжып жүрген Жолдыаяқ деген төбетті тас құшактап, бауырында бүрісіп жатқанын көрді.

Бұл өнірде ішімдік жоғалғаннан бері, шүкіршілік, Сәрсеннің де беті бермен қарай бастаған-ды. Сәрсен ішуін доғарғанмен, ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керіс, дау-жанжал бәрібір толастай қоймады. Ауық-ауық тұтандып-басылып, мінеки күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Бригада жабылған соң Сәрсен де көк «Беларусін» өткізіп жіберген. Мұқыр жаққа көшкісі келіп оқталып-ақ еді, Әлипа табандап көнбей қойды.

— Көшем десең өзің көше бер! — деді ернін сылп еткізіп. — Ол жаққа барып, ата-енейдің көзіне тұрткі болар жайым жоқ. «Баласы жоқ, бедеу» деп, онсыз да Мұқырды шулатып жүрген көрінеді ғой!.. Тырп етпеймін осы жерден. Өзімнің де денсаулығым мәз емес, тыныштық керек маған.

— Мейлің, — деді Сәрсен мойны салбырап. — Мейлің, Әлипа. Бірақ мені ұстама, мен бәрібір бұл жерден кетемін.

— Кетсөң — жолың әне! Ұстамадым сені! — деп Әлипа қолымен есікті көрсетті.

Бірақ оған елп етіп Мұқыр жаққа кете қойған Сәрсен болмады. Біреу көшіп, біреу қалып жатқан кезде мотористің орны босап, сонда барып орналасты. Моторист деген даңғарадай аты болмаса, айлығы мардымсыз. Әйтеуір, екі колға бір жұмыс деп, лекерлеп жүрген жай баяғы.

Жасыратыны жоқ, Сәрсеннің қазір жетісіп жүргені шамалы. Сырты бүтін көрінгенімен — іші тұтін. Ішін ала мысық тырнап жатса да, сырт көзден жасыруға тырысады. Таз ашудың тырнадан алады дегендей, баяғыда дүниені тәрк етіп, аракқа салынатын, ішімдікten қанағат іздейтін. Қазір арак түгілі, бұл ауылдан іркіттің азы суын да таба алмайсың. Арак жоғалғанға Сәрсен куанбаса қиналған жоқ, оп-онай-ақ қойып кетті. Бірақ бұрынғыдай ашық-жарқын бауырмалдығы жоғалған,

сырын ішіне бүгіп, тұнжырап алды. Айналдырган жеті үйдің анда-санда бас қосқан жиын-тоғысына да екеуі сирек барысады.

«Апымай, — деп, кейде Сәрсен өз ойынан өзі тіксінетін. — Қырықтың қырқасына енді ғана ілінсем де, өмірім батуға айналғандай көрінетіні несі?»

Расында да, Сәрсен бұл ғұмырында денсаулығына шағынып, қыңқ деп дәрігерге көрінген жан емес-ті. Тепсе темір үзердегі қайраты әлі де мол. Бедеулікке келсе — кінә Әлипадан ба, өзінен бе — әзірге анығы белгісіз. Мұның білетіні — өзінің құйған шойындағы балуан денесінде екі ғана кемшілік бары. Оның біреуісі — жағындағы оймақтай тыртық, екінші кемшілігі — күрек тісінің жоқтығы. Ашуланған кезде айтқан сөзінің ысылдалп шығатыны да осы күрек тістің кесірі.

Ішіп алған кісіге Бұқтырманың сұы балтырдан емес пе! Осыдан біраз жыл бұрын бір шаруамен Сәрсен көк тракторын күркілдетіп етектегі Мұқырға түскені бар. Сол кеткеннен мол кетіп, бір аптадан соң ғана ауылға оралған. Арақта әкесінің құны қалғандай-ақ сол жолы суша сіміріпті ғой... Бір күн ішсе бір сәрі, екі күн ішсе тағы кешірімді-ау, шым батып бір жұма жоғалған адамға не дауа айтарсың! Қыскасы не керек, ішер «сузыны» сарқылып, ақшасы таусылған кезде ғана ұяты оянып, бұл жаққа әләулей үшін келмегені, бастықтың жауапты тапсырмамен жібергені, ол жактағы жұрттың мұны елеңдеп күтіп отырғаны есіне түседі.

— Мен осында қашан келіп ем? — деп сұрайды «бөтелкелес» досынан. «Бөтелкелесі» ежіктеп саусағын санап:

— Бес күн болды, — деп күнді айырады.

— Масқара! — дейді бұл бетін басып. — Бастыққа не деп жауап берем енді.

— Былқ етпе, — дейді «бөтелкелесі». — Дәрігерге бар да, справка жаздырып ал.

— Қандай справка?

— «Ауырдым» деген...

— Мен ауырғам жоқ, ішіп жаттым ғой?

— Сол да сөз бол па... Жақсылап сұрасаң — олар да ет пен сүйектен жарапған пенде емес пе, жазып бере салады.

— Кім?

— «Кім-кімдеп» қайтеді-ей? Кім болушы еді — дәрігер де!

— Қай дәрігер?

— Мысалы, тіс дәрігері...

— Мен ешкандай тіс дәрігерін танымаймын.

— Оны тану-танымаудың қажеті жок...

— Сонда қалай?

— Барасың да, «тісім қақсан, шыдатпай барады» дейсін.

— Ау, тісім ауырмаса ше?

— Тфу!.. Сен түк ұқлайтын кеше екенсің ғой... Ауырмасаң да ауырды де. Өтірік соқ!

— Біліп қойса үят қой?

— Дәнене де білмейді. Ол да сені мен мен секілді пенде дедім ғой. Тісіңің қай жері ауырып тұрғанын, қалай ауырып тұрғанын ол жазған қайдан білсін. Дәрігерді жаңылдыру үшін сен өдейі тісіңің көрінбейтін тұп жағын нұска.

— Жұлып тастаса қайтемін?

— Жұлса жұла берсін, есесіне қолыңда справкаң болады.

Өлімнен үят күшті дейтіні рас екен, сегіз ойланып, тоғыз толғанып, ақыр соңында Сәрсен орамалмен жағын таңып қинала басып дәрігерге барған.

— Тісіңіз маржандай екен, — деді дәрігер қыз тамсанып. — Қалайша ауырып жүр, бәрі де сап-сау секілді ғой?

— Тұбі, — деп ыңырсыды Сәрсен. — Мына тісімнің тұбі.

Қыз көрсеткен тісті олай қарап, былай қарап, ештеңе таба алмады.

— Мүмкін басқа тісіңіз шығар? — деді сенімсіздік білдіріп.

— Жоқ, тұра осы тісім...

— Сап-сау сияқты, не істерімді білмей тұрмын? — деп, дәрігер қыз әлгі тісті қысқышпен ырғап-ырғап қойды.

— Қарындас, мені қинамай-ақ жұлып тастаңызы соны! — деді Сәрсен ыңырсып.

— Амал жоқ, сойтуғе тура келеді.

Сау тісті жұлу оңай болсын ба, Сәрсеннің қиналғаны соншалық, шыбын жаны шырқырап мұрнының үшіна келді. Оның үстіне сарт еткізіп жұла салуға дәрігер қыздың да шамасы жетпеді. Шықырлатып, қышырлатып жартысын сындырып жүріп өзер дегенде суырған. Сәрсеннің мандайынан шып-шып тер шықты. Бекер-ақ келген екем деп, кеңес берген досын жеті атадан сыбап та алды.

Дәрігер қыз суырған тісті табаққа тастай берді де, артынша қысқышымен қайта көтеріп, айналдырып ұзак үңілді. Суға шайқап, қаннан тазалап, лупамен тесіле зерттеді. Сосын көзі алақандай болып Сәрсенге бұрылды:

— Тісіңіз сап-сау ғой? — деді.

Сәрсенде тіл қатуға шама жоқ, «мүмкін емес» дегендей басын шайқады. Аузын шайып, жағына дәрі басып, орнынан тұрған соң да сөйлей алмай қор болған. Ақыры үстел үстіндегі қағазға «Справка жазып беріңізші!» деген жазу жазды.

Жазуды оқыған дәрігер қыз одан сайын танданып, ақыры шыдай алмай құліп жіберді.

— Ағай, уникально! — деді сықылықтап, Сәрсен ыржып басын изеді.

— Жалпы, тісі ауырған адамға справка беріп көргеміз жоқ, — деді қыз. — Сіздің мақсатыңыз тек справка болса, оныңызға көнегік, жазып берейін.

Ауылға келсе, бөлімше басқарушысы Қақантайдың атарға оғы жоқ, тықыршып күтіп отыр екен. Кеңсеге кірген бетте:

— Қарағым, тракторынды өткіз де, шабаданынды арқалап, келген жағыңа қайқая бер! — деді сыйданып.

— Ағай, ауырып... Міне, справка бар!

Бастық «справканы» әрі аударып, бері аударып, ештеңе түсінбеді ме — үстелдің шетіне тарс еткізіп атып үрді.

— Бұл не қағаз? Немене, ішің өтіп тұралап қалып па ең? — деді айқайлап.

— Ағай, үш күн бойы тісім ауырып... Ес-ақылымнан айрылып тұра алмай жаттым.

— Соқпа өтірікті! — деді бастық жекіп. — Тіс ауырғанға адам сөйтуші ме еді? Ішіп мас болып жаттым десенші?

— Сенбесеніз, міне тісімді көріңіз... Жұлып таstadtы.

— Жұлып таstadtы дейсің бе? Кәне, аш аузыңды!

— А... а-а-а!

— М-м-м... Бәрібір тексерtem, білдің бе?

— Тексертіңіз, ағай.

Айтқанындай-ақ ол кісі сөзінде тұрып, Мұқырға барған бір жолында әдейілеп тіс дәрігеріне кіре кетіпті. Кіруін кіргенімен, дәрігерден ішек сілесі қатып, ішін басып домалап шығыпты деседі.

Содан ауылға қайтып келгеннен кейін Сәрсенді шакырып, қолына бір түйіншекті ұstatқан:

— Мынауыңды өзің ал! — деді қатуланып. — Бүйте берсең аузыңдағы отыз тістен түгел айрыласың, тегінде.

Сәрсен түйіншегін алған бойда зып беріп тайып тұрған. Ашып қараса — өзінің баяғы тісі екен. Орамалға қайыра орап, үйге апарып сандықтың түбіне жасырып қойды. Сол тісі әлі күнге ораулы күйінде сол орнында жатыр.

Сәрсеннің жағындағы тыртықтың да осы тіске ұқсас азғантай хикаясы бар болатын. Ол жағдай тым әріде, ұмытпаса бесінші класта оқып жүрген кезде болған оқиға еді.

Кай бала мақтан сүймейді, суға шомылып, ауылдың бір топ қара домалактары даурыға сөйлесіп, өзен жағасынан қайтып келе жатқан болатын.

Сол жазда қаладан келген Қалибек деген ересектеу бала бұларға қарсы жолықты.

— Қане, қайсың мықтысындар? Мына күшікпен кім ырылдаса алады? — деді Қалибек өзімен еріп келе жатқан күшікті көрсетіп.

— Үрылдасқаны қалай?

— Кәдімгі ит құсап ырылдасып, жұлқысу керек. — Балалар үндеңей қалды.

— Біз ондай ойынды білмейміз, — деді балалардың бірі.

— Бұл ойын емес, жігіттің нағыз мықтылығын, ержүректігін сынайтын психологиялық шайқас.<sup>4</sup>

— Қызық екен!  
— Несі қызық?.. Мықтыларың қане, ортаға шығындар!

Балалар қозғалар емес.

— Мен білсем, араларыңда Сәрсеннен мықтыларың жоқ секілді. Қане, Сәрсен, шықшы ортаға!

Қалалық жігіттің қолпаштау созі Сәрсеннің қолтығына су бүріккен. Сурылып алға шықты. Тізерлеп отыра қалып, тортаяқтап күшікке қарай жылжыды. Алдымен ырылдады, сосын «аф-аф» деп итше үрді. Күшік болса бұған жоудіреп қарады да, «мынау қайтеді-ей» дегендей бұрылып, оз жоніне кетті. «Қарсыласының» жеңіліс табуы Сәрсенді одан сайын қанаттандырып, күшік бұрыла берген кезде атылып барып, жұндес желкесінен қапсыра тістеді. Тістеді де, сілкіп-сілкіп былай қарай лактырып жіберді.

Балалар алақайлап, ду қол шапалақтасып жатыр. Сәрсен де тісіне жабысқан жұнді түкіріп, тізесін қағып, мықтымсынып орнынан тұра берді. Тұра бергені сол еді, күшік ұн-түнсіз атылып келіп, мұның алқымынан жармасты-ай дерсің! Әйтеуір, құдай сақталты, пышақтай откір тістері кеңірдекке емес, жағына қадалған.

Осылай Сәрсен бала күнгі «мықтылығының» бір белгісін өмір бойы өзімен әкеле жатыр.

Әлипа Сәрсеннен үш жастай кіші. Сегізіншіні бітіргесін, одан әрі оқыған жоқ, жазда шөпшілерге аспазшы, қыста МТМ-да су жылтытушы бол жүрді. Сәрсенмен де осы МТМ-да жүрген кезде танысқан.

— Мұқырдан келген әнеу бір тракторшы жас жігіт сенің аты-жөнінді сұрайды, — деді бірде Агафия деген орыс құрбысы.

— Сұраса, сұрай берсін.  
— Әдемі екен... бәлсінбей, былай танысып алсаншы!  
— Ұят қой...  
— Несі ұят?  
— Қалай танысамын деймін де...  
— Клубқа шақыр, үйге шақыр...  
— Кетші әрі, үйге шақырғаны несі?  
— Несі бар? — деп Агафия ойланып қалды. Сонын:  
— Осы сенің туған күнің қашан еді? — деп сұрады.

— Менің бе, менің туған күнім осы айда болады... Осы айда деймін-ау, ертең! — Әлипа жоғын тапқандай қуанып кетті.

— Шын айтасың ба? — Агафия қулана қарады. — Әлде әдейі бұрып отырсың ба?

— Шын айтам!.. — Әлипа шкафтан паспортын әкеліп, бетін ашып көрсетті. — Міне, «1949 жылғы 16 апрель» деп жазылған.

— Чудо! — деді Агафияның козі жайнап. — Ана жігіт сенің ақ құсың екен. Әйтпесе, мұндай совпадение болуы мүмкін емес. Уверяю тебя! Айрылып қалма анадан, етегіне жармас! Сендер кереметтей бақытты семья боласындар!

Құрбысының үгіті Әлипаның жүргегін елжіретіп жіберген. «МТМ-да бақытың жүр» дегесін қалайша шыдасын! Ғұмырында атап кормеген туған күніне дайындалып, үйге үш-төрт құрбысымен қоса әлгі тракторшы жігітті де шақырды. Екі арада жеңгетай бол шапқылап Агафия жүр. Тракторшының есімі Сәрсен екен. Кесек тұлғалы, қою қара шаш, доңгелек коз әдеміше жігіт... Әлипаға бірден ұнаған.

Туған күнге жиналған жастар дуылдасып ұзак отырысты. Тойдың нағыз қызған шағында үйге Әлипаның шешесі Нұржамал келді.

Әке-шешесі ол кезде отгонда сиыр бағатын, ауылдағы үйде Әлипа бір апайымен, мектепте оқитын екі бауырымен ғана тұрып жатқан-ды.

— Бұл не думан? — деді сырт киімін шешіп жатқан Нұржамал шешей.

— Той бол жатыр, тәтетай, той бол жатыр!

Агафия құрақ ұшып шешейді шешіндіріп, қолынан жетектеп үстел басына алып келді.

— Ал, тәте, қызыңызға арнап бір ауыз тілек айтыңыз! — деп қылды жастар.

— Не тілек ол?

— Қызыңыздың туған күніне арнап, бірдене деп жіберіңіз!

— Қай қыздың туған қүні?

— Әлипаштың да... Бүгін Әлипаштың туған күні, тәтетай!

- Қай Әлипаштың?
- Өзініздің қызыңыз, мына Әлипаны айтамыз?
- Әдірағал, не дейді мыналар? — Нұржамал шешей екі қолын кезек сілтеді. — Мен көктемде бала туғам жоқ... Оны қайдан шығарып жүрсіндер тағы?

Отырған жұрт бір-біріне қарасып жым болысты. Достарының алдында қысылғаны сонша, Әлипа не істерін білмей, шкафтағы паспортына ұмтылды.

— Тәте, міне, паспортта «16 апрель» деп жазылған! — Бұл отырыста ешқандай қателіктің жоқ екенін дәлелдеп жатыр.

- Бұл кімнің пашмұрты? Сенікі ме?
- Иә, менікі...
- Е, құдай сол, пашмұртта жаза береді де...
- Қалайша «жаза береді?» — деп Әлипа бұртия қалды.

— Жаза береді... Эйтпесе мен көктемде бала тапқам жоқ.

— Тауыпсың ғой, тәте, көктемде мені тауыпсың!  
— Әдірағал! — деді тағы да шешей. — Баланы тапқан мен білем бе, жоқ сен білемісің? Сені тапқанда жаз бітіп, жапырақ сарғая бастаған. Қатындармен шөп жинауға бара алмай, бүктетіліп үйде жатқам мен. Үш күннен кейін балалар мектепке барған. Бәрі есімде... «Әпрел, әпрел» деп, адамды шатастырғаны несі!

Жастар жамырай күліп жіберді.

- Значит, 27 август болды! — деді Агафия.
- Жоқ, олай емес... Август отыз бірінен біtedі, яғни, Әлипа, сен 28 август күні туғансың.
- Ендеше паспортта неге қате жазылған? — деді Әлипа жыларман болып.

— Ит біліп пе онысын... Метрикенді кеш алып едік, тегі, әкенің былықтырып жүргені де...

Жастар мәз, көздерінен жас аққанша күлісіп жатыр. Достарының күлкісін Әлипа басқаша қабылдал, екі беті оттай өртенді.

— Мен бәрібір мұны ауыстырамын! — деп, паспортын шкафқа қайыра атып үрды.

Намысқа тырысар болса — Әлипа керемет өжеттеніп кетеді екен. Сол жазда ауданға әуреленіп төрт рет бар-

ған. Ақыры дегеніне жетіп, тұған күнін өзгертіп, паспортын жаңартып алды.

Сәрсен аузын ашса жүрегі көрінген ақ қоңіл жігіт бол шыкты. Кеш болса жастар жағы ауыл клубына жиналады. Ауыл клубындағы ойын-сауықтың үйткысы — Сәрсен, гармонь тартады, ән айтады, тіпті «Частушка» мен «Лезгинканы» да билеп жөнеледі. Аздап олең жазатын да өнері бар екен. Агафияның айтканы келіп, махаббат дегеннің, бақыт дегеннің не екенін сол жазда Әлипа да үққандай болған. Сәрсенін іштей мақтан ететін, колденең көздің сұғынан қызғанатын.

Күзде Сәрсенді өскерге әкетті. Әлипа Мұқырға дейін барып, кош айтысып шығарып салды. Содан Сәрсен Мұзды мұхиттан бір-ақ шықкан... Североморскіде екі жыл жағадағы теңізші болды. «Тенізші» деген жалғыз сөздің өзі Әлипаның жүрегіне жылы шуақ құятын. «Менің сүйгенім көптің бірі секілді жай солдат емес, матрос!» — деп мақтанатын іштей.

Арада бір жарым айдан соң Сәрсеннің өскерден жазған алғашқы хатын алған. Хат ішіне бір ауыз қара өлең де қосып жіберіпті:

«Ақ тісім, аузымдағы маржан тісім,  
Өзінсін душар болып сүйген кісім.  
Сағынып нұр жүзінді ойлағанда,  
Шыдатпай, от жаққандай қайнайды ішім».

Әлипа кеудесін кернеген бақыт пен қуаныштың әсерінен етбетінен төсекке құлап, жастықты құшақтап, таң атқанша жылап еді сол жолы.

Әйтеуір, Сәрсеннің әр хатында бір шумак өлең жүретін. Баяғыда сол өлең жолдарын түгелдей жатқа білуші еді, казір ілуде біреуі ғана есінде сакталыпты.

«Ақша қарда жорытқан кояндайсын,  
Мен Қозы, сен ару Баяндайсын.  
Екі козін тұнғиық, ақыл ескен,  
Өмірлік менің мөнгі саямдайсын».

Дариға-ай десенші, таңғы ауадай сол бір мөлдір сезім, асқақ махаббат қайда кеткен деп сағынады қазір.

Қай жерде жоғалтып алды? Ол жағын бүгінде Сәрсен де, өзі де біле бермейді. Сәрсен әскерден қайтып, екеуі бас құраған кезде де ештеңені аңғармаған. Барлық қасірет ұлдары өлген күннен басталған секілді. Элде содан кейін бойына бала бітпеген соң тағдырдың осындағы тауқыметін тартып жүр ме? Ол жағы да белгісіз. Эйтеуір, өмірінің ең әдемі кезені сонау Мұқырда қалғандай сезінеді де тұрады. Ол жаққа қайта көшіп барғандарымен баяғы күннің енді қайтып келмесін, көңілден үшқан көкала құстың қайта оралып кеудесіне қонбасын да біледі. Ендеше, қамшының сабындағы келте ғұмырда жол ортада сергелденге түсіріп, тұйыққа тіреген не нәрсе? Осындағы күйге тұскендеріне кінәлі өздері ме, жоқ әлде озге біреу ме? Оған да өресі жетпейді.

Бүгінде ерлі-зайыпты екеуі де бойларында жан болғанымен, кеуделері бос, әншейін қыбырлаған тірі көленкелер секілді сезінеді өздерін. Былайғы жұрт сияқты емес, қонаққа да аса сирек барысады. Кеш түссе Әлипа үйден шықпай жатып алады. Сәрсен болса табалдырыққа жайғасып, тұн жарымына дейін гармонымен ыңылдалап ән айтады. Айтар әні де қазір өзгеріп кеткен... Баяғыша бар дауысымен шырқап салар биік әуен емес, өзгеше жуас әрі сазды. Жүрек қылын тербегендей мұңға толы.

«Өр Алтай, мен кайтейін биігінді,  
Мерген боп бір атпадым киігінді.  
Жас омір отіп жатыр оксуменен,  
Кім түсінер іштегі күйігімді...»

\* \* \*

Бұл ауыл «Төртінші бригада» атанип, тасы өрге домалап тұрған заманда өр көшеде бірді-екілі орыс семьясы бар болатын. Олардың да балалары төрт класқа дейін осы ауылда қазақша бастап, сонынан біреуі Мұқырда, келесі біреуі аудан жақта оқуларын өрмен қарай жалғастырысып жататын. Орыстардың балалары ғана емес, әке-шешелері де қазақшаға судай еді. Ел жаппай Мұқыр жаққа еңкейген кезде мұндағы азғантай орыстар қоса-қабат кетісті. Елмен қоса «мен

де көшем» деп дүрліккенімен, ақыр сонында көшпей жұртта қалған жалғыз орыс Дмитрий шал, яғни «Метрей атай» ғана.

— Господи, Мұқырда қай туғаның күтіп отыр сен? — деп Пелагея шешей шалының «көшем» дегеніне шашшәлекей болған.

Әдетте, Метрей атай да, Пелагея шешей де орысша-қазақшаны араластырып сөйлей беретін. Әсіресе, Метрей атай шалдардың арасында таза қазақша сөйлеп отырып, окта-текте орысшалап, шәлкем-шалыс сөзді тұздыққа араластырып қоюшы еді. Ауылдастарының құлағы Метрейдің ондай шұбар тіліне әбден үйренген.

— Осы Метрей, сен орыссың ғой, бірақ орысша білесің бе? — деп бірде саңырау Кәрім шын пейілімен сұрағаны бар.

— Саған қарағанда тілім сынық, қалаға барсам нан сұрап жеуге шамам жетеді, — деп Метрей кеңкілдеп күлген.

Метрей атай сөз арасында «значит» дегенді көбірек қосушы еді. Бірде, осы кісімен шүйіркелесіп көше бойлап қатар келе жатқан Мелс мұғалім:

— Сізге бір ескерту жасайын... «Значит» деген орыстың сөзі. Сіз ол сөзді бұдан былай «демек» деп алмастырыңызшы! — дейді өтініп.

Мұғалімнің өтінішіне шал шалқасынан түседі.

— «Демегі» несі мынаның? Бізде жоқ сөзді қайдан ойлап таптың? «Значит» сөзі «Коммунадан» да бұрын, бұл ауыл «Айдарлы» боп тұрған кезде де бар болатын. Вот так, шырағым!

— Бәрібір, «значит» орыстың сөзі.

— Кім айтты орыстікі деп?.. Бұл сөз орысқа да, қазаққа да ортақ, шырағым. Мысалы... әлгі... «космонавт»... немесе «бригада» деген сияқты.

— Жо-жоқ, атай, бұл ондай сөзге жатпайды.

— Неге жатпайды? — Шамданған шалдың ендігі жерде шеке тамыры көгеріп шыға келеді. — Оның жатар-жатпасын бұл ауылда ғұмыр бойы тұрып жатқан мен білем бе, жоқ әнеу күні ғана келген кірме бала сен білесің бе? Вот так, шырағым!

— Мен «әнеу күні ғана» келгем жоқ. Кірме де емеспін... Мен келгелі, мінеки, он алты жыл болды, атай! Сосын мен қазақ тілін оқыған кісімін ғой!

— Сен қазақ тілін оқыған жерінде мен мұғалім боп сабак бергем, білдің бе! Сондықтан шалмен босқа дауласпа, шырағым!

— Ой, атай, сіз өзі біртүрлі қын кісі екенсіз... Сенбесеніз анау келе жатқан Кәрекеңнен сұраңызы. Қайткенмен де діні қазақ қой, қазылығын сол айтсын, — дейді Мелс амалы таусылып.

Екеуі қалбаң қағып, көше бойлап кетіп бара жатқан Кәрімді дауыстап тоқтатады.

— Кәреке, айтыңызы, «значит» деген кімнің сөзі? — дейді дауға қызған Мелс мұғалім салған жерден айқайға басып.

Кәрім сасқалақтап, иығын қиқандатып, қос қолын жая береді.

— Білмеймін... — дейді азар да безер болып. — Оллахи шыным, менде ондай ит болған жоқ, — дейді де, даукестердің қасынан алды-артына қарамай безіп береді.

Жалтара қашқан Кәрімнің соңынан Метрей:

— Жоқ, ол сенің итің болатын, мойындатамыз саған! — деп барқ етіп, қолын сілтеп, айдындал қала беріпті. Сөйтіп екеуі ішектерін басып мәз болысыпты.

Қармақ салып, балық аулау — Метрей атайдың жыл сайынғы рақат ермегінің бірі. Жаз шығып, су мөлдірлене ол кісіні үйде ұсташа қын, өзен жағалап, күні бойы жоғалып кетеді.

Осьдан біраз жыл бұрын ауылдың бір топ жасөспірім тентектері өзенге ау салып, су бұрып, ойларына келгендей істеп, балықты ұркіте бастапты. Оны көрген Метрей де өзен жағалауын ала жаздай қойып кетіпти.

— Үйбай, Талдыбұлактың басындағы сарқырамада аю бар екен. Біздің жақтың қоңыр аюы емес, Алатаудың актөс аюы деседі. Бұл жаққа қайдан, қалайша келіп жүргені бір құдайға аян, әйтеуір адам андитын көрінеді. Таудағы бір геологқа шауып, әйелін тартып алып кетіпти деген әңгіме бар. Енді өзен жағалаған балықшыларды андуға кірісіпти. Ана жолы Метрей сарқырамаға дейін

қармақ салса керек. Ту сыртынан біреудің баспалап бағып жүргенін байқап қалып, қармағын да, құрығын да тастай салып, қаша жонеледі. Аю тырағайлаташ қуып береді. Аюдың алдыңғы аяқтары қысқа ғой, еңіске қарай жүгіре алмай, тоңқандап қапты байғұс. Метрей болса өлдім-талдым дегенде куғыннан құтылып, үсті-басын далба-дүлба жыртып, диуанадай селтиіп үйіне жетіпті.

— Астапыралла! — десті мұндай сүмдықты естіген ауылдастары жағаларын ұстап. — Аюдың адамға шапканы жақсылық болмады!

— Біздің аю емес, бөтен аю болғасын Метрейді танымай жүрген шығар?

— Бәрінен бұрын әлгі әйелдің жағдайы не болды екен? Әйел өзі жас па екен, кәрі ме екен?

— Пәлі, кәрі әйелді аю не қылсын?

Қысқасы, не керек, ауыл ішін кеулеген осындағы әңгімен соң балалар балық аулауды сап тыйған. Кейбір өжеттерін шешелері желкелерінен түйгіштеп, үйлеріне қамап қойды. Керісінше, Метрей атай құрығын сүйретіп, таң қараңғысынан ұрланып, сарқырама жаққа аттанып жүрді.

Кезінде атай ішімдік жағын теріс кормепті. Бірақ сол құрғырдың адамға абырой әперген кезін тагы да көрмесе керек. «Үйде береке, жұмыста беделің кетіп, өз алдына мәңгіріп қалады екенсің», — дейді атай басын шайқап.

Дегенмен, осынау ұзак ғұмырында «сен сойттің» деп Пелагеясы бетіне тіктеп қарамаған жан екен. Қазір ішімдікті онсыз да қойып кетті ғой, бірақ баяғыда, төрт аяқтап сенделіп жүрген кезінде құсығын жуып, киімін шешіп, ак төсекке орап жүрген Пелагеясына екі дүниеде дән риза. Кемпірінің бұлайша кешірімді болуының өзіндік сыры да бар еді.

Туласында, Метрей атай — Пелагеяның екінші күйеуі болатын. Бірінші күйеуінен Пелагея жастай, жиырманың бесіне жетпей айрылып қалыпты.

Шынын айтса, өз қолымен өлтіріп алыпты.

Сорлы басы, олай боларын қайдан білсін, әшейін жәй қорқытам да қоям деп ойлаган ғой. Оның ақыры әлгіндей қасіретпен тынарын кім болжапты!

Оның аты Григорий екен, озі Пелагеядан он жастай үлкен бопты. Бұйра шашты, кең иықты, мұрынды келген еңгезердей жігіт еді деседі.

— Шіркіннің көзін айтсаншы, тотияйындай көкпенбек еді ғой! — деп Пелагея кейде бұрынғы күйеуін есіне алады. — Қадалған жаңынңа кокірегін қаритындай өткір болатын. Қайтейін енді... жазған бейшара ішуші еді. Ішкенде түбін түсіріп безбожно ішетін. Кейіннен ішімдікке салынып кеткені соншалық, үйге келмей, далада қонып, домалап қалып жүрді. Сөйтіп берекеміз кетіп, ырың-жырың күйде тұрып жаттық. Қыс түсे аяқ астынан сұық тиіп кішкентай Дусямыз шетінеп кетті. Осының бәр-бәрі жас та болсам менің көкірегіме шемен боп жиналып, жүргіме қан бол қатып қалса керек. Бірде Григорий сүйретіліп, тұн жарымында төрт аяқтап үйге келді, — дейді Пелагея шешей әңгімесін әрмен сабактап. — Еміс-еміс есі бар. Боркін жоғалтқан, үстібасы қар аралас топырак, шашы мен мұрты сауыс-сауыс қатқан мұз. Бейшараның түрінен адам шошығандай! Шыдай алмадым, айғайға басып ұрыстым, шыңғырып жер тепкілеп жыладым. Айтпаған сөзім, қарғамаған қарғысым қалмады. Бірак оған селт еткен күйеу болмады. Менің жан айқайым, байбалам сөзім құлагына да кірмеді.

— Осымен бәрі бітті, Гриша! — дедім ақыры айлашарғым таусылған соң. — Бұйтіп жас өмірімді сендей сүмелекке қор еткенше, мен сені балтамен шауып олтірейін!

Сойттім де, пеш түбінде жатқан бір қара пиманы көтере бере, төр алдында алшысынан сұлаған күйеуіме тұра ұмтылдым.

— Глаша, Глаша! — деп бағанадан тілсіз жатқан күйеуіме жан бітіп, қолымен басын қорғалай берді.

— Өлтірмеші! Қойдым мен, қойдым! — деді жалбарынып.

Бағанадан жауап бермей қасарысқан күйеуімнің аяқ астынан безек қағып, бұлайша қоркуы — мені одан сайын елірте тұсті.

— Бітті, Гриша, мә, сыбағанды ал! — дедім де қара пимамен тоңқ еткізіп кеудесінен қойып қалдым. Пима

оншалықты қатты да тиген жоқ еді, тимесе де Гриша «аһ» деп жанұшыра айқай салғаны. Сосын аяқ-қолын серпи беріп, сылқ ете түсті.

— Эй, Гриша, сен шынымен корқып қалдың ба? — дедім күйеуімнің бетіне еңкейіп.

Григорий үндеген жоқ, көкпеңбек көзі шарасынан шыға бажырайып, қымылсыз қапты.

— Гриша, мен өтірік қорқыттым сені. Қолымдағы балта емес, пима болатын, — дедім зәрем кетіп.

Гриша кірпік қақпады. Бір сүмдықтың болғанын сезіп, баж етіп аузымды бастым. Ес-ақылым шығып, көрші үйдегі ата-енеме қарай жүгірдім.

— Қайран, Григорий! — дейді Пелагея шешей көзіне жас алып. — Менің ашумен қорқытқанымды шын көріпті ғой. Қара пиманы шынымен-ак балта екен деп, қорқыныштан жүрегі жарылып кетіпти.

Қаншалықты қайғырғанмен, олғеннің артынан өлмек жоқ әрине. Арада үш жыл откен соң осы Дмитрийді кезіктірдім. Екеуіміз коп ойланып жатпай-ак бас қосып, отау құрдық... Қайсыбір кісінің аузына қақпақ қоярсың, «күйеуін олтірген дүзқара» деген жаман атақ біраз жыл бойы соңымнан қалмай, көзге шыққан сүйелдей мазалап жүрді. — Господи, ішсін, жесін! Еркектің онысына бола несіне тарыласындар! Ер-азамат әйелдің уанышы да, сүйеніші де. Қасымызда қалқылып тірі жүргеніне тәуба етіндер! — дейді Пелагея шешей құрсініп.

Бұл Пелагея шешейдің өмір жолынан түйген уағызына, айтар өситетіне көбірек ұқсайды. Бірақ шешейдің ол пікіріне ауыл әйелдерінің біреуі келіссе, біреуі келіспей жатады.

Метрей атай да құдай қосқан Пелагеясын қатты құрметтейтін кісі. «Сен сөйттің» деп оған бәйбішесі жақ ашпаса да, ішкенін Пелагеяға білдірмеуге тырысады, жасырады. Сол жасырып ішкенің салдарынан бұрнағы жылы ел-жүрттың алдында масқарасы шыққан. Тіпті оны еске түсірудің өзі үят шаруа.

— Бекер сөз, ол әңгімені Метрей ойдан шыгарған ғой. Әйтпесе, біз анау жылы тура соған үқсас грузинс-

кий кино көргеміз, — деп сенбепті әлгі оқиғаны естіген кезде етектегі мұқырлықтар.

— Баяғыда соған үқсас кітап оқыған сияқтымын, — деп Таганрогтағы күйеу баласы да атасының ісіне күмән келтіріп хат жазыпты.

Мейлі, жұрт өйтіп сенбей жатса тіптен жақсы. Сенбей жатса — Метрей атайдың абыройы орнында деген сөз.

Ал, жасырмай турасын айтсак — атаймен ондай жағдайдың болғаны айдай шындық еді, әрі ол оқиғаны осындағы жеті үй түгелдей жатқа білетін. Мұқырлықтар айтқан «грузинский кинода» нендей қиқыметтің болғаны бұларға белгісіз, алайда Метрей жазғанның бастан кешкен сұмдығын мұндағы ағайынның бәрі де қолмен қойғандай сайрап бере алады.

Ол оқиға осыдан бес-алты жыл бұрын, қазіргі «қайта құру» бұлғағының бастауында болған жағдай екен.

Ол заман — ауылда ішімдік атаулы жоғалып, еразамат есін жинап, отбасына әр бітіп, өмірге нәр біте бастаған кез еді ғой. Метрей атай да мемлекеттің саясатын колдап, тентек судан нәр татпай, бір жылға дейін шыдап бағады. Шыдамайын десе де лаж жок, ондай дүниені қайдан тапсын! Таба алмай діңкелеген атай ендігі жерде айлаға көшеді... Өзінің жорамалы бойынша жамап-жасқап, ілекерлеп, самогон аппаратын жасап алады. Онысын кемпірінен жасырып, бақша бұрышындағы картоп салатын погребтің ішіне сақтайды. Тамшылатып, жартылықтың көлеміндей жинаған соң, оны ішу салтанатына дайындалады. Киімін дұрыстап, басытқысын ыңғайлап, су-суанын көтеріп, жұрттың көзіне түспестей моншаға барып тығылады.

Көкіректе аңсай күткен сағыныш бар, ұлы щөл бар, алғашқы стақанды көзін тарс жұмып тартып жібермек болады. Тартып жібермек болып оқталғанда, жүрегі дауаламай іркіліп қалады. Самогонның түсіне қарап, ары-бері айналдырып көреді де, біртүрлі құдік келтіреді.

— Самогон дегенді бұрын да байқап жүрміз ғой, бірақ менің самогоным өзгеше лай көрінді, — дейді атай мұртын шиырып. — Әрі көніл құрғыр өзім жасаған жаман аппаратқа да сеніңкіремеді...

Сонымен не керек, атайдың ақкіске үқсас созалаңдаған тік құлақ Манька деген қаншығы бар-ды. Атай алдымен самогонды сол сүйкімсіздеу тіміскі итіне ішкізіп көргісі келеді. Аулада алаңсыз шапқылап жүрген Маньканы желкесінен қапсыра үстап, тәгіп-шашып оның аузына бір стақанды тоғытып жібереді. Қайтер екен деп сонынан итті біраз бақылайды. Манька құрғыр түкті сезер емес, құйрығын бұлғандатып, кобелек қуып, көшені кезіп кете барады.

Көңілі жайланған атай да стақанның біреуін сылқылдатып салып алып, қызара бортіп көшеге шығады ғой. Үңышлап олең айтып, копірден өтіп Кәрімнің шарбағын айнала берсе — торт аяғы коктен келіп серейіп, бағанағы Манькасы оліп жатыр екен дейді. Өз көзіне өзі сенбей, итті аяғымен тұрткілеп, аударып-төңкеріп көреді. Жан жок, көрінген тәбеттің жетегінде жүретін жетесіз қаншық былқ-сылқ, бағана қатып қалған...

Шал болса да жан бермек оңай ма, мына сүмдықты көргенде атайдың жүрегі тас тобесіне шығады. Сасқан жерде іргедегі саңырау Кәрімнің үйіне ұмтылады. Тұс әлеті екен, кіріп барса Кәрім алшыдан түсіп төр алдында борсып үйиқтап жатады.

— Мен үзіліп барам, комектес. Тездет, ойбай! — деп құрдасын сирағынан сүйреп оятады.

— Бісмілла, не бол қалды?

— Тезірек, мені көтеріп медпунктке жеткіз, үзіліп барам...

Дабыр-дұбырды естіп, ауыз үйде құрт қайнатып жатқан Нарша жетеді бақырын бұлғап.

— Байқаусызда у ішіп... үзіліп барам, Нарша, мені тезірек дәрігерге жеткізіндер! — дейді атай көзі қылилана ақшырайып.

Мұндайда әрбір минут қымбат, Кәрім мен Нарша сөзге келмейді, екеуі атайды қолтығынан көтерген бойда дәрігерлік пунктке қарай дедектете жөнеледі.

Бұл ауылдың медпункті қашан ашық тұрған, Нарша екі өкпесін қолына алып, дәрігер қызды іздел үйіне жүгіреді. Барса — дәрігер қыз дәрі іздел сол күні таңертең ауданға кетіп қалыпты. Бұл хабарды естіген кезде

атайдың ақырғы үміті үзіліп, тағдырдың жазуына еріксіз мойынсұнады:

— Енді мені үйге апарындар, кемпіріме жетіп өлейін! — дейді өтініп.

«Метрей атай әл үстінде, өлгелі жатыр екен!» деген хабар ауыл ішіне лезде тарап кетеді. Бұл хабарды үйде отырып естіген Пелагея шешей анырап-боздап шалын көшеден қарсы алды. Шалында үн жоқ, тілі көлимаға келер емес, көзі қылып ықылық атады.

— У ішіпті! — дейді Нарша түйеден түскендей. Пелагея одан сайын ойбайға басады. Пелагеяның ойбайын естіп, тау басында шоп жинап жүрген жұмысшылар да ауылға қарай шапқылайды.

Атайды көтеріп апарып, төргі үйдегі тосекке шалқасынан салып қояды. Бурыл сақалы түштиіп, екі қолын айқастырып кеудесіне жинаған атай тосекте жатып халқымен қоштаса бастайды. Алдыңғы үй толы сұнқылдаған әйел, жылаған бала. Атай оның бәрін де естіп жатады. Сонынан өзінің Пелагеясын шакырып, ақшам алдында ағынан жарылып, онымен де қош айтисады.

— Глаша, — дейді кемсендеп. — Глаша, ренжіткен болсам, кеш мені!

— Кештім, Митя, кештім! — дейді Пелагея шешей де орамалымен көзін басып.

— Глаша, тентектік жасаған болсам, оны да кешкейсің, — дейді атай көзін жұмып.

— Оны да кештім, — дейді шешей.

Жиналған жүрттың көзінше кемпір мен шал өстіп үзак арыздасады.

— Глаша, мен сені жанымдай жақсы көріп, аялап өттім, — дейді атай.

— Білемін, Митя, мен бәрін де білемін, — дейді шешей.

— Глаша, мен сенің көзіңе шөп салмауға тырыстым.

— Оны да білемін, Митя, адалдығыңа сеніп өттім ғой.

— Жо-жоқ, Глаша, мен сен ойлағандай адал да емес едім.

— Ештеңе етпейді, Митя, ер жігіттің басында не болмайды дейсің.

— Глаша, мен сені жалғыз рет қана алдадым. Сол үшін кеш мені!

— Кештім, Митя, кештім!

— Есінде ме, аксақ Матвейдің қалада тұратын қызы бар еді ғой?

— Есімде жоқ, Митя.

— Жо-жоқ, сен есінде түсірші... Ел-жұрттың тың көтеріп шуласып жатқан кезі еді ғой?

— Есімде жоқ, Митя. Матвейдің қай қызын таниын.

— Қаладағы қызы ше, Глаша?

— Мейлі, солай-ақ болсын...

— Кеше алсаң кеш, Глаша. Мас болып, бірде сол қызбен далада қонып қаппын.

— !?

— Неге үндемейсің, Глаша?

— !?

— Глаша, кешпегенің бе? Анау дүниеде күнәм женілдесін деп... өзінде өлер алдында бар шынымды айтқаным еді. Кеш, Глаша, кеш мені! Рас айтам, содан кейін әйел атаулыға көз тігіп көргем жоқ.

— Қайтем енді, Митя, кешсем кешейін... Мен де саған қыздай тигем жоқ қой.

— Сенің заңды күйеуің болды ғой... Заңды некеде тұрдың.

— Оның рас. Бірак Гриша өлген соң да, Степан деген бір жігіт келіп жүретін...

— !?

— Сен ол Степанды білуші ме едің?

— Танымаймын, Глаша.

— Жоқ, сен тануға тиіссің, Ботап сайындағы омарташыны айтам. Колмогоров Степан ше?

— Танымаймын дедім ғой, Глаша. Мен ешқандай Колмогоровты білмеймін, білгім де келмейді. Апымай, тынысым тарылып барады. Басымды көтеріндерші!

Жұрт құрақ ұшып жастық салып, атайдың басын көтереді. Бәрібір ауа жетпегендей сезініп, тынысы тарылып атай шыдай алмайды.

— Үзіліп бара жатырмын білем, сыртқа шығарындаршы, жарық жалғанға соңғы рет көз салып өлейін! — дейді атай сырылдал.

Еркектер атайды төсегімен көтеріп, есіктен сыймаған соң, бір теуіп терезені сындырып, далаға алып шығады. Таза ауаға шыққан атай енді, өзі айтқандай, жарық жалғанға соңғы рет көз тастан, қош айтысып төңірегін шолады ғой. Шолып тұрса — сонадай жерде құйрығын шаншып шапқылап озінің бағанағы Манька-сы жүр екен дейді. Атайдың қуанып кеткені соншалық:

— Вот... с-сука! — деп орысшалап сылқита бір сыбапты да, төсектен атып тұрып, итті тырағайлатып қуалай жөнеліпті.

Сөйткен атай бүгінде судың арғы бетіндегі өзі атын қойған «Заречный» көшесінің бойында, жұртта қалған жеті үйдің біреуі боп тұрып жатыр.

\* \* \*

Осыдан біраз жыл бұрын Мелс мұғалім соғыс және еңбек ардагерлерін мектепке оқушылармен кездесуге шақырганы бар. Кездесуге шақырылған ата-апалардың әрқайсысының өмір жолына тоқтала келіп, Мелекен оқушыларына саңырау Кәрімді:

— Бұл кісі үзіліссіз қырық жыл шопан болған ардагер ақсақалымыз! — деп таныстырыпты.

Үзіліссіз қырық жыл қой бағудың қындығын оқушылар да сезді ме, ду қол шапалақтап жіберіседі. Ғұмыры мұндай қошеметті кормеген, өмір бойы «саңырау» атанып келген Кәрекенің бұған біртүрлі көнілі босап, қарадай масайып қалады. Соның әсері ме екен, орнынан ұшып тұрып:

— Мелс шырағым, мен елу екі жыл қой бакқам! — деп мұғалімнің сөзіне түзету енгізіп жіберіпті.

Сөйлеп тұрған Мелс те ондай «түзетуге» оңайлықпен көнгісі келмейді:

— Жо-жоқ, ақсақал, сіз қырық жыл бойы қой бактыңыз! — дейді қарсыласып.

— Шырағым, елу екі жыл! — дейді Кәрім.

— Жо-жоқ, қырық жыл, қымбатты оқушылар!

— Елу екі жыл деймін...

— Мейлі, солай-ақ болсын!

Мелс мұғалім кездесуден шыққан бойда «сөзімді неге бөлдіңіз» деп Кәрекене реніш білдіреді.

— Мен өлгі «қырық» дегенді түзетем деп... — Көрекең кінәсін мойында, кешірім өтінеді.

— Шынымды айтайын, — депті Мелс мұғалім де көңілі жайланған соң. — Сөйлем тұрғанда сіздің «елу екіншіді» түсінбей қалыптын. Елу екі — қырықтан аз секілді көрінді.

— Елу екісі не, қырқы не? Бәрір емес пе? — дейді Байғоныс бұл даудың төркінін түсіне алмай.

— Бәрір емес, Байеке, — дейді мұғалім. — Сан түрінде қарасақ, әрине, елу екі қырықтан он екі жыл көп. Ал, дыбыстың естілуі, аудиторияға өсері жағынан — қырық басым. Өйткені «елу екі» ерін ұшымен ғана айтылады, ал «қырық» — қырылдана теренін шығады, сол себепті де елу екіге қарағанда салмақты, өсерлі естіледі.

Оқушылармен болған осы кездесуден соң, мұғалімнің «қырық салмақты сан» деген байламы саңырау Кәрімнің де көкейіне қона кеткен сыңайлы. Өйткені бүгінде біреу Көрекеңнен: «Неше жыл қой бақтыңыз?» — деп сұрай қалса:

— Қыр-р-рық жыл, шырағым! — деп қырылдай жауап беріп жүр.

Сол саңырау Кәрім қарайып жүртта қалған жеті үйдің біреуі. Үйі бұрынғы «Орталық» кошениң аяғында, су жырған жарқабактың жиегінде жалбиып тұр. Сығырайған жыртық терезесі бар мыжырайған мешел там. Алдында дәлізі жок, табалдырықтан аттаған адам төтелеп үйдің төрінен бірак шығады.

— Ұңжықсың-ау, Кәрім, барып тұрған ыңжықсың! — дейді балташы Байғоныс Кәрекеңнің үйін көрген сайдын. — Қолыңдан қой жығу келмейтін ыңжықсың сен!

Жүрт айта берсін, бірақ бәйбішесі Нарша екеуіне осы екі бөлме молынан жетіп жатыр. Ұрпаққа мұра етер арттарында алаңдайтын бала жок, хан сарайындей кең үйді кемпір-шал не қылады дейсің.

— Сен үйге әсте жарымайтын болдың, — деп биыл көктемде су жүріп, жарқабақ құлап жатқан кезде Метрей де миын мүжіп кеткен. — Мына моншаң бір жағына шөгіп барады екен, аяқтарың көктен келіп, тоңқалаң асып жүрмендер, тегінде!

Метрей атайдың «үйге жарымайсың» дегені негізсіз де емес-ті.

Осьдан көп жыл бұрын бұл Кәрім совхоздың бойдак қойын бағып, Ботап сайындағы зәйімкеде жападан-жалғыз тұрушы еді. Қысы-жазы желі азынаған өзі де бір құдай атқан мекен болатын. Азынаған желі жетпегендей, бұл сұрықсыз сай оспадар міnez танытып, көктемнің бір әдемі күнінде Кәрекенің ку тақырға отырғызып кетті емес пе!

Бәрін де басынан бастайықшы...

Кәрімнің әкесі өмір бойы қой баққан кісі еді. Жарықтық әкесінің айтуынша, оның әкесі де өмір бақи қой бағып өтіпті. Әкесі туралы әкесінің айтқан әңгімесіне қарағанда, арғы әкесі де өмір бақи қой баққан секілді. Одан арғы бабаларының қандай қарекетпен айналысқанын Кәрімнің өзі де, өзге жан да біле бермейді. Білмесе де, Кәрекен кейде үнсіз ойға батып, тегі, жер жаралғалы бері біздің үрпақтың мандағына қой бағу жазылған шығар деп жорамал жасап қояды.

Өзі он жасынан қой соңына ерді...

Көлденең дергін кенеттен қайтыс болған әкесінің орнын басып, о баста осы Айдарлыдағы Өтесін байға жалшылыққа кірген. Кейін Кеңес өкіметі келіп, Өтесін кірән асып Қытайға қашып кетті. Байдың малы тәркіленіп, жаңа өкіметке өткізілді. Байдың малымен қоса Кәрім де жаңа өкіметке өтті. Бұрын қойшы еді, жаңа өкімет келгенде де қойшы болып қала берді. Қысқыстауда, жаз жайлауда мал соңында салпақтап жүрген кезде уақыт та атқан оқтай зымырап өте беріпті. Алаңы көп аласапыран жылдары уақыттың зымырап өтіп жатқанын аңғармапты да. Аңғарған кезде өзін бәрінен кешіккендей сезінді. Үйленіп, бас құрауға да тәуекелі жетпей, қорғалай берді. Сөйтіп жүргенде бурыл тартып, самайын ақ шалды.

Зейнетке шыққаннан кейін де бұл дүниеден кутізесін құшақтап өте шығар ма еді, кім білген, Ботап сайындағы зәйімкесін су шайып кетпегендеге...

Ботап сайында Кәрім жарты ғұмырын өткізсе де, бір қатердің барын байқамаған секілді.

Алдымен шың биігіндегі мың жыл қозғалмаған жартас жарылып, етекке құлап түскен.

Көрекең таң алдындағы тәтті үйқының құшағында маужырап жатыр еді, тау қақырап, жер айрылып кеткендей зұлмат үннен шошып оянды.

Ышқырын қолына ұстап, далаға атып шықса — дәл іргеде үйдегі жартас жатыр екен шаңы бұрқырап.

Таудан құлаған жартасты көрген бастықтар: «Қырға қарай орын ауыстырсаңыз қайтеді?» — деп ақыл айтқансыды. «Құдай сақтар», — деп, бұл бастықтарға иіліп раҳметін айттып, сай табанынан тырп еткен жоқ. Тырп етер еді-ау, егер бастықтардың «қырдағы үйі» даяр тұрса. Үй түгілі дәнене жоқ, шығарып салма жалған сөз, жайдақ кеңес баяғы. Үй түгілі малдың жыртық қорасын жылына бір рет жамай алмай жүргенде, бастықтар Кәрімге қыр басына үй салып береді дегенге кім нанады?

Құдай сақтар деп тілеп еді, Көрекеңнің Ботап сайдындағы қараша үйін құдай бәрібір сақтай алмады...

Сол жылы қыс аязды, қар қалың түсіп, есесіне көктем ертерек шыққан. Көктем шыққасын қыстағы қалың қардың көбесі күрт сөгіліп, қар суы сай-саладан бұлақ болып сарқырап, атқы болып жөңкілген еді. Сондай жойқын атқының бірі Ботап сайынан да арқырап өте шыққан. Соның бәрін Кәрім көзімен көріп, құлағымен естіген болатын.

Құнгей қыраттағы шұбардың ішіне малын тебіндеп, құннің шуағына қыздырынып, жалпақ тастың ұстінде үйқылы-ояу жантайып жатыр еді... Бір заматта жер астынан алапат гүріл естілді. Тағы бір жартас таудан құлап келе ме деп, орнынан атып тұрған. Алактап Алтайдың мұзарт биігіне қарады. Қанша қарағанмен тау биігінен ондай қауіпті байқай алмады. Ал, гүріл болса барған сайын құлақ тұндырғандай үдеп бара жатты. Тіпті жер дірілдеп, жерде тұрған Кәрімнің табаны да алапаттың қуатын сезгендей болған. Келесі бір мезетте сай табанында төңкеріле дөңбекшіген қап-қара тажал көзіне шалынды дерсің... Өкіре гүрілдеп, көбік шашып, шаң боратып, арпалыса домалаған алып диюға ұқсаған.

— Атқы! — деді Кәрім шошына айқайлап.

Айтып үлгергенше болмады, ағаш пен тас, қар мен су аралас қарала тұсті қоймалжың тажал сай табанындағы Кәрімнің мал қорасы мен қараша қосын көмді де кетті.

Көрген адамның жүзі шыдамас, жүрек шайлықтырған қорқынышты көрініс еді бұл.

Су сарқылған кезде малын үйіріп, етекке тұсті. Таңертең ғана сап-сау тұрған зәйімкесінің орнында енді белгі де қалмапты. Атқы ұстарамен қырғандай сыйдырып, жып-жылмағай жоқ қылышты.

Жаманшылық хабар жерде жатпайды ғой. «Кәрім үйсіз қалышты» деген сөз әп-сөтте ауылға жеткен.

Әлде Кәрекене жаны ашып, қын-қыстау кезде қол үшін бергені ме, әлде бұрыннан ниеті болды ма, Нарша апай ертеңінде белін орамалмен шарт буып, Ботап сайына қарай тартқан. Келсе — сай бойында бастықтар да, басқалар да толып жүрекен.

— Эй, Қақантай! — деп Нарша апай барған бетте бөлімше басқарушысына кіжіне тиісті. — Сен мал амандығын ғана ойлап, жаның шығып барады. Ал, малшының жағдайын неге ойламайсың? Малыңды адал бағып, жыртық үйде қаншама жыл тұрып келді, адам екен деп елеп-ескердің бе Кәрім бейбақты? Ескерген жоқсың! Мұны — бір де. Ал Кәрекен кешегі сумен бірге ағып, мерт болса қайтер едің? Кәрім өлді екен деп сенің қылшығың да қисайmas еді, білдің бе! Мұны — екі де. Ендеше, бастық шырағым, саңырау болса да далада бос жатқан еркек жоқ, тегінде... Бүгіннен бастап мынау малыңды санап ал!

— Наршеке, сабыр ет, сабыр... — деді Қақантай түкке түсінбей.

— Сабыр етер тұгі де жоқ! — Нарша апай ентігін баса алмай екпіндеді. — Бүгіннен бастап мен Кәрімді қолыма аламын, білдің бе?

Наршаның айғайына жиналған жұрт аң-таң. Апайдың олармен шаруасы жоқ, келесі мезетте былайғы бір тас үстінде шоқиған Кәрімді шакырды:

— Эй, Кәрім, бері кел! — деді қолын бұлғап. — Сен ел ойлағандай бейшара емессің. Әйтпесе, қай қазақ сен құсап сапқоздың қойын шашау шығармай қырық жыл

бағып берді? Айтшы кәне? Бұлар сенің жуастығынды басынып, саңыраулығынды сұлтауратып, мазақ етіседі. Сен жарты жан, мен жарты жан. Қалған ғұмырымызда бір-бірімізге сүйеу болып, ілекерлеп өмір сүреміз. Ер соңымнан!

Наршаның сөзін естігенде Кәрекең кемсендеп жылап жіберіпті. Кәрім жылағанға Нарша да жылайды. Үлкен адамдардың балаша боздағанын көргенде жиналған жұрт күлкі үйірілген езулерін жия қойыпты.

Сөйтіп, Кәрекең алпыс үшке шыққан пайғамбар жасында малын өкіметке аман-есен өткізіп, Наршаның үйіне біржола көшіп алады. Нарша апай бастықтармен айқайласып жүріп, шалға тиісті пенсиясын өндіріп береді. Содан бері де, мінеки, он жылдан асты, өздері айтқандай, кемпір-шал бір-біріне сүйеу болып, жарбасындағы жыртық үйде тұрып жатыр.

Кол жұмысына епсіздеу болса да, мал жайына келгенде Кәрім алдына жан салмайтын. «Жалғыз бастыкісі ғой» деп жанашырлық танытып, бастықтар кейінгі он бес-жиырма жыл көлемінде Кәрекене ылғи да бойдақ қой баққызатын. Сонда Кәрекең күзде кабылдап алған бес жүзден астам токты-торымды айналасы бірекі айдың ішінде тұстеп танып алушы еді...

— Әлгі «Ешкі мінез» секеншілді айтамын да...  
— Анау «Қабден қоныр» кеше тұяғын сындырып...  
— «Метрей мінез» ше...  
— «Қасиман көк» сөйткені...  
— Әлгі «Әртіс» неме билеймін деп тастан домалап... — деп малсак Кәрекең өзінше әңгіме айтып отыратын. Бір қызығы, Кәрекең отарын ауыстырғанмен, койға қоятын аттарды ауыстырмаушы еді. Мінезі мен түріне, тұяғы мен мүйізіне, маңыраған даусына қарай өзі билетін аттарды бөліп-бөліп, жаңа отарына да таратып беретін.

Бар өмірін қой соңында еріп, тау басында өткізген Кәрім шал ауылға келген алғашкы жылы үйге сыймай біраз уақыт қиналып жүрді. Безек қағып, көше кезіп кетеді, көше жалықтырған кезде қыр басына шығып алып, ауылды төбесінен болжап ұзакты күн отырып алады. Бірде қыр басында осылайша күн шуактап отырғанда қасына аяндалп Мелс мұғалім келген.

— Көреке, сұмдық-ай десенізші! — деп аузын Кәрімнің құлағына тақап айқайлады. — Мен кеше сіз туралы адам сенбестей бір әңгіме естіп — қайран қалдым. Тегі, құрдастарының қалжыны қатты ма деймін!

— Қырқылжың шалдар айта берет те...

— Түні бойы сіз туралы ойлап, мазам кетті. Бәрібір олардың сөзіне сенбей қойдым. Сосын рас-өтірігін өз құлағыммен естиін деп, бүгін әдейі іздең келдім өзіңізді.

— Соншалықты бұлінетіндей ол не нәрсе?

— Құрдастарыңыз сізді «осы жерден қарға адым ұзап шықпаған ынжық шал, тіпті мына тұрған Мұқырды да өмірі көрген жок» деп ғайбаттады.

— Жандары шықсын, өтірік соғады...

— Бәсе, өзім де қалжың шығар деп шамалап едім.

— Баяғыда Ақшоқының басында қой жайып жүргенде Мұқырды талай көргем, тәйірі. Үйлері жыбыржыбыр етіп етекте көсіліп жататын...

Кәрімнен мұндай жауап естіген Мелс мұғалім сол түні де терең ойға батып, қатты мазасызданып шығыпты.

Жалғызілік өмір Кәрімді түн қатып, тұс қашып тұзде жүре беруге әбден үйреткен болатын. Үй ізdemей, күй таңдамай етегін төсек, женін жастық етіп көрінген жерге кисая салатын. Сөйтіп жүрген Кәрекен бірде отарын жартастың түбіне иіріп, өзі жол шетіндегі зират ішіне түней салады ғой.

Ұйқысын әбден қандырып, ертеңінде керіліп-созылып зираттан аппак дамбалшаң шығып келе жатқан Кәрекенді сол тұстан өтіп бара жатқан Қабден байқап қалады. Таң алдында аруақтай ағарандап зират ішінде жүрген кісінің Кәрім екенін қайдан білсін: «Бісмілла!» — деп иманын үйіріп, тырағайлатаң қаша жөнеледі.

— Қабден... Ай, Қабден! — деп айқайлап, далбаңдалап оның соңынан Кәрім жүгіреді. «Аруақтың» айқайға басып қуып келе жатқанын көрген Қабденде жан қалмайды, күйін-перін зымыраған бойы үйге атымен коса кіріп кете жаздапты деседі.

Әрине, бұл аңызда аздаған «тұздық» та болуы мүмкін, бірақ Қабекенің келесі күні көрші-қолаңың басын косып, бір койын сойып, құдайы садақа бергені рас екен.

— Аруақ атымды атап шақырды ғой... Эй, осы мен көпке ұзамаспын! — деп, біраз уақыт мұңайып жүріпті.

Бәйбішесі Нұржамал:

— Ешқандай да аруақ емес, саңырау Кәрім екен ғой. Жұрт солай деп сені мазақтап жүр, — десе:

— Садаға кетсін Кәрімнен... Көрмеген олар біле ме, көрген мен білем бе?! — деп бет бақтырмай қойыпты.

Өзін қоярға жер таппай, ауылға сыймай жүрген Кәрім шал соңғы жылдары тоғай кезген аңшы болып алған. Омалып үйде отырғаннан гөрі аңшылық деген көңіл алдайтын тәп-тәуір ермек екен. Баяғыда ауданнан үш милиционер келіп, ауылдағы мылтықтың бәрін бір-ақ күнде сыпрып әкетіскең. Кәрімнің де баяғы қойшы кезіндегі он алтыншы мылтығы қолды болып кете барды. Мылтығынан айрылған соң, Кәрім аңшының қазіргі қаруы тұзак пен қақпан бол қалған.

Су жағалап, қоянға құрған тұзағына былтыр қыста, қызық болғанда, бір құндыз түсіпті. Оқыс олжаға балаша қуанған Кәрекең екі өкпесін қолына алып, үйдегі Наршасына жетеді асығып.

— Жақсылап илеп, саған жаға жасап беремін! — дейді кемпіріне.

— Құндыз жаға менің қай теңім! — дейді Нарша. — Оданда мен бұл теріден әдемілеп тымақ тігіп берейін саған!

— Жаман да болса менде тымақ бар ғой, Наршажан. Одан да саған жаға жасайық?

— Құндыз жағамен мен қайда барып жатырмын... Оданда саған тымақ тіккенім жөн... Ер-азаматсың ғой, жұрт қазір ер-азаматтың басына қарайды.

— Жок, Наршажан, жалғыз тері тымақ жасауға жетпейді, жаға жасаған дұрыс!

— Жетпесе — астарына боялған суыр терісін қосармыз...

— Болмайды, Наршажан...

— Сөйтейік, Кәрімжан!..

Шал мен кемпір осылайша мәмілеге келе алмай, ақырында құндыздың терісін сатпақ болып шешеді.

— Ақшасына ақша қосып Мелс мұғалім секілді телевизор сатып алайық! — дейді Нарша.

- Ақшаны қайдан қосамыз? — дейді Кәрім.
- Ешкіні сатамыз.
- Мұғалімнің телевизоры істемейді ғой?
- Істейді... Мұғалім істетеді, әйтпесе сатып алмас еді.

Кәрім шал қылышығына қан тигізбей құндызыды сойып, терісін баптап илейді. Тері дайын болған кезде кімге сатарын, қалай сатарларын білмей тағы бастары қатады. Сөйтіп жүргенде ауылға бір уәкіл жігіт келе қалады. Кәрекең сол жігітпен келісіп, теріні орап-шым-қап қолтықтатып жібереді.

— Шырағым, мына теріні қалаға апарып сатып, ақшасын маған аударып жіберші, — дейді өтініп.

— Қатырамыз, ақсақал! — дейді уәкіл де нық уәде беріп.

— Өркенің өссін, шырағым! — деп риза болып, қол бұлғап Кәрім қала береді.

Былтыр кеткен сол теріден әлі құнге хабар жок. Кәрекең қазір де аптасына екі уақ Сәлиманың поштасын торып, үмітін үзбей күтіп жүр.

\* \* \*

Жұртта қалған жеті үй, жеті үйде тұратын сегіз отбасы өздерінше қыбыр-жыбыр қарекетін жасап, былайғы әлемнен жыракта жетім тірлігін кешіп жатты.

Былайғы әлем жеті үйді мұлдем ұмытқандай еді.

Ауылдың күнбатысындағы ирелендеген сыңар аяқ соқпақ қана іргедегі үлкен әлеммен жалғастырып жатқан жіңішке жіпке үқсайтын.

Жеті үйдің арасындағы ендігі қалған занды жұмыскерлер — Сәлима мен Сәрсен ғана еді. Мелс мұғалім жұмысқа әлі орналаса қойған жоқ-ты, сатыға бұғы-маралды осы жазда енгізеді деген сөзге сеніп, алаңсыз таудағы саяжайдың құрылышымен өбігер-ді. Келіншек атаулыдан Зайра мен Әлипа бар, олар екеуі де үй шаруасында. Қалған жұртшылық — шал мен кемпір — бәрі де зейнетакы алады. Мелс мұғалімге қарағанда олардың жағдайы көш ілгері, әйтеуір кешіктірсе де зейнетакыларын поштадан алып тұрады. Жұмыс іздең, мұғалім құсан қиналып жатқан олар жоқ.

Тұнеу күні сегіз отбасы кенес құрып, қолдағы азын-аулак малды осы көктемде екі адамға жинап талсыруды ақылдасқан. Қабден жекенің қойын бағуға, Метрей атай сиыр бағуға келіскең. Келісім бойынша мал басына шағып, ай сайын малшыларға ақша төлейтін болысты. Сөйтіп, қосымша тағы екі адамның жұмысқа қолдары ілікті.

Байғоныс соңғы кезде намаз ұстauға кіrіскен болатын. Намаз ұстаса да балта мен шотын тықылдатып, шана жасауын тастаған жоқ. Осы айдың басында қақпадағы жұлдызшаны бояп, жарқырата жаңартып қойған. Элгі «Жамбыл» совхозының директоры шаруадан шыға алмады ма, тым кешігіп кетті. Иесін күте-күте көшәуаның жалтыраған кара бояуы да әр жерінен қаңсып жарылып, әжімденіп, түсі оңа бастапты.

Саңырау Қорім төғай аралап, су жағалап анда-санда қақпан мен тұзак құрып қояды. Тыраштанған еңбегі кейде бекерге де кетпейді, осы қыста екі қоян ұстап, жеті үйдің адамдарын түгел шақырып, ак сорпаға қоні етті.

Былтырғы жылғы құндыз терісінен олі хабар жоқ, үмітсіз шайтан деп Қорекен де поштаға елеңдеумен жүріп жатыр.

Сәрсен осыдан төрт күн бұрын Қабдениң тор биесін мініп, жанармай мәселесін реттеу үшін Мұқырға кеткен еді, содан кеше түнде ғана қайтып оралды. Сегіз отбасы төрт күн бойы электр жарығынсыз қалып, ба-лауыз шаммен отырысты. Білтелі шам Байғоныс пен Метрей атайдың үйінде ғана бар бол шықты.

— Электр сібетке сеніп әбден еркелеп кетіппіз, — деді жүрттың шам іздел шапқылап жүргенін көрген кезде Байғоныс шырт түкіріп. — Эйтпесе осы баяғыда май шаммен-ақ талай істі тындырып тастаушы едік қой!

Осы төрт күннің ішінде ауылда біршама жаңалық-өзгерістер де болып үлгергендей еді. Алдымен арадағы Талдыбұлақ тасыған, сөйтіп, «Заречный» көшесімен жалғастыратын жалғыз көпірді қызыл су алып кетті. Соның кесірінен Метрей атайдың үйі елден бөлініп жырак қалды. Келесі күні — ауыл шетіндегі әйдөңкеде тұрған жерінде Сәлиманың «Захар торысын» қас-

Қыр тартып кетті. Әсіресе, осы соңғы оқиға естіген жұрттың қабырғасын қайыстырды.

— Апырмай, енді не болар екен? — десті әйелдер жағы Сәлимаға жандары ашып.

— Қорада үстамай, екі кештің арасында далаға жібергені несі екен?

— Жазған бала-ай, жаза басқанын қараши!

— Үйде ақыл айттар үлкеннің болмағаны осы да!

— Аттың құнын мойынына салады-ау енді?

— Әлде жасын ескеріп кешірім жасар ма екен?

Еркектер де Байғоныстың шана жасайтын шеберханасында бас қосып, осынау тосын жағдайды талқыға салған болатын.

— Ит-құс басынайын деді, бұл жақсылық емес! — деп, сөзді Байғоныс бастады.

Қалған еркектер көукілдесіп, оның сөзін бірінен соң бірі іліп әкетісті.

— Ауылдың іргесінде тұрған малға тиіскені несі?

— Мылтық жоғын сезген де...

— Одан да емес... Әшейін, бұрынғыдай арқа-жарқа ауыл жоқ, селдірең қалған бес-алты үйді, Байекең айтқандай, ит-құсқа дейін басынайын деген ғой...

— Меніңше, сібет барда олар жоламайтын секілді.

— Рас айтады, дарылдалп ауыл сыртында тұрған Сарсенниң моторы да сес болады-ау деймін?

— Сібет дегенің қасқырға сес, адамға ес қой.

— Айналайын моторымыз аман болса екен!

— Сөрсөнге ғұмыр берсін!

Ертеңінде төсекке бас қояр мезгілде «Сәрсен келді» деген хабарды естіп, Байғоныс тұнделетіп мотористің үйіне барды. Сәрсен атын жайғап, жуынып-шайынып, енді ғана үстел басына шайға отырыпты.

— Шырағым, ат-көлік аман жеттің бе? — деді Байғоныс, бұрынғыдай емес, моториске деген көңілі өзгеше елжіреп.

— Амандық, Байеке! — деді Сәрсен. — Біз аман жеттік-ау, сіздерде аманшылық емес қой?.. Мініс көлігін қасқырға жегізіп...

— Солай болды... Сібет жоқ болса ит-құс та басынады екен...

— Міне, мұныңыз жөн сөз, ақсақал, — деп Сәрсен жадырай түсті. — Электр дегенің өркениеттің белгісі ғой... Электр жарығы, радио мен газет-журналымыз барда біз ешкімнен кем болмаймыз.

— Оның рас, Сәрсен шырағым.

— Бірақ... соны біреулер түсінбейді ғой... — деп Сәрсен тұнжырай басылып, күмілжи сөйлемеді.

— Көкейінде күдік бар, жолың болмай, жанармайсыз қайтқансың-ау, шамасы?

— Жағдай одан да бетер қындағы, Байеке. Солярка бермек түгілі, моторды алып кетеміз, жабамыз деп дікілдеп жатыр.

— Жапқаны қалай?..

— Жанармай үнемдеу керек. Жеті үйге бола жеке мотор, бір моторист ұстайтын жайымыз жоқ дейді бастықтар.

— Бұлар бізбенен итпісің, кісімісің деп санасуды қояйын деген екен ғой, тегі?

— Шаруашылық толығымен хоздрасчетке көшіп жатыр. Сендерді мойнымызға масыл етіп, шығынданар жайымыз жоқ дейді.

— Жағдай онда қындаған екен, — деп, Байғоныс қынжылып орнынан тұрды. — Мұғалімді шақырып, қалған шаруаны көппен бірге ертең кеңесейік.

Байғонысты ертеңінде айқайлаған дауыс оятқан. Сыртқа шықса өзеннің ар жағында қолын бұлғап, дауыстап Метрей тұр екен. Өзеннің бергі бетінде — бұкшиген Кәрім.

— Сәрсен келіпті ғой, свет бола ма? — дейді Метрей.

— А-а? — дейді Кәрім.

— Свет бола ма деймін?

— Естімедім, Метрей, қаттырақ айтшы!

— Эй, Кәрім, Сәрсен келіпті ғой?

— А-а? Не дейсің?..

— Сәрсен келіпті деймін.

— Қаттырақ айтшы, естілмей жатыр.

— Сәрсен... Сәрсен деймін.

— Жо-жоқ, мен Кәріммін, Метрей, танымай тұрың ба?

— Сәрсен келіпті деймін. Бұгін свет бола ма?

— Тағы да естілмей қалды, қаттырақ сөйлеші!

«Саңырауға сәлем берсөн — атаңың басы деген осы екен-ау, — деп ойлады Байғоныс, — Мына Кәрімде саңылау жок, мұлдем мақау боп қапты ғой өзі!»

Даусы қарлығып, әбден шаршаған Метрей қолын бір сілтеп, бұрылып кетті. Дұрыстап сөйлесе алмағанына ынғайсызданды ма, енді бергі беттегі Кәрім айқайға басты.

— Эй, Метрей! — деді арғы жағадағы құрдасын тоқтатып. — Сәлиманың атын қасқыр жарып кетті.

Метрей «не дейсің» дегендей иегін көтеріп, аңырып тұрып қалды.

— Сәлиманың атын қасқыр жарып кетті деймін.

— Қашан?

— Поштабай Сәлима ше, соның атын қасқыр жарып кетті.

— Қашан?

— Поштабайдың атын. Әлгі өкімет берген «Захар торы» ше, соны қасқыр жарып кетіпті.

— Ка-аша-а-ан? — Метрей ашу шақырды білем, басындағы бәркін жерге атып үрды.

— Мынау қайтеді-ей? — деді бергі беттегі Кәрім Метрейдің онысына таңырқап. — Поштабайдың жалғыз атын ұмытып қалғаны несі?

Метрей қайтып ұн демеді, жердегі бәркін көтеріп тізесіне қакты да, сүйретіліп үйіне кетті.

— Мені саңырау деседі, барып тұрған саңырау Метрейдің өзі? — деп, Кәрім арғы жағадағы құрдасына реніш білдірді.

Екі көзі былаудай болған Сәлима кеше Байғоныстың атын сұрап, Мұқырға кетіп еді, бүгін тұс әлетінде мал дәрігерін ертіп қайтып оралыпты. Мал дәрігері жаңадан оқу бітіріп келген жап-жас бала екен, өлген атқа акті жасап, Байғоныс пен Мелс мұғалімге қол қойдырыды да, бір кесе шайды ішер-ішпестен қайтып кетті.

— Баланың жүзі жылы екен, төлете қоймас! — деп топшылады Ділбар шешей.

— Төлетер болса — Сәлима екеуіміз бірлесіп төлейміз. Өйткені, «Захар торыны» мен де пайдаланғам, — деді Мелс мұғалім.

— Эрине, Сәлимаға сен қашан шаң жуытып ең! — деп Зайра күйеуін бір кекетіп өтті.

Алдын-ала уағдаласпаса да, түстен кейін бергі жағалаудың адамдары Сәрсеннің үйінде бастарын қосқан. Өлген атты уайымдап, жүдеп жүрген Сәлима да келді. Бәрінің көнілін алаңдатқан «моторды неге жабады?» деген жалғыз сұрақ болатын. Соған жауап іздел, бірін бірі қара тартып, демеу іздел жиналған түрлері еді бұлары. Бұрын мұндай уақытта екі-үш еркектің, үш-төрт әйелдің басы кездейсөқ қосылғаны болмаса, үлкен кенеске ылғи да кешқұрым жиналысатын. Бұгінгі жағдай кезек күттірмей, шұғыл шешетін шаруа болғандықтан, кешке дейін қалдыруға ешкімнің жүрегі дауаламаған секілді.

— Моторды жабатын бопты, бұл жағдайды бәріңіз естідіңіздер ғой? — деді Мелс мұғалім.

— Біз естіп жатырмыз ғой... Ана арғы жактағы Метрей өлі хабарсыз, — деді Қасиман.

— Естімесе ести жатар... Ал, енді не істейміз? — Жиналғандар тұнжырап үнсіз қалысты.

— Ойлану керек, — деді Сәрсен.

— Ендеше, ойланыңыздар... Мотор кетсе, ток болмаса телевизор да көрсетпейді. Дача деген де адыра қалады... Общым, біздегі көп жағдай свет пен токқа байланысты. Осы жағын ескеріңіздер!

— Жаз шыға радиоточкаларды да жабады десіп жүр.

— Сәрсен шырағым, оны қайдан естідің?

— Мұқырдағы радиоузельде бір жігіт бар, сол айтты.

— Солай боларын менің де ішім сезіп еді, — деді Байғоныс күрсініп.

— Көлігі жоқ, енді біздің Сәлимаға да тықыр таянбаса неғылсын?

— Жаңадан көлік беретін шығар?

— Эй, соған күмәнім бар...

— Енді қалай?.. Сәлима поштаны жаяу тасымайды ғой?

— Жаяу тасымасы белгілі... Көлік жоқ деп сұлтаратып, поштабайдың орнын қысқарта салады.

— Е-е, бәсеке, солай десенші... .

Әркім әр саққа жорып, әңгіме гу-гу қыза түсті. Сөзге араласпай аузын буып үнсіз отырған саңырау Кәрім

ғана. Сөйлеген жанның аузына телміріп, оқта-текте басын изеп қояды. Соған қарағанда бірде естіп, бірде естімей отырған тәрізді.

— Бәрі де бізді осы жерден қуудың амалы, — деді Гұлжамал шешей кіжініп.

— Бізді көшіріп, орнымызға бидай екпек пе? — деп оған апайы Нұржамал қосылды.

— Ексе егеді де...

— Өстіп қасарысып отырып алғанымыз үшін ертеңгі күні бізді занға тартып жүрмей ме? — деп Қасиман күйеу баласына бұрылды.

— Ондай зан жок! — деді мұғалім.

— Солай де... Ендеше көресісін көріп алайық...

— Несін көріп аласыз?.. Светіңізді моторымен қоса қопарып алып кетсе, поштаңызды жауып, радиоңызды өшіріп тастаса — несін көріп аласыз? Кісікік мылқау өмір кімге қажет?

— Ендеше жаптырмауға тырысу керек.

— Вот, Қасеке, әңгіме сонда. Сол мәселені шешу үшін жиналып отырмыз ғой қазір! — деді мұғалім атасына түсіндіріп.

— Осы жерге байланып қалғамыз жоқ қой, көшсек қайтеді? — деді Зайра.

— Жалпы, мұндай ұсыныска мен қарсы емеспін, — деп Сәрсен оны қостай кетті.

Жөткірініп, араға Байғоныс сөз кости:

— Шырағым, Сәрсен, — деді моториске көзін төңкеріп. — Болтың босап, қипактап отыр екенсін... Шыныңды айтшы, осы былықтың бәріне өзің мұрындық болған жоқсың ба?

— Оллани, Байеке! — деп Сәрсен ыршып түсті. — Өздеріңіз куәсіздер, мен Мұқырға сәлерке ізден кеттім емес пе? Олардан бәле тілеп шатағым қанша!.. Олай деп күмән келтірсөніздер, жарайды... жаңағы сөзімді қайтып алдым.

— Біздің Сәрсеннің ондай мінезі жоқ! — деп, күйеуін жақтап, асхана жақтан Әлипа жетті.

Байғоныс «сабыр етіндер» дегендей колын көтеріп:

— Олай болса әліптің артын бағып, әлде де бірер күн тоса тұрсақ қайтеді? — деді. — Үйге барып, қабыр-

ғаларыңмен кеңесіп, ертең-бұрсігүні кесімді шешімдерінді айтарсындар?.. Оғанға дейін су да қайтып, Метрейдің де ойын біле жатармыз?

— Заты орыс қой, сондықтан мұндай құрделі шаруа-ны Метрейсіз шешу жөнсіз болар, — деді Қасиман.

— Дұрыс айтады... Қысылғанда таздың басынан да бір бит табылады деген. Көп бол кеңескеннен кенде болмаспыз.

— Кейде біздің Кәрімнің де жөн сілтер тұзу сөзі бар, — деді Қасиман. — Оны неге тындармадық?

— Пішту! — деп Нұржамал теріс қарап, ернін шығарды. — Осылар жоқтан да жорға шығарады.

Қасиман Нұржамалдың күнкіліне шамданған сыңай танытты:

— Ескерген ескісін сақтайды, ел болған естісін сақтайды демекші, сендер Кәрімді өйтіп шеттете бермендер, тегі!

— Ескі мен естіні жаңа таптыңыз...

Байғоныс езу тартты, Ділбар мен Нұржамал күліп жіберді. Жұртшылық тығырыққа тірелген осы бір сәтте Мелс мұғалімнің басына бір ұрымтал ой сап ете қалған:

— Қадірменді ағайындар, — деді қуанып кеткен мұғалім. Көзілдірігін шешіп қолына алды. — Біз, Байекең айтқандай, бұрсігүні де кездеспейік, бірсігүннен арғы күні біздің үйге наурыз көжеге жиналайық.

— Ибай, наурыз мейрамы да келіп қалыпты ғой! — деді әйелдердің біреуі.

— Қалендар қарауды да білмейміз... Бұгін нешесі еді өзі?

— Бұгін ағайындар, он сегізінші март, — деді Мелс сөзін шегелеп. — Яғни Париж коммунасының құрылған күні. Біз енді үш күннен соң, ұлыстың ұлы күні қарсаңында, біздің үйде бас қосамыз... Келістік пе?

— Келістік...

— Келіспегенде қайда барады дейсің...

— Яғни, жиырма бірінші март күні, кешкі сағат жетіде жиырма бір түрлі тағамнан жасалған Зайраның наурыз көжесі сіздерді күтетін болады.

— Жиырма бір тағам дейді?..

— Жиырма бір...  
— Наурыз көжені жеті түрлі тағамнан жасаушы еді  
ғой?

— Онда көже емес, қойыртпақ болады десенші?  
— Не болса да барғасын көре жатармыз.

Жиналғандар осы шешімге тоқталып, Әлипаның сұт  
қатқан шайынан соң аяндал, үйді-үйлерін бетке алды.

\* \* \*

Көктемнің үш күні дегенің әжептәуір уақыт екен:  
осы үш күн аралығында қызыл су қайтып, мұздың ас-  
тына түсті. Күнгей қыраттар қардан аршылып, топы-  
рақ кеберсіп, терістік жақ ойымдалып шұбарта баста-  
ды. Колдағы малдың аузы көкке ілініп, өрістеп далаға  
шығысты.

Өзеннің арғы бетіндегі Метрей атай мен Пелагея  
шешейдің де табандары бергі жағалауға түсіп, ағайын-  
дармен арқа-жарқа болысты.

Құллі табиғат секілді шағын ауыл да осылайша көк-  
теммен қоса оянып, қыбырлап жазғы тіршілігіне кірісе  
бастады. Баяғы бір замандарда көктемге әлдебір үміт  
артып, жаздан жақсылық құтіп ырымдасып жатушы еді.  
Бұл жылы олай болмады... Жеті шаңырактың алдағы  
жазға деген үміттен гөрі, күдіктері көбірек көрінді.

Үш күн бойы ауыл тағы да электр жарығынсыз, ала-  
қоленкеде отырды. Қашанда жаңалық атаулыдан кеш  
қалып жүретін саңырау Кәрім жарықтың неге жоқты-  
ғын білмекке, бірде тәйтікеп мотор жөндең жатқан  
Сәрсенге барған.

— Шырағым, көптен бері сібет жоқ қой? — деп  
сұрады.

— Сәлерке болмай жатыр, Кәреке!  
— А-а?  
— Сәлерке жоқ деймін?  
— Сәлерке дейді... Оның кәресін бе?  
— Соның бір түрі.  
— А-а?  
— Иә, кәресін деймін.  
— Ол неге жоқ?  
— Бермей қойды...

— А-а?

— Бермей қойды деймін.

— Кім ол бермей жүрген?

— Бастықтар...

— Сәрсен шырағым, қаттырақ айтпасаң атаңның құлағы күннен күнге нашар естітін болып барады?

— Общым, Кәреке, былай! — деп Сәрсен кілтін тастай беріп, шыдамай орнынан тұрды. — Міне, көрдіңіз бе? — деді айқайлап бұрыштағы қарақожалак ыдысты көрсетіп. — Осы бөшкеде жартылай ғана сәлерке бар. Наурыз тойына әдейі сақтап отырмын. Содан кейін — до свидания! Жок!

Сәрсен ернін шығарып, алақанымен көлегейлеп, шалдың құлағына аузын тақады:

— Сәлерке деген көресін, Кәреке? Ертең наурыз, свет болады. Енді машайт етпей үйге қайтыңыз!

— Ә, ракмет, шырағым! — деп Кәрім «свет боладыға» мәз болып, тәйтіктеп өз жөніне кетті.

Сәрсен Кәрім ағасына бүйтіп уәде бергенімен, бұл жолы уәдесінде тұра алмаған еді.

Наурыз мейрамының қарсаңында, жиырма бірінші март күні биылғы жылы алғаш рет күн күркіреген. Соңынан сібірлеп жаңбыр жауды. Жаңбыр жауып тұрған мезетте, тұс әлетіне таман ауылға шана сүйретіп бір қызыл трактор келген. Трактор Мұқырдан екен, шанасына Сәрсеннің моторын тиеді де, көп аялдамай келген ізімен қайтып кетті.

Ауылды дарылдатып әлдебір трактордың жүргенін бәрі естіген, бірак моторды тиеп, қайтып кеткенін біреу білді, біреу білген жок... Метрей атай сырттағы сібірлекен жаңбырдан қорғалап, бұйырып үйінде жатқан. Байғоныс әдетінше шеберханасына кіріп алып, тықылдатып балта шабумен болған. Қабден немересі Әсияны қолынан жетектеп, «Рұstem-дастанды» қолтықтап, Сәлиманың үйіне қарай кеткен. Қасиман болса қызы мен күйеу баласына қолғабыс етіп, ауыз үйден шыққан жоқ. Мелс мұғалім кешке наурыз көжеге келетін қонақтарды күтудің дайындығымен жүрді.

Әйтеуір, бұрынғы МТМ жакқа өрлеп кеткен трактордың соңынан толарсактан батпақтап, іздең барған

жалғыз Көрім ғана. Келсе — іштерінде Сәрсен бар, үш жігіт үйшіктің ішіндегі двигательді арсы-гұрсі шанаға тиеп жатыр екен.

— Кәреке, бәрі бітті! — деді Сәрсен тиеп болған соң алақанын жайып. — Төртінші ауыл құрыды. Енді бұл ауылда свет мәңгі-бақи болмайды, енді бәріміз де көшеміз.

Көрім үндеген жоқ, қайталап та сұрамады. Трактор ауылдан ұзап кеткенше кебенегі қисайып, бұкшиіп соңынан қарады да тұрды.

Құркіреп басталғанымен, жаңбырдың соңы ұзакқа созылған. Не басылмады, не үдемеді, сұп-сұр тұманды тесіп, кешке дейін сібірледі. Ел-жұрт «наурыз мейрамы» деп елеңдесіп жүргенімен, адамның еңсесін езіп жіберердей көңілсіздік жайлап кетті.

Қабден ақсақал Сәлимаға бұл күні «Рұstem-дастанды» оқыта алмаған: келген тракторшы жолай Сәлимаға бір жапырақ қағаз тастап кетіпті. Қағазда өлген аттың құны Солима қыздың мойнына салынғаны жазылыпты.

Сөйтіп, кешке дейін жеті үй — сегіз отбасы мотор жайын да, Солиманың жағдайын да түгел естіп, құлақтанып үлгерген болатын. Осыдан бастап жеті үйдің берекесі шындаған кеткен еді.

Алдымен, сол күні кешке «наурыз тойы» деп, арнайы шақырып отырған Мелс мұғалімнің үйіне бірер адам бармай қалды. Сәлиманың көніл қошы болмай, «ауырдым» деп төсектен тұрмай жатып алыпты. Сәрсен гармонын тартып ыңылдал ән айтып, үйінен шықпай қойыпты. Көрім мен Нарша әлденеге өкпелегендей, інір түсө жатып қалыпты.

Жиналған қонақтар да көнілдері қобалжып, бірдене жетпей тұрғандай аландастып, ұзак отырыса алмады. Мелс мұғалім:

— Қоғам болып жоғары жаққа шағым жазайық! — деп еді, бәрі де бастарын изеп «жөн» дескендерімен, соншалықты елпілдей қалған ешкім болмады. Бұрынғыдай жарасты әзіл, көніл жазар жылы әңгіме де адыра қалғандай. Әншейін кеуделері көңгірлеп бос қалғандай қуыстанып, қабактарын да көтерместен үйді-үйлеріне тарқасты.

Келесі күні шабаданын қолына ұстап, гармонын арқасына асып, Сәрсен жаяулатып Мұқырға кетіп қалды.

Үшінші күні Сәлима Қабден шалдың атын мініп, өзінің ең соңғы поштасын өкеліп, жеті үйге таратып берді. Осы жолы Катонқарағай жақтан келген біреулермен келіскең екен, бұзаулы сирын, қолдағы бесалты қойын соларға сататын болыпты.

Үш күннен кейін әлгі айтқан адамдары келіп, Сәлиманың малын алдарына салып, айдал алып кетті.

Көкек туа үйінің есік-терезесін бекітіп, Сәлима елжұртымен қош айтысты да, жолға шықты. Қайда бара жатқанын өзі де білген жоқ... Қоңырлінде құдік пен мұң, әйтеуір жарық жалғаннан үмітін үзбей, белгісіз сапарға тәуекелмен бет алды.

Сәлиманы Қабден екі атпен Мұқырға дейін жеткізіп салды.

Май мерекесінің қарсаңында Мелс мұғалімнің үйінен үлкен жанжал шықты. Жанжалды көтерген Зайра болатын. Ата сақалы аузына түскенше қашанға дейін әке-шешесінің зейнетақысына ортақтасатынын, қашанға дейін өстіп жұмыссыз жүретінін ашина айттып, күйеуінің шаңын қақты. Арашаға Қасиман мен Ділбар түсіп еді, олардан да қайыр болмады. Май мерекесі күні Зайра күйеуінің тау басында саяжай деп салып жатқан үйшігін өртеп жіберді. Ертеңінде жұрт шырт үйқыда жатқан кезде алты жасар Ертайын ертіп, Мұқырға жаяу тартты. Мелс мұғалім оларды шығарып салған жоқ, көп жылдан бері көзіне алғаш рет жас алып, табалдырықты құшып қалып қойды. Арада бес күн өткеннен кейін Қабден шалдың Мұқырдағы ұлы келген. Келді де, «ауылда бала жок» деген сылтауды көлденен тартып, әкесінің қолындағы кішкентай Әсияны алып кетті.

Осылайша күнде бір гөй-гөймен көнілдері қабарып жүргенде, жарқырап жаз шықты. Аннан-мұннан каникулға жиналған балалар әке-шешелерін, атасы мен әжелерін бір-бір жадыратып тастаған. Артынша көнілді аландатып шөп науқаны киіп кетті. Сөйтіп, жаздың алғашқы бірер айы айғай-сүренмен білінбей өте шықты. Алайда, тамыз туа тау басына бозқырау түсіп, күн

райы күрт бұзылып жөнелді. Бірөңкей жылбыраған, сүренсіз жаңбырлы күндер басталып кетті. Еңсөні езген қорғасын тұман, миы шыға езілген топырак, тұнжыраған боз аспан... Ызгары сүйектен өткен осындай сұық күндердің соны күзге ұласты.

Сұық ерте түскен соң каникулға жиналған бала-шағаның да құмары қанбай, ойыннан ертерек қалып қойысты. Сөйтіп күз түсе жыл құсындай олар да жанжаққа тарап кетісті.

Жеті үй тағы да жетімсіреп иен тауда қала берді.

1988 ж.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Шаруашылығында аздаған бұғы-маралмен айналысқаны болмаса, Мұқырдың басқа ауылдан айырмасы шамалы.

Бұл жерде де танды атырып, тауықты шақыртқан күнделікті қарекет, қоңыртөбел тірлік баяғы. Өзгелер сияқты мұқырлық ағайынның да малы мен жанын бағып, бала-шаға өсіріп дегендей қофамдасып, жұрт қатарлы ғұмыр кешіп жатқан жайлары бар.

Төрдегі Төртінші ауылдың төбедей көрген төркіні, жұмактай көрген жайлы мекені осы Мұқыр болатын.

Төрдегі ауыл жылы орнынан қопарыла көшкен кезде алғашқы лекті қарсы алған, сөйтіп біреуді паналатып, біреуді сағалатқан да осы Мұқыр еді.

Мінеки, сөйткен Мұқыр жерінің де адамдарға жайлы қоныс, жайсан мекен болғанына нелер бір ықылым заман өтсе керек. Содан да болар, жақсы мен жаманың, қуаныш пен қайғының, күйініш пен сүйініштің не екенін, шүкіршілік, мұқырлықтар да бүгінде бір кісідей біледі.

Барша қазақ секілді мұқырлық ағайындар да аскан конакжай, алақаны ашық, жомарт жандар. Обалдары нешік, ат арытып алыстан біреу келгендей болса — жатырқау деген, бөтенсу деген бұларда жоқ қасиет: мейлі кім болса да құрак ұшып қонак етіп, құдайдай көріп сыйлап жіберуге дайын тұрады.

Осы жылғы сәуірдің басында әлгіндей бір сыйлы қонақтың осы ауылға ойда жоқта келе қалғаны бар... Қонақ болғанда да қандай қонақ десеңізші! Бұрынғы бастық Мырзахметтің бауыздау құдасы екен. Мырзекең көп жылдан бері ол кісіні әдейі шақырып бұл жаққа келтіре алмай қиналып жүріпті. Сөйткен құдасы көктен түскендей бір-ақ күнде топ ете қалсын. Тіпті Мырзекеңе алдын-ала хабар да салмай, салаң етіп соқа басы жетіп келіпті.

— Апырмай, телеграм салмадыныз ба, көлікпен ауданнан қарсы алатын едім ғой? — деп, Мырзекең құдасының автобуспен шаршап-шалдыққанына шынымен қысылды.

— Жұдә, мен үшін әбігер болмаңыздар. Бұяқтағы құдамның елі мен жерін көріп қайтайын деп, кемпірді тастап жүріп кеттім, — деді алыстан келген сыйлы құда гүж етіп.

Алыстан келгенде — облыс орталығы Өскеменнен келсе де мұқырлықтар мұншалықты мазаланбас еді. Мырзекенің бұл құдасы қайдағы бір жердің шетінен, құлақ естіп көз көрмеген сонау Қызылорда дейтін шаһардан келіпті. Қияннан келген құдайы қонақтан мұқырлықтар несін аянсын: бар өнерін салысып, ол кісінің алдында жайылып жастық, иіліп төсек болысты. Қызылордалық құда да от ала жүргендей бес-ақ күнге асығыстау келген екен, сол бес күннің ішінде ол кісіні он үй қонакқа шақырысып жіберіскен. Иншалла, құданың да бір кісідей денсаулығы баршылық, бозбаласында балуан күреске түсіп, талай бәйге алған бұқа мойын, мол пішінді күжірейген кісі екен. Бәрібір, мұқырлықтардың ас та төк сый-құрметіне шыдас бере алмады. Қойдың майлы құйрығы мен қазы-қартага мелдектеп кекіріп отыrsa да, кетер-кеткенше тілі қәлимаға келмей-ақ қойғаны... Тіпті туған құдасы Мырзахметті анық тани алмай, құдағиға жармасып, аздал шатақ шығара жаздады. Әйтеуір, қайтар көлікке есі кіресілі-шығасылы, төрт аяқтап өкіріп мінді деседі.

Құда болсан шыда деген... Мұқырлықтардың қонақжай пейілі осындай. Құдағана емес, құдайы қонақтың

қай-қайсысына да дәл өстіп құрмет көрсетуге мұқырлық азаматтар қашанда дайын.

Бұл ауылдың Мұқыр аталуы ауыл іргесінен сарқырап аққан Мұқыр өзеніне қатысты болса керек, тегі. Ұтқыр сөз бен бейнелі тенеуге келгенде баяғыда да от ауыз, орақ тілді кіслер баршылық болған ғой. Сол бабалар өзенге «Мұқыр» деген атауды қалай ғана дәл тауып қоя салған деп тан қаласың. Мұқыр десе дегендей-ак... Тау кіндігінен бүктетіле домаланып, өкіре долданып, самауырдай бүрк-сарқ қайнап жатқаны. Мінезі аузынан ақ көбігін шашыратып, жер тарпып шыр айналған мүйісіз мұқыр бұқадан аумайды-ау, аумайды.

— Біздікі деревняның аты өзеннен емес, наборот, мынау река біздің деревняның атын алған болар, — дейді кейде Лексей білгіссініп.

— Сен шүленсімей жайыңа отыр. Кержақтан шыққан шала қазақ сен нені білуші едің! — деп ақсақ Нұрғали ондайда шыр-пыр болады. — Біздің ауыл Мұқыр деп өзеннің атымен аталған. Ұқтың ба?

Мейлі, қалай болғанда да бұл күнде өзеннің де, ауылдың да аты біреу. Өзенде қойшы, ал ауылдың Мұқыр аталуына наразы жандар мұқырлықтар арасында жетіп жатыр. Әсіресе, жандары қашанда жаңалыққа бейім жастар жағы «Мұқыр» атауына түбірімен қарсы.

— Эне, аналарды қарандар, мұқырлықтар келе жатыр, мұқыр сиырлар келе жатыр, — деп мұқырлық жастарды әрісі ауданнан, берісі Өрелден бастап мазақ қылатын көрінеді.

— Былжырапсыңдар... Біз Мұқыр емес, Раздольное совхозынанбыз, — деп, бұлар да бой бермей, көбінде намыстарын жұдырықпен қорғасады екен.

Жастардың «Раздольное» деп қару тұтып жүргендері — сонау алпысыншы жылдардың басында құралған совхоз аты. Былайша айтқанда, Мұқыр ауылының негізінде ірге көтерген шаруашылық бүгінде со лай аталады.

— Шіркін десенші, осыншалық ұрымтал атты қандай ғана ақылды бас ойлап тапты екен? «Раздольное» десен дегендей-ак қой біздің ауыл! — дейді туған ауылы

туралы семіз Қанапия ернін шүйіріп тамсанып. — Айналаның бәрі орман-тоғай, тау мен тас, жап-жасыл көкжиек. Қалай болғанда да, «Раздольное» деп кереметтей тауып қойған.

Семіз Қанапияның таңданысына лайық бұл Раздольное совхозы кезінде дәулеті асып, берекеті тасып, дәуірлеп те көрді. Бірак дәулет те, байлық та қолда мықтап ұстап тұрмаған соң ағаш атқа мінгендей өткінші нәрсе екен. Қазір соның бәрі баяғының садағасындай әлдеқашан ұмыт болған. Әсіресе соңғы жылдары ел өміріндегі «Қайта құру» үрдісіне ереміз деп, бұлардың жағдайы күрт төмендеп кеткен болатын... Совхоз шаруашылық есеп деген бәлеге толықтай өтіп еді, ауылды доңыздың жұты тигендей жұтатып ала жаздады. Банкідегі тиын-тебені түбіне дейін түгесіліп, мұқырлықтар алты ай бойы көк тиынға зар болып, сен сокқандай сенделісті. Қыстан шыққан көтеремдей совхоздың енді ғана әупірімдеп кон жинап, тәубелерін шакырып жатқан жайлары бар. «Семьялық аренда» дей ме, «шаруа қожалығы» дей ме, әйтеуір совхоздың іргесін көртіп-бөліп, өлмес күннің қамын ойлап, бүгінде әркім өз күлшесіне күл тартумен әбігер.

Өткен жылдары төрдегі Төртінші ауылдан осы Мұқырға бір топ үй сау етіп көшіп келген. Көшіп келгендер саны алғаш бетте біршама сияқты еді, Мұқырдың да асығы алшысынан түсіп тұрмағанын байқап, көпшілігі бұл жерге де аялдамай әрмен асып жөнеліскең.

— Қоянның түрін көріп қалжасынан тұңіліпті деген... Құрып біткен Төртінші ауылға дейін бізді менсінбей кетті! — деп, көшкендердің қылышына мұқырлықтар қатты капа болысты.

Ел іші болған соң жел сөзсіз болушы ма еді, жоғарғы ауылдан келіп қоныс тепкендер туралы бұл Мұқырда да әрқилы әңгіме бар. Сол көп әңгіменің бірі мынаған саяды.

Төртінші ауылдан көшіп келген біреуді шала қазак Лексей өзінше қонаққа шакырып, Ольганың суға бөрттірген капуста көжесі — борщқа тойдырып жібереді. Борщқа тойған әлгі кісі былай шыға бере қарның сипап тұрып:

Буынғаным беліме кемер белдік,  
Қоңыр салқын Айдардан неге келдік?  
Сапырган сары қымыз ішпес басым,  
Шөп-шаламды ас қылған слге келдік, —

деп өлең шығарыпты.

— Галимый өтірік! Төртінші ауылдан мен ешкімді қонаққа шақырғам жок! — деп, Лексей бұл әңгімені жоққа шығарғысы келеді.

— Эй, Лексей, оларды қонақ етпегенің тіпті дұрыс болмаған. Қазакта «ерулік» деген жоралғы болады, — дейді ондайда ақсак Нұрғали.

— Боже мой, бұл қазакты шақырсан да бәлеге қаласың, шақырмасаң тағы бәлеге қаласың! — деп ондайда Лексей аң-таң.

Мұқырдың өзге ауылдан бір ерекшелігі бар болса, ол сірә, ауылдың күншығыс төрінде шошайған қара жартас болар. Бұл қара жартасты мұқырлықтар Тасшоқы деп атайдын. Тасшоқының нешеме жыл, қаншамағасыр дәл өстіп шошайып тұрғаны бір құдайға аян. Туласында, мұқырлықтар Тасшоқы туралы бас қатырып ғұмыры ойлаған емес... Баяғы жартас, бір жартас, ұшы наизадай көкке шаншылып, ешкіммен жұмысы жоқ, сойдиып тұра беретін. Қысы-жазы бойына қылау жұқтырмай қап-қара бол қасқайып тұрған Тасшоқы кейде осы өңірдің сақшы сарбазына да ұқсап кететін. Мейлі ғой, ұксаса ұқсай берсін... Бірак, тұнеу күні, әлгі қызылордалық құда кеткен күннің ертесінде, осы қара жартастан қарағайдай дау шықкан. Содан кейін Тасшоқы туралы әңгіме біраз уақыт бойы, мұқырлықтардың мұқият назарында болды.

Совхоз директоры Тұсіпбеков мырза кежегесі кейін кеткен шаруашылығы үшін сол күні ауданнан сөгіс алып қайтқан-ды. Мұқырға жетіп, машинасынан түскен бойда қара жартасқа ата жауындай алая қараған. Сосын жұдырығын түйіп, қолын шошандатты:

— Бізді құртып жүрген осы сыболыш! — деді. Басекенің ашуланғаны соншалық, екі езуінен түкірігі шашырап кетті. — Осы пәленің кесірінен көсегеміз көгермей-ақ қойды... Атаңа нәлетті динамит әкеліп, бірақ күнде бүрк еткізіп қопартып тастайын ба!

Басекеңің тілін шайнап, тұқірігін шашыратып ашуланғаны мұқырлықтарға оншалықты таңсық емес-ті. Сөйтсе де ауыл ағасының машинадан түспей жатып аспанға алая қарап айғайға басуы — кенсе алдында ошарылған төрт-бес еркекті бей-жай қалдыра алмады.

— Қопартып дейді?

— Кімді қопармақ?

— О тоба! Кімге қатерін тікті тағы?

— Басеке, жүзініз қатулы екен, бір ашуыңызды беріңіз, — деп іштеріндегі Омаш деген механизатор директорға қарай жақындалы. Онысы — бастық кәрін тіккен беймәлім байғұсқа өзінше ара түскен сыңайы болатын.

— Қопартамын дедім ғой, қопартамын! — деп бастық та зіркілдеп. райынан қайтпады.

— Кімді қопарғалы жүрсіз, басеке? Тегі, бір киын жағдай бол қалған-ау?

— Мынау жартасты...

— Кімді дейсіз?

— Тасшоқыны айтам... Осы Тасшоқыны қопартып тастамасам, Түсіпхан атым өшсін!

Кеңсенің алдында ошарылған жұрт ендігі сөтте күн салып көкке телміріп, түкке түсінбей антарылысты.

— Түсеке, бір ашуыңызды беріңіз! — деді механизатор Омаш тілі күрмеліңкіреп, — Тасшоқыны қопартсаңыз, ол құрғырың төңкеріліп ауылды басып қалар... Шошайған түрі сұсты екен өзінің.

— Басса баса берсін, — деді бастық бәрібір айтқанынан қайтпай. — Есесіне шаруаға ыңғайлы болады...

— Қандай шаруаны айтасыз?

— Қандай шаруа дейді... Қандай шаруа болушы еді... Совхоздың шаруасы да...

— Оған не бол қапты, Түсеке?

— «Оған не бол қапты» дейді, ышо... Аудан бойынша ең сонында мыз, білдің бе? Ал неліктен біздің совхоз қотыр тайдай ауданның ең сонында жүреді? Оның себебін білесің бе?

— Қайдан білейік, басеке. Ол жағы өздерінізге мәлім болмаса, қара халық — біздерден несін сұрайсыз...

— Вот, міне... мәселе қайда жатыр... Совхоз туралы, қоғам туралы сіздер бас қатырғыларыңыз келмейді. Бәрің де өздеріңше демократ боп алғансындар. Сонда, немене, совхоз тек бастықтарға ғана керек пе екен?

— Айтқаныңдың бәрі жөн ғой, Түсеке. Бірақ мынау Тасшоқыны қоларам дегеніңіз не сөз?

— Сөзімнің жөні бар. Ісі оңалмағанның түсі қашан оңалған? Осы жартас болмағанда күн бізге бір сағат ерте түсер еді. Малымыз бір сағат ерте өріп, жұмысқа бір сағат ерте шығар едік.

— Солай ма еді?

— Солай...

— Қызық екен...

— Несі қызық? Көрмейсің бе... Жан-жағың анталаған қара орман, қалың тау... Қалқалап, машайт етіп, күн жарықтықтың көзін де жөнді көрсетпейді, жылуын да жеткізбейді бұл Тасшоқы.

— Апырмай, Ә?

— Осындай биік шынның етегіне әкеп ауыл салып жүрген кім өзі? Совхоздың таңертең бір сағаты, кешке тағы бір сағаты зая кетіп жүр... Бәріне кінәлі осы Тасшоқы!

Осымен кенсе алдында совхоз директорымен пікір таластырғандардың аузына құм құйылған болатын. Ілешала бұл әңгіме ауыл ішіне желдей жайылған. Келесі күні күн шықпай мұқырлықтар Тасшоқының келешек тағдыры жайында түгелдей құлақтанып ұлгерген еді. Содан кейін-ақ ағайынның бәрі сойдақталған Тасшоқыға әлдебір күдікпен, біртүрлі секеммен қарай бастаған. Біреудің уақтылы шөбі шабылмай, біреудің отары өрілмей, енді біреудің сиры мезгілімен табынға қосылмай жатса, бар бәлені Тасшоқыға жабуды шығарды. Ол ол ма, тұнеу күні ауылға мезгілінде арак түспей қалып еді, тентек Рахман дүкеннің алдында, дүйім жұрттың көзінше жеті атасынан тартып, жартасты жарты сағат сыбаған көрінеді.

Жартастың совхоз шаруашылығына келтіріп отырған орасан зиянын мұқырлықтардың көпшілігі мойындаған. Бірақ бастықтың «бір-ақ күнде динамитпен бүрк еткіземін» дегеніне біреу сенді, біреу сенген жоқ.

Мұзтаудай үлкен шынды бұрқ еткізіп қопара салу — айтқанға ғана жеңіл. Әйтпесе басекең жүз жерден мықтыымсыса да — Толағай емес, ондай құдірет қолынан қайдан келсін.

— Әншнейін, ашумен айтып қалғаны да, — десті сенбегендер жағы. — Болмаса, Тасшоқыдай тауды қопару — құдайдың ғана қолынан келетін шаруа ғой.

— Пішту, сендер өйтіп көрсөкүр болмандар, — десті сенгендер жағы дабыл көтерісіп. — Атомный динамит әкеп басып қалса — Тасшоқы түгіл жарты Алтайың жоқ болады, тегінде!

Қалай десе де Тасшоқы дауы осындай қысыр сөз, қыңыр әңгімен әріге бара қоймады. Қырдың қызыл түлкісіндей оқта-текте қылаң етіп, қызыл тілге жел бергені болмаса, арада бірер ай өтпей жатып басылып қалды.

Мұқырдың тағдырындағы мазасыз күндер өлі алда болатын...

\* \* \*

Мұқырда орыс деген ағайын өуел бастан болмаған секілді. Орыстың болмағаны кемшілік пе, жоқ әлде кеңшілік пе, ол жағына да мұқырлықтар бас қатырған емес. Бірақ көрші Аршаты мен Өрелде, қала берді анау Катонқарағайда орыс ағайын өріп жүр ғой. Сол көдеден көп орыс Мұқырға қалайша жетпей қалған, ол жағына да қиналып жатқан мұқырлықтар жоқ. Орысы болмаса да көштен қалмайық деген ниетпен мұқырлықтар анау бір жылдары ауылдағы қазақша мектепті орысшаға айналдырып жіберіскен. Сөйтіп есесі кетіп, сыбағасыз қалған Мұқырдың өзге ауылдармен терезесі оп-оңай теңеле салған болатын. Шүкіршілік, қазір Мұқырдың балалары ешкімнен кем емес, шүлдірлел орысшаға басқан кезде — орыс ағайынның өзін жаңылдырады.

Тарғак бет шұбар Лексей осы ауылға алғаш көшіп келгенде, орысы жоқ мұқырлықтар Лексейді «тегі, орыс дегенің осы шығар» деп таң қалысқан болатын.

Алғашқы жылдары Лексей де, келіншегі Ольга да қазақшаға шорқақ еді. Қалың қазақтың ортасына түсken соң жүре келе тілдері жаттығып, қазір адамша сөйлейтін дәрежеге жетті.

Сөйтіп жүргенде Лексейдің азан шақырып қойған қазақша есімі де табылды: Алдаберген екен. Онысын мұқырлықтар бертінгі уақта, совхоздың еңбек озаттарына арналған бір жиналысында бірақ біліскең. Өмір бойы ішкі жақта, Коробиха деген ауылда, кілең қабасақал кержақтардың арасында өскендіктен Алдаберген алдымен Алешаға, есейе келе Алексейге айналып кетіпті. Келіншегі Ольганың да шын есімі Орынща бол шықты.

— Эй, Лексей, сен шоқынған шығарсың? — деген бұл жаңалыққа жағасын ұстаған Нұрғали.

— Сенің тәп-тәуір қазақша атың бар екен, соны бізден несіне жасырғансың?

— Қазақшасы ұзак... Тіл сынады. Ал орысшасы жып-жинақы. Өзіме осы орысшасы ұнайды, — дейді Лексей де шындығын жасырмай.

— Айттым ғой, сен шоқынғансың деп.

— Шоқынғам жок. Жетім өстім. Өмірім кержақтардың ішінде өтті. Енді не істе дейсің маған?

— О не дегенің? Бойында қазақтың қаны бар емес пе?

— Қайдағы қазақ?.. Қайдағы қан?.. Енді менен дұрыс қазақ та, онды орыс та шықпайды. Оны өзім де жақсы білем!

— Қаның тартпаса калың қазақтың ортасына неғып көшіп кеп жүрсің ендеше?

— Андағы бастықпен келісе алмадым. Мұндағы бастық жұмысқа шақырды... Вот и все!

Лексей көшіп келген жылдары Мұқырға Мырзахмет бастық еді. Лексей көшіп келмес бұрын екеуі алдын-ала уағдаласқан секілді, әйтеуір келген бойда Лексейге жұмыс табыла кетті ғой. Бір табын сиыр алып, бір-ақ күнде осы ауылдың айтулы бақташысы бол шыға келді. Қазіргідей тарамыстанған шал емес, ол кезде Лексей бір орнында тұра алмай ұшып-қонған мазасыз, шегіртке мінез женілtek кісі болатын.

— Боже упаси, бұл Алешада құдай сүйер қылышқ жок! — деп Ольга өлі күнге ішін тартады.

Совхоздың сиырын бағып, маң далада маңып жүрген бақташының басында қандай қиял барын былайғы жұрт қайдан білсін. Сөйтсе, бұл Лексей өзін жылы

ниетпен қабылдаған мұқырлық ағайынға іштей тарту-таралғы ойластырып жүріпті ғой. Күндердің бір күнінде көктен толғандырған сол ойының да түйінін тапса керек.

Алдымен, Лексей совхоздың көп малының ішінен бір жас бұқаны таңдал алады.

Сосын ол бұқаны жаратып баптап, ала қыстай жа-лықпастан мәпелеп асырайды. Сөйтіп жүргенде бірінші мамыр мерекесі келіп, Лексейге өз өнерін көрсетудің жөні түседі.

Бірінші мамыр мерекесі күні ауылдастар тайлы-таяғына шейін Мұқыр өзенінің жағасына жиналып, жалаулатып транспаранттар көтеріп, алаулатып ұрандалап, алқалы жиын өткізеді. Жынының соңы ән айтып, би билеген, палуан құрестірген ұлан-асыр тойға жалғасады. Міне, дәл осы кезде, яғни той әбден қызған шакта «Сиыр фермада Лексей коррида көрсетеді екен» деген оқыс хабар тойшылар арасына тарап жөнеледі.

— Онысы несі тағы? — деп сұрапты кітап оқымайтын, кино көрмейтін білімсіздер жағы.

— Коррида деген — бұқамен жекпе-жекке шығу, — деседі, анда-санда кітап оқып, күнделікті кино көріп жүрген білгіштер жағы.

— Корридада адам сүзеген бұқамен сайсады, — дейді білгіштер жағы білетіндіктерін тағы жасыра алмай.

— Астапыралла!

— Мұндайда не бұқа өледі, не адам өледі.

— Астапыралла!

— Жалпы, көп жағдайда адам мерт болады.

— Астапыралла!

Әрине, бұрын-сонды құлак естіп, көз көрмеген мұндай тосын хабар мұқырлықтардың делебесін қоздырмай қойсын ба! Басқа қызықтың бәрін тастай бере, ел-жұрт ендігі сөтте Лексейдің сиыр қорасына қарай ағылады. Келсе — Лексейдің қолында дастарқандай қып-қызыл пұліш мата, құрық мойнын жел сындырғандай ырғап қойып, ыржиып қора сыртында тұр дейді. Барған бетте бастықтар «сен мерекенің шырқын бұздың» деп ұрыса бастаған екен, Лексей де бет бактырмапты:

— Коррида да мереке! — депті қолын шошайтып. — Испан деген елде корриданы тамашалауға пәленше мың кісі келеді. Даже патша мен король да келеді. Ышо, оған ақша төлеп кіреді. Вот, солай!

— Мына пәтшагар Коробихадан емес, Испаниядан келгендей сайрайды ғой!

— Коррида деп зарлағанша, бізге көкпар көрсетпей ме?

— Ойбу, Лексей жазған сенің көкпаратынды қайдан білсін.

Лексейдің райынан қайтпасын ұққан бастықтар:

— Еркің білсін, Лексей, — деп қолдарын сілтеп теріс айналыпты. — Осыдан бір бәлеге ұрынып, бізді істі етіп жүрсең — айтпады деме, сиырдан шығарып, шошқа бақтырамыз.

— Бір бәлеге ұрынса — шошқа бағуға жарай қояр ма екен бұл Лексей.

Болар сайсты ел-жұрт осылайша сан-саққа жүгіртіп, қызықтың басталуын тағатсыздана күтеді.

— Бәрінен бұрын қызыл пұлішім қор болды-ау, — деп бір шеттегі Ольга байбалам салады. — Анау бұқаның мүйізіне іліксе, боже упаси, ол пұліштен не тамтық қалады!

— Кеме жасаушы кебіс тіккенге тамсаныпты демекші, сүзеген бұқа көрмегендей нағып бәрің дүрлігіп жүрсіндер? — деп, құрып қойған алашасын тастай бере, бір кора әйелді соңынан шұбыртып Нұрғалидың бәйбішесі Бибіш те айдындай жетіпти.

Ауылдастары түгел жиналды-ау деген кезде Лексей белбеуін қынай тартады да, қарғып қораның ішіне түседі. Түскен бойда қызыл пұлішті жарқырата жайып, қораның арғы шетінде тұрған бұқаға қарсы жүреді. «Мынау қайтеді-ей» дегендей бұқа алғашында матаға телміріп сәл тұрыпты да, жерді тарпып, мүйізін шайқап-шайқап, Лексейге тұра ұмтылыпты. Сайсты қызықтап, қораның сыртында үйлыққан жұрт ойбайға басып кейін серпіледі.

Осы сәтте Лексей көз ілеспес шапшандық көрсетіп, екпіндең жетіп қалған бұқаны жалт беріп жанынан өткізіп жібереді. Бұқа арының тоқтата алмай қораның

қабырғасына барып соғылады. Коршаған жұрт шыңғыра шуласып, тағы да кейін серпіледі. Лексейдің батылдығы мен шеберлігіне жиналған жұрт қатты риза болып, ду қол щапалақтайды.

— Вот, молодец! — депті бастықтар да сүйсініп.

— Өзі ер екен ғой!

— Ирелендеген түріне қарап, бұл шала қазактан дәнене шықпас деп жүрсем...

— Біздің ауылға сүзеген бұқа қайдан келген?

— Өзі үйретіпті ғой.

— Өй, сабаз-ай десенші!

Жұрт Лексейдің мықтылығын мактауға сөз таппай жатқан кезде, қабырғаға соғылған бұқа есін жинап, ұрыс алаңына қайыра бет бұрады. Екі езуі екі құлағында, мактағанға көнілі өсіп, халқына қайта-қайта иіліп тағзым етіп тұрған Лексейге бұқа қайта ұмтылады ғой. Лексей де жалма-жан қолындағы пұлішті алдына жая беріп, бір шетке ыршып түседі. Бірак, бұканың екпініне шыдай алмай, калпактай ұшады. Алданып қалған бұқа бұл жолы тез қайрылып, жерден тұра алмай үйелеп жатқан Лексейге өкіре ұмтылыпты. Мұны көріп тұрған әйелдер шыңғырып беттерін басып, бала-шаға ұлардай шулап қоя береді. Жан беру оңай ма, тұрып үлгермесін сезген Лексей ышкына ұмтылып, қораның түбіне жабыса түседі. Екі көзі корасанның дағындағы қызарып алған ашулы бұқа өкіріп келіп Лексейді сүзгілейді. Қаншалықты сүзгілісе де, бұрыштағы адамға мүйізі ілінбей, тұмсығымен жаныштап, илей беріпті. Әйтеуір, сыртта тұрған еркектердің біреуі есін жинап, бұканы сойылмен ұрғылап қуалап, Лексейді өзөр ажыратып алады.

Қан-сөл жоқ, қу шүберектей бозарып кеткен Лексейді көтеріп, аяқ-қолын жинап қораның сыртына шығарысады. Қауіпсіз жерге жеткен соң Лексей тілі күрмеліп, әлдене деп ыңыранса керек.

— Өй, катындар, шуламандаршы, бірдене деп жатыр, — деп, жігіттердің біреуі Лексейдің аузына құлағын тосады.

— Не деп жатыр?

— «Қош», — дейді.

— Кімге, ойбай?

- «Ольга, қош!» —дейді.
- Ольга қайда еді?
- Мына жақта...
- Бері алып келіндер!

Мұндай сұмдықты көргенге жүреті шыдамай талмасы үстап, жүресінен отырып қалған Ольганы екі әйел екі қолтығынан демеп, кескен теректей сұлап жатқан күйеуінің қасына әкеледі.

— Олечка, қош бол! — депті Лексей ерні ғана жыбырлап. Мұны естігенде Ольга:

— Родимый мой! — деп, шыңғыра дауыс салып, се-рейген күйеуін құшақтай құлапты деседі.

Сөйтіп, бұқамен сайыска түсемін деп осы Лексейдің бір ажалдан қалғаны бар. Сол жолы екі қабырғасын, бір бұғанасын сындырып бірер ай ауруханада жатып шығыпты.

— Лексейдің миы да шайқалған екен, — десті ол ауруханадан келген күні былайғы жүрт.

- Кантож болды десенші!
- Иә, Әмір шал құсап кантож боп қапты.
- Әмір жазған соғыстан кантож боп қайтты ғой.
- Мына Лексей сайтанға не көрінді десенші, айдың- күннің аманында миын шайқап...

Қалай болған күнде де бірінші мамыр мерекесі күнгі бұқамен сайыс Лексейге сұбап болған. Содан кейін-ақ бұрынғыдай желпілдеу жоқ, жын-шайтаны басылып, сабасына түскендей еді.

Обалы қанша, Лексей де, бәйбішесі Ольга да көршілікке, ағайынгершілікке адал жандар. Орыстардың ішінде өскендіктің әсері шығар, кейде ақылға сыймайтын оғаш қылық көрсетіп қалатындары бар. Әйтпесе бұл екеуі ауылға келgelі бері тірі пендеге қарсы келіп, шәй десіп көрген жоқ.

Осыдан біраз жыл бұрын Лексей омарташы Колмогоровқа барып, бажылдатып бір торайды алып келгенде Нұрғали:

— Мұның не сенің? — деп көршісінен қатты тіксініп қалған.

— Торай ғой, торай! — деп, Лексей ойбайлаған торайдың желкесін сүйсіне сипап, танауынан шөп еткізіп

сүйіп алды. Нұрғалидың оған қарауға жүзі шыдамай, теріс айналып кетті.

— Оны не істегелі жүрсің?

— Асыраймын.

— Қазақтың шошқа асырағанын қай атаңдан көріп едің?

— Бұл да соғымдық мал ғой.

— Соғымнан садаға кетсін!

— Қарашы, томпиған түріңнен айналдым, қандай гана сүйкімді еді өзі!

— Қарамаймын!

Нұрғалидың қараптан-қарап неге ренжіп тұрғанын түсінбей, Лексей торайды қоя беріп, көршісінің иығына қолын салды. Қолын салғанға Нұрғали жылан шаққандаі ыршып түсті.

— Біз Коробихада тұрғанда шошқамыз бір қора болатын, — деді Лексей оған да мән бермей. — Қойға қарағанда бұл шошқа малы күй талғамайды...

— Жетіскең екенсің. Шошқа асырар болсаң — сенің табалдырығынды осыдан былай ешкім де аттамайтын болады.

— Неге?

— Харам... Мұсылман жұрты шошқа асыраған үйдің тамағын харам, табағын харам, ыдыс-аяғын харам саңайды.

— Чепуха! Бәрі бос сөз!

Нұрғали шарифат жолын қаншалықты уағыздағанымен, Лексейге жеткізе алмаған. Сол жолы бірін-бірі қайтып көрместей бол ажырасып еді, қайдан... үш күннен соң көукілдесіп қайта табысты.

Әлгі кішкентай торай қазір жардай болып семірген, іркілдеген ірі мегежін. Шалпылдатып кешке дейін шалшық судан шықпайды. Баяғы Нұрғалидың әңгімесінен кейін «сен шошқа асырадың» деп көзге шұқыған да ешкім болмады. Қайта ауыл балалары жалғыз шошқаны қызық көріп, шыбықпен тұрткілеп, борсан-борсан жүгіргеніне, корсылдаған дауысына мәз.

— Біздің Алеша жаман кісі емес, ол ақкөңіл ғой, — дейді Ольга күйеуі жайында. — Бірақ кейде ішіп қояды, сонысы өзіне де, маған да жақпайды.

— Саған жақпаса да маған жағады. Жағатын болған соң да ішіп қоямын, — дейді Лексей ондайда қарсы дау айтып.

Лексейдің аңы суға аздаған оуестігі бары рас. Оны ауылдастарының бәрі біледі. Қарға аунаған түлкідей тәуліктің төрт мезгілінде қызара бөртіп жүргені. Біреудің басын жарып, көзін шығарып жатқан жок, сондықтан ауылдастары Лексейдің онысына көніл аудармайды. Сиырды тастап, совхоздың қара жұмысына ауысқан Лексей ауыл ішінен үй алған, сөйтіп ақсак Нұрғалимен бір-ақ күнде құдайы көрші бол шыға келді. Шүкіршілік, өзірге көршілер тату-тәтті, аралас-құралас сыйласып тұрып жатыр.

Соңғы жылдары ақазаны бұлініп, Нұрғали қышқыл сүйықтың бәрін тыйған болатын. Көршісінен қайыр болмаған соң, совхоз жұмысынан қолы босай қалса Лексей зып беріп Мырзахметке баратынды шығарыпты. Мырзахмет — бұрынғы өзінің бастығы, Коробихадан әдейі шақыртын алған уағдалас досы ғой. Өмір бойы ат үстінде жүріп, зейнетке шыққасын қу кеуектей керексіз бол қалғанын сезгесін бе, Мырзекен өкта-текте мұндай көніл көтеруге қарсы емес. Содан екеуі өткенкеткенді өріден қозғап, беріге жалғап, шүйіркелесіп ұзак күнді батырысады.

Бірде Нұрғали ки шашып, жер өндел огород жақта жүр еді, шарбактың сыртынан Мырзахмет шақырған.

— Нұреке, келіп кетіңізші, бір қызық айтайын, — деді. Ақсандай басып Нұрғали оның қасына барды.

— Иә, не бол қалды?

— Бар болғыр, кеше маған Лексей келіп кетті емес пе! — деп Мырзекен өлденеге мәз болып, басын шайқады.

— Иә, жөн екен.

— Ай, бар болғыр-ай... Сайқымазақ қой бұл Лексей.

— Сосын не болды?

— Сайқымазақ жынды екен.

— Ие, не болды соншалықты?

— Анекdot айтты... Саяси анекdot. Тіпті айтуга аузым бармайды. — Мырзахмет қарқылдаپ күліп жіберді.

— Заман өзгерді ғой, қысылмай айта беріңіз.

— Айтсам айтайын, Нұреке... Бір шаруа адамы Мәскеуге барыпты, съезге делегат болып. Келген соң ауылдастары жаңалық сұрайды ғой баяғы. «Шүкіршілік, көп жайды ұғып, көзім ашылып қайтты, — депті шаруа. — Біріншіден, «Маркс-Энгельс» деген бір адам емес, екі кісі екен. Екіншіден, «Слава КПСС» дегеніңіз кісі болмай шықты. Үшіншіден, «Бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін» деп еңбек етіп едік, мен сол адамды көріп қайттым!» — деген екен.

Мырзахмет мәз болып, тағы да қарқылдалап жіберді.

— Ол ғана емес, тағы бір сібежи анекдот айтып кетті.

— Ие, не деді, айта бер?

— Ай далада тілі салақтап бір ит зытып келе жатыр екен дейді. «Апымай, мына далада тым болмаса бұтақараған кездеспесе — қуығым жарылып өлетін шығармын» деп зытып келе жатыр екен дейді. Ха-ха-ха...

— Тауып айтқан екен. — деп Нұргали тағы да басын изеді.

— Сіз түсінген жоқсыз... сіз бұл анекдоттың мағынасын түсінген жоқсыз, — деп Нұргалидың қосыла күлмегеніне Мырзахмет ренішін сездіріп, қолын бір сілтеп жөніне кетті.

Нұргали, шынында да, Мырзахметтің не үшін мәз болғанын үққан жок. Лексейдің күнде айтып жүрген қиқар сөзіне ата сақалы аузына түскен үлкен кісінің осыншалық қарқылдалап күлгені ерсілеу сияқты көрінген.

Лексейдің ондай-ондай қалжынына Нұргалидың құлағы әлдекашан жауыр болған, әрі кетсе мырс етіп миығынан жымиып отыра береді.

Мырзахмет демекші, осы Лексейдің баяғыда Мырзахметті де бір жақсылап қатырғаны бар. Ол кезде Мырзекең совхоз жұмысшы комитетінің төрағасы, яғни «рабочком» болатын.

Фермадан ауылға көшіп келген жылды Лексей бұл ауылда жок әдемі, өзінің тілімен айтқанда «культурный» әжетхана салмақшы бол бекінеді. Алдымен әжетхананың шұңқырын қазуға кіріседі. Шұңқырды да бұл ауылда тендерсі жоқ терең етіп, ерінбей-жалықпай қазуды мақсат етеді. Лекең елден озам деп тым-тым тереңдетіп жіберсе керек, бір күні қараса әлгі шұңқы-

рынан су шығып кетіпті. Есіл еңбегі желге кетіп, шұнқырынан су шыққан соң, Лексейдің «культурный» әжетхана жасамақ арманы да адыра қалады.

Рабочком Мырзахмет бірде кенесінен тұнделетіп шығып, үйіне қайтып бара жатқан кезде әлгі шұнқырға күмп беріп түсіп кетіпті. Содан айқайласа ешкім естімейді. Амалы жок, кенірдектен келген лай суға малтығып, таң атқанша дірдектеп тұрыпты деседі. Ольга үйіндегі кір-қоқыс, жуынды-шайындыны сол шұнқырға төгіп жүреді екен. Таңертең әдетінше шылапшынын көтеріп, шұнқырға жетіп келсе — су ішінде қылтиып адамның басы тұр дейді. Баж етіп, сасқан жерде шылапшынды әлгі қылқиған бастың үстіне төңкере салыпты да, етегіне сұрініп үйге қарай қаша жөнеліпті.

— Жаны шықсын, жалған сөз! — дейді ол туралы бүгінде Мырзекенің өзінен сұрасаңыз. — Лексейдің жанынан қосқан өтірігі.

— Шұнқырға құлағаныңыз да өтірік қой, тегі?

— Қалай десем екен... Жалпы шұнқырға құлағаным рас. Суының да кенірдектен келгені рас... Жан бермек онай ма, айқайлап жүріп жүртты оятым...

— Сізді шұнқырдан кім шығарды?

— Ольга.

— Лексей қайда еді?

— Оның қайда жүргенін мен қайдан білейін!

Міне, осыдан кейін піш-піш сөз, күдікті сұрак бірінен соң бірі туындаиды ғой...

— Апымай, Мырзекен кенседен нағып кеш шығып жүр екен?

— Кеш шыққанын қойши, көшемен жүрмей, бөтен біреудің әгіртіндегі шұнқырға қалай түсіп жүр?

— Мырзекенің үйі де бұл жақта емес еді ғой?

Мейлі, жүрт сыртынан қалай сөз жүгіртсе де, Мырзекен қынқ деген жок. Бастық адамға пәленше жыл жинаған беделден бір-ақ күнде айрылып, ел мен жүртқа мазақ болу — өліммен тең. Соңдықтан ертеңінде таптаза киініп, кеудесін тіктең, түк болмағандай кенсеге барады. Шұнқыр туралы ләм деп жақ ашпайды. Бастық атаулының айтқанын тыңдалап, айдағанына көнетін, оларды құрмет тұтатын заман ғой. Мырзекен сыйдана

қалған соң басқаларға да жан керек, құлқі үйрілген еріндерін жия қойыпты.

Осы жағдайдан кейін Мырзекең мен Лексейдің арасы бірер жыл қырбай бол жүріпті. Өмірде өткінші емес нәрсе жок, бүгінде әлгі уақиғаның бәрі өткеннің садақасы бол қалған. Қазір Мырзекең зейнет демалысында, Лексей болса зейнетке жасы жетпей, ауылдың қара жұмысында, сұрлем аршиды, жер қазады, егін суғарады. Әйтеуір қай жерде жұмыс табылса, басшылар сол жерге елгезек Лексейді жұмсап жүргені. Орынша болса сиыр фермасының білдей бір сауыншысы. Мырзекең мен арадағы кіrbің баяғыда ұмыт болған. Бүгінде екі азаматтың ел қатарлы араласып-құраласып аманесен тұрып жатқан жайлары бар.

\* \* \*

Ескіше Мұқыр ауылы, жаңаша айтқанда «Раздольное» совхозы әуелде аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірінен саналатын.

Соңғы жылдары қайбір шаруашылықтың жұлдызы жанып тұр дейсін, солар сияқты Мұқырдың да біреуден ілгері, біреуден кейін әупірімдеп жүріп жатқан жайы бар бұл күнде.

Әрине, іргелі шаруашылық, үлкен ауыл болған соң бұл жерден де іздегеніңіздің бәрін табуға болады... Ел іші — өнер кеніші демекші, Мұқыр да таланттардан кенде емес. Бұл ауылдан күміс көмей әншіні де, бал бармақ күйшіні де, жұртты аузына қаратқан дуалы ауыз шешендер мен той басқарған көсемдерді де кездестіруге болады... Әйтсе де Мұқырдың ескі көз ежелгі халқы үшін бүгінгі өнерпаздардың орны бір тәбе де, Жанғалидың келіншегі Дәметкеннің өнері бір тәбе еді.

— Пай-пай, Дәмешжан-ай! Мынадай өнеріңмен мұмын Жанғалиға қалайша тиіп жүрсің? — деп, баяғыда Мырзахмет бастық бол жүрген кезінде көнілдегі шындығын айтатын.

— Сен бұл өнеріңмен Алматыда отыратын жансыңғой. Сен, Дәмеш, Алланың нұры түскен ерекше жансың! — дейтін Бибішabyсыны.

— Радиодан ән шырқайтын қарағымның нағыз өзі емес пе! — дейтін біреуді әсте мактап көрмеген, ештеңеге тамсанбайтын Қанапия да таңдайын қағып.

— Радионы да естіп жүрміз ғой, — деп ондайда Нұрғали да туған келіні жөнінде пікір косатын. — Радиодағы әншілеріңіз Дәмештен садаға кетсін!

Айтса айтқандай, Жанғалидың келіншегі Дәметкен кезінде алдына жан салмаған ғажайып әнші кісі болыпты.

Ел ішіндегі қайсыбір әңгімеге құлақ тұрсеноң — Жанғали мен Дәметкен бір-біріне өлердей ғашық болып косылыпты деседі.

— Бозбала күнінде Өрел жаққа жиі-жиі барғыштап жүретін. Сөйтсем, осы Дәмеш келінімді ыңғайлап жүріпті ғой, — дейді Нұрғали інісі туралы.

— Дәмештің әншілігінде дау жок. Бірақ біздің Жанғали да өнерден кенде емес еді ғой, — дейді Мырзахмет.

— Жұрт Әмір шалды әпенді санайды. Ал нағыз әпенді менің інім Жанғали болатын баяғыда, — дейді Нұрғали тағы да. — Қызбен уағдаласып жүріп, құда түсеміз, қолдан аламыз деп отырғанда алып қашты. Сөйтіп екі ауылды үлкен дауға қалдырыды. Бұл олгі Бектемір мен Нұрпейістің құдандалық дауынан да бұрын болған уақиға болды. Бұл бір деңіз. Отау тігіп, бөлек шыққан соң, маған Дәмешімнің өнері де жетеді деп, құдай берген өз өнерін тастап кетті. Бұны екі деңіз. Дәмештің даусына ауыл тарлық етеді, Дәмешке кең сақара керек деп тракторын тастап, қойшы боп, алыс зәйімкеге көшіп кетті. Бұл үш. Осыдан кейін Жанғалиды қалайша әпенді демессін!

Нұрғалидың сөзінде бір шындықтың бары рас еді. Нұрекенің өзі алғашында «осы інім сырқат емес пе» деп қауіп қылатын. Кейінірек «басын дуалап қойған жоқ па» деп келіні Дәмешке құдік келтіріп жүрді. Бірақ, қаншалықты құдіктенгенімен, келіні мен інісінің тарапынан сезікті ештеңе таба алмаған. Таба алмаған соң, тағдырдың жазуына амалсыз көнген. Әлгі қиссаларда жырлап жататындей, тегі, бұлар бір-біріне шынымен ынтық, бөлекше адамдар-ау деп түйін жасады. Сөйтті де, жастарға бұрынғыдай білгішсініп ақыл айтып, ал-

баты мазалауды қойды. Өздерінің көніл қалауына салып, еріктеріне жіберді. Әрі осы жастардың ақыл-парасаты өзінен артық болмаса, кем емесін сезді. Турасын айтса, інісі мен келінінің өзінен гөрі біршама бақыттырақ екенін, екінің бірінің маңдайына жазылмаған өзгеше ынтымақпен ғұмыр кешіп жатқанын іштей мойындады да.

Көптің аузына қайтіп қақпак қоярсың... Әлде мазағы, әлде шындары сол ма, ауылдың үлкендері Жанғали мен Дәметкенді «Қозы мен Баян» десетін.

Жастар жағы «Ромео мен Джульєтта» деп күлісетін.

Мейлі ғой, бірақ шындығында да екеуінің махаббаты бұл өнірде болмаған айрықша құбылыс еді.

Амал қанша, басқа қонған осындай бақыттың да, астада төк нөпір қуаныштың да шегі болады екен.

Аңызға айналған тума талант, шынайы өнердің де өшетін кезі болады екен.

Соның бәрі айналасы бір-ақ жылдың ішінде болды.

Айналасы бір-ақ жылдың ішінде Жанғали мен Дәметкеннің уыздай үйіған шаңырағы шайқалып, ортасына құлап тұсті.

...Екеуі ширек ғасырға жуық досқа да, дүшпанға да үлгі болатындай тату-тәтті ғұмыр кешіп еді.

Бір ұл, екі қызды дүниеге өкеліп, ел катарлы өсіріп жеткізді. Өздері алыстағы қыстакта тұрғандықтан, балалары Нұрғали ағасының колында оқыды. Ұлдары Нұржан оныншыны алтын медальға бітіріп, Алматыға жоғары оқу орнына түскен. Сол жерде екі жыл оқыған соң әскерге шақыртылған болатын. Ауған соғысының қызып тұрған уағы еді. Нұржанды алты ай оқытып, алғашқы беттен-ақ сол Ауғанның қанды қасабына салып жіберіпті. Арада көп уақыт өткен жок, Жанғали мен Дәметкен ұлдарының қазасын естіді...

Ұлының денесін ауылға темір табытпен алып келген. Сол жақтан бірге ере келген екі-үш әскерилер табытты ашуға рұқсат етпей, бітеу күйінде жерлетті. Ұлының дидарын соңғы рет көре алмай, әкесі мен шешесі аһ ұрып арманда қала берді. Дәметкеннің жүрегі онсыз да дімкәс еді, ұлының қазасынан кейін жуадай солып, көпке дейін өзіне-өзі келе алмай жүрді. Баяғы жайда-

ры күлкі, әуелеген әсем ән бұл шаңырақтан бұлбұл үшты.

«Мүмкін, ол біздің Нұржан емес шығар. Біздің Нұржан әлі тірі, әскерде жүрген шығар?» деп өз-өзінен күбірлеп отыратын Дәметкен.

«Тым болмаса Нұржанымның жүзін бір көрсемші, арманым болмас еді!» деп күрсінуші еді Дәметкен.

«Мойныма бүршак салып құдайдан тілеп алған жалғыз ұл еді. Ақжол тілеп, тоқымын қағып, үлкеннің батасын алған құлыншағым еді. Мен құдайға не жаздым осыншалық!» деп еңірегендегі етегі жасқа толатын Дәметкеннің.

Осылайша күн артынан күндер өтіп жатты. Қылышын сүйреп қыс та келді. Қыс түскен соң бастықтар Жанғалиға көмекші етіп, Нұргалидың ортаншы ұлы—Нұрланды жіберген. Жас бала қыстың алғашқы екі айын ілекерлеп шыдалап бағып еді, ақпан туда қолын бір сілтеп ауылға тайып отырды.

— Аға, ренжіменіз, — деді әңгіменің ашығын айтЫП. — Шопан болу менің қолым емес екен, бүйтіп қысы-жазықой соңында салпаңдағанша, мен механизатордың окуына барамын.

— Анырмау, мал төлдегенше шыдасаң етті? Мен көмекшісіз қалатын болдым ғой? — деп Жанғали састы.

— Ағатай, мені қинамаңыз! Бастықтарға жөнімді айтЫП, біреуді жіберктізермін мұнда! — деді Нұрлан қылып.

Кетем деген баланы күшпен қашанғы ұстарсың. Жанғали «айнам, еркің білсін» деп Нұрланды коя берген.

Нұрлан кеткен күні бәрі орнында секілді еді. Нағыз қасірет ертеңінде басталған...

Күнде таң қараңғысынан малды жайғап, үйге қайта оралғанда Дәмеші отты жағып, шайын қайнатып, дастарқанын дайындалап отыратын. Бұл күні өдеттегідей қараша тамның есігі де ашылмады, мұржадан сыздықтап түтін де шықпады. Да лада жүрген Жанғали: «Тегі, тағы да сырқаттанып, төсектен басын көтере алмай жатыр-ау» деп жорыды да қойды.

Малды жайғап болып, жайланаңып үйге кірсе — Дәмеші бұк түсіп, пештің қасына жығылып қалыпты.

Жандарменде ұмтылып барып, әйелін жерден көтеріп алған. Көтеріп алғаннан не пайда, аяулы Дәмеші сұпсық, әлдекашан жан тәсілім етіпті...

Қасында қасіретінді бөлісер адам болмағаннан кейін, көзден жас та шықпай қинайды екен. Не керек, у жеңен бурыл бөрідей алас үрды Жангали.

Жүгіріп қора жаққа барды, ентігіп ен даланың біраз жерін кезіп қайтты. Шатырға шығып, тоңірегін шолды. Жолаушылап келе жатқан біреу-міреу көрінбес пе екен деп көкжиекке телмірді. Бәрібір, бораны үйтқыған аппак меніреу даладан өзге ештеңені көре алмады.

Амалы таусылып, сүйретіліп қайтадан үйге кірді. Дәмештің денесін ак матамен қымтай орап, он жаққа жатқызды да, пешке от жақты.

Сыртта ұлыған бұрқасын ұзакқа бармай, түске қарай бәсепсіген. Әдетте күн ашық болса түстен кейін койды далаға шығарып, кешке дейін тебіндеп қайтушы еді. Ендігісі байтал түгілі бас қайғы, Жангали дүниенің бәрін тас ұмытты. Мендуана жегендей мәңгіріп, басы дыңылдап миғұла болды да қалды. Осы күйде Дәмештің қасында отырып кешті батырды.

Қас қарайып, көз байланған кезде ғана аздал есін жинап, орнынан тұрды. Сенделектеп жүріп шам жакты. Шашпа қорада ашық қалған мал есіне түсіп, сүйретіліп сыртқа шықты. Ілбіп жүріп малды жылы қораға қамап, үйге қайтып оралды.

Тұні бойы кірпік ілген жоқ. Тұні бойы тағы да боран тұрып, таң ата өзер басылды. Боранның шуылы, пеште жанған оттың пышылы әлсін-әлсін елеңдетіп, шықарға құлак тұргізіп үміттендірумен болды. Жол торып, далаға жұз рет шығып, жұз рет кірген шығар. Көмекке жіберген адамы әне-міне келіп қалуға тиіс еді. Совхоз басшылары да ақылсыз емес қой, мынадай аязда, иен далада саулық қойды көмекші шопансыз қалдырmasa керек. Наурыз туда сақман басталады. Наурыз туда дейді-ау, енді бір жетіден кейін-ақ малдың алды төлдей бастайтын шығар.

Жіберген көмекшіні мына боранда қасқыр қамап, обалды боп жүр ме екен деп те бір ойлады. Малды бұл күні ашық қораға күн көтеріле бірақ шығарған. Әлде

көзі тұманданып көре алмады ма, әлде қидың буынан байқамады ма, қайрылып қораға кірген кезде үш-төрт жерде ағарандал шаранасына қатып қалған қозыларды көрді.

Мұның есебінше койдың төлдеуіне өлі ертерек сияқты еді, соған қарағанда бұлар түсік болды... Кеше малға шөп салмай күні бойы боранға қалдырып, түнде ғана қораға кіргізгені есіне түсті.

Козыларды шаранасымен қоса жинап-теріп, былай апарып адам аяғы баспас бір түкпірге көміп тастады. Қарды аришып, тоң боп қатып қалған жерді тоңқылдатып қазу да оңайға соқнады. Қара терге түсіп шаршап, жүрегі сазып, көзі қарауытып сүйретіліп тағы да үйге кірді. Кешеден бері нәр татпағанын ойладп, от жағып, пеш үстіне шәйиек қойды. Күндегідей самауыр қайнатып, Дәмештің құла шайын сораптар заман қайда! Осының бөрі өнінде емес, түсінде болып жатқандай ештеңеге сенгісі жок.

Шаршаган миы бір сәтке демалып, қатты бір сілкінсе — мынау сңесін езген буалдыр сағым дүр серпіліп, сейіліп кетердей елестеді. Сосын Дәмеш те үйқысынан оянып, күндегі қадетімен құйбендең жүріп самауыр қайнатардай, дәмден дастарқан жасардай көрінді.

Дастарқан жасап жүріп:

«Ауылдағы балалар қайтіп жүр екен, құлындарым... Оқудағы Ризадан да көп болды хат жок» деп Жанғалиға мұның шағатын тәрізді. Сосын жайлап орнынан тұрып, бұрыштағы Нұржанның өскер киіміндегі суретін алақанымен аялай сипайтын сияқты. Сипап тұрып, күбір-күбір сөйлейтін сияқты.

Дариға-ай десенші, сонын бөрі енді мәңгі орындалмайтын арман боп қалмаса жаарар еді!

Оянатын шығар деп үміттенген Дәмеші ақ матаны бүркеніп, он жақта жатқан жерінен қозғалар емес. Иесін сарғая күткендей сары самауыр да бір шетте мелшиіп қапты. Серпілейін, мынау тұманнын айығайыншы деп, қолымен қос шықпытаң қысып-қысып жіберді. Бәрібір одан да дәнене шықпады. Миында мың сан құмырсқа онды-солды ағылып жатқандай, сағымды сұр дүниенің айығар түрі жок.

Тұс ауа шана жегіп, қорадағы малға сүрлем шашты. Соңынан шаналы атпен жолға шығып, біраз жерге дейін желдіртіп барып қайтты. Қаңғып жүрген ит-құс болса да жолығар ма деп еді. Қанын ішіне тартқан сұп-сұр даладан көз тоқтатар, ес боларлық қарайған таппай, босқа сандалып, шаршап қайтты.

Совхоздың жіберген көмекшісі бойында жаны болса бүгін жетуге тиіс еді. Әлде қыс ішінде бастықтар көмекшіге лайық кісі таба алмай, әркімді бір сұрап, қиналып жатыр ма еken? Олай болмаса керек-ті. Өйткені, бұл ауылда қыс айында екі азаматтың біреуі жұмыссыз. Тілін тауып жұмсар болса көмекшілікке кісі табылады. Көмекші деген өз алдына, бастықтардың да қыстауға бір келіп, Жанғалидың хал-жағдайын біліп кетер уақыты жеткен. Адамды койшы, қоғамның малының да сұрауы болмағаны ғой сонда! Бұл ағайындар неғып осыншалық салақсып кетті?

Күрсініп еді, көкірегі қақырап кеткендей болды. Жылқыны суғарып, кеш түсे жаймалап малға тағы шөп шашты. Кешегідей емес, бүгін малды сұыққа ұзақ қалдырмай, қораға ертерек қамады.

Бұл тұні маздал жанған пештің қасында отырып, аз-мұз көз шырымын алған болды. Киініп бес-алты мәрте далаға шығып, шам алып корада жусаған қойды аралап қайтты. Таңға жуық екі қой төлдепті, біреуі егіз, біреуі жалқы еken. Шаранасын тазалап, мұрыннан үрлеп дем салып, қозыларды енесімен қосақтап жылы үйшікке апарып қамап қойды.

Бүгін келмесе бәрін тастап ауылға шабам деп тастай бекініп еді, оған тағы ұяты жетпеді. Төлдей бастаған өкіметтің малы иен қалғандай болса — жұт тигендей, мына аязда қырылып қалар. Мұның қасіреті — жеке бастың қайғысы, ал қоғамның малы қырылып қалса — бүкіл совхоз, ел-жұрт қарабет болар. Осы ой тежеу болып, ашуын сабырға жендерді.

Ауылдан ертелетіп шыққан адам бұл жерге қас қарай жетеді. Ал бәкүн-шүкін шаруаға қарайлап, тұс ауа жолға шыққан кісі тұн ортасында келуі тиіс. Олай болса жіберген көмекшісі әлі күнге неғып жете алмай жатыр? Не болды, не көрінді бұларға?

Қораны аралап малды тексеріп, күн көтеріле үйге кірді. Кірген бойда үй ішін жайлаған бөтен иіс қолқасын қапқан. Оның не иіс екенін сезді. Күндіз-тұні дамылсыз от жағып отыр, үй жылы, жылыға шыдамай мәйіт істене бастаған-ау, сірә. Қайран Дәмеш-ай! Балаларының ардақты анасы болған, Жанғалиға аяулы жар болған Дәмеш, алтын басың қор болды-ау! Ағайынды күтіп иен үйде осынша күн жатамын деп ойлады ма екен? Шырқата салған әнімен ел-жүртты аузына тамсандырып, өзіне көпшілікті ынтық еткен өнерпаз Дәметкен! Енді, әнеки, ешкімге керегі жоқ жансыз мәйіт, жылы үйде жата-жата істене де бастапты.

Тағдырдың жазуы бұлай боларын бұл Жанғали білмеді ғой. Баяғыда қойшы бол желігіп несі бар еді! Ауыл арасында жүре берсе осыншалық қындық көріп, аяулы Дәмешін дәл бұлайша корлатпас еді-ау. Енді қараши, мұң-зарын естір құлак, көрер көз болмай сандалып қалғанын.

Уай, дариға-ай десенші, ширек ғасыр бірге ғұмыр кешкенде күйеуінің бетіне тіктеп қарап көрмепті ғой бұл Дәметкен. Тракторды тастап, қойшы болды. Ауыл төнірегіндегі қыстауларды менсінбей, өзінше иен табиғатты, еркіндікті ансал, көнілі күншіліктегі Ақалақаны қалады. Алыс кеттің-ау деп Дәмеш онда да қабак шытқан жоқ. Балаларын тәрбиелеп өсіріп, үйін мұнтаздай тазалап, малмен бірге өрісте жүрген күйеуіне ыстық пейіл, ак дастарқанын жаюмен болды.

Жаздың жаймашуақ кештерінде, таң бозында кейде асыл Дәмеш сыйылтып бастап ән шырқаушы еді. Сыйылтып бастаған әні келесі бір сәтте құйқылжи шарықтап көк жүзіне көтеріліп, Алтайдың аскар биігінде қалықтап-дірілдеп тұрып алатын. Сөйтіп, Дәмеш ән айтқанда жел соғуын, су сарқырауын, құс сайрауын сап тыйғандай болушы еді. Ақалақаның кең анғары ән сазымен манаурап, айрықша жасанып құлпырып кетүші еді.

Алайра, сол күндер енді мәңгі-баки келмеске кетті дегенге Жанғалидың ақылы жетпейді.

Болған іске жүрегі қалайша ғана сенер екен? Тұман... ештеңені де байқап болмайтын қорғасындей сұр тұман!..

Құдай-ау, енді не істейді, қайда барады, кімге мұнын шағады?

...Мәйітті жылы үйде бұлайша ұзак сақтауға болмасы белгілі болды. Әлде от жақпай күте тұрғаны жөн бе еді? Онда өзі қай жерді барып паналайды, ауылдан адамдар келіп қалса — оларды қайда жайғастырады?

Аруақ өзі кешсін, малды жайғап қораға қамаған соң, үйге келіп, кіре берістегі дәлізден орын сайлады. Соғын Дәмештің дәнесін киізге орап, көтеріп апарып, дәліздегі тақтаның үстіне жайлап жатқызып қойды.

— Жағдай осылай болды, Дәмеш, ренжіме маған! — деді кемсендер. — Бұлай етпесем елің мен жұртың келгенше сенің сүйегінді сақтай алатын түрім жок...

Үйге кіріп, қолын шайып, бірер кесе шай сораптаған болды. Дәмешін дәлізде жалғыз қалдырғанына бір түрлі аландал, үйге сыймай мазасы кетті. Қайыра сыртқа шықты.

Дала тастай қараңғы екен. Табалдырықта Ақтөс жусап жатыр. Орны толmas әлдебір үлкен қасіреттің болғанын ол бейшара да сезгендей: үндемейді, қыңсылап тамақ та сұраған жок. Иесін алыстан бақылап, маңайламай жұр. Үйге кіріп, итке бір шелек жуынды-шайынды құйылған тамақ алып шықты. Соғын дәліздің есігін ашып, шырпы жақты.

— Жатырсың ба, Дәмеш! — деді күбірлеп. — Бұгінше осында демал. Тірі болса ертен біреулер келетін шығар. Тағы бір күн күтейік... Күтейік, Дәмеш!

Қанша сарғая құткенімен ертеңінде де ауылдан кісі келмеді.

Жанғали канын ішіне тартып, кара тастай катып алды. Мал күндіз де, тұнде де бірден-екіден төлдеп, қозының саны жиырмаға жетейін деді. Олардың бәрін ыңғайлап, бөліп-бөліп жылы үйшіктерге жайғастырыды. Ертерек туған қойдың біреуісі төлінен жеріп, қозысын аштан өлтіріпті. Енесін қайта-қайта теліп, қозыны көзден таса етпеу керек еді. Оған өзінің жайы былай болған соң, қайтеді енді!

Тұнде шам жағып, сұық дәлізде, қасында біразға дейін отырып Дәмешін күзетті. Күбірлеп сөйлесіп, әйеліне қайғы-мұнын шақты. Екеуінің баяғыдағы бал-

дай тәтті бақытты күндерін еске алды. Қайдағы бір қызық жәйттерді ойлап, кеңкілдеп құліп те қойды. Құдай-ау, бұл не құлкі, тегі, осы мен жынданатын шығармын деп те ойлады іштей.

«Мүмкін Дәмеші тіпті де өлмеген шығар? Осының бәрі тұс боп шықса қайтеді?»

Тұнде тағы екі қой төлдеді, екеуі де егіз тапты.

Ертеңгі күн тағы да мазасыз өтті. Мәңгіріп, не істеп, не қойып жүргенін өзі де білмеді. Эйтеуір, малды жайғап, қозыларды қарап, пешке от жағып, үй мен қоралың арасында күні бойы сенделіп жүрді де қойды. Бұндай азалты көргенше қораға барып аспактала салсам ба деп те қиялдады. Дәмешінен жаны аяулы боп па... Бірақ анау балаларды қайтеді? Кімге аманат етіп тастайды? Оның үстіне қоғамның қойы иесіз қырылышп қалса, артына жаман сөз ермей ме. Ондай сөз өлімнен бетер, сүйекке таңба ғой...

Қас қарай сенделектеп үйге кіріп еді, пеш қасында қарайып отырған біреулерге көзі тұсті. Кісі ме, томар ма айыра алмай, жеңімен қырау басқан көзін сұртті. Орнынан тұрып, өзіне қарсы жүргенде барып Нұрлан-ды таныды.

— Аға, бастықтар көмекші бермей қойды, әкемді ертіп өзімді қайтадан сізге жіберді, — деді Нұрлан мұңайып.

— Інім, аман-саумысындар!

Даусынан таныды, пеш қасында алақанын жылытып отырған екінші кісі — өзінің туғаны, жалғыз ағасы Нұрғали екен.

— Дәмеш көрінбейді ғой, шықарда жүр ме? — деп сұрады ағасы.

Жанғали үндеген жок. Бет-аузы бырыстанып, әлі құрып табалдырыққа шөкесінен тұсіп отыра кетті. Сонын екі иығы селк-селк етіп, қыстыға еніреп қоя берді.

Ер-азамат басымен алғаш рет жылауы еді.

\* \* \*

Мұқыр ауылның терістік тұсында жылап аққан жалғыз бұлак бар.

Ол бұлакты мұқырлықтар бүгінде «Жалбызды бұлак» деп атасады. Кейбіреулер ол бұлакты «Жанға-

лидың бұлағы» деп те айтЫП жүр. Ал, тұрасында ол бұлақтың ежелгі аты — «Әулиебұлақ» болса керек. Ертеректе, мынау іргедегі Мұқыр ғана емес, төмендегі Аршаты мен Өрелдің елі де осы бұлақты әулие тұтып, зиярат қылып, басына түнеп кетеді екен. Баяғыда осы бұлақтың қайнарында мыңжылдық мәуелі балқарағай ағашы өсіп тұрыпты. Бұлакқа келушілер оның салбыраған бұтақтарына арулап ақ байлап, балқарағайды да қасиет тұтқан көрінеді. Балқарағай ағашы бүгінде атымен жоқ: ескіліктің сарқыншағымен құрескен отызыншы жылдардың от жүректі жастары оны отынға кесіп әкетіп. Бұлақтың бір кездері әулие саналғанын, оның қайнарында жалбыздың барын мұқырлықтар әлдекашан ұмытқан болатын. Мұқырлықтар ұмытқан соң, бұлақтың да маңайын қамыс басып, жағалауы батпакқа айналып кеткен еді. Жұрт ұмытқан бұлақтың көзін аршып, өмірге қайта әкелген — осы Жанғали... Дәмеші дүние салған соң қойды біржола өткізіп, Ақалақадағы зәйімкесін тастап ауылға көшіп келген. Ауылдан үй алып, екі қызын өсіріп жеткізді, совхоздың қара шаруасын істеп, зейнетке шықты. Қазір үлкен қызы Ризаның қолында тұрып жатқан жайы бар.

Үндемей жүріп Жанғалидың діні қатты екен: ағасы Нұрғали «бас құрасын» деп араға ағайынның біразын салып-ақ еді, бәрібір көндіре алмады.

Шаруада жүрген кезінде Жалбызды бұлаққа қолы босағанда ғана баратын. Зейнетке шығып, жұмыстың бәрін қойған соң, күйбенде күні бойы басынан шықпайтын болды. Бұлак басына анау жылдары Жанғали отырғызған қарағай бұл күнде жапырақ жайған еңселі ағашқа айналды.

Жанғалиды қашан іздесең де сол Жалбызды бұлақтың басынан табасың...

\* \* \*

Осы Мұқырдың қаракшылы түйедей бүгінгі қарты кім десе — ауылдастың бәрі Бектемір молданы атар еді.

Оның жөні де бар. Өйткені Бектемір — ауылдағы шал-شاуқанның үлкені, жасы жетпістен асқан ақ сақалдысы. Эрі өзге үлкендерге қарағанда Бекенің ақыл-

парасаты да, көрген-білгені де, айла-шарғысы да, қала берді құлық-сұмдығы да баршылық. Әрине, Бекен анау Әмір құсап кітап оқымайды, газет-журнал парактамайды, жастармен бірге жағаласып күнде киноға бармайды. Бекенің сауаты — өзінің ұзак ғұмырынан түйген пайым-байламы, әмір тәжірибесі ғана. Мұқырлықтар сол себепті де кино мен оқу өтіп кеткен Әмірді «әпенді» десе, Бектемірді «ақсақал», «молдеке» деп құрметтеседі.

Бектемірдің молда атанып жүргені бертінгі кез ғой. Әйтпесе тасбыық ұстап, иман жолына түсем деген ой баяғыда үш ұйықтаса түсіне кірмейтін... Көненің көзіндегі, ескінің өзіндегі болған Ашамай молда жүзге жетіп дүние салған соң, бұл Мұқыр молдасыз қаңырап қалған. Ел іші емес пе, олім-жітімсіз тағы болмайды, ондай жағдайда ауылдастары Аршаты мен Берелге шапқылап, сандалып молда іздеп кететін. Соны көріп-біліп отырған соң Бектемір шыдамады. Ескіше қара танитын еді, анау үлкен Нарындағы ғұлама Сәйфи хазіретке барып, жата-жастанып дөріс алып қайтқан. Шүкіршілік, фатиха мен ықыласты дұрыстап қайыра білмейтін Аршаты мен Берелдің дүмше молдаларымен салыстырғанда — көзі қаракты, иман алдында ары таза Бекенің.

Жүрттың айтуынша, өзіл мен қалжыңың бәрі осы Бектемірден қалған секілді. Жастық шақ кімді еліктірмеді, кімді желіктірмеді. Бекен де жасында көксокқан перінің нағыз өзі болыпты.

— Жарықтық Нұрпейіс жазғанды ертерек көрге тыққан осы Бектемір ғой, — деп Мырзахмет өткен күндерді еске алса болды, қарқылдалап күліп жібереді.

— Көрге тыққаны қалай? — деп, ондайда әр нәрсеге құлағы түрік кітапханашы Дәuletқан елең ете түседі.

— Пенсиясына да ілінбей қайтыс болды ғой... Соны айтам.

— Ал оған Бектемірдің қатысы қанша?

— Қатысы бар, шырағым.

— Сонда қалай... Біреуді біреу өлтіріп жатса — сіздің күлгеніңізге жол болсын!

Әрине, Дәuletқан секілді дым білмес жастарға бұл ұзак әңгіме. Бұл арада «Нұрпейісті өлтірген Бектемір

еді» деп мәселені төтеден қою да жөнсіздік. Алланың елшісіндегі етегіне қарап тасбық тартқан молдекеңе оның өзі жала жапқанмен тең. Әйтсе де, бұрынғы бастық Мырзахметтің сөзі негізсіз де емес еді. Жарықтық Нұрпейістің жарық жалғаниан мойны қисайып, аяғы ақсандалап, көкірегі сырылдалап қорлық тартып өткеніне осы Бектемірдің айрықша үлесі бары рас-ты.

Тел қозыдай бірге өсіп, төс түйістірген өмірлік достар Бектемір мен Нұрпейістің қиқыметін мұқырлықтар қазір де ертегі мен жырдай ғып айтып береді.

— Нұрпейістің көкірегі бұғы мінемін деп сырылдан қалды емес пе! — дейді Нұргали ол кісі жайында.

Анау Шұбарағаш, Берел мен Өрел бұғы-марал өсіргенімен, ол кезде Мұқыр жерінде ондай тұлік болмапты. Бұғы-маралды бұл жаққа кейіндері әкелген сияқты.

Соны ескерген екі дос жаздың жаймашуақ бір күнінде қолдарына нокта мен арқан іліп, қыр астындағы бұғы-маралы қалың Шұбарағаш жаққа жол тартады. Ондағы ойлары — бұл тірлікте жақсының да, жаманың да дәмін татысты, бірақ тірі бұғыны ерттеп мініп көрмепті ғой! Анау алыс теріскеидегі ит жеккенде бұғыларды мініс көлігі ретінде де пайдаланады екен, тіпті шанаға да жегетін төрізді. Ендеше мүйізі шаңырақтанған Шұбарағаштың бұғысының олардан қай жері кем? Асау тайдан бетер емес шығар, жалына қол тигізбес асау тайды да үйретіп жүр ғой жігіттер! Олай болса бұғының да әуселесін бір байқайық деп серттесіпті достар.

Екеуі Шұбарағаштың ту сыртынан құлдилап, қалың қарағай ішіндегі сатыға келіп кіреді. Біреуі күргейлеп айдалап, біреуі алдынан тосып андып, бір бұғыны әупірімдеп шалмалап үстайды. Ұстаған бұғысын ағашқа таңып, басына нокта салады.

— Мен мінейінші! — дейді Бектемір бәрі дайын болған кезде. — «Бұғыға алғаш рет атша ерттеп мінген Бектемір болатын» деп кейінгіге жақсы атым қалсын, мен мінейін, Нұреке!

Нұрпейіс тілі байланғандай тұнжырап ұн демейді. Ол ұн демегенге Бектемір одан сайын үдей тұседі:

— Әлгі ит жеккен жақта мініп жүргендерін кітаптан көрдіңіз бе, Нұреке? Келешекте біз де бұғыны солар құсап мініс көлігі жасаймыз. Ренжімесеңіз, бірінші бол мен мінейін... Үрпакқа атым үлгі болсын, атағым өшпес өнеге болсын!

Нұрпейіс не десін, төмен қарап күмілжи беріпті.

— Жо-жоқ, Нұреке! — дейді Бекең табан астында райынан қайтып. — Аға сыйласп өскен азamatпыз, бақандай бір жас үлкендігініз бар... Жол сіздікі, бұғыға бірінші бол сіз мініңіз!

Нұрпейіс «шын айтып тұрсың ба» дегендей көзі алактап Бектемірге қарайды.

— Сіздің жолыңызды орағаным ұят шығар, Нұреке. Үрнаққа сіздің атыңыз қалсын, мініңіз, кәне!

Бектемір не айтса — соны орындалап, әбден көмпіс болған Нұрпейіс «мін» дегенге бұғыға қарғып мініп алады. Басы арқанмен ағашқа таңулы тағы аңың көзі қанталап, ақшырайып, ойнақ қағады. Досы қарғып мінген бойда Бектемір арқанды ағытып, бұғыны босатып қоя береді. Босаған бұғы шу қара құйрық деп, еңіске қарай атқан оқтай зымырай жөнеледі. Мүйізінен тас қып ұстап алған Нұрпейіс шыбын жаны шырқырап, ұшар қарғадай желпілдеп бұғы үстінде кете барады.

— Ау, Нұреке, жеткен жеріңе сәлем айт! — деп айқайладап, қол бұлғап Бектемір қалады.

Бекең асықпай арқанды жинап, аяңдалап басып ылдилап келе жатса — жүз жылдық алып қарағайдың көлденең бұтағында Нұрекен тұр дейді салбырап. Жан жоқ, тіл жоқ, кірпігі ғана өзөр қимылдайды екен.

Бұғының екпіні ондырсын ба, көлденең бұтақ кеудеден соққан кезде төс сүйегі зақымдалған тәрізді, тілге келе алмай сол жолы Нұрпейіс үйінде сілейіп үш күн жатыпты.

Тағы бұғыны тізгіндеймін деп бұтаққа соғылған сол күннен бастап Нұрпейістің көкірегі сырылдайтынды шығарыпты.

Ал Нұрпейістің сап-сау аяғының сынып, ақсап қалатыны бертінірек, жетпісінші жылдардың басы екен.

Қоңыр күз келіп, балқарағай қарасүйектенген шақта екі досқа бірде желік бітеді ғой. Екеуі екі атты сайлап,

қоржындарын тендереп тауға қарай тартады. Тауда қос тігіп, жайланып жатып, екі күн ақ тер, қара тер бол балқарағай соғыпты. Үшінші күні болғанда Бектемір:

— Нұреке, бәрі дұрыс-ау, бірақ ағаш-ағаштың ұшар басында балқарағайдың ең сүйектісі, ірісі қалып барады. Биқтен жасқанып басына шықпай, тәуіріне жете алмай қор бол жүрміз. Әттең, қол-аяғым сіз құсаған жеңіл болса, тиін секілді ең ұшына өрмелеп, есемді жібермес едім. Қайтейін, енді мынадай дөңгеленген қарынмен!.. — деп арман етеді.

— Бекесі-ау, ағаштың ұшар басына шығып әуре болғанша, жанындағы шашылып жатқан береке-байлығы да бізге молынан жетіп жатқан жоқ па? — дейді Нұрпейіс досының арманын түсінбей.

— Нағыз сөлі, нағыз шырыны басында ғой, Нұреке, — деп Бектемір де тоты құстай тақылдаپ тұрып алады. — Әттең, шыға алмаймын, шыға алғандай болсам қалталдағы қоқысты қайтер едім, шіркін-ай десенші!

— Ендеши мен шығып көрейін, — дейді досының тілегін екі етпейтін Нұрпейіс біртүрлі жігерсізденіп.

— Жолыңыздан жарылқасын, Нұреке! — деп Бектемір досына оң сапар тілейді.

Нұрпейіс мәуелі балқарағайға жабысып, басына қарай тиінше өрмелей жөнеледі. Шығып барады, шығып барады, балқарағай дегенің осыншама биік болар ма, таусылып болар емес дейді.

— Қалай, ұшына жеттім бе? — деп шаршаңқырап қалған Нұрпейіс жоғарыдан ентіге айқайлайды.

— Жоқ, тағы да шығыныз, — дейді жердегі Бектемір ол кісіге бағдар сілтеп.

— Енді қалай?

— Тағы біраз...

— Енді ше?

— Тағы да аздап...

— Ал енді ше?

— Тағы...

— Ойбай, сынып барады...

— Ештеңе етпейді, бекем болыныз, тағы шыға түсіңіз!

— Ойбай, Беке, ұшт-е-ем!

— Қайда, Нұреке? Қайда ұштыңыз

— ?!

— Ауылға ұшсан бокты менен бұрын жетерсің! — деп, Бектемір атына міне салып, ауылға қарай тырагайлатып шаба жөнеліпті.

Аттың қан сорпасын шығарып, далақтап шауып Нұрпейістің үйіне жетеді.

— Ау, Нұрғызайын, Нұрекең келді ме? — дейді дәй даладан айқайлап.

— Келгені несі? Екеуің тауға бірге кетіп едіндер ғой? — дейді Нұрекеңнің әйелі түкке түсінбей.

— Айттым ғой, әне! — дейді Бекең. — Ауылға бәрібір менен бұрын жетпейсің деп, айтқаным айдай келді менің.

— Немене, екеуің жарысып па едіндер? Коржындарың қайда тенденген?

— Коржын да, қос та тауда ғой... оларды қойшы... Нұрекенді айтам, Нұрекең ең биік бір балқарағайдың басына шығып алып, канатын қомдап «ұштым» деп мақтанды маған. Ұшсан да менен бұрын жетпессің деп, мен де намысқа тырысып шаба жөнелдім!

— Не дейді мына көксөккан?

— Бетім-ау, мынауың қалжының ба, шының ба?

— Мына кісі жынданған шығар...

Ел-жұрт Бектемірдің бұл қылышына сенер-сенбесін білмей аңтарылады. Екі-үш жігіт аттарына міне салып, тауға қарай шабысады. Барса, балқарағайдың түбінде алшысынан түсіп серейіп Нұрпейіс жатыр дейді. Бетаузы қан, киімі жұлым-жұлым жыртылған, тіл-ауыз жок. Зембілге салып шала-жансар күйінде көтеріп жігіттер Нұрпейісті үйіне алып келіпті.

— Ойынның да жөні бар, адаммен осылай ойнауға бола ма екен! — деп естіген жұрт Бектемірге реніш айтты. — Әліп қалса қайтер едің!

— Бұтағы қалың балқарағайдан құлаған адам онайлықпен өлуші ме еді, — депті Бекең де беті бұлк етпей.

— Жаман айтпай жақсы жок, мерт болса қайтер едіңіз?

— Мерт болса — терең қазып тепкілеп көмер едік... Нұрғызайынның әменгері бол өзім қалар едім, — депті Бекең міз бақпай.

Ұратын емес, соғатын емес, елуге келген соқталдай азamatқа жұрт не істесін... Тентекті тезге салғанмен түзелмесі белгілі. Тыжырынып жек көрісіп, күнкілдең сыртынан сөз айтқаннан басқа қайран жасай алмапты.

Әрине, бұл оқиға Бекенің абыройын аспандата қойған жоқ. Өйткені балқарағайдан құлаған әлгі оқиғадан кейін Нұрпейістің аяғы сынып, бұғанасы шығып, мойны қисайып, жарымжан бол қалса керек.

Осыдан кейін екі отбасы біраз жыл бір-бірімен қырбай бол жүреді. Жылдар жылжып өтіп жатады. Нұрпейістің ақсал қалған аяғы жазылады, қисайып қалған мойны түзелмесе де түзелгендей болады. Тән жарасымен қоса жан жарасы да жазылып, өткеннің өкініші ұмытыла бастайды. Ақыры саудайы екі досты Мырзахмет бастық қайыра табыстырып, алдарына үйір-үйір жылқыны салып береді де, Арғыт тауының арғы жағына асырып жібереді. Сол жылы бакқан тайыншаларын құзде етке өткізіп, сандалып бос қалған Лексейді де анау екеуіне қосып, үшеу өтіп бірге қоя береді.

— Арғыттың арғы етегі жылы, жылқыларды тебіндептіп, сол жақта қыстап шығындар! — деп тапсырады бастық.

Бастық айтқасын жан қала ма, бір жарым күн жол жүріп жылқыны айдап, үшеуі айтқан жерге де жетеді. Қысы қатты құдай атқыр Мұқырға қарағанда, бұл жақтың ауа райы әжелтәуір жылы келеді екен. Оқтын-оқтын көшкі түсіп, қырат-беткейлердің қары аршылып, тілім-тілім қарайып жатады екен. Баға білген малшыға өріс жеткілікті, малды көшкі түскен шашынға тебіндептіп, алаңсыз қыстап шығуға болатындей жайлыш мекен екен.

Алдымен ықтасын бір тұска қостарын тігіп, асты-үстіне қабаттап киіз жауып қымтайды. Қостың іргесінен жылқы жусар қора ыңғайлайды. Жылқының семіздеу біреуін сол күні жайратып соғымға сойып тастайды. Қостың касынан шатыр тігіп, оны ет сақтайтын салмаға, тамақ сақтайтын қоймаға айналдырады.

Осылайша, оңаша шыққан үш еркектің өмірі жәрмеңкенің базарындағы өтіп жатады. Жылқыға кезектесіп шығады, кезектесіп тамақ жасайды, тіпті аң-

құс атуға да кезектесіп барып жүреді. Ана екеуіне қарғанда аңшылыққа аздаپ Бектемірдің бейімі бар екен: бір барғанда кекілік атып, келесі жолы ор қоян қанжығалап қайтады. Нұрпейіс пен Лексей күні бойы бос тентіреп, тұқ таппаған соң, аңшылық өнерден екеуі де мұлдем бас тартады.

Жәрменкенің базары да қашанғы жалғасар дейсін. Күндердің күнінде оның да қызыуы басылып, қызығы қайта бастайды. Арада бір ай өткеннен кейін үш еркекті осынау саяқ тірліктері жалықтырғандай болады.

Таңертенгілік тамағын ішіп, бірде Бектемір кезегі бойынша жылқыға кетеді. Кезегі бойынша Нұрекең орман кезіп, аң қарауы тиіс екен. Ол тірлігінен бәрібір нәтиже шықпасын білген соң дем алып Лексейдің қасында қоста қалады. Ет турап, тамак дайындал жүрген Лексей төр алдында жамбастап, тісін шұқып ерігіп жатқан Нұрпейіске былай дейді:

— Эй, Нұреке, осы сен қашанғы Бектемірдің илеуіне көне бересің? Аңқаулығыңды пайдаланып, ол қашанда сені жас баладай алдауға тұсіріп жүргені... Ақыры, әнеки, содан жарымжан боп қалдың!

— Оның рас қой, — дейді Нұрекең мойындал. — Бірақ Бекенің салдыры бар да, салмағы жоқ ақкөңіл кісі ғой...

— Пәлі, аяқты сындырып, мойынды қисайтса да құрдасынды актағың келеді... Ол ойынға жатпайды, Нұреке? Көзінді ашып қара! Қорғанбасаң, қарға да көзінді шоқиды.

— Қазақтың ойыны қашанда қатты ғой.

— Ендеше сен де есенді алсаншы. Екеулеп қарымта қайтарсақ қайтеді өзіне?

Өстіп екеуі құпия келісіп, ұзак жылдар бойы қордаланған Нұрпейістің кегін бір қайтармақ болысады.

Жылқыдан қайтқан Бектемір кештетіп қосқа кіргенде — Нұрпейіс пен Лексей төр алдында алшыдан тұсіп тырайып жата қалысады.

— Оу, не болды сендерге? — дейді Бекен.

Лексей көзі кілип, тілін шайнап, былдырлап сөйлей алмайды. Араға Нұрпейіс тұседі:

— Лексей бір боза ашытып... соны ішіп мас бол жатырмыз,- дейді.

— Ол қандай боза? Сарқыт қалдырындар ма? — дейді Бекен де әуестік білдіріп.

— Эне, кәстрөлде ... сенің сыбаған, — дейді Нұрекен.

Суықтан бойы тоқазып келген Бекен сөзге келмей кәстрөлді басына қотара салады.

— Ашы екен... Бұл қандай боза өзі? — дейді жақтырмай тыжырынып.

Ана екеуінде жауап жок, түк естімегендей қайтадан қорылға басады. Қашанғы отырсын, дайын тамакты ішіп болған соң, Бекен де көрпе, жастығын салып, төсекке қисаяды. Таудан шаршап қайтқан Бекен төсекке бас қойысымен-ақ қор ете қалады. Оның ұйықтағанын күтіп жатқан Нұрпейіс Лексейдің үйретуімен орнынан тұрып, үйдің есігін арқанмен шандып байлады да, қайта келіп үнсіз жата қалады.

Тұн ортасына қарай Бекен ыңыранады. Сосын ұйқысырап бір аунап түседі. Қатты мазасызданып, сәлден соң оянып кетеді. Ішін басып, ары-бері дөңбекшіп біраз жатады. Онымен де басылмаған соң, жайлап орнынан тұрып, иығына тұлып іліп есік жаққа барады. Қараңғыда сипалап есікті аша алмай біраз әуреге түседі. Шыны аяқты салдырлатып сіріңке іздейді. Лексей күндізден тығып тастаған сіріңкені қайдан тапсын, амалы құрып қайыра есікке ұмтылады. Шандып байланған арқаның түйінін шеше алмай ұзак қиналады. Ана екеуінде үн жок, көрпемен бастарын тұмшалап, ауыздарын басып, Бекенін әр қимылын андып жата береді. Ішті бұраған дүлей күш ақыр сонында шыдатпаған болар, есікті аша алмай, әбден қиналған Бекен не заматта:

— Так әкенің... қап! — деп табалдырыққа жалпиып отыра кетіпти.

Мұның бәрін естіп-біліп жатқан төрдегі екеу айыздары қанып, күлкіден іштерін басып мәз болысады.

Таң да атады. Түк білмегендей Лексей мен Нұрекен де орындарынан тұрады. Бұл тұнде ештеңе болмағандай-ақ Бектемір де сыр бермейді:

— Ойға түсіп, шай-شاқпыт, нан-сұн алып қайтайдын, — дейді Бекен. — Жылқыны екеуің кезектесіп

баға тұрындар. Сонынан сендер де ойға түсіп, моншаға шомылып қайтарсындар.

Осылай уағдаласып, Нұрекең жылқыға кетеді, Бекең атын ерттеп, қоржын-қопсысын артып, ойға қарай тартады.

Содан суыт жүріп отырып қас қарайып, ымырт үйріле Бектемір ауылға жетіпті. Ауыл іргесіндегі қыр басынан құлдилағаннан-ақ «ой, бауырымға» басады ғой. Айдаладан айқайлап жоқтау айтып, қалың итті шулатып, барша ауылды дүрліктіріп ат басын Нұрпейістің үйіне бір-ақ тірейді. Шашын жұлып аңырап Нұргызынын алдынан шығады. Сонымен не керек, Нұрекеңнің шаңырағына жарты ауыл жиналып, азан-қазан болысады.

«Арманда кеткен Нұрекем, қапыда кеткен Нұрекем-айласп» Бекең аһ үрып, қақырынып-түкірініп, іштегі қайғысы мен құсасын запыранмен шығарған болады.

Оқыста не болғанын әлі жете түсінбесе де, Нұрпейістің қапияда мерт болғанын ұғысып, жиналғандардың да қабырғасы қайысады.

Ел-жұрт есін жиған кезде барып, Бекең тай-құлындағы тебісіп бірге өскен қайран құрдасының қалайша мерт болғанын ұзак сонар әңгіме етеді. Сығымдаپ көзіне жас алып отырып айтқан Бекеңнің сондағы әңгімесі мынау екен.

Томага-түйік Нұрекенің аңқау деп, момын деп былайғы ел албаты шатып жүргенге ұқсайды. Ер егесі еңісте, батырды кебенек ішінде таны деген, нағыз Нұрпейісті жылқы бакқан саяқ өмір танытты. Сөйтсе — Нұрекең сегіз қырлы, бір сырлы сырбаз жігіт екен ғой! Былпытып тамақ пісіріп, әспеттеп әсіп жасағанын, яғни тілді таңдайға тақ еткізер дәмді дастарқан өзірлеген өнерін былай қойғанда, біздің Нұрекең құралайды көзге атқан ақырзаман аңшы бол шығыпты. Екі күннің бірінде елік атып, етке кенірдектен мелдектеткенін санағанда, арадағы бір айдың ішінде алты бұлғын ұстапты. Құдай кешсін, аузынан жазып Бекең қате айтыпты, өлер күні ұстаган әнебіреуісін косқанда, жеті бұлғын екен ғой! Аңшылыққа деген осындай көзсіз құмарлық Нұрекенің ақыры алып жығып, мерт етсе керек... Ал-

дыңғы күні терісті тентіреп, аң аулап жүрген кезінде, Нұрекен оқыста аюдың апанына құлап кетеді. Мезгілсіз оянып кеткен шатын аю ондырысын ба, Нұрекенді екі бүктеп астына салып, пәршелеп тастапты. Жоғалған Нұрекенің соңынан Лексей мен Бектемір іздеп шығып, аюды атып, Нұрекенің шашылған сүйегін жинап-теріп қапқа салып, қос басына көтеріп алып келіпті.

Нұрекенің басы, бір қолы мен ақсақ аяғы бөлек қалған екен, бәрін киізге арулап ораң, ойға түсіруге дайындал қойысыпты. Жылқы мен қосты күзетіп, көзі бұлаудай бол Лексей қала беріпті, тездетіп ауылға хабар беру үшін бұл Бектемір ойға тартыпты.

Бар жағдай осы екен.

Мұндай қасіретті естіген елде ес қала ма, түні бойы үйқы жок, сүйекті алып қайтуға төрт ат, төрт жігіт, бір зембіл дайындал, таң атпай Арғытқа аттанысады.

Ертеңінде жақын жерге ат шаптырып, алыстағы жұрағаттарға телефон шалып, телеграмма салып хабар беріседі.

Өлімге деп Нұрпейістің жарап тұрған кер биесі сойылады. Бұл күні Бектемір қатын-қалашқа бас-көз болып, ақыл-кеңесін айтып Нұрекенің ошағының басында жүреді. Келесі күні таңертең Мырзахметке барып:

— Бірер күнге аудан жақты жағалап, жүрегімді тексертпесем болмайтын сияқты... Мына сұмдықтан кейін жүрек жазған аздал шайқалып кетсе керек. Рұқсат ет! — деп өтінеді.

— О не дегенің, Беке? Барып қайт... Құрдас деген оңай емес қой, біз сіздің жағдайыңызды жақсы түсінеміз, — деп Мырзахмет асқан түсіністік танытып, сөзге келмей рұхсатын беріпті.

Бастықтан рұқсат алған Бекен аудан қайдасын деп безіп отырады.

Арғытқа кеткен төртеу де келесі күні қалың қарды омыраулап, сүйретіліп жетеді.

— Не болды? Сүйек қайда? Зембіл қайда?

— Нұрпейіс өлмек түгіл, дәнеңе еткен жок, дін аман... Лексей екеуі жылқысын бағып, Бектемірді күтіп тауда жатыр, — дейді Арғыттан қайтқан шабармандар күлкіден іштерін басып...

Мұны естігенде Мырзахмет бастық ашудан жарыла жаздалты. Нұрғызайын болса өздігінен жүруден қалып, сүйемелмен төсекке барып құлапты.

Жылқы сойылған, қой бауыздалған, қазан-ошак асылған, алыс-жақындағы жұрағат-жекжат жиналған, не істеу керек енді?

— Мұндай қорлықты көрсеткенше Нұрекемнің аман-есен өлгені жақсы еді ғой! — деп Нұрғызайын бетін басып ойбай салыпты.

Бұл бұрын-сонды ел естімеген сұмдық еді. Ауданға кісі шаптырып, Бектемірді жауапқа тартатын емес, жиналған елдің бірі күліп, бірі жылап, етті жеп, тамақты ішіп үйді-үйіне тарқасады.

— Ыңғайсыздау жағдай болған скен, неге осыншалық қатты кеткенсің? — деп кейіннен құрдастары Бекеннен сұраса керек.

— Қос ішінде қиналып, менің масқара болғанымды білсендер — жылқы соймак түгілі, түйе сойғызар едіндер! — депті Бекен.

— Эй, Нұреке, Бекенді соншалықты нағып қинап, масқара етіп жүрсіндер? — дейді құрдастары Нұрпейіске.

— Боза деп терінің иін ішкізіп едік... — дейді Нұрекең күмілжіп.

— Ендеңе, екеуінің де есептерің түгел бопты! — деп құрдастары Бектемір мен Нұрпейісті бәтуаға шакырып, қол алыстырып татуластырған екен.

Мінеки, екі достың қиқыметі осындай...

Нұрпейістің дүние салғанына да қазір біраз жыл болған. Шүкіршілік, Бектемір аман-сау, Мұқырдың ак сақалды, сары тісті көсемі, қадірлі қариясы бол жүріп жатыр.

\* \* \*

Ел басына күн туып, күнбатыстан соғыс өрті шыққан кезде Мұқырдың да біраз ер-азаматы майданға аттанған болатын.

Содан аман-есен ауылға оралғандары алтау еді.

Қазір сол алтаудың ішінен қалқып тірі жүріп жатқандары Әмір мен Метрей, Бектемір мен Нұрғали ғана.

Арызқой Орынбайдың денсаулығы келіспей, өскерге жарамай қалған. Мырзахмет бастық ол заманда да ат үстінде жүрген шолақ белсенді-тін, тылды нығайту мақсатында военкомат ол кісіні арнайы броньмен қалдырыпты. Ұзынұра Лексей ішкі жақта өсті ғой, соғыс жылдарында ол әлі кәмелетке толақоймапты. Қанапия мен саңырау Кәрім соғысқа қалайша бармай қалды, ол жағын өздері де білмейді. Өзі соғыстың иісін сезбесе де, соғысқа барып қайтқандар жайында пікірді көп айтатынның бірі — тағы да сол Қанапия.

— Әмір әпендей дауым жок, — дейді Қанапия. — Нағыз передовойда болып, кантож бол қайтты ғой... Ал анау Нұрғали мен Бектемірге менің күдігім бар...

— Неге? — дейді ондайда қызыққа құмартқыш Рахман секілді өуескөй жастар.

— Бектемір басқалармен салыстырғанда ақылды әрі айлакер. Соған қарағанда ол штабтың маңында жүріп, жанын сақтап қалған сияқты. Бекенің «соғыста оқтиіп, жараланып едім» дегенін естігендерің бар ма?

— Жок.

— Міне, көрдіңдер ме... Соғыс төрт жылға созылды. Осы төрт жыл ішінде қарша бораған қалың оқтың біреуі, тым болмаса саусағының үшін сызып кетпеді дегенге кім нанады.

— Рас айтасыз...

— Яғни, бұдан біз Бекен штабта, бастықтардың қасында, жылы жерде бұғып қалған деген жорамал жасаймыз.

— Нұрғали ата ше?

— Нұрекең Бектемірмен мен секілді оқығаны жок, қара танымайды. Мылтықты да қай жағынан атуды білмейді. Сондықтан Нұрекең отын жарып, күл шығарып, асхананың айналасында жүрді деген болжам бар.

— Бір аяғы жок қой... протез?

— Пәлі... Сендер оның аяғы соғыста жоғалған деп жүрсіңдер ме?

— Әрине!

Қанапия қарқ-қарқ күліп, төңкерілген қарынын риза пейілмен аялай сипап қояды.

— Нұргали жаман аяғын соғыста садақалаған болса — хан көтеріп құрмет көрсетпес пе едік... Ол бейбақ аяғынан ай мен күннің аманында айрылып қалған.

— Қайтіп?

— Көккөлде кен қазам деп желігіп, көшкіге қалып, аяғы үсіп, гангрена бопты ғой. Сонын браштар кесіп тастапты.

Қырқылжың Қанапияның ауылдағы соғыс арда-герлері туралы жастарға айтар уағызы, міне, осындай. Ал тот басқан қаңылтырдай өн бойы шұрық-тесік, беті тыртық, өзі «кантож» Әмір туралы әңгіме бола қалса — сөзшең Қанапияның да аузына құм құйылатын.

Мұқырлықтардың баршасы Әмір шалды көзінше «Әужеке» дескендерімен, кейде сыртынан «әпенді» деп те атасушы еді. Ал бәйбішесі — Рәзия кемпір «кантож» дейді. Рәкеңнің «кантож» дегені — контужныйсың, байқұс, сенің миң шайқалып, есің ауысыңқырап кеткен деп шалын кемсіткені болатын.

Рәзия — Әмір шалдың құдай қосқан қосағы болғасын да бірденені біліп айтады...

Ол кісінің Ұлы Отан соғысынан миң шайқалып, шашы жидіп түсіп, қыли көзденіп жарымжан боп қайтқаны рас-ты.

Қырық үштің қақаған қысында қош айтысып майданға батыс жаққа кетіп еді, германымен қоса жапондардың соғысын да тамамдал, үйіне қырық алтының жазында шығыс жақтан оралған. Соғысқа он тоғыздады қылышылдаған бозбала күйінде аттанып еді, соғыстан бет-аузы тыртық, әжім мандай егде тартқан ерек бол қайтқан. Содан бері Әужекенің ел құсап жадырап құліп, жазылып сыр ашқанын ешкім әлі көрген жок.

— Әужекен баяғыда Рәзияға үйленгенде де тобық жүтқандай томпиып отырып алған, — дейді Бектемір соғыстан соңғы аздаған қуаныштарды еске алып. — Тойға жиналған жұрт өлең айтып, би билеп жатыр, ал Әужекенде үн жок, той біткенше отырған орнынан тыптыр етпеді.

Әужекен үндемей жүрсе де үйдей шаруа тыңдырып жүретін кісі. Әрі Әужекенді мұлдем үндемейтін, жақ ашпайтын жан екен деуге тағы болмайды. Ол кісі қай-

да жүрсе де өзімен-өзі күбірлеп сөйлесіп, қашанда тұңғық ойға батып жүреді. Мінеки, соғыс біткелі де қырық жылдан асты, Әужекенді содан бері түйіні қын бір мәселе әлі күнге мазалап келеді. Миң құрғыры қаттырақ шайқалып кеткен бе, соғыстағы командирінің аты-жөнін шатастырып алышты. Әужекендин ұғымында — бұл барып тұрған опасыздық, сондықтан өзінің бұл жөнсіздігін әсте кешіре алмайды. Қырық жыл бойы жатса-тұрса осы жайды ойлап, қиналумен келеді... Әй, өзі де бір от алғандай өрт жігіт еді ғой! Кіші лейтенант болатын. Алматыда оқу оқып жүргенде әскерге шақырылыпты. Гармоньда ойнаған кезде көз ілеспес виртуоз еді, әнді де әуелете шырқап беретін, әңгімеге де шешен еді сабазын. Өрімдей жас жігіттің өнері құмарынды қандырып, қайран қалдыратын. Амал қанша, сол жігіт минаға түсіп, оқыс мерт болды. Тұгі де қалған жок. Лағнет атқыр сүм соғыс болмаса ғой, ол жігіттен әдемі азамат, өнерпаз өрен өсіп шығар еді-ау! Он екіде бір гүлі ашылмай жатып қыршынынан қылды да кетті әнеки! Бойындағы бұлқынған қуаты, бұлықсыған таланты, бәр-бәрі өзімен бірге кетті, мәңгі баки келмеске кетті. «Тағдыр дегенің әділетсіз екен. Әділет болса — соғыста мен өліп, ол тірі қалар еді ғой? Сөйтіп, ондай асыл азамат ел-жұртқа менен гөрі көбірек пайда тигізер еді, көбірек қуаныш әкелер еді», — деп қиналатын кейде Әужекен.

Өлер адам өлді, қанша қиналғанмен енді оны қайтып тірілте алмасын тағы біледі. Оның орнына нағып мен өлмедім деу де астамшылық шығар, тегі. Мәселе — мезгілсіз шейіт болған сол азаматтарды қастерлеп есте сақтауда ғой... Әужекен болса — есте сақтағаны сол, ол жігіттің аты-жөнін де ұмытып калыпты. Әрине, ол кісі офицер, взвод командирі, бұл болса — қатардағы солдат. Офицермен төс қағыстырып, арқа-жарка дос бола алмасын тағы белгілі. Екі арадағы әңгіме де көбіне ресми: «Жолдас командир, жолдас пәленшеден» әріге аса алмайсын. Әскер болғасын байқұс солдатқа бастықта көп, командир де жетеді ғой. Әйтсе де ол жігіттің орны бұларға бөлекше еді. Енді, міне, сол бір әндей әдемі азаматтың Игіліков Мұсілім бе, әлде Мұсілімов

Игілік пе — алмастырып алғаны бұл Әужекенің. Қырық жылдан бері есіне түсіре алмай, пұшайман хал кешіп, өстіп басы қатып жүргені.

— Рәзия, — дейді кейде бәйбішесіне баяу ғана үн қатып. — Есіме түсті, Игіліков Мұсілім болатын. Тура солай... Жарықтық, жаны жайсаң кісі еді ғой!

— Рәзия, — дейді келесі күні жігерсіздеу тіл қатып. — Кеше қателестім білем, ұмытпасам оның аты Мұсілімов Игілік секілді. Осындай асыл азаматтың атын неғып шатастырып алдым екен?

Рәзия апай шалының сөзіне баяғыда бұлқан-талқан ашуланушы еді. Жүре келе оған да құлағы үйреніп алды. Қазір тіпті адам екен деп шалына жауап бергенде де қойған... Мұсілімов Игілік пе, жок әлде Игіліков Мұсілім бе, Рәзия апайдың онда қандай шаруасы бар? Жұнін түтіп, ұршығын иіріп, насыбайын атып өз жаймен отыра береді.

Көптен көңілін алаңдатқан мазасыз ойлар құндердің бір күнінде Әужекенді әлдебір шешімді шаруаға бастаған болатын.

Әужекен қолына білемдеп балтасын ұстап, беліне шотын қыстырып, бірде ауылдың шетіне қарай аттанған.

Ауыл іргесіндегі қырқаның ұстінде сидиып баяғыдан балқарағай ағашының мұжілген көрі молағы тұратын. Барған бетте Әужекен әлгі молакты шауып өндеп, ойға алған шаруасына кірісп берген. Содан, ол кісінің неше күн ақ тер, қара тер боп арпалысқаны белгісіз, казан мейрамының қарсанында жұмысын аман-есен аяқтап шықкан.

Сөйтіп, ауыл іргесіндегі қырқаның биігінде қолына автомат ұстаған, басына каска киіп қасқайып тұрған солдаттың ескерткіші пайда бола кетті.

«Әмір шал алжиын деген бе, қу молакты жаңқалап не істеп жүр?» — деп мұсіркеген жұртшылық жарқыраған ескерткішті көрген кезде бастарындағы бөркін шешіп, тағзым етісті.

Соңынан Әужекен ағаш мұсіннің астына көлдененін жалпақ тақтай шегелеп, тақтайға қызыл бояумен «Сендерді ешқащан ұмытпаймын!» деген ұран жазып қойды.

Былайғы шаруаны санамағанның өзінде, ағаштан адам шапқан кісінің шеберлігін айтып жату артық шығар. Ендеше ағашқа қолы щебер кісі жазуды да тастай етіп әдемілеп жаза алады екен. Кол білген соң аянсын ба, Әужекен жаңағы «Сендерді ешқашан ұмытпаймын!» деген ірілеу ұран сөздің астына: «Махарадзе, Игілік Мұсілім, Сегізбай Айдарбеков» деп кішілеу қаріптермен үш адамның атын маржандай етіп қосымша тізіп шыққан.

— Мұқыр ауылында Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған ескерткіш жоқ. Ескерткіш жасап бергеніңіз үшін, Әмір ақсақал, сізге мың да бір ракмет! — деп кітапханаши Дәuletқан ескерткіш біткен күні дүкен алдындағы жүрттың көзінше Әужекене зор ризашылық білдірді. — Мен бастықтарға барып айтайын: жетінші ноябрь күні біз бұл ескерткішті ресми түрде ашайық. Сіз оған дейін бұл ескерткішті аппак матамен жауып қойыңыз... Көрінгенге көрсете берсеңіз көз тиеді.

— Оның да жөн шығар... Бірақ әлгі ақ мата дегенді қайдан алам? — деп Әужекен ауыл мәдениетінің белді өкіліне шындығын айтты.

— Простыня жапсаның да болады.

— Ол үшін кемпірім мені үйден түріп шығады ғой?

— Жарайды, ол жағын көмектесерміз... Материалы ағаш дегені болмаса — ескерткіште мін жоқ. Тек сіз өз атыңыздан ғана арнау жазған екенсіз. «Ұмытпаймын» депсіз... Олай эгоист болуға болмайды. «Ұмытпаймыз» деп баршамыздың атымыздан жазуыңыз керек еді. Сөйтіп өзгерктеніңіз дұрыс!

— Бәссе деймін... Соғыста жалғыз сенің ғана туысын өлген жоқ кой! — деп топтың ішінен әйелдер шаптықты. — Біз де жетісіп жүрген жоқпыз... Жазар болсаң бәрінің атын жаз!

— Бұлар Әужекенің туыстары емес, — деп біреу ара түсіп, саяси сауаты шамалы әйелдерге түсіндірген болды. — Бұлар Әужекенің соғыста мерт болған досстары. Көрдің бе, әнеу біреуісі грузин көрінеді...

— Бұл шал алжиын деген бе... Соғыстан қайтпай қалған ағасының атын неге жазбайды?

— Шорт біліп пе... Ұмытып кеткен шығар.

— Тұысын ұмытқаны несі?

Әужекен басына үйірілген даудан қашқалактап, арнау сөзді көпише түрде жазуға бас шұлғып уәде берді.

— Күннің аптап ыстығы, жауын-шашын бар дегендай, бетін лакпен сырлап қойса жөн болар еді, — деп Әужекен ұсыныс-тілегін қости. — Дәulet қарағым, сен осы жағына көмек етпейсің бе? Тілің өтеді ғой, запқоздан лак сұратып берсеңші?

— Катырамыз, ақсақал! — деді Дәuletқан.

Әужекен ертеңінде ертемен жазуды өзгерту үшін қолына бояуын ұстап, сұргісін қолтықтап ескерткішке келген. Келсе, өзі жазған үш адамның қасына тағы бір кісілердің аты-жөні қосылыпты: «Шағатаев Тұрғанбек, Шағатаева Менсұлу». Мұны оқыған кезде Әужекенің қолтығына қысқан сұргісі сырғып кетті.

— Бәтіреке, Менсұлу соғыста өлген жоқ еді ғой? Бұлары қай мазағы! — деп есенгіреп, көк шөпке сылқетіп отыра берді.

Шаруа жасайын деп шабыттанып-ақ келіп еді, сол ниетінің бәрі адыра қалды. Басының сақинасы ұстап, ештеңеге құлқы болмады. Көкейінде «кім жазды екен?» деген жалғыз ғана сұрак тұрды. Ұлы мен келіні дейін десе, осыдан екі жыл бұрын Менсұлудың ұлы — Айбар ауданға жұмысқа ауысып, Катонға көшіп кеткен. Олардың иен қалған үйлерінде қазір екі мұғалима қыз пәтерде тұрады. Ол қыздар Тұрғанбек пен Менсұлудың жайын қайдан білсін. Бөтендер ғой...

Кім болса да жазуды маржандай тізіп, ұлken өнер салып жазыпты. Ерекше ықыласпен жазған.

Апырмай, кім болды екен?

Жарайды, Тұрғанбектің жөні бөлек делік, соғыста шейіт болған боздақ қой. Ал оның қасына Менсұлуды қосқандары несі? Менсұлу соғыста емес, бертіндері, ал-пісініші жылдардың соңында дүние салды емес пе?

Сонда бұлары қалай...

Әрине, Менсұлу мұңлықтың қалайша дүние салғанын бір Әужекен ғана емес, бүкіл Мұқыр өнірі біледі.

Ол уақиғаны бүгінде еске алудың өзі жүрекке ауыр.

Ондай қасіреттің бетін енді аудақ қылсын де, кейінгі үрпақ ондайды білмей-ақ қойсын де!

Әй, өзі де Менсұлу десе дегендей-ақ еді-ау!

Аққу мойын, қылыш қас, боталаған жанары қараған жанның көңіліне шоқ тастайтын. Айтса айтқандай-ақ, жөні бөлек менсіз сұлудың нағыз өзі еді ғой.

Менсұлу жалғыз, жігіттер көп, сұлу қыз қайсы біреуіне жетсін. Ауылдастарын алаңдата бермей, бой жеткен соң Менсұлу да жігіттердің біреуін қалаған. Сондағы қалағаны қандай жігіт еді десенші! Түр десен түр бар, бой десен бой бар, ой десен ой бар, құдай тағала бар асылды бір өзіне үйіп-төге салғандай Тұрғанбек деген жігіт болатын.

— Ей, ку дүние, содан бері де көп заман өтілті-ау!

Төбе басындағы ағаш ескерткіштің түбінде отырған Әужекен ауыр күрсініп, терен-терен ойға батты.

...Үндемей жүргенімен осы Әужекен керемет киношыл кісі-тін. Ұмырт түссе болды, кирандаш клуб жакка қарай аяңдайды. Әлдебір үятты конакта болып, немесе өлім-жітімге қатысЫп, құран-қатымнан шыға алмай қалмаса, бұл ауылда көрсетілген кино атаулының бірде-бірін Әужекен құр жіберіп корген емес. Қандай кино екеніне де қарап жатпайды, үнсіз барады да, бір бұрышқа жайғасып отыра қалады. Киномеханик бала көрші ауылдың жігіті еді, Әужекеннің киношылдығын ол да әбден мойындал:

— Әмір ата көрінбейді ғой, сөл күте тұрайық! — деп кейде Әужекен кешігіп жатса киноны бастамайтын.

Әужекен кино үшін күнде акша төлеп жатпайды, зейнет ақысы келген күні алдын ала төрт сом өткізіп кояды, сол акшасы бір айға артығымен жетеді. Төрт сомды есептеп шығарып жүрген де сол киномеханик баланың өзі:

— Күніне 20 тыннан, сіз 20 күн келеді деп есептесек — төрт сом болады. Оның арғы жағындағы 10 күнді сіздің актив көрермен екенізді ескеріп, сосын әлдебір себептермен келмей қалу мүмкіндігізді де ойластырып — есептен шығарып тастадық.

Шығарып тастағаны жөн-ау, бірак кейде ол баланың бір киноны қайта-қайта, екі-үш рет койып жіберетіні қинаңды. «Бәтіреке, мынасын кеше көрген секілдімін ғой?» — деп таң қалады Әужекен ондайда.

Бірақ бәрібір үндемейді, тыпты етпей аяғына дейін шыдаپ, қайталап көріп шығады.

Борсын үйде жатқан басқа шалдармен салыстырғанда, киноныл қасиеті Әужекенің өресін біршама кесейтіп тастаған. Үндемейді, үндемсгенге осы шал түкті білмейді деп ойлайды былайғы әлеумет. Расында олар қателеседі, қателескенде оңбай қателеседі... Жасырмай шындықты айттар болса, қыр басына соғыс Құрбандарына ескерткіш жасау идеясын Әужекен сол кинодан алған болатын.

Тұрғанбек пен Менсұлудың тағдыры Әужекене тағы да өзі көрген коп киноны еске салған еді. Ақкудың когілдіріндегі боп, бір-біріне кереметтей жарасқан, бір-біріне өлердей іңкор болған жастар жайында талай-талай кипо көрді. Озглерге үлгі болардай ондай іңкәрлік, таңғы ауадай тазалық тек кинодағана болатын шығарден ойлайтын. Сойтсе, бұл адамдар оз айналасындағыларды аңдамайды екен гой, қолда бар алтындарын бағалай алмай, асылдың бөрін шарқ ұрып алыстан іздейтіні несі екен? Әйтпесе, білгін жаңға Тұрғанбек пен Менсұлудың махаббаты киноға да, дастанға да лайық тағдыр емес пе еді!

Тұрғанбек майданға — қырық екінің күзінде шақыртылды. Ол кезде Менсұлумен жарасып, сөз байласып жүргендегі болмаса, әлі үйлене қойған жоқ-ты. «Тұрғанбек пәленше күні майданға аттанады екен» деген хабарды естіген бойда, Менсұлу сүйгеніне тұрмысқа шықпақ бол бекінеді:

— Мен соғыста мерт болсам күнің не болады? Оданда соғыс бітсін, майданинан аман оралайын, сосын отау құрармыз, — деп Тұрғанбек токтау айтыпты. Менсұлу бәрібір оған көнбесе керек. Майдандағы азаматын күтіп отырадар үйде жары болса — ғайып ерен қырық шілтен қорғап-қоршап жүреді деп уәж айтыпты. Құдалас екі жақ көнгілері келмесе де, Менсұлу көндіріпті. Ақыры аяқ астынан той жасалып, екі жастың некесі қылады. Үш күннен соң қош айтысып Тұрғанбек майданға кете барады.

Қайран Менсұлу, күні-түні тәнірге жалбарынып, Аллаға сыйынып, Тұрғанбекінің амандығын тілеумен бо-

лұшы еді. Жазғанның сол ақ тілегі қабыл болмады... Сеніп тапсырған ғайып ерен, қырық шілтені сүйген жарына қорған бола алмады. Тұрғанбекі сол кеткеннен өзі жанында жақсы көретін Алтайдағы аяулы ауылана, ол жердегі теңдессіз көркем Менсұлуның қайтып оралған жоқ.

Өмірге інгәләп Тұрғанбектің соңында қалған жалғыз тұяғы — Айбар келді.

Жылдар жылжып өте берді.

«Тұрғанбегім келеді» деп үмітін үзбей, Айбарды аялап өсіріп Менсұлу жүріп жатты.

Тұрғанбектен «хабар-ошарсыз кетті» деп қаралы қағаз алған соң, ауылдастары да «жоғалған адам табылып қалар» деген ойда еді. Соғыс аяқталып, арада төртбес жыл өтісімен ағайын-туыстың Тұрғанбектен үміті үзіле бастағандай болған.

Бірақ Менсұлу өзінің Тұрғанбегінен үмітін өсте үзбеп еді. Бүгін болмаса ертең келердей, ертең болмаса бұрсігүні келіп қалардай аландаумен көп жылғы өмірін өткізді.

Тұрғанбектің енді қайтыш келмесін білген соң, Менсұлудай мұңлыққа құда түсушілер көбейіп кеткен. Сұлуды көрсе еркек деген арсыздау келеді екен, Менсұлуға көз салмаған, піш-ніштеп сөз айтпаған Мұқырда еркек қалмады. Ауылды былай қойғанда, алыстан ат арытып, басқа жақтан да құда түсушілер табылып жатты. Бірақ соның бәріне Менсұлу кесімді жауабын беріп, ақылмен алдал-сулап шығарып салатын.

Өмір өтіп жатты, өтіп жатқан өмірмен қоса әкешеше, ата-ене де бұл дүниеден қайтты. Бәрібір Менсұлу сүйгені Тұрғанбектен үмітін үзген жоқ. Көз қуанышы, жалғыз ұлы азамат бол ержеткен соң, колда бар азын-аулақ малын сатып, Айбарын Алматыға оқуға жіберді. Әкесіне тартқан өжет болды ма, Мұқыр ауылының тағдырындағы тұңғышы болып Айбар университетке оқуға түсті. Бес жыл университетте оқып, күректей дипломмен ауылға қайтты. Айбарын қарсы алған Менсұлудың қуанышында шек болмады. Сол жылдың күзінде ұлан-асыр той жасап, Менсұлу келін түсірді.

— Тұрғанбектің бір арманы орындалды! — десті жүрт Менсұлуға шын риза болып.

Тағдырға шара бар ма, ауылдастары сол жылдың қысында аяулы Менсұлуларынан ойда жоқта айрылды да қалды...

Баласы мен келінің аяқтандырып, шаруа-жайды та-быстап ыңғайлаған соң, бір күні таңсәріден өзенге ба-рыпты да, мұздың ойығына түсіп кетіпті... Мұздың ойығына түсіп, асау Мұқырға ағып кетіпті.

— Апымай десенші, қырбак бетінде суатқа бастаған ізін көрдік. Соңына бұрылып жалғыз рет қарамапты да ғой... Неткен қайсар жан еді! Тіке жүргеннен жүріп отырып, еш қинальссыз барған да, аттап басып түсіп кеткен. Суаттың ернеуіне орамалын әдейі тастан кетіпті, — дейді Бибіш апай көзіне жас іркіп.

Елдің айтуынша, Менсұлу өлер алдында келіні мен ұлына бір жапырақ хат пен сақтық кітапшасын қалдырған секілді. Сақтық кітапшасында ұлы мен келіні үшін өмір бойы тірнектеп жиған азын-аулақ тиын-тебені бар екен. Ал жалғыз парак қағазға: Шешелеріңің бұл байламын сөкпендер, түсінуге тырысындар, кешіріндер, құлындарым менің. Өмір бойы Айбарымның отау тігіп, өз қолы өзіне жеткен күнін аңсап келіп едім, оны да көрдім. Мен ризамын сендерге! Енді мені ұстамандар, балаларым. Тұрғанбегімді, сендердің әкелерінді күтумен өттім, оны өлердегі сағындым. Мен де ет пен сүйектен жараган пендемін, әкелерінді күтемін деп әбден шаршадым мен, тоздым. Бұдан әріге шыдай бे-руге төзімім таусылды, қуатым сарқылды. Мен үшін Тұрғанбексіз мына өмір тұл екенін. Ақыры әкелерің келмеді. Енді әкелеріңе өзім барайын деп бекіндім. Қош, қос құлыным, қош болындар, шешелерінді сөгежамаңдамандар! деп, келіні мен ұлына аманат хат тастан кетіпті.

Міне, аттары бір түннің ішінде маржандай тізіліп ескерткішке жазылып қалған Тұрғанбек пен Менсұлудың тағдыры осында болатын.

Ағаш ескерткіштің содан кейінгі жайы тіпті қызық болды: тұбіндегі тактаға күн сайын пәленше адамның аты тіркеліп жүрді. Әркім үрланып барып өзінше жа-

зып кетеді, жазудың біреуі тұзу, біреуі қисық. Ақыры тақта тұастай жазуға толған соң, Әүжекең ескерткіштің табанына тағы бір тақтай жалғаған, белгіленген кесімді күні әлгі тақтай да жазуға толып қалған.

Карашаның жетісі күні совхоздың парторгі бастап, Дәuletқан қостаған ауыл белсенділері қыр басына бір топ адам жинап, салтанатты түрде ескерткішті ашты. Парторг қазан төңкерісі жайында, сосын кешегі сұрапыл соғыс туралы, ол соғыста қаза болған еслер жайында, сондай-ақ осынау ашылғалы түрған ескерткіштің интернационалдық, патриоттық рухтағы тәрбиелік мәні төнірегінде айтып, ұзак сонар баяндама жасады. Парторгтың баяндамасы зор ықыласпен тыңдалып, митингіге жиналғандар ду қол шапалактасты. Сонынан мектеп көркем өнерпаздарының күшімен соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған шағын концерт қойылды.

— Бұл ескерткіш — уақытша ескерткіш! — деді парторг концерттен соң, митингіні жабар сөзінде. — Біз болашакта дәл осы жерден соғыс құрбандарына бетон мен граниттен монумент орнатамыз! Солай, жолдастар!

Әрине, болашакта граниттен ескерткіш қоя ма, жок па, бастықтар ақылдасып өздері шеше жатар. Бірақ парторгтің ағаш ескерткішті өзі орнатқандай-ақ бөскені аздал Әүжекеңнің көніліне келген. Тым болмаса оны жасаған кісінің атын атап, жиналғандардың көзінше бір ауыз рақмет айтпағаны ыңғайсыздау болды.

«Ә, мейлі, — деп жұбатты сонынан өзін. — Мен біреудің рақметі үшін шаруа жасағам жок кой».

Дәuletқан лакты ақыры таба алмады. Қара суға дейін қарай-қарай беретін завхоз «жок» деп көзін жыпылықтатып, қолын жайыпты. Жаны шықсын, ескерткіштей қасиетті мұлік үшін жерден қазса да бірденені табуға болатын еді.

Жауын-шашын, қыс пен жаз дегендей, жалаңаш ағаш қырық құбылған табиғатка қашанғы шыдасын, кейінгі кезде әр тұстан сызат пайда болып, қаңсып жарыла бастаған. Тегі, балалардың шаруасы болар, өткен жылы ескерткіштің қолындағы автоматты сындырып алып кетіпті.

Қазір қолындағы автоматынан айрылған ағаш солдат қыр басында қаңсып әлі тұр.

Баяғыдағы «граниттен монумент орнатамыз» деген парторгтің уәдесі мұзға жазып, күнге кептірген сөз бол қалды. Егерде парторг аудан жаққа басқа жұмысқа ауысып кетпеген күнде, бәлкім уәдесін орындалап, тас ескерткішті бұл күнде орнатып та қояр ма еді, кім білген?!

Әужекенді жақын танитындар өзге замандастарымен салыстырғанда ол кісіні өжептәуір сауат иесі санайтын. Кітапханаға барып қазір де Дәuletқаннан кітап жаздырып, парактап тұрады. Оқыған кітаптарына күнделікті көріп жүрген кино қосылған кезде көзқарасының кеңдігі, сауатының жан-жақтылығы тұрғысынан басқа шалдар Әужекенің шалымына келмейді.

Сол Әужекенде Рәзия апай қатарымен бес қызы туып берген. Қатарымен бес қызы болғанға қуанды ма, қиналды ма, ол жағын Әужекен тірі жанға сездірген жок. Алайда кенже қызы Қанипаның шілдеханасында ел естімеген, естіген кезде де құлактары сенбеген бір жәйтті жария еткені бар.

— Ағайындар! — деп, үндемес Әужекен шешенсіп бұл жолы қызық міnez танытты. — Қай ел екенін ұмытып қалдым, «Гелимадоэ» деген кітап оқып едім. Оның да бес қызы болыпты. Жаңағы «Гелимадоэ» деген сол бес қызының... Гелена, Лида, Мария, Дора, Эмма деген қыздарының аттарынан құралған сөз екен. Мен де үзак ойланып, айналайын бес қызымның аттарын сөйтіп біріктірсем бе деп едім. Анау айтқандай менің қыздарым бір атауға сыймады. Сыймаған соң қыздарымның аттарын екі сөзге біріктірдім. Алғашқы үш қызымды «Сәкәсәли» деп атایмын, соңғы екеуін «Жакан» деп атамақпын. Сәкәсәли — Сәбира, Кәбира, Сәлима деген сөз, Жакан — Жәнипа мен Қанипадан қосылған сөз. Айтайын дегенім осы еді!

Жиналған жұрт қалжыны ма, шыны ма дегендей алғашында ауыздарын ашып, Әужекенде бір сөт антаралып қалысты. Сонынан жастар жағы іштерін басып, қыран-топан күлкіге батты. Әужекенің оларда ісі болмады, айтарын айтты, ойын жеткізді, сонымен тынды.

Бірақ бәйбішесі Рәзия үл байламға көнбей, күйеуіне үзілді-кесілді қарсы шыққан:

— Сәкәсә-бәкәсәнді білмеймін. Балаларымның азан шақырып қойған атын шатастырмай, тыныш отыр былай! — деді шамданып.

Бәлкім, әйелінің сөзі тоқтау болып, Әужекен алған бетінен қайтып та қалар ма еді, кім білген. Бірақ шілдеханада сөз андыған сайқымазақ жастар да толып отырды ғой. Құлактары бітеу емес, Әужекенің әңгімесін олар да естіді. Сол жастар жағы іліп әкеткен болу керек, ауылда ғана емес, аудан өнірінде бұрын-сонды ешкім естімеген үл жаңалық желдей есіп жүртқа тарап кеткен. Көп уақытқа дейін Әужекенің қыздарын ауылдастары Сәкәсәли-Бәкәсәли, Жақан-Мақан деп мазақ етісіп жүрді.

Құдай тілеуін беріп, Әужекенің алтыншы баласы үл болған. Әужекен ұлына Мақан деп ат қойды. Көрші-қолаң «тегі, Әужекенің үл есімді кіші қыздарының әлгі өзі қойған Жақанымен ұқсатып қойғаны ғой» деп ойлаған. Мақан ер жетіп, мектеп бітіріп, бүгінде үйлі-баранды мықты азамат. Қара шаңыраққа ие болып, әкешешесімен бірге тұрып жатыр. Сол Мақанның паспорттағы шын аты «Махарадзе» екенін көргенде, кітапханаши Дәuletқан шалқасынан түскен.

— Ағай, оған несіне таңданасыз? — деді Мақан кітапханашины сабырға шақырып. — Махарадзе әкемнің соғыста мерт болған бір досы екен. Менің атымды соның құрметіне қойыпты.

— Қызық екен... Ақылға қонбайды, — деді кітапханаши көзін сұртіп. — Үл грузиннің аты емес, фамилиясы ғой?

— Болса бола берсін... Откен жылы Семейге жұн өткізіп келе жатыр едім, Георгиевка деген жерде мені бір гаишник тоқтатты. Көше тәртібін бұздың деп талонымды теспек болды. Бірақ «Махарадзе» деген атымды көріп, аң-таң қалсын. Солай-да солай, оған таңданбай-ақ қойыныз, әкем грузин досының құрметіне осылай деп атымды қойған дедім. Сөйтсем, әлгі қара мұртты гаишник грузин екен, жата кеп жабысып үйіне қонаққа шақырсын. «Бармаймын, асығыспын» десем көнбеді,

ондай жағдайда машинаңды стоянкаға койғызып, бәрібір сені жіберткізбеймін деді. Грузин дегенің қын жұрт екен, үйіне сүйрекендей болып алып барып, тұні бойы қонақ етті. Шарапты суша төгіп, грузиннің нелер бір тағамдарынан дәм татқызып, өлең айтЫП, би билеп, ертеңінде түсте бірақ шығарып салған. Өзі де кереметтей мәрт жігіт екен, кетерде иығыма грузиннің буркасын жауып жіберді. Азан шақырып қойған грузин текті атымнан өстіп өмірімде бір рет пайда көргенім бар.

— Атыңды өзгертіп алмаймысын? — деді Дәuletқан.

— Адамның атында тұрған дәнене жоқ, арғы жағы дұрыс болса жетпей ме! — деді Макан-Махарадзе.

— Арғы жағы — қай жағы?

— Жан сарайды айтам.

— Сонда сенің кішкентай Сейсен ұлың «Сейсен Махарадзеұлы Әміров» болып жазыла ма?

— Дәл солай етіп жаздым. Сендер интернационализм деп кеңірдектерінді босқа соғанша — мына менен үлгі алмайсындар ма? Интернационализм менің өн бойымнан аңқып тұр емес пе!

Мінеки, мұқырлықтар «әпенді» атап кеткен Әмір шалдың жағдайы осындай. Қазір Әужекеннің өмірінде пәлендей өзгеріс жоқ, төрт-бес жыл болды ауыл мектебін тұнде күзетіп, бәкүн-шүкін шаруасын күйттеп жүріп жатыр. Соңғы кезде Қайсар сияқты Әужекеннің де құлағы нашарлап кетті. Бұрын да былайғы дүниеге мойын бұрғаны шамалы еді, қазір ол кісі қасынан зенбірек атсан да былқ етпейді.

Әйтсе де, әншайінде өзімен-өзі томаға-түйық үнсіз жүретін Әужекеннің кейде бүйірден қойып қалатыны бар. Әнеукүні тұра осы мінезіне басып:

— Мен ауылдастарымды жанымдай жақсы көремін, — депті бәйбішесі Рәзияға.

— Пішту, оларға неғып емешегің езіле қалды? — дейді Рәзия ернін сылп еткізіп.

— Өзі де қамшының сабындағы қысқа ғұмырда ұрыс-керістің қажеті қанша? Тату-тәтті, береке-бірлікпен де ғұмыр кешуге болады ғой.

— Сен шалға әулие тимесе неғылсын! — деп, Рәзия шалының ендігі сөзінен қауіптеніп қапты...

— Жақсы көретінім — бәріміз де замандастыз, жақсылықтың да, жамандықтың да дәмін бірге татып келе жатырмыз, — дейді Әужекен өзімен-өзі сөйлескендей күбірлеп. — Соңынан бәріміз де ілгерінді-кейінді бір мезгілде өлеміз, бір уақта қара жердің астына барамыз...

— Астапыралла!

— Өйтіп иманыңды үйірме... Мен шындықты айтып отырмын. Енді жұз жылдан кейін бүгінгі қыбырлап жүргендерден біреуі де қалмайды, бәрі де өледі.

— Астапыралла, не дейт мына кантож?

— Солай, солай, бәйбіше. Мың жасаған ешкім жок. Шыр етіп дүниеге бүгін келген нәрестеге шейін ары кетсе жұз жылдан соң жок болады. Сондықтан еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін мен өзімнің замандастым санаймын. Бәріміздің көретініміз де, тағдырымыз да үқсас, ішкен суымыз, жұтқан ауамыз ортақ. Ендеши мен оларды неге жақсы көрмейін?

— Астапыралла!

— Бұл сөзге сен, кемпір, шошыма! Шошитындей түк те жок... Бұл сөзді айтқан мен емес, Экзюпери де-ген прансуз. Ол прансуз заманында өстіп шындықты айтып кетіпті.

— Астапыралла!

Шалының бұл сөзінен Рәзияның шошығаны сондай, көктемнің шалығы тиді ме деп күдіктеніп, сол күні Бектемір молданы шақыртып, Әужекенде ұшықтатқан көрінеді.

\* \* \*

Бес саусактың бәрі бірдей еместігі сияқты, ауыл болған соң ала-құласыз болушы ма еді... Мұқырда да ауылдың жақсы-жайсаңдарымен катар ел-жұртқа аты мәшіүр бір арызқойы бар еді.

— Раздольное совхозын жоғарғы жаққа танытқаның бірі осы біздің Орекен — Орынбай Байгерев болады, — дейді бұрынғы бастық Мырзахмет.

— Ой, сатана-а! Әскермен айқасып жүрген Орекеннің жүрегінің жұні бар шығар! — дейді қашанда таңырқап жүретін Лексей жағасын ұстап.

— Орекең соғысқа барған жоқ, сондықтан өскер дегеннің, танкі мен зенбірек дегеннің не екенін білмейді, — деп Әмір шал ондайда Орекеннің қылышына ғылыми түсінік жасайды. — Әйтпесе есі тұзу адам өскермен шатаса ма!

Әмірдің сөзінің жаны бар, ел іргесі бүлініп, құрдастары жаппай соғысқа аттанысып жатқанда, Орынбай жайбаракат ауылда қалған. Соғыстан қашып, бас сауғалап қалған жоқ, өскери комиссариаттың рұқсатымен «козі жарымжан» деген ақ билетпен қалды. «Жарымжан» дегені — Орынбайдың он көзінде таған бар еді, сол себеп болыпты. Бала күнінде шапқылап ойнап жүргенде оқыста шыбықтың ұны тиіп кеткен... Соғысқа мени ала қоймадың деп ол үшін намыстанған Орекең болмады, дорбасын иығына салды да, қайқайып ауылға қайтты.

Әрине, қан майданның жөні бөлек қой, дегенмен елде қалған Орынбайларға да оңай соққан жоқ. Бармаған жұмысы, істемеген көсібі қалмады. Бақташы болды, ағаш кесті, жылқы бакты, охран болды, тіпті біраз уақыт қатындарға біргендір бол та шошандаганы бар. Соғыс біткен соң, Мырзахмет секілді орманшылыққа ауысып, сол жерден зейнетке шықты. «Арызқой» деген атаққа ие болып, ел-жүртты ұлардай шулатқан Орынбайдың бар өмірі осы ғана.

Орынбайдың өскермен шатысып жүргені соғыстан көп кейін, аудан басшыларының «жаппай жүгері егіндер» деп қиғылық салатын заманында ғой... Атам қазақ қашанда көршінмен тату бол, көрші ақысы — құдай ақысы деп жатушы еді. Қайсы жақтың кінәсі екені белгісіз, тату-тәтті түрған көрші Қытаймен араздасып қалған кезде, бұл Катонқарағай ауданына жасыл фуражкалы өскерлер аяқ астынан қаптап кеткен. Папах киген, бөрік киген бір тобы наурыз туда осы Мұқырға да сау ете тұсті. Бұлактың арғы бетінде ауылдың малы жайылатын Қүренбел деген құйқалы ұзын жота бар еді. Өскерлер сол жотаға жиналып, қолдарын онды-солды сілтесіп ұзак-сонар кенес құрысқан. Кенестің соңында әр тұсқа тоңқандалап қазық қағып, белгі сала бастады. Көктен тұскендей болған сары-ала

топтың әр қимылын Орынбай өз ауласынан қалт жібермей бағып тұрған болатын. Қайткенмен де орманшы деген аты бар емес пе, бұлардың Күренбелді жағаттауының сырын білейінші деп, киімін, фуражкасын киіп, қолын артына салып соларға қарай аяңдады. Иықтары жалт-жұлт етіп, мұрындары көк тіреген әскерилер Орынбайды аю қөргендей одырая қарсы алысты.

— Мына бөтен адам қайдан жүр? — деп папах киген бастығы мұрты дірілдеп, орысшалап иек қақты.

— Сен нағып жүрсің бұл жерде? — деп екінші біреуі дікілдей жөнелді.

Күнде басына шығып, мал қайырып жүрген өзінің Күренбелі емес пе, Орынбай қыңқ деген жоқ. Қайта аналардың өздерінен үлкен адамға ешкінің текесіндегі бақылдап, жөн-жосықсыз зіркілдегені қарадай намысын қайрады.

— Сіздер неғып жүрсіздер бұл жерде? — деп қарсы сұрак қойды.

— Біз әскерилерміз.

— Болсандарап қайтейін...

Үйірілген үркердегі топтың арасынан бір жас офицер бөлініп, Орынбайды жайлап шығарып салмақ ниетпен қолтығынан үстады. Орынбай оның қолын сілкіп жіберіп, топтың қасына тепеңдеп жетіп барды.

— Мен Орынбай Байгерев боламын! Осы жердің орманшысымын, әбиешікпін! — деді.

— Орманшы екеніңді көріп тұрмыз, — деді әскерилердің біреуі.

— Саған осы не керек? — деді әскерилердің екіншісі.

Жандарына қайдағы бір козі аларған орманшының келгеніне намазы қаза болғандай папах киген бастығы қатты реніш білдірді.

— Бұл біздің жер! — деді Орынбай да тістеніп. — Бұл мал жаятын, бұлдірген теретін Күренбелиміз біздің. Күренбелді сендер неғылайын деп жүрсіндер?

Орынбайдың бұл сөзіне топ ішіндегі әскерилердің біреуі кеңкілдеп күліп жіберді. Папах киген бастықтары күлген жоқ, көзін алайтып, зілдене бірдене деді де, теріс айналып кетті.

— Сен кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білесің бе? — деді іштеріндегі біреуі Орекеңе еңкейіп қазақшалап. — Бұл кісі полковник, үлкен кісі. Көп сөйлей берсең ол кісі сені қаматып тастайды.

— Қамата берсін... Мені олай қорқыта алмайсыңдар. Бірақ сендердің табандарына бұл Күренбелді таптата алмаймын.

— Бұл жерге біз застава саламыз, — деді әлгі қазақ офицер. — Жер көп қой... Сен бүйтіп ақымак болма!

— Жер көп емес... Айналаның бәрі ағаш, орман-тогай, тау мен тас, қала берді егіс. Жеріміздің аман тұрған ашық пүшпағы осы Күренбел ғана. Енді оны сендер басып алмақсындар!

— Біз бұл жерге застава саламыз, — деді қазақ офицер сөзін қайталап.

— Оған рұқсат алып па едіндер?

— Біз рұқсат сұрамаймыз, біз жоғарыдан тұскен бұйрықты орындаймыз! Біз өскери адамдармыз, — деді қазақ. Орынбай мен қазақ офицердің шүйіркелесе қалғаны шамына тиіп кетті ме, папах киген бастығы бұлардың қасына одырандай жетіп келді. Дуадактың айғырындай әкіренде, қарлыға ақырып қалды.

— Уйдите! Чтоб вас... духу здесь не было! Вы поняли меня!

Даусы қандай айбатты еді бәтшағардың, мықтымсып тұрған Орынбай кәдімгідей сескеніп қалған.

Амал жок, папах киіп коразданған бастыққа алая бір қарады да, бұрылып кете барды. Суға тұскен тышқандай мойны салбырап, жігері жасып үйіне келді. Үйінде де көп отыра алмады, сол кезде атағы мен абыройы аспандап тұрған аузы дуалы «селсебет» Шәкіровты іздеуге шықты. Сақманмен басы қатып шапқылап жүрген Шәкіровты ферма жақтан шоқырактап қайтып келе жатқан жерінде, көшениң басынан жолықтырды.

— Әбеке, Күренбелді тартып алғалы жатыр! — деді Орынбай салған беттен Шәкіровке.

— Күренбелді дейсіз бе?

— Иә, Күренбелді.

— Кімдер?

— Әскерлер...

— Тіфу! — деп мұны естіген Шәкіров атын тебініп қалды. — Оны маған несіне айтып тұрсыз, жолдас Орынбай?

— Токтаңыз, асықпаңыз, Әбеке... Менің білейін дегенім — олар сізден селсебет ретінде жерге рұқсат сұрап па еді, соны айтыңызшы!

— Сіз қызық адам екенсіз, жолдас Орынбай. Әскер қашан селсебеттен рұқсат сұраушы еді?

Шәкіров бұлқан-талқан ашуланып, желе-жортып жүріп кетті. Былайырак барып, тізгін тежеп, Орынбайға мойнын бұрды:

— Осы төңіректен застава салады деп еді. Тегі, солардың жер өлшегіш комиссиясы фой... Оларды қашан көріп жүрсіз?

— Осы өлгінде ғана... Олар меркі салып Күренбелді белгілеп жатыр, — деді Орынбай үміттене дауыстап.

— Күренбелді жыртып, жүгері ексек деген жоспар бар еді, қап... бұл жүгері мәселесін қындартайын деді.

— Жерінді берменіз, Әбеке! — деді Орынбай кіжініп.

— Әскерге қалай бермессін...

— О тоба, сіз де әскерден қорқады екенсіз фой.

— Шырағым, менің жасыма келгенде әскерден қорқатын боласың, саясатты сыйлайтын боласың, партияны құрметтейтін боласың.

— Бұныңызға келіспеймін.

— Өлетін карға бүркітпен ойнар деген, жолдас азамат. Әскермен әуре болмаңыз, екеуімізді де ит жеккенге айдатып жүрер, білдіңіз бе!

«Әне, бұлар бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөйлейді», деп кейіді Орынбай. Орынбайдың жауар бұлттай тұнеріп, үндемей қалған түрінен Шәкіров әлденені сезіктенді ме, атының басын бері бұрды:

— Сіз не істегелі жүрсіз? — деді жақындаپ келіп,

— Өзім білемін! — деді Орынбай да қырысып.

— Байқа, жолдас! — деді «селсебет» қамшысын шошаңдатып. — Отпен ойнаймын деп... сайтан көбелек құсап нейбетке күйіп жүрменіз, тегінде!

— Өзім білем дедім фой!

— Мейлі... өзіңіз-ак білерсіз. Мүмкін олар райкомнан рұқсат алған шығар?

— Ол жақтан алса ала берсін... Бізден рұқсат алған жоқ. Біз ондай рұқсатты бермейміз, білдіңіз бе!

— Бізің кім?

— Біз — мұқырлықтар... Осы ауылдың адамдары.

Шәкіров аузына онтайлы сөз түспей, қолы қалтыл-дап, қамшының сабымен бөркінің мандайын көтерді. Атын ойқастатып, Орынбайға жақындай түсті.

— Қаш... Қаш-ш-шаннан бері мәселені мұқырлықтар шешіп жүр еді? — деді тұтыға тістеніп.

— Эбеке, — деді Орынбай даусын жұмсартып. — Бас-қа мәселеге араласпай-ақ қоялық. Ал Күренбел айна-лайынның жөні бөлек емес пе!.. Заставасын анау қыр-дың арғы жағына неге салмайды? Ауылдың айналасын-дағы азын-аулақ жерімізге ие бола алмасақ — бұл жерде бок жеп несіне отырмыз! Несіне шалбар киіп еркек атанып жүрміз! Көлденең көк аттының бөрі бүйтіп бізді басына берсе — жырымдалып жерімізден не қалады? Азып-тозып бітпейміз бе сосын...

— Эй, жолдас... ж-жолдас... сіз аузыңызға уақап бо-лыңыз. Советтер Армиясын сіз «көлденең көк атты» дегеніңіз не сандырағыңыз? Бұл масқара ғой! — деп ат үстінде тұрған Шәкіровтың көзі алақандай болды.

— Сіз Эбеке, албаты даурықпаңыз! — деді Орынбай «сел себетті» сабырға шакырып, — Мен не айтып тұрға-nymды жақсы білем... Өкіметке қарсы, саясатқа қарсы мен ештеңе дегем жоқ, білдіңіз бе!

— Жоқ, сіз саясатқа қарсы шығып тұрсыз...

— Қойсанызшы...

— Ток етері былай, жолдас Байгерев... Мен ештеңе естігем жоқ, екеуіміздің арамызда ешқандай әң.іме болған жоқ, ұқтыңыз ба?

Шәкіровтың әріге тілі күрмеліп, тағы да шолақ қам-шысын шошаңдатты. Атының басын бұрып жатып, тісінің арасынан:

— Мен сізді танымаймын, жолдас-с-с...! — деп ысыл-дай барқ етті де, көшенің батпағын шалпылдатып, ты-рағайлаташып шапқылай жөнелді.

«Сенген қойым сен болсаң, күйсегенінді үрайын!» деп «сел себетті» іштен сыбап, Орынбай орнында қала берді.

Былайғы бөтен сөзден сескеніп, «селсебет» Шәкіреттың қашқандай бол кеткенін Орынбай түсінді. Қоғам болып бірігіп, жоғарыдан көмек сұрасақ деген ниетте еді, енді оның реті келіңкіремейтінін сезді... Жері мен еліне қамқор болатын бастықтардың сиқы жаңағы болса, қарадан қандай қайыр күтпек. Басқа жүрттан көмектің келмесін ұққан Орынбай шұғыл түрде екі бет шағым-хат жазған. Шағым-хатта өскерилер келіп Күренбельді басып алғанын, сөйтіп ауылдың мал жаяр өрісін тарылтып жібергенін, бұл дегеніңіз үлкен қателік, өскерилер тарапынан барып тұрған бассыздық екенін, бұл жергілікті халықпен санаспау, олардың құқықтарына қол сұғушылық екенін ашына дәлелдеді. Жазған шағымын ауыл мұғаліміне қатырып тұрып орысшалатып алды. Сосын орыс тіліндегі шағымды көшіріп, үш дана етіп көбейтті де, біреуін Совет одағы коммунистік партиясының Бірінші хатшысының атына, біреуін Мәскеудегі СССР Корғаныс министрінің атына, үшіншісін Алматыдағы шекара өскерлерінің штабына салып жіберді.

«Жалаңаш жаңбырдан жасқанбас деген. Артым таза, алдым ақ, астымда тағым жоқ жалаңашпын. Бұл өскерилер ауылдың жаман әбиешігіне не қылар дейсін» деп ойлады.

Арада жарты ай өткен жоқ, алдымен Орынбайды ауданға шақыртты. Одан аман-есен қайтқаны сол еді, біреулер екі кештің арасында ауылға жетіп келіп, Орынбайды машинаға отырғызды да, облыска алып кетті. Сол кеткеннен Орекен мол кетіп, облыстық қалада үзактау жүріп қалды. Өзі де ешбір дайындықсыз асығыс кетіп еді, арада жарты ай өткенде арып-ашып, торғайдай тозып үйіне сүйретіліп жеткен. Көрші-қолаң «қайда болдың» деп бұдан сұраған жоқ, бұл да жұмған аузын ашпай, фуражкасын баса киді де, жұмысына қайта кірісті.

Орынбай облыстан келген кезде Күренбельдің айналасы тікенек сыммен қоршалып, жота үстіне жарқырап екі-үш барак жайғасып та үлгерген болатын. Ауылдың малын бұлактың ағы бетіне, Күренбел жакка жаюға қатаң тыйым салыныпты.

Неге екені белгісіз, мектептегі орыс тілі пәнінің мұғалімі жұмыстан шығып, басқа жаққа көшіп кетіпті. «Селсебет» Шәкіровты да ауданға шақыртқан екен, ол кісі мен ешкімді көрген жоқпын, мен әшкімді білмеймін дегенмен құтылған сияқты.

Өзі әскерге бармаса да әскер дегенинің құдіретін Орынбай осылайша байқап-сезген болатын. Жүрегі қатты шайлышып қалды ма, Қүреңбел жаққа қараса көзі тайғанап, теріс бұрылып жүре береді. Орманшы боп, учаскесін аралап, орман тоғайды онды-солды кезіп жүргенімен, әлгі жағдайдан соң бұлақтың арғы бетіне аттап басқан емес. Өмірдегі пөле-жалаңың бәрі осымен кетсінші деп, Қүреңбелді мәңгі садақа еткен.

Жылдар өте ол оқиғаның да тігісі жазылып, ұмытыла бастаған кезде, бірде құрдастары Орынбайдан шымшымдап сыр тартқаны бар.

— Сендер сұрамандар, мен айтиайын! — деп Орекен өл әңгімені де шорт кесіп тастаған. — Оны сұрап, тағы да комейлерің бұлкілдейтін болса — ағайындықтан кетеміз!

— Таяқ аюға да намаз үйретіпті деген рас екен-ау... Орекен бұлай десе — біз қойдық ендеши! — десті құрдастары. Бірақ қойдық дегенмен де қойған олар жоқ... алғашында әзіл ретінде «арызкой» деп Орынбайға ат қосқан, кейін олары шынға айналып, Орекене әлгі ат қүйедей жабысты. Казірге дейін Орекенді нақақ қүйдіріп, азан шақырып қойған атына қосақталып қалмай келеді.

— Ореке, сіз жендіңіз! — деген осыдан бес жыл бұрын, тағы да көктем кезінде Дәuletқан мұның қолын қуана қысып. — Застава көшіп жатыр.

— Қайда? — бұл хабарға Орынбайдың құлағы сенбеді.

— Ит біліп пе қайда көшіп жатқанын... Олар бізге айта ма... Әйтеуір, көрші елмен қабағымыз ашылғалы бері заставаларды да қысқартып жатқан көрінеді ғой...

Арада ширек ғасыр өтсе де, заставаның көшкені, тегі, баяғы өзі жазған шағымның нәтижесі ме деп үміттеніп еді. Бұл жерде басқа жағдай әсер еткенін білген кезде Орынбайдың көнілі пәсейіп қалды.

Застава екі-ак күнде жоқ болды. Ажылдап-гүжілдеген, дауыстары жер жарған жиырмаға тарта машина келді де, жота басындағы барактарды тікенек қоршауымен қоса бұзып-шағып қораптарына тиеп алысты. Сосын қаздай тізіліп келген іздерімен ырғатыла жылжып қайтып кетті. Олар кеткен бойда Күреңбел Әмір шалдың тақиясыз таз басына ұксап қалған... Біртүрлі ұсқынсыз, жүдеу. Жотаның басы айқыш-үйқыш асфальт жол, ат шаптырым бетон плац, ойдым-ойдым шұңқырлар. Жаз шыға жотаның үстін кендір мен қышыма, курай мен ошаған қаптап кетті.

Бір кезде шалғыны жайқалған, гүл-шөбі көз арбаган қүйқалы-күреңселі Күреңбел қотыр жон боп қожырап қала берді.

Орнында бар оңалар деуші еді, бекер екен. Содан бері де жылжып жылдар өтті, Күреңбел жазғаның оңалған дәненесі жоқ... Ауылдың былайғы малын қойғанда, Лексейдің тіміскі мегежіні де қазір ол жаққа аяқ баспайды.

\* \* \*

Мұқыр Мұқыр атанғалы бері бұл ауылға кімдер бастық болмады десенізші... Біреуі келіп, біреуі кетіп дегендей, әлі күнге сабылысып жатқаны. Демдеріне нан піскен сол көптің ішінде осы Мұқырға өзіндік із тастап, өшпес қолтаңба қалдырып жатқандары шамалы. Салаң етіп ғайыптан келіседі де, сонынан құмға сіңгендей із-тозсыз жоғалып тынады. Жоғалып тынатыны — олардың бәрі жоғарыдан тағайындалатын, сырттан келетін бөтен кіслерді. Бастық болып бекігендері жалғыз мәшинемен, кейде тіпті жалғыз шабаданмен ғана кошіп келісетін. Содан төрт-бес жыл Мұқырға бастық болған соң, төрт-бес мәшинеге тиеліп келген жағына қайқайып отырысатын. Артынша жалғыз мәшинемен секенден келесі бастық жетеді. Ылғи да өстіп ежелден қалыптасқан әдемі дәстүрдей қайталаңып-жалғасып жататын-ды.

Әрине, бастық болған соң колдарынан келеді, колдарынан келген соң қоныштарынан басады. Ол жағын мұқырлықтар жақсы біледі, білген соң да үндемейді. Совхоздың қазіргі директоры Тұсіпбеков мырза да осы-

дан төрт жыл бұрын Тарбағатай деген қияннан келген болатын. Мейлі, кімді жіберіп, кімді қойып жатса да, мұқырлықтардың онда шатағы жоқ, әйтеуір қойған кісілері елге жайлы болса болғаны. Тәубешіл мұқырлықтар пәндәуи дүниені парық қымай, «бергеніңе шүкіршілік» деп, қашанда арқаны кенге салып жүре береді. Жайсыз бастық келсе де мұқырлықтар бір серпіліп айылын жиған емес, сол баяғы өгіз аяң, мимырт қарекеттерінен әсте танбай, күнделікті тіршіліктерін жасай береді.

Мұқырлықтар бастық атаулыны атам қазақтың салтымен «төре» деп атасады. Осы Мұқырға мұқырлықтардың өз арасынан сурылып бастық болған, яғни төре болған жалғыз азамат бар. Ол азамат — Мырзахмет еді. Иә, осы Мырзахмет заманында итін де төрде үргізген кәдімгі төрсінің өзі болған. Сондықтан да болар, бұл төніректе Мырзахметтің танымайтын жан жоқтың қасы. Мырзахметтің мысалы мұқырлықтарға тауықсыз да таңың ататындығын дәлелдеп, саясатқа көздерін ашқан. Ауылдастардан да төре сайланса — біреу тондарын шешіп алмасын, төркінге апарып салмасын ұғысты.

Мұқырлық Мырзахмет алдымен Мұқыр колхозын басқарды. Кейін колхоз «Раздольное» совхозына айналған кезде біраз жыл жұмысшы комитетінің төрағасы, яғни «рабочком» болып қызмет жасады. Тіпті арада бір жылдары ауылдық кенестің төрағасы болып істегені де бар. Кенестің төрағалық қызметін ол әйгілі Шәкіровтен қабылдап алған болатын.

— Шәкіртсіз ұстаз тұл деген, біздің Мырзахмет Абдолла Шәкіровке лайықты ізбасар бола білді, — дейді бұл екі азаматты жақсы танитын ағайындар бұл күнде.

Мейлі, ағайынның қолпаши жөн де шығар, әйтеуір бір нәрсе анық: Қай қызметте жүрсе де Мырзекен азаматтық арына шіркеу келтірген жоқ... Халқына адальықпен, еліне абыраймен жұмыс атқарды. Кейінгі заманда оқыған-тоқығаны мол қаратаяқ жастар көбейіп, үш кластық ескіше сауаты бар Мырзекенді «рабочкомнан» да босатып жіберіскең. Содан, орманшылық жұмысқа ауысып, бес-алты жылдан соң сол жерден аман-есен зейнет демалысына шыққан.

Бастық боп жүргендегі Мырзекеңнің жұмыс тәсілі қызық еді. Бүгінгі бастықтардай біреулермен шаң-шұң айқайласып, жәйі келсе боктасып, жүйкесін жұқартпайтын. Алдап-сулап, арқадан қағып, жылы-жылы сөйлеп жымия шығарып салғанда — жұмсаған жеріне жүгіріп кеткенінді өзің де байқамай қалатының. Ал ол кісінің алдына әлдебір мәселемен келгендей болсаң, өз атыңа айтылған қошеметтен, әлгіндей әдемі сөздерден соң келген мәселен мұлдем шешілмей қалса да, басекене дән риза болып марқайып үйге қайтар едің.

Мырзекенді көрсө болды, ғұмыры құліп көрмеген Ақдәulet мұғалім де ыржиып салатын көрінеді. Ақдәuletке шейін күлдіріп жүрсө — Мырзекеңнің бойында бір сиқырдың бары рас болғаны...

Ақдәulet мұғалімнің бала кезі екен. Жаз шықса болды, бұл ауылдың тайлы-таяғына дейін тау басына шөпке кететін әдеті емес пе. Жаздың бір күні қыстың бір айын асырайды деп, ала жаздай бұрылуға шама жоқ, мұрындарынан шаншылып жүргендері мұқырлықтардың.

«Ертең шөпке шығамыз» деген күні әдетте бір үйір жылқыны айдал әкеп, қораға қамап қойысады. Сол түні шөпші балалардың қай-қайсысы да «шіркін-ай, ертең маған қандай ат бұйырар екен» деп, іштей арман етіп қобалжып шығысады. Ол тұнгі үйқы үйқы болмай, елгезектері тан қараңғысынан білектеріне жүгендерін іліп, ат-қораға тартады. Ерте келгендеріне аттың тәуірі, кеш келгендеріне жаманы, еріншек шабаны тиеді. Ат үшін балалар қызыл кенірдек боп ұрсысып, кейде жұдырықтасып та қалады.

Ақдәulet те «шіркін ертең қай ат тиер екен» деп қиялдап, бұлақты жағалап келе жатса:

— Эй, балам, бері келші! — деп біреу сыйырлай үн қатыпты.

Ақдәulet бұрылып сонына қараса, шарбақтың бұрышына жабысып осы Мырзахмет тұр екен дейді. Қолымен аузын басып, ымдалашқырып тұр. Екі кештің арасында жасырынып бастықтың өзі әлдебір құпия айтуға шакырып тұрса, балада жан қала ма, Ақдәulet те лып етіп, Мырзекеңнің қасына жетіп барады.

— Сен Ақдәuletсің ғой? — дейді Мырзекең құпия әңгімені біреу естіп қалмасын дегендей алактап жанжағына қарап.

— Иә, Ақдәuletпін, аға!

— Айналайын, Ақдәulet қалқам, мен өзінді бөлекше жақсы көрем. Өзіңе бірдене айтсам деп едім. Тегінде, тісіңен шығып жүрмесін! — дейді Мырзекең Ақдәuletтің кекілінен сипап.

— Аға, иллаһи-биллаһи ешкімге айтпаймын, — деп Ақдәulet ант-су ішеді.

— Шынымен ешкімге айтпайсың ба?

— Айтпаймын, аға!

— Айтпасаң былай... Ертең ертемен қораға бар да, алдыңғы аяғында дағы бар қасқа торыны ұста. Ұқтың ба? Тағы да ескертем, бұл туралы ешкімге айтушы болма. Көптен бері сол атты саған арнап, баптап күткізіп жүрмін.

— Ой, рақмет, аға! — дейді Ақдәuletтің қуанышы қойына сыймай. — Ол өлгі былтырғы жылы Орынбай әбиешік мінген қасқа торы ма?

— Ие, шырағым, соның дәл өзі. Бірак менің сені соншалықты жақсы көретінімді, қасқа торыны бергенімді бөтен біреуге білдірме, ұқтың ба? — дейді бастық қатты тапсырып.

Ұқпағанда қайда барады, жүгенін қолына іліп таң атпай ат қораға құстай ұшады ғой Ақдәulet. Келсе — өзі тендес бала-шаға қорада толып жүр екен. Жылдағыдай дау-дамай, у-шу жок, ләм деп тіл де қатыспайды. Барлық бала бейнебір ауыздарына су толтырып алған секілді. Бір-біріне құдікпен үрке көз тастап, үнсіз ғана бір-бір атты ұстап мініп жатыр. Бала басымен үлкен бастықтың осыншалық ыстық ықыласына кенелген Ақдәuletтің қуанышында шек жок. Баспалап барып, бастық айтқан қасқа торысын жүгендеп, қайқайып қорадан шыға жөнеледі.

Мұндай үлкен қуаныш іште ұзак жата алмайды ғой. Әсіресе алып-ұшқан желөкпе жасөспірімдердің кеудесіне сыйсын ба. Нұскалап, үлгілеп бастықтың өзін кереметтей жақсы көретінін, мынау қасқа торыны өзі үшін ол кісінің арнайы асырап-күткенін Ақдәulet те

бір күні достарына сыр қылып жеткізеді. Сол-ақ екен, балалардың бәрі мактандып, шулап қоя беріседі.

Сөйтсе, Мырзекен шөпке шығар алдында ауылдағы бала біткенді адактап, «құпия түрде» құлақтарына сыйырлап, әрқайсысына бір-бір аттан бөліп беріпті ғой. Ондағысы таңертең ат қораға барғанда балалар атқа таласпасын деген құлығы екен. Қорадағы өр аттың мінезі өзіне аян, әр баланың шамасына қарай, істейтін шаруасына орай ынғайлап аттарды бөліп таратқан екен.

Жалпақ жүртқа жаратқан да жақпайды деседі ғой. Бастық болып ел басқарған соң, әрине, жүрттың бөрінің көңілін табу мүмкін емесі белгілі нәрсе. Яғни Мырзекенді жамандап, үстінен сөз жүгіртетін кіслердің де кездесері даусыз. Солай бола тұра ол кісінің бүкпесіз ақ көңілін, принципшіл адалдығын, достарын былай қойғанда, жауларына шейін мойындастын еді. Мырзахмет туралы ел арасында бұдан басқа да түрлі әңгімелер баршылық. Соның бірін ақсак Нұрғали да жырдай қып айтып отырады.

— Әлдебір шаруа бабымен Өрелге барып, тұнделетіп үйге қайтып келе жатсам — бастықтың кенсесінің шамы жарқырап жанып тұр екен, — дейді Нұрғали. — Тұн ортасы ауып кеткен шақ еді, жиналыс бол жатыр ма деп, аттан түсіп, баспалап терезеге жақындаым. Қарасам, бөлме ішінде қолын сермел қойып, әлдебіреумен үрсысып, онды-солды сенделіп біздің Мырзекен жүр. «Сіздің бұл указаниянызға мен тұбірімен карсымын, жолдас бірінші хатшы. Мәселені бұлайша сыңар жақты шешуге болмайды!» — деп айқайлады. «Бірінші хатшы» дегеннен соң зәрем кетті. Біріншіні бөлмесіне шақырып алып, айқайға басып ұрыскан біздің бастық жынданған шығар деп ойладым. Бірінші бір бұрышта сүмірейіп отыр-ау тегі деп, мойнымды созып едім, бөлме ішінде Мырзахметтің өзінен басқа тірі жан жоқ екен. Мырзекенің қолын сермел қойып сөйлеп жүргені — төрде тұрған сынық орындық бол шыкты. Мұны көргенде менің тәбе қүйқам шымырлап кетті. Оқымаған адамға бастық болу оңай ма, ел басқарам деп жүріп миына ауырлық түсіп, қайран азамат ауысынқырап кетпесе неғылсын деген жаман ой келді. Не де болса

сырқат адамға қол ұшын беріп, қолтығынан демеп үйіне апарып салайын деп, кеңсеге баса-көктеп кіріп бардым. Мырзекең бажырайып, аю көргендей, маған үдірейе қарады. Оның үдірейе қарағанынан мен одан сайын қауіптеніп, жайлап барып білегінен ұстадым. Есі ауысқан адамнан бәрін де күтүге болады ғой, тіпті сені жазым етіп жарып тастаса да оларға сот жоқ деп естуші едім. «Мырзеке, сабыр... сабыр етініз, үйге жүрініз», — деп жасқаншақтай қолынан тарттым. «Бара алмаймын, дайындығымды әлі біткем жоқ», — деп ол да тартыншақтай берді. «Ештеңе етпейді, Мырзеке, үйге жүрініз», — деп мен де күшке салып жетелей түстім. «Оу, Нұреке, нағып соншалықты бәйек бола қалдың? Үйге де барармыз. Бірақ ертең райкомның бүйрасында сөйлейін деп едім, соған дайындалып жатырмын. Менде не шаруаң бар?» — дегені. Сонда ғана басыма бірдене жеткен.

— Мырзекеңмен осындай да жағдай болған, — дейді Нұрғали бұрынғы бастығына деген ризашылығын жасыра алмай. — Сол жолы біздің Мырзекең бетің бар, жүзің бар демей, ешкімнен қаймықпай-ак, өз пікірін бүйрада біріншіге дәлелдеп шығыпты. Бастық деп, мінеки, осындайды айт!

Мырзекең кейін жұмысшылар комитетінде қызмет істеп жүргенде де, орманшылыққа ауысқанда да әлгіндей бүкпесіз принципшілдігінен айнымағанға ұқсайды. Ол кісі ауылдық кеңестің төрағасы болып сайланған жылы бұл совхозда Сайранқан деген домаланған қара кісі директор екен. Директордың аты директор ғой, біздің Мырзекеңді әр нәрсеге бола қайта-қайта шақырта беріпті. Әбден мазасы кеткен жаңа төраға ақыр соңында мәселені төтесінен қояды ғой:

— Қарағым, Сайранқан, — депті директорға елжүрттың көзінше. — Сен совхоз директорысың. Яғни осындағы шаруашылықтың жетекшісің. Рас па?

— Рас, Мырзеке, рас, — дейді директор мойындал.

— Ал мен болсам — ауылдық кеңестің депутаттар сайлаған төрағасымын. Яғни мен осы жердегі Совет әкіметімін. Рас па? — дейді Мырзекең одан сайын нығарлап.

— Рас, Мырзеке, рас, — дейді директор бас шұлғып.

— Рас болса, Совет өкіметін мазалап, несіне қайта-қайта алдыңа шақырта бересің? Егерде Совет өкіметінде шаруаң болса — селсебетке өзің кел. Осыдан былай осыған келісейік! — депті Мырзекен.

Ол заман қазіргідей демократия мен жариялылықтың дәуірі емес, «совет өкіметі келе жатыр» десе жылаған бала уанатын кез ғой. Мырзекенің әлгіндегі ескертпесінен қейін директордың келіспеске шамасы қалмайды. Директор содан былай Мырзекенді іздей қалса, елпілдеп ауылдық кенес жаққа өзі баратын болыпты.

Осы принципшілдігінен орманшы боп жүрген кезінде Мырзекенің ондырмай таяқ та жегені бар...

Білген адамға орманшылық дегенің де бөрікпен қағып алардай оңай шаруа емес екен. Ауыл болған соң біреуге отын, біреуге шөп керек. Енді біреу үйін жаңартып, біреулер монша салғысы келеді. Солардың бәрі де қолдарын жайып, ағаш сұрап тілемсектеніп орманшыға жаутандайды. Көдеден көп ағайын, олардың айтқандарына көніп, ағашты бейберекет үлестіре берсең — ертеңгі күні Алтайда тіс шұқыр тал қалмасы белгілі. Соны ескерген Мырзекен орманшы боп орналасқан күннен бастап тастай катып, таспадай түйініп алады.

— Шырактарым, — дейді орманшы боп орналасқан алғашқы күні, — сырғауыл мен бөрене қажет болса — анау леспромхозға барындар, ал менің ағашымда шатқтарың болмасын!

Отын сұрағандарға да бұрынғы орманшылар сияқты мәймәңкелемей, турасын айтады:

— Отын керек екен, алдымен белет сатып алындар, сосын заң жүзінде бөлінген деләннән барып кесіндер! — дейді отынға деп бөлінген тоғайды нұсқап.

Әрине, Мырзекенің мұндай принципіне біреу көнген, біреу көнген жоқ. Көнгендегі ақшасын беріп қолынан алып жатты, көнбекендегі ұрланып барып жолынан алып жатты. Ұрлықтың құйрығы бір-ақ тұтам емес пе, қызметіне аса сергек Мырзекенің «жолынан» қашанғы ала берер дейсің. Ондайлар өредік қолға түсіп, араларында еселеп ақшалай айып тартқандары да бол-

ды. Сөйтсе, әлгіндей алаяқтардың да өз есебі ішінде, орманшыға алакөз боп кек сактап жүреді екен ғой.

...Жаңбырлы күнді жамылып, бірде екі-үш адам тау қойнауында жасырынып ағаш қесіп жатады. Кесіп жатқан жерінде орманшы Мырзекең олардың ұрлықтарының үстінен түседі. Плащ жамылып, беттерін күләпәрмен жасырған әлгі ағайындар орманшыны бас салып, көзін тас қып байлайды да, аузына шүберек тығып, сына қаққан томарға екі қолын қысып кетеді. Өздері ләм деп бір-бірімен тіл қатыспай, кескен ағаштарын аспай-саспай арбаға тиейді де, тайып тұрысады.

Жаңа ғана кесілген қарағайдың жас томары ондырысын ба, қолын қыскан кезде жаны шырқырап көзіне корініпті Мырзекеңнің. Айқайлап көмекке шақырайын десе аузы бітеу, көрейін десе көзі байлаулы, сіркіреген жаңбырдың астында тұрып таңды атырыпты. Орманшыны ертесінде сиырын жайып тауда жүрген Лексей тауып алыпты.

— Алдымен Мырзекеңнің атын көрдім, — дейді Лексей. — Ер-тоқымы үстінде, сай ішінде жайбарақат жайылып жүр екен. Көніл жазып, әңгімелесіп қайтайынши деп сайға түссем, томарға сүйеніп Мырзекең тұр. Алғашында дәрет сындырып тұр екен деп жақындағадым. Қайткенменде бастық болған адам ғой «болсынши» деп ойқастап әрі тұрдым, бері тұрдым, болар емес тіпті. Жөткірініп, атын атап тіл қатып едім, ыңыранғандай болымсыз үн шықты. Иығын қиқандатып, басын бұлғады. Аттан қарғып түсіп жанына жетіп барсам, Мырзекенде тіл-ауыз жоқ, көзі байлаулы, үсті-басы малмандай су, қолын томарға тіреп қалшиып қапты. Ақ тер, қара тер боп, томарға қайыра сынан қағып жүріп, саусақтарын әзер шығарып алдым.

Намыстана ма екен, ол жағдай туралы Мырзекеңнің өзі бүгінде жақ ашпайды. Лексейдің айтуына қарағанда, орманшыны қысып кеткендердің арасында осы күнгі Қанапия да бар сияқты.

— Бәтіреке, ондай онбағандарды неге соттамайды? — деген мұны естігенде Әмір де ашу шақырып:

— Пакті жоқ кой, пакті, — дейді Лексей оған. — Көзі байлаулы, аузы бітеу, құлағы тығындаулы адамда қандай пакті болушы еді!

Қалай болған күнде де тау басында болған бұл қылмыс ашылмай аяқсыз қалған. Өмір үйретеді екен, сол оқиғадан кейін Мырзекең де сауысқаннан сақ болып алды. Жалаңтөс батырлықты былай қойып, ағаш үрлаушыларды байқастап сыртынан андып, абайласп қолға түсіріп жүрді. Соның арқасында зейнетке шыққанға дейін әлгіндей опасыз үры-қарыдан қайтып жәбір-жапа шеккен жоқ.

— Орманшы болған соң қиқыметсіз болмайды екен, — дейді бүтіндері Мырзекең откен күндерін еске алып. — Олай болатыны — жұмыстың реті солай: күндіз-тұні ат үстіндесің, тау-тасты аралап дамылсыз тұзде жүресің. Тұзде жүрген пендеге, оның үстіне қалың орманның ішін тентіреген кісіге оқыс оқиға кездеспей тұрсын ба?

Ол кездегі Мырзекеңе бекітіліп берілген учаскенің көлемі жиырма мың гектарға жуық алқап екен. Мырзекең пәленше жылғы орманшылық қызметінде осынау ұлан-ғайыр алқапты онды-солды талай шырлапты. Тиесілі учаскесіндегі әрбір жота, әрбір сайға дейін өзіне жақсы таныс болыпты. Әуестік дегенді қойсанызшы, бірде орман аралап келе жатып: «Осы мына таудың арғы жағында не бар екен, көріп қайтсам қайтеді?» деген әзәзіл ой түседі. Сол бойда аттың басын кері тартып, өмірі барып көрмеген биік таудың арғы жағына жол шегеді. Білмейтін жердің ой-шұңқыры көп, көп болған соң да Мырзекеңе бәрі таңсық. Көрмеген жерін қызықтап, тауды бөктерлеп келе жатқан кезде қарағайдан қып салған жатағандау үйшікке тап болады. Мырзекенің сол жерде делебесі қозып, тағы да әуестігі үстайды ғой... Адам аяғы баспаған иен жердегі бұл неғылған үйшік? Әлде біреулер осында қазына әкеліп жасырып жүр ме? Осында күдікпен Мырзекең атынан түсіп, еңкейіп үйшіктің ішіне көз жүгіртеді. Көз жүгіртсе — ішінде қызырып бір асымдай жас ет жатыр екен. Бұл неғылған ет деп, Мырзекең еңбектеп үйшікке қойып кетеді. Сол-ақ екен, қарағайдан қылған ауыр бөрене сарт етіп, кірген тесігі бітеліп қалады. Не бол-

ғанын аңғара алмай, өзі тас қараңғы, өзі тап-тар үйшіктің ішін сипалап, есік ізден біраз әуреленеді. Үйшіктің есігі жоқ, жуан-жуан жас қарағайдан қызып салған бітеу екеніне көзі жеткен кезде барып ақылы кіреді ғой.

Үйшіктің төрт қабырғасы, едені мен төбесі бөренемен мұзғымастай берік жасалыпты. Есік деп еңбектеп кіргені тесік бол шықты, бұл кірген бойда ет салған тақтайды қозғатып жіберсе керек, тесік тарс етіп өзінен-өзі жабылып қалыпты. Сонда ғана Мырзекең бұл ешқандай да қазына жасырған үйшік емес, аю ұстаяға арналған апан екенін аңғарады. Төрт қабырғаны тепкілеп, кеудесімен итеріп те көреді, міз бағар емес. Аюға арнап жасалған дүние адамға қайдан көнсін. Айқайлайды, көмекке шақырады — адам баспаған иен тауда мұны кім естіп жатыр. Ақыры, өлі құрып тағдырдың маңдайына жазғанына ұнсіз көнеді де, сонын күтеді.

Ол уақта Мырзекендердің отбасы ауыл іргесіндегі орман ішінде, шатырында «5» деген жазуы бар орманшының үйінде тұратын. Ертеңінде таңертең бәйбішесі Зылиха шелегін даңғырлатып сирын сауып, қора жақтан қайтып келе жатса, анадай жерде Мырзекенің аты ауыздығымен, ер-тоқымымен машакта жайылып жүр екен дейді. Шошығанынан Зылиханың қолындағы шелегі түсіп кетіп, сауған сүті лақ етіп төгіліп қалыпты.

— Ойбай, өлтірді! — денті Зылиха аттан салып айғайға басып. — Жұліктер өлтірді біздің Мырзашты... Баяғыдай тауда жазым етті олар. Бармысың, ағайын, қолыңа қару ал, қарсы шап!..

Аттандалап шыққан соң ағайынның намысы қозбай тұрсын ба, ер-азаматтар қолдарына бір-бір сойыл алыш, аруақтарын шақырып тырағайлатып тауға қарай шаба жөнеліседі.

— Қайтар кегін Мырзашымның, қайтарындар! — деп Зылиха зар илеп үйде қала береді.

Сол ізденгеннен ауылдастары орманшыны күн іздейді, тұн іздейді. Жердің тесігіне кіріп кеткендей Мырзекең үшті-күйлі жоқ бол шығады. Пәленше күннен бері адам жоғалғаны туралы ауданға хабарлап, іздеушілердің қатарына милиция да қосылады. Бәрібір онымен де жоғал-

ған Мырзекең табылмайды, Зылиха болса алыс-жақындағы жұрағат-жекжатты тегіс шақырып, үміті үзіліп, Мырзекеңнің науқанына дайындала бастайды. «Сүйегің де табылмай арманда кеттің-ау, арысым!» — деп Зылиха сұнқылдап жоктаған кезде жиналған ағайынның сай-сүйегін сырқыратады.

Абырой болғанда аңшылар аюға құрган апанын тексеруге келіп, кіресілі-шығасылы есі бар орманшыны зембілге салып, төртінші күні үйіне алып келіпті.

— Апанға аю түскен екен десек, борсыған етті құшақтап, көзі шұңқірейіп біреу отыр, — деп Катонның қауға сақал аңшылары Мырзекенді әлі күнге дейін мазак етісетін көрінеді.

Жалпы, Мырзекең ғұмырында денесіне артық май жинамаған, сидиған таразы кісі. Мырзекеңнің киім киісінен, жүріс-тұрысынан әлдебір тазалық, ақсүйектік сезіліп тұратын.

— Мырзеке, осы сіз төре тұқымынан шығарсыз? — деп сұраған бірде Қанапия ол кісіден.

Ру мен сүйек жағын таратуды біліңкіремейтін Мырзекең:

— Болсак болармыз, — деп немқұрайды жауап берген. Онысын шын көріп қалған Нұргали:

— Жо-жоқ, Мырзеке, сіздің сүйегініз қарғалдақ руынан, — деді жұлып алғандай. — Өйткені біздің ауданда қарғалдақтан бастықтар көп шыққан. Тіпті Байназар деген бір қарғалдақ анау Алматыда үлкен бастық екен деп те естігем.

Көрі тарлан қартайғанда боз шығады демекші, Мырзекең зейнетке шыққан соң ақсүйектік танытып үстіне ақ жолағы бар көкпеңбек «олимпийка» сатып алған болатын. Сөйтіп спортпен айналысып кеткен. Ондай өзі өдемі, өзі сәнді, өзі жеп-жеңіл киім осы ауылдың жастарының да түсіне кірген жоқ-ты. Жүрттың айтуынша Мырзекең өзінің сәнді «олимпийкасын» үстіне ақша қосып, Өскеменнің «бараҳолкасынан» алдыртқан көрінеді.

Спорт киімін киіп алып, Мырзекең қазір күнде таңертең ертемен ауылды айнала бұлкек-бұлкек желіп бара жатады. Жарты сағаттай жүгірген соң Мұқырдың

жағасына барып, баяғыша, әлгі бірінші хатшыға сермендей қолын онды-солды сермеп, еңкейіп-тоңқайып ертеңгілік «зарядка» жасап қайтады. Күнделікті жүгіргені өзіне жағатын да секілді; құрдастарына қарағанда тың, артық еті жок, жасы жетпіске жетіп қалса да жараган аттай арынды.

Бірақ... бәйбішесі Зылиха айтқандай, желбегейге жел үйір деп, пәле-жалаңың бәрі осы Мырзекенді айналдыратын сиякты. Алғаш сатып алған жылы бұл кісі осы «олимпийқадан» да сазайын жақсылап тартыпты ғой.

Қашанда спортты сүйетін Мырзекең бір күні көрші балаңың велосипедін ұрап мінеді. Үлкен кісіге көшеде ойқастап велосипед тебу ыңғайсыз, Мырзекең кең жазықты бетке алып, ауылдың сыртына шығып кетіпті. Қарсыдан соққан самалға төсін тосып, андыздал келе жатқан кезде «олимпийка» шалбарының бір балағы велосипедтің шыңжырына қыстырылып қалады. Балағын шығарам дегенше болмай, велосипед жарға құлайды. Мырзекең де велосипедпен бірге кисая жығылады. Қыстырылған балақ велосипедтің астында қалады да, алайын десе қолы жетпейді. Жұлып алайын десе дар етіп қайран «олимпийкасы» жыртылатын түрі бар. Өзі зейнеткер, демалыстағы адам, мұндай ыңғайлы киімді Зылиха өліп бара жатса ендігәрі алып бере ме! Біреу келіп босатып жіберер деген үмітпен Мырзекең шыңжыған күнге қақталып, қыбыр етпей шұңқырда жарты күн жатыпты. Шұңқырда жатқан Мырзекенді суға түсіп, үйге қайтып келе жатқан балалар көріп, босатып алыпты. Шындығында балалар да көрмей өте береді еken, ертіп алған иттері шәуілдеп үріп, шұңқырда бірдененің жатканын әйгілеген тәрізді.

— Біздің Мырзаң жыраға құлап, бір ажалдан аман қалды! — деп Зылиха сол күні көрші-қоланды, ауыл ақсақалдарын шақырып, қонақасы беріп, тілеу тілепті.

Бұл әңгімені естіген кезде:

— Ол қайдағы жыра мұның құлап жүргені? — деп Нұрғали қайран болды.

— Әлгі... өлген малды тастайтын шұңқыр ше?

— Құдая тоба, ол төңірек маңайынан адам жүрмесстей сасық еді ғой? Мырзекең нағып жүр ол жақта?

— Мырзекене бәрі бір емес пе... Иіс сезбейді, гаймаритпен ауырған.

— Апымай десенші, ол кісіге құдық пен шұңқыр қашан да даяр тұрады екен! — деп бұл оқиғаны естіген кезде Нұрғали құрдасына шын жаны ашыды. — Е, қасқыр қартайса итке мазақ болады деген осы да... Эйтпесе Мырзекендер түкірігі жерге түспеген білдей бастық емес пе еді!

Совхоздың қазіргі директоры Тұсіпбеков мырза: «Тар қазандай тасқалак осы ағамыз қайтып ел басқарып жүрген?» — деп кейде құдік келтіреді. Мейлі, құдік келтірсе келтіре берсін. Бірак Мұқырда туып, Мұқырды басқарған жалғыз бастық әзірге осы Мырзекен екені айдай шындық.

\* \* \*

Құдандалық-жекжаттықтың жолынан, салт-дәстүрінен мұқырлық ағайындар да кем тұсіп, көштен қалып көрген емес еді. Баяғы бір ескі замандардағы қазақтың бел құда, бесік құда, аяқ құда дегендей, құдандалығының алуан түрін бұл мұқырлықтар да бастарынан өткерген. Солардың бірі Бектемір молда болатын. Сайтан қартайса сопы болар деген, бүгінде ол кісі түк көрмегендей тасбық тартып тымпиып отырғой әнеки. Осы Бектемір мен ақсақ Нұрпейістің басына тұсken баяғы бір бәледен соң мұқырлықтар «айттыру», «атастыру» сияқты ата жолын тарс ұмытты. Содан кейін-ақ калындық іздеу, жар таңдау мәселесін олар тұтасымен жастардың өз еншісіне қалдырған.

Ол заманда Бектемір дін ұстап, иман жолына түсे қоймаған, әлекедей жаланған жас кезі екен. Қасында төс түйістірген жан досы, үзенгілес серігі Нұрпейіс бар. Ол кезде Нұрпейістің де бұғыға әлі мінбеген, ағаштан құлап, аяғын әлі сындыра қоймаған, шолтандарған мүгедек ақсақ емес, дыңғыраған тың шағы болса керек. Осылайша екі дос жұбы жазылмай, айдынның егіз қазындей есен-сau жүріп жатады. Әлгі қиссалардағы азыздардай, күндердің күнінде жұбы жазылмаған екі достың әйелдері де айлас-мұндас болып, бір мезгілде бала көтереді ғой...

— Әгәрки, сенің әйелің қыз тауып, менің әйелім ұл тапса — екеуіміз құда болайық! — дейді Бектемір.

— Егерде сенің әйелің қыз тауып, менің әйелім ұл тапса қайтеміз? — дейді момын Нұрпейіс.

— Олай болуы мүмкін емес, — дейді Бектемір ата қораздай айдарланып. — Бізде мұлт кету деген болған емес. Оған өзің де куәсің!

— Мен де бір азаматтай тізе жыртып, еңбектеніп жүрген жанмын ғой, менікі неге қыз болуы тиіс? — дейді Нұрпейіс мұңайып.

— Көңіліңізге келсе де айтайын, бұл жөнінде өзіңізге күмәндімін, — дейді Бектемір досын одан сайын жерлеп.

— Ал екеуімізде де ұл болса, немесе екеуімізде де қыз болса қайтеміз?

Екі дос бірін-бірі қажап мұқаткан осындай бос мылжың, қысыр әңгімемен тоғыз айды өткізеді. Тоғыз айтолып, уақыты жеткен соң екеуінің де әйелі аман-есен босанады. Нұрпейістің әйелі ұл, Бектемірдің әйелі қыз туады. Коразданып қоқып жүрген Бектемірдің бір-ак күнде сағы сынып, досы Нұрпейіспен құдалыққа амалсыз келіседі. Жылдар өтіп, қыз бәлиғатқа, ұл көмелетке толады. Енді екі дос құдалықтың мәселесін біржола шешпек ниетпен жастарды шақырып, кесімді сөздерін айтады. Оқыған қаратаяқ жастар мұндай зорлыққа қайдан көнсін: қыз бармаймын дейді, жігіт алмаймын дейді. Бекен қызына «барасың» дейді, Нұрекен ұлына «ала-сың» дейді. Осылайша екі жақ болып мәмілеге келе алмай айтысып жүргенде, Бекеннің қызы үшті-күйлі жоғалып кетеді. «Қыз жоғалды» деген суық хабар мұқырлықтарды аяқтарынан тік тұрғызады. Қыз іздеу операциясына ауылдық кенес, участекелік милиция арасады. Милиция уакиғаның себеп-салдарын тексеріп кеп жіберіп, бәленің басы қос құда — Бектемір мен Нұрпейістен екенін анықтайды. Ол кезде қазіргідей мамыражай уақ емес, шаш ал десе бас алған қыын заман ғой... «Кертартпа феодализмнің кесірлі дәстүрін үағыздаушы, социалистік отанға жат пиғылды адамдар» ретінде екеуі де қолма-қол ұсталып, қосақталып сол күні ырдуан арбамен ауданға айдалады.

«Қыз байқұс күйініштен тау басындағы Шәңген көліне құлап өліпті-міс», «Әкесінен түнілген қайран бала бақытын іздең қалаға қашып кетіпті-міс» тәрізді жел сөз бес күн бойы ауыл үстін кезіп жүреді. Ескі дәстүрді жаңғыртамыз деп ауданға айдалған Бектемір мен Нұрпейістен де хабар-ошар болмайды. Қызды койшы, тірі болса бір табылар, мұқырлықтарды бұдан былай айдалып кеткен арыстай екі азаматтың тағдыры қинайды. «Тұрмеге салатын болды, ит жеккенге айдайтын болды» деп, еңреген кезде екі әйелдің етектері жасқа толады.

Жоғалған қыз Өрелдегі нағашы атасының үйіне барып, бес күн бойы тығызып жатқан екен. Бесінші күні кешке түк болмағандай Мұқырдағы үйіне аман-есен қайтып оралады. Қыз есен-сau табылғанымен, үсталған азаматтарды аудан онайлықпен босата қоймайды. Қыз ізdegен бес күннің үстіне тағы бес күн бойы оларды қайта-қайта тергеп, жауап алышты. Сөйтіп қос қуда он күн бойы тас қамауда отырып, көздері кілмиіп, өздері ілмиіп, үйлеріне торғайдай тозып сүйретіліп жетсе керек.

Бұл уақиға басқаларға да өнеге-сұбап болып, атастыру салтының тамырына мұқыр жерінде мәнгілік балта шабылады. Құдандалық-жекжаттықтың басқадай да салт-дәстүрі, ырым-жоралғысы мұлдем келмеске кетеді. Осы уақиғадан соң мұқырлықтар тұстай жаңа заманың жарқын бейнесіне айналған «комсомол тойына» көшісп кетеді.

Осылайша, феодализмнің сарқыншағы мұлдемге жойылды деп, арканы кенге салып жүргенде мұқырлықтар тағы бір маскараға тап болыскан... Бұл жолы Мұқырда қыз үрланған болатын. Тұрасында, қыз үрлана жаздаған болатын.

Жалпы мұқырлықтардың пайымында қыз үрлау — ер жігітті үшпакқа шығара қоятындаі кәсіп емес. Олардың ойынша, қыз үрлау екі жағдайда болады: жігіттің ынжықтығынан, сосын ата-ананың ақылсыздығынан. Бірінші жағдайда — жігіт өзі үнатқан қызын көндіре алмайды, көндіре алмаған соң оны үрлап қашуға бекінеді. Бұл жігіттің ынжықтығы емей немене? Неме-

се — жігіт бетінен бөзі, аузынан сөзі түскен жетесіз. Екі сөздің басын қосып, қызға жақындај алмайтын жуас болады. Бұл да ынжықтық емей немене? Ал екінші жағдайдың жөні бөлек... Кыз бен жігіт бірін-бірі үната-ды, қосылуға ниет қылады, бірак қыздың әке-шешесі бұл некеге қарсы. Шын сүйіскен жастар мұндай жағ-дайда не істеуі керек? Эрине, біреуі үйінен қашып шығады, екіншісі оны ұрлап тынады.

Мұқырдағы «қыз ұрлау» хикаясы осы аталған екі нұсқаның алғашқысына сәйкес келетін.

Бұл жолы дау-дамайға мұрындық болған — Қазтай деген қалмақ бет қара жігіт болатын. Өзі күжірейген тоң-мойын, қыз-келіншекке ебі жоқ ынжықтау біреу еді. Сөйлегенде — екі ұртын томпайтып, әлдекімге өкпелеп тұрғандай қомпаңдап сөйлейтін. Құрдастары оның не ай-тып тұрғанын түсіне алмай, көбінде қайталап сұрайтын.

Әке-шешесі ертерек қайтып, жастайынан әжесі Қатипа кемпірдің тәрбиесінде өскендіктен Қазтайдың аздаған шолжаң еркелігі де бар еді. Әжесіне өстіп еркелеймін деп жүріп Қазекең көп дүниеден бос қалса керек. Қазтайдың сол әжесі күндердің бір күнінде немересінің құлағын жаксылап бұрап, ақыл үйретіп жібереді ғой. «Мен қартайдым, енді сен қатын ал. Келін түсіріп қолымды босат, немере сүйіп, қуанышқа кенелейін. Отызға келгенше қашанғы өстіп сұр бойдак жүре бермексін!» — деп ойбайға басып, жалғандағы жалғыз немересін үйден түріп шығады. Ашуланса әжесінің де мінезі шатқақ екен, «қолынан жетектеп біреуді әкел-мей, үйге кірмейсін» деп, есікті тарс жауып, іштен іліп алыпты.

Басына ауыр күн туған Қазтай кайда барсын, салы суға кетіп достарын паналайды баяғы. Осылай да осылай, қатын ал деп жатыр, жағдай шиеленісп тұр дейді достарына шағынып.

«Ал» дегенге ала қояр қыз кайдан табылмақ, доста-ры да ауыр ойға батып, жан-жакты жоспар құрысады. Ынжық Қазтай осы ауылдың қалың қызының біреуімен жүріп, тым болмаса біреуге екі ауыз тіл қатса ғой — мәселе оп-оңай ақ шешіле салады екен. Ондай даяр тұрған кандидатура жоқ бол шығады. Қазекенің өзіне

салсаң таңдау, талғау дегенді білмейтін секілді. Көйлек киіп көлбендерген көшілік, колынан жетектеп қайсысын алып келсең де кет әрі емес. Достары тоғыз ойланып, он толғанып, бұл ауылдың қыздары Қазекене мал болмасына көздері жетеді.

Осы күнгі тентек Рахман ол кезде оныңшы класта оқитын оқушы екен. Оқушы болса да орта басқарып жүрген оғылан жігіт екен.

— Ұрлау керек, — депті Рахман. — Ұрламасақ, мына Қазтайға жынды біреу болмаса, есті қыз жоламайды.

— Бектемір мен Нұрпейіс құсап басымыз бөлеге қалып, істі бол жүрмейік...

— Мейлі, істі болсақ болармыз... Есесіне Қазтай қатынды бол қалады.

«Ауылдың қызын ұрлайтын болсақ — олардың әкешесі, қала берді туған-туыстарының бөрі таныс кіслер,abyroisyzdykqa ұрынып жүрерміз» деген тоқтамға келеді жігіттер. Сондықтан аудан жақтан келіп осы ауылда қонақтап жатқан Әтіркүл деген қызға барлығы бірауыздан тоқтам жасайды. Ол идеяны да алға тартқан Рахман екен.

— Ол үш күннен бері менің немере апамның үйінде қонақта. Апам екеуі техникумда бірге оқыпты. Элі бойдақ екен. Қазтайға қатып тұр. Бұдан онтайлы кандидатты итпен іздесендер де таптайсындар! — деп топ ортаға ұрымтал ұсыныс тастайды.

Ұрыста тұрыс жоқ, Рахманның бұлтартпас дәлелін мойындаған жігіттер қыз ұрлайтын үшеуді іріктеп былай шығарады. Қалғандары әжейді қуантып сүйінші сұрап, көрші-қолаң, туған-туыстарды шақырып, той қамына кірісу үшін Қазтайдың үйіне қарай ағылады.

Астарында уақытша біреуден сұрап алған «Жигули», ұрлыққа шыққан бұл үшеудің басшысы тағы да Рахман екен. Екіншісі — өткен жылы мектеп бітіріп, оқуға түсеп алмай, ауылда есепші бол жүрген Ақан деген алласа бойлы қылдырықтай құба жігіт. Үшіншісі — Жанұзак, күжірейген күдіс жон, қайда салсаң да қайтпас қайрат иесі. Аңдал басып, ақырын жүрер мынадай алмағайып шаруаға епсіз болғанымен, жаман айтпай жақсы жоқ, жаңжал шығып, жан сауғалар жағдай туса — достарын

кеудесімен қорғап қалатын батырыңың нағыз өзі. Рахман Жанұзакты осындай бақай есеппен ертіп алады.

Жағдайдың жай-жапсарын алдын-ала барламақ болып, Рахман апа-жездесінің үйіне кіреді. Тракторымен таудан ағаш тасып жүрген жездесі үйге әлі орала қоймапты, қыздар өздері ғана екен. Рахман апайының шайын ішіп, қыздардан жайлап сыр тартып, өзінше барлау жасап жағдайға қанығады.

— Құдай сәтін сап тұр, бәрін де білдім, — дейді шыққан бетте сырттағы достарына. — Жолдың арғы бетінде тұратын Әмір шал бар ғой... Соның кенже қызы Қанипамен де бірге оқыпты ғой бұлар. Қазір қонаққа сол үйге жиналып жатыр. Біз машинаны жолға қойып, оларды қүре жолдың бойында, былайша айтқанда Қособаңың түбінде күтейік. Олар бәрібір үлкен жолды кесіп өтеді. Сөтін салса, сол жерде қызды тырп еткізбей, қанжығаға мықтап байлайтын боламыз.

Осылай деп келісіп, «Жигулиді» қүре жолдың жиегіне қойып, қыздарды күтеді. Рахман — рульде, қалған екеуі сыртта. Қызды бас салып, аяқ-қолын бұк-теп машинаға салған бойда, алды-арттарына қарамай зыр ете тұспекші. Сосынғысы итпен қуса табар ма бұларды. Жоспар мықты, жігіттер жігерлі, қандай да болсын ерлікке дайындалып сакадай сай тұрысады.

Не заматта Рахманның апа-жездесінің үйінің шамы сөніп, қаранды тұнде күбірлеп сөйлесіп бері беттеген екі кісінің нобайы байқалады.

— Бала көтерген алдыңғы әнебіреуісі менің апайым, оған тимендер! — дейді Рахман кос серігіне қатаң ескертіп. — Сонында келе жатқанды икемдендер!

Қарулы жігіттер койсын ба, соңғы әйелді бас салып, аузын басып, қолын қайырып, машинаға тыптырлатып тықпалай бастайды. Жан бермек оңай ма, мұндайда қыз екеш қыз да қарулы боп кетеді екен... Үш жігітке бой бермей табандап, машинаға кірмей тыртысады. Рульде отырған Рахман да қолы ілінген тұстан жармасып, қайсар қызды ішке қарай тартқылайды. Тартқылап жатқан кезде қыздың көйлегі басына түрліп, төменгі жақтағы үлбіреген іш киімі дар етіп жыртылып кетеді.

— Оңбағандар! — деп, абыройы байқалып қалған қыз дауыстап жылап жібереді.

— Ойбай, мынау менің апайым ғой! — дейді Рахман қызды даусынан танып.

Аң-таң болған жігіттер жылыстап бір шетке шыға береді. Үсті-басы жыртылған апайы Рахманды жерден ап, жерге сап ұрысады, ертеңгі күні шешесіне айтып, көкесіне танытпак болады.

Рахман бейбак қайтсын, бәріне де шыданап бағады.

— Әтіркүл қайда?

— Әтіркү-үл!

Бала көтерген Әтіркүл бұл сұмдықты көрген бетте алды-артына қарамай безіп отырса керек, үшті-күйлі маңайда жоқ. Рахман апайынан кешірім өтініп, ат-шапан айып төлейтін болып, азар құтылады.

Жолы болмаған үшеуі сүйретіліп Қазтайдың үйіне келеді. Үйге келсе — ел-жұрт жиналған, бәрі елеңдесіп, келін күтіп отыр екен. Келіншек алу да бір бақыт қой, әншейінде бітеу жараға ұқсайтын Қазтайдың көзіне де оқыс нұр бітіп, күлімсірет беріпті.

Ет асулы, дастарқан жаюлы, енді не істеу керек? Келін жоқ, жортуылға кеткен үшеуі сопиып сопа бастары жеткенін көргенде, Қатипа әжей сай-сүйекті сырқыратып зарлап қоя береді. Елдің ұлына қатын деген даяр тұрады, біздің ұлдың жолы бір онғарылмаған жетімек болды-ау. Енді ел-жұрттың бетіне қалай қараймын мен қарабет деп, еніреген кезде, үшеуі еріндерін тістеп, тастай түйініп, тағы да суыт жолға шығады ғой. Бұл жолы «Жигулисіз» жаяу аттанады.

Былай шыға бере Рахман сарбаздардың басын қосып, тағы да кенеседі.

— Олар шошып қалды, бұғін үйге қайтпайды, сол Қанипаның үйіне қонады, — дейді Ақан.

— Басқа біреуді аңдымасақ, Әтіркүлден үміт үзілді, — дейді Жанұзақ гүжілдеп.

«Үмітсіз шайтан» деп, ертеңгі күнге қашанда серек сезіммен қарайтын оптимист Рахман:

— Саспаңдар, достарым! — деп серіктерін сабырға шақырады. — Менің өмірлік тәжірибем айтады: қонаққа барған адам — шай ішеді. Әсіресе қыздың үйіне қыз

қонаққа барса — майын тамызып өсек соғып, шайды сораптап көп ішеді.

— Иә, сосын?

— Ал шай ішкен адам бітеу болмаса далаға бір шыгы тиіс қой? Қашанғы үйде отырар дейсің. Біздің міндегі — олар далаға шыққан кезде андып тұрып бас салуымыз керек.

— Обал ғой, далаға шыққасын шаруасына аздалап мұрсат берейік те? Содан кейін де бас салсақ үлгереміз ғой.

— Ешкандай да обалы жоқ. «Жауды аяған жаралы болады». Мен дәл қазір бұл мақалды «Кызды аяған қатынсыз қалады» деп өзгертемін!

Осындай байламға тоқталып, үш ноян Әмір шалдың үйін ториды ғой. Үйге кірген қонақтар неше самауыр шай ішкендерін кім білсін, бұларды сарғайтып әйтеуір ұзак күттіреді. Не заматта, дәліздің есігі шикетіп сыртқа теуіп, арғы жағынан күбір-күбір сөйлесіп, сынғырлай құліп екі қыз шығады.

— Туу... дала тастай қараңғы екен ғой... тұра тұршы, мен шамды жағайын, — деп біреуісі қайрылып дәлізге кіріп, тырс еткізіп ауланың шамын жағады.

Ендігісі аула іші де, кора жақ та самаладай жарқырап салады. Сыртқа шыққандар — Қанипа мен Әтіркүл екен. Шүкіршілік, араларында Рахманның апайы болмайды. Бағанадан бері үйде сокқан әңгімелері жетпегендей екі қыз ендігісі ауланың ортасында тұрып ұзаксонар әңгімеге кіріседі.

— Бұлар бітеу ме еді, неге бері таман келмейді? — дейді Рахман тағатсызданып.

— Эй, Ақан, осы Қанипалар сендерге нағашы болып келуші еді ғой? Сен бұларға өз адамысың... барып сөйлесіп, Әтіркүлді бері қарай икемдесенші! — деп қыздардан қозғалыс болмаған соң, Рахман оларға Ақанды жұмсайды.

— Екеу ғой, екі қызға күшім жетпейді, — деп Ақан жігерсіздік танытады.

— Сен күшпен емес, сөзбен алдап, бері таман қараңғылау тұсқа шығаршы... Содан кейінгі шаруаны біз қатырамыз.

Мойны салбырап, тыпың-тыпың басып, Ақан қыздарға қарай кетеді.

— Эй, Ақан, сен қайдан жүрсің? — деп, тұнделетіп жүрген бауырына Қанипа сезіктене қарайды.

— Әйеме келдім, бір шаруамен... — дейді Ақан апайының құдігін сейілтпек болып.

— Әйен үйде отыр, ендеше бар...

— Сендер неғып тұрсындар?

— Бізде шаруаң қанша... Біз әңгіме айтып тұрмыз.

— Мен де әңгіме тыңдайыншы!

— Қыздардың өсегінде нең бар?

— Тындағым кеп тұр.

— Мен сенің апайың емеспін бе, айтқанды тында, үйге бар!

— Бармаймын... Сендердің қастарында тұрамын.

Ақан тіл мен жағына сүйеніп апайымен өстіп сөз таластырып біраз тұрады.

— Ендеше Әтіркүлді күзетіп осы жерде тұра тұр, мен сыртқа шығып келейін, — дейді құдігі сейілген апайы аздан соң.

— Жарайды... Бара бер!

Қанипа бұрандай басып қораның қараңғы бұрышын айналып кетеді. Ақанда зәре жоқ, ана екі антүрған Әтіркүл екен деп Қанипаны бас салып, бағанағы қателікті қайталап жүрмесе неғылсын деп қылпылдайды.

— Сіздің атыңыз Әтіркүл, сіз біздің ауылға қонаққа келдіңіз, ә? — дейді Ақан сзызылып.

— Иә, менің атым Әтіркүл...

— Менің атым — Ақан болады.

Ақан Әтіркүлге қымсына қолын ұсынып танысады да, сол ұстаған күйі қыздың қолын жібермейді:

— Шамның астына сайтан көбелек толып кетіпти, көйілегінізді жеп қойып жүрер... Жүріңіз, былайырақ барып тұрайық! — деп ұсыныс айтады.

— Сайтан көбелек дейсіз бе? — дейді Әтіркүл таңырқап.

— Сайтан көбелек деген «моль» ғой...

— Тұрған адамның да киімін жеп қоя ма?

Кыз сенерін де, сенбесін де білмей, Ақанның жетелеген жағына қарай жылжиды.

— Жегенде қандай! — дейді Ақан одан сайын екіленіп. — Әнеу күні сіз секілді бір қыз жігітін күтіп осындай шамның астында көбірек тұрып қапты. Жігіт те жоқ, үстіндегі кірепдешін көйлегі де жоқ, әлгі қыз сол күні үйіне жалаңаш қайтыпты.

— Койыңызшы! — деп қыз сықылықтап құліп жібереді. — Сіз керемет фантазер екенсіз.

— Шын айтам, имандай шыным! — деп Ақан сол қолымен қеудесін басып, қызды жетелей түседі. — Сондықтан жүрініз, жарықтан былайырақ тұрайық.

— Бұдан әріге бармаймын.

— Неге?

— Қараңғы... қорқамын.

— Несіне қорқасыз?.. Қасыңызда мен бармын ғой!

— Сізден де қорқамын... Өтірікті шындай соғады екенсіз.

— Корықпаңыз, жүрініз!

— Жо-жоқ, бармаймын. Бұл ауылдың жігіттеріне сенім жоқ сияқты. Мен осы жерден әріге аттап баспаймын.

Кап, қысыр әңгімемен уақытты үтқызып алдым-ау, деп Ақан қапа болады. Осы кезде шиқ етіп, әжетхана есігінің ашылған даусы естіледі. Енді кешігуге болмасын ұғып, Қанипа келсе, еңбегінің зая кетіп, сандалып далада қаларын Ақан түсінеді.

Сол оймен мысықша атылып, қыздың ту сыртынан, қапсыра құшақтай алады:

— Жанұзак... Жанұза-ак! — дейді айқайлад. Аяқколы балғадай қарулы қыз қойсын ба. арқасына таскенеше жабысып алған кішкентай жігітке бой бермей бұлқынады.

— Жанұза-ак! Жанұза-ак! — деп Ақан жан дауыспен достарын көмекке шакырады.

Сырттағы айқайға үйдегі әйелдер жүгіріп шығысады, қора жақтан ойбайлад Қанипа жетеді. Аула іші азан-казан болады да кетеді.

Бұл көріністі сырттай бақыладап тасада тұрған екеу қыр асып зытып жоғалады. Не заматта жағасы жыртылған, бет-аузы айғыз-айғыз тырналған Ақан жетеді ентігіп:

— Сатқынсыңдар! — дейді ол қан тұқіріп. — Қалың катынға жалғыз жем еттіндер!

Үшеуі салы суға кетіп Қазтайдың үйіне келсе — екі көздері төрт болып, тойға жиналған жұрт бұларды әлі күтіп отыр екен. Бұлардың сүтке түскен тышқандай кейіпте, мойындары салбырап тағы да бос қайтқанда-рын көрген Қатипа әжей тағы да зарлап қоя береді. Тағдырға лағнет айтып, «мұндай қорлықты көрсеткен-ше, ку шұнақ құдай, кеше неге алмадың мені» деп сұнқылдайды.

— Болды, әже, қамықпаңыз! — дейді Рахман тоқтау айтып. — Анау төргі үйде үйірліп отырған көп қызың қайсысы сізге ұнайды? Қане, көрсетіңіз, соның біреуін келін етіп бүгін түсіріп бермесек — біздің жігіт атымыз өшсін!

Тағы бір үміттің ұшқыны жылт еткесін, Қатипа әжей көзін сұртіп, риза пейілмен Рахманға:

— Карактарым, қыз жақсысы қисық лашықтан та-былады, — депті. — Осы шаңыракқа ие болар тұтқа, балама жар болар адамға ризамын. Қайсысын қалай-тының Қазтайдың өзінен сұрандар.

— Апа, мен қайдан білем... — деп Қазтай ат-тонын ала қашады.

— Білмегені несі?

— Маған бәрібір... Қатын болса бопты.

— Оу, кеше, еркек емеспісің! Қай қыз ұнайды деп адамша сұрап отырмыз ғой сенен? Көрсетсеңші!

— Бәрі ұнайды... Бәрі де жақсы қыздар! Өздерің таңдал беріндерші біреуін, — деп Қазтай жалынғандай болады.

— Сонда не... Бәрін қатын етпек ойың бар ма?

Ауыз үйде отырған жігіттер ендігі жерде Қазтайға қалыңдықты өздері тандауға кірісіп, төргі үйдегі қыздарды бір-бірлеп сарапқа салады. Әжейге келіндікке қай қыздың «кандидатурасы» лайық, сол төңіректе ұзак-сонар мәслихат құрысады:

— Ләzzэт қалай?

— Тантыма... Оның жігіті бар!

— Кім?

— Оралғазы... Екеуінің жүріп жүргеніне, мінеки, бір жұма болды.

- Ал бергі шеттегі Мәриәм ше?
- Ол да болмайды. Ол қызды көптен бері Шаймардан айналдырып жүр.
- Меніңше, анау Бағдат дұрыс секілді?
- Бағдат па?.. Құдай сақтасын... Ана мінезбен әжейге күн көрсетпей, Қазтайды бір шыбықпен айдал жүрер... Бетпақ қой ол, бетбак...
- Онда Күләйді икемдеген жөн шығар?
- Аяғы кисық демесен... Әжесінің мойнына көп мінген қыз секілді.
- Кәмила қалай?
- Көзінің аздап қилилығы болмаса...
- Оу, бұларың не?.. Жібі тұзу қыз қалмады ғой бұл ауылда.
- Жібі тұзулерін қылдай ғып өздерің бөліп-бөліп алдындар. Неғыл дейсіндер енді?
- Кейбіреуі бүгін келген жоқ.
- Сонда қалғаны бірөңкей ақсақ-тоқсак, кисық пен қылилар ма?
- Жо-жоқ... Кәмиланың аздап қилилығы болмаса, былайша нешауда бала сияқты.
- Бәрібір жарамайды... Әжейге жіп сабактап беретіндей көзі тұзу қыз керек. Ал сенің Кәмиланың көзілдірігінің шынысы бес елі.
- Жігіті жоқ, басы бос жүргендерден кім қалды енді? Жігіттер тығырыққа тіреліп, қатты ойланысады.
- Айтпақшы, анау шифонердің қасында отырған Нұрлытайға көз салындаршы! — дейді Рахман бұл қындықтан шығар ең соңғы жолды нұскап.
- Е, немене, көрмей жүрген — Нұрлытай деймісін?
- Өзі де шифонердей етженді қыз ғой.
- Үй шаруасына олақтау демесен... Әжейге масыл болып, түске дейін үйықтайтын еріншек келін бол жүрмесін!
- Шифонердей денесімен осы Нұрлытай құдірейген Қазтайға әбден лайық еді, ең ұрымтал осы ұсыныс та өтпей қалады.
- Ендеңе, ортадағы анау Мәйкеннен өзге лайық адам таба алмай отырмын, — дейді Рахман ұміті үзіліп.
- Мәйкеннің көрші ауылда жігіті бар деп естігем.

— Әбжан ба... Оның әскерге кеткеніне, мінеки, бір жылдан асты.

— Байқұс бала-ай, сағынып жүр екен ғой...

— Пішту, бұ заманда әскерге кеткен жігітін тосқан қызды көрсем көзім шықсын... Оданда реті келмей, ыңғайлы жігіт кездеспей жүр десеңші.

— Ендеше, Мәйкеннің сұбабын алып, Қазтайды жолықтырайық оған... Қазтай, қалай, Мәйкенге көнілің тола ма?

— Толғанда қандай! — деп Қазтай жерден жеті қоян тапқандай қуанып, ыржынп салады.

— Толса сол, бүгін сені сол Мәйкенге үйлендіреміз! — дейді Рахман.

Келіндікке «кандидатура» таңдау мөслихаты осымен аяқталады. Мәслихаттың қаулысы аса құпия сақталып, үйдегі, түзделгі жастар, туған-туыстар дастарқан басына шақырылады.

Өзгелерге қарағанда қызыл тілге аздал икемі бар ғой деп, Рахман асабалыққа Ақанды сайлайды. Сонысы үлкен қателік болған секілді. Ақан қыздардың алдында шешендігін көрсетемін деп ділмарсып, мылжындаپ ұзак сөйлепті. Құпия қаулы бойынша бір тост ұзак құттірген бүгінгі отырыстың баянды болуы үшін, ешten де кеш жаксы дегендей, осы шаңырактың болашақ келіні үшін көтерілуі тиіс екен. Бұл тост біткен бойда Мәйкеннің басына орамал жабылып, екі жақтан екі женгесі қолтықтап, төрт жігіт былайғы жанжалдан қоршап, шымылдықтың ішіндегі құтты орнына апарып қондыруы тиіс екен. Ақанның көп сөйлеген мылжың сөзі соншалықты дәлдікпен ойластырылған тамаша жоспардың күлін көккө ұшырса керек. Сөйлегенде былайғы жакқа қарап сөйлесе бір жөн ғой, өзге қыз құрып қалғандай қайта-қайта Мәйкенге қарағыштап, көнілдегі құпиясын сездіріп алады. Келіннен келіннің жорғасы жоқ, бірақ бұл үйдің босағасын он аяғымен аттаған келін міндетті түрде құтты келін болатынын, міндетті түрде бақытты болатынын айтып, апымай, мандайының бағы бес елі сол қыз қайда екен деп асаба өзіне телміріп зарқақсап тұрған соң Мәйкен мән-жайды сезбей койсын ба! Мәйкен ғана емес, Мәйкенмен бірге ере келген өзге

қыздар да сезіктеніп дайын отырыпты. Ту сырттарынан келіп, Мойкеннің басына орамалды жаба берген кезде қыздардың бәрі орындарынан атып-атып тұрысады. Баяғының жібектей сзылған биязы қыздары емес, шеттерінен оқу оқып, тілі шыққан қаратаяқтар емес пе, сол жерде шу көтеріп «көтеріліс» шығарады. Өздері айтқандай, қылиы бар, қисығы бар, бетбағы мен «шифонері» бар қалың қыз айғайға басып жігіттердің шаңын қағып, екі аяқтарын бір етікке тығады. Сол бойда соңдарына да бұрылмастан қыз біткен тойдан тайып отырады.

Тобық жүтқандай томсырайып отырған жігіттерге аздан соң жан бітіп, енді бірін-бірі кінәлауға көшеді. Кінәлаудың ақыры тобелеске үласып, біреудің көзі көгеріп, біреудің шекесі ісіп, біреудің киімі жыртылып, берекелері қашып тарқасады.

Мұқыр ауылының тарихындағы ең алғашқы, әрі соңғы қыз үрлау хикаясы осылайша аяқталған еді.

Ал Қазтай болса сәтін салып, сол жылы күзде әжесіне ақыры келіп түсірген. Ақан «шифонер» деп, Рахман «еріншек» деп жаратыған баяғы Нұрлытайға үйленген болатын. Білмейтін жұрт кейде албаты ғайбаттайды екен: айналайын Нұрлытай құтты келін, Қазтайға сүйікті жар болды. Әйеліне өсіресе Қазтай дән риза сияқты, «Нұрлытай» десе болды, екі езуі екі құлағына жетіп, ыржиып сала береді.

Атам қазақтың көп бейнеттің бір зейнеті болады дейтіні рас екен. Жетім өскен Қазтай да келіншек алып, осылайша адам санатына қосылып кетті. Сөйтіп Мұқыр ауылының тағы бір шаңырағы қуаныш пен бақытқа кенеліп салды.

Дей тұрғанмен, бақытты деген шаңырактың өзінде де бір кілтипан болады ғой. Отбасының ішкі сыры секілді ондай кілтипады былайғы сырт көз байқай да бермейді. Қазтай мен Нұрлытайдың отбасында да сондай бір түйіні қатты, шешімі қын бір мәселе бар еді. Ол мәселе — тұңғыштары Дарханға қатысты болатын.

Дархан қазір төртінші класта оқып жүр. Экесі Қазтай да, шешесі Нұрлытай да етті келген, бетті келген

— Әбжан ба... Оның әскерге кеткеніне, мінеки, бір жылдан асты.

— Байқұс бала-ай, сағынып жүр екен ғой...

— Пішту, бұ заманда әскерге кеткен жігітін тосқан қызды көрсем көзім шықсын... Оданда реті келмей, ыңғайлы жігіт кездеспей жүр десенші.

— Ендеше, Мәйкеннің сұбабын алып, Қазтайды жолықтырайық оған... Қазтай, қалай, Мәйкенге көнілің тола ма?

— Толғанда қандай! — деп Қазтай жерден жеті қоян тапқандай қуанып, ыржып салады.

— Толса сол, бүгін сені сол Мәйкенге үйлендіреміз! — дейді Рахман.

Келіндікке «кандидатура» тандау мөслихаты осымен аяқталады. Мәслихаттың қаулысы аса құпия сакталып, үйдегі, тұздегі жастар, туған-туыстар дастарқан басына шақырылады.

Өзгелерге қарағанда қызыл тілге аздал икемі бар ғой деп, Рахман асабалыққа Ақанды сайлайды. Сонысы үлкен қателік болған секілді. Ақан қыздардың алдында шешендігін көрсетемін деп ділмарсып, мылжыңдаپ ұзак сөйлепті. Құпия қаулы бойынша бір тост ұзак күттірген бүгінгі отырыстың баянды болуы үшін, ешten де кеш жақсы дегендей, осы шаңырактың болашақ келіні үшін көтерілуі тиіс екен. Бұл тост біткен бойда Мәйкеннің басына орамал жабылып, екі жақтан екі жеңгесі қолтықтап, төрт жігіт былайғы жанжалдан қоршап, шымылдықтың ішіндегі күтті орнына апарып қондыруы тиіс екен. Ақанның көп сөйлеген мылжың сөзі соншалықты дәлдікпен ойластырылған тамаша жоспардың күлін көккө ұшырса керек. Сөйлегенде былайғы жаққа қарап сөйлесе бір жөн ғой, өзге қыз құрып қалғандай қайта-қайта Мәйкенге қарағыштап, көнілдегі құпиясын сездіріп алады. Келіннен келіннің жорғасы жок, бірақ бұл үйдің босағасын он аяғымен аттаған келін міндетті түрде қүтті келін болатынын, міндетті түрде бақытты болатынын айтЫП, апымай, мандағының бағы бес елі сол қыз қайда екен деп асаба өзіне телміріп зар қақсап түрған соң Мәйкен мөн-жайды сезбей койсын ба! Мәйкен ғана емес, Мәйкенмен бірге ере келген өзге

қыздар да сезіктеніп дайын отырыпты. Ту сырттарынан келіп, Мәйкеннің басына орамалды жаба берген кезде қыздардың бәрі орындарынан атып-атып тұрысады. Баяғының жібектей сзылған биязы қыздары емес, шеттерінен оқу оқып, тілі шыққан қаратаяқтар емес пе, сол жерде шу көтеріп «көтеріліс» шығарады. Өздері айтқандай, қылиы бар, қисығы бар, бетбағы мен «шифонері» бар қалың қыз айғайға басып жігіттердің шаңын қағып, екі аяқтарын бір етікке тығады. Сол бойда соңдарына да бұрылмастан қыз біткен тойдан тайып отырады.

Тобық жұтқандай томсырайып отырған жігіттерге аздан соң жан бітіп, енді бірін-бірі кінәлауға көшеді. Кінәлаудың ақыры тәбелеске үласып, біреудің көзі көгеріп, біреудің шекесі ісіп, біреудің киімі жыртылып, берекелері қашып тарқасады.

Мұқыр ауылының тарихындағы ең алғашқы, әрі соңғы қыз үрлау хикаясы осылайша аяқталған еді.

Ал Қазтай болса сәтін салып, сол жылы күзде өжесіне ақыры келін түсірген. Ақан «шифонер» деп, Рахман «еріншек» деп жаратпаған баяғы Нұрлытайға үйленген болатын. Білмейтін жұрт кейде албаты ғайбаттайды екен: айналайын Нұрлытай құтты келін, Қазтайға сүйікті жар болды. Эйеліне әсіресе Қазтай дән риза сияқты, «Нұрлытай» десе болды, екі езуі екі құлағына жетіп, ыржиып сала береді.

Атам қазақтың көп бейнеттің бір зейнеті болады дейтіні рас екен. Жетім өскен Қазтай да келіншек алып, осылайша адам санатына қосылып кетті. Сөйтіп Мұқыр ауылының тағы бір шаңырағы қуаныш пен бақытка кенеліп салды.

Дей тұрғанмен, бақытты деген шаңырактың өзінде де бір кілтипан болады ғой. Отбасының ішкі сыры секілді ондай кілтипанды былайғы сырт көз байқай да бермейді. Қазтай мен Нұрлытайдың отбасында да сондай бір түйіні қатты, шешімі қын бір мәселе бар еді. Ол мәселе — тұнғыштары Дарханға қатысты болатын.

Дархан қазір төртінші класта оқып жүр. Әкесі Қазтай да, шешесі Нұрлытай да етті келген, бетті келген

дөңгеленген қара кіслер. Қараның да қарасы болады, бұл кіслер сол қараның ішіндегі терісі қалың қаралар еді. Тіпті үйдегі әжейді де ауылдың шал-шауқандары өз атымен атамай, «қара кемпір» десіп кеткен. Үлкендердің айтуына қарағанда, Қазтайдың әкесі де тұнерген қалың қабақ, қорасандай бұжыр бет шойқара кісі болғанға ұқсайды.

Тұған әке-шешесі ғана емес, ата тегіне дейін осылайша қап-қара бола тұра — Дархан сап-сары болып туды. Сары болғанда — орыстың өзі ұялғандай сары... Дарханнан соң дүниеге келген кейінгі үш қыздың үшеуі де қарала-торала, әкесі мен шешесінің аузынан түсіп қалғандай.

Қазтай мен Нұрлытайды қинайтын осы жағдай болатын.

\* \* \*

Мұқырдың энциклопедиясын жазып жатырмын деп жалпак жүртқа жар сап жүрген кітапханашы Дәuletханды, басқа жүртты кім білсін, ауылдың шал-шауқандары әжептәуір бедел тұтатын. Дәuletханың «энциклопедия» деген сөзіне үлкендер жағының тілдері бұралғанымен, оның мағынасын шамалайтын, айтып жүргені тегі шежіре болар деп топшыласатын.

— Бұл жігіттің колынан бәрі келеді. Өзі асқан білімді... Мен мұндай білімді кісіні баяғыда Коробихада тұрған кезімде кержақтардың ішінен де кездестірген жоқпын! — дейді Лексей Дәuletхан туралы.

— Әне... бұл Лексей ғылым-білімнің де нарқын кержақтармен өлшейтін болды! — деп оған Нұрғали шамданады.

Лексейдің ауылдық кітапхананың менгерушісіне мұншалықты жоғары баға беруі негізсіз де емес еді.

Білімді болғанда, бұл Дәuletханда институт бітірген ел қатарлы жоғары білім жоқ. Өзінің айтуына қарағанда, алыстағы өсем Алматының іргесінде Алматыдай көркем Қаскелен деген қала бар екен. Сол жерден халықты мәдениетке, сосын әдебиетке тәрбиелейтін бір тамаша техникумды тамамдапты. Бұл Мұқырда жоғары білімді жастар мен жасамыстар бүгінде қойдай өріп жүр

ғой, бірақ солардың бір де біреуі, шал-шауқандардың пікірінше, Дәuletханның шалғайына жармаса алмайды. Өйткені олардың бір де біреуі газет-журналды, қала берді алуан түрлі кітапты Дәuletхандай көп оқымайды, оқыын деп ниет қылса да анау айтқандай уақыттары жоқ. Ал Дәuletхан болса қолына тигенді шекілдеуікше шағып тастайды. Өйткені, кәсібі солай — кітапханаши. Оған қосымша пәленше жыл бойы «насихатшы» деген қоғамдық жұмысты үдіріссіз атқарған мықты азамат. Ендеши Дәuletхан білімді болмағанда, қысы-жазы шаруамен алысқан совхоз директоры, немесе мал соңында салпақтаған зоотехник білімді болады дейсіз бе!

Жалпы Дәuletханның тегі бұл Мұқырдан емес сияқты, етектегі анау Аршаты жакта туған көрінеді. Қаскелендері өзі айтқан тамаша оқуды ойдағыдай бітіріп, жолдамамен ауданға келсе — туған жері Аршатыда орын жоқ болып шығады. Жоқ орынды жерден қазатын емес, аудандағылар жас маманға осы Мұқырды сілтеп, жолға салып қоя беріпті.

Содан бері де, мінеки, он жылдың жүзі өтіпті. Дәuletханның да жасы отызға иек артты, әлі үйленген жоқ, жастықтың жалауын жықпай сүр бойдақ жүріп жатыр.

— Адам неғұрлым кеш үйленсе — оның өмірі солғұрлым ұзара түседі, — деп ол кейде өзінің бүгінгі жағдайын жүртқа түсіндірген болады. — Ал менің ұзак өмір сүргім келеді. Олай дейтінім — мен сол ұзак өмірімде «Мұқыр ауылының энциклопедиясын» толық аяқтап, артымда өшпес із, мәнгілік мұра қалдырғым келеді.

— Қызық... Әлгі дүниесін жазғалы он жылдың жүзі болды ғой? Неғып бітпейтін шаруа болды онысы? — деп арызқой Орынбай таң қалады.

— Соған қарағанда қолға алғаны осал нәрсе болмады! — деп ондайда Нұрғалидың да құдігі молая түседі.

Білімнің тым-тым көптігі кейде азаматқа зиян да секілді. Сол көп білімі көкірегін буып шыдатпай ма, Дәuletхан соңғы кезде ауыл басшыларымен жиі-жиі сөзге келіп, шекісіп қалып жүр. Орынбайда зәре жоқ, директор бірде болмаса бірде қатты кетіп, бұл жігітті жұмыстан қуып шыға ма деп те қауіптенеді.

— Дәuletхан ауылдан қуылса — өлгі Мұқыр энциклопедиясы аяқсыз, жазылмай қалады, — дейді Орынбай. — Оны бір деңіз. Екінші — бізге күнделікті жаңалықты жеткізіп тұратын да жан қалмайды... Американың жағдайын, Израйлдің жай-қүйін біле алмай қараң қаламыз. Сондықтан Дәuletханды қоғам үшін корғап, өзіміз үшін сактауымыз керек.

— Сол бәлелі кітаптың жазылмай-ақ қойғаны жөн еді, — дейді Нұрғали Орынбайдың тамырын басқансып. — Ит біліп пе, біз туралы ол жерде не дегенін...

— Жоқ, Нұреке, — деп оған Орынбай қарсы шығады. — Жаңалық айтып жаныңды жадыратып жүрген қай өкімді көрдің? Бәрінің білетіні малдың амандығы, жем-шөп дайындау, жер жыртып егін егу. Дәuletхан сондай қарбалас тірліктері бір жұтым таза ауа секілді. Сондықтан оның ауылда болғаны жақсы бізге.

— Айтқаның жөн де шығар... Бірак осы баланың қайсыбір тірлігі құдікті көрінеді де тұрады... миғұла ма деп қаласың.

— Жо-жоқ, Нұреке. Оның тірлігі — адал тірлік. Тымтым адал болғандықтан да бізге ерсілеу көрінеді.

Әрине, кітапханашиның тағдыры төңірегінде үлкендердің аландағаны орынды шығар. Бірак үлкендер аландап, бастықтар тісін қайрап жүр екен деп айылын жиып жатқан Дәuletхан ба! Ана жолғы совхоз жұмысшыларының үлкен бір жиынтында мінбеге шығып алып, тағы да басшыларға соқтығыпты...

— Сексен бесінші жылғы сәуірдің самалынан кейінгі «қайта құру» процесі бізге үлкен өзгеріс, зор жаңалықтар әкелгенін жақсы білесіздер. Солардың ең құндысы — демократия мен жариялышық. Соның арқасында біз көптеген ескі дәстүр мен салттардан біртіндеп арылып келеміз. Бұл, әрине, жақсылық өзгерістер! — деді сұқсаусағын шошайтып. — Ал енді сөйте тұра мына жиналысымыздың сиқына қараңыздаршы!..

— Не бол қапты? — деп жиналғандар елеңдесіп қалды.

— Тікелей мәселеге көшсөңші! — деді жиналыс төрағасы үстелді тықылдатып.

— Тікелей мәселе туралы менде пікір жоқ.

— Онда мінбеге несіне шықтың?

— Мен жиналыс туралы сөйлейін деп едім... Естепінде бар шығар, баяғы тоқырау жылдарында да жиналыстар дәл осылайша өтуші еді ғой... Президиум. Президиумда міндепті түрде директор, парторг, совхоздың игі жақсылары, ақсақалдары мен қарасақалдары отыратын...

— Не айтайын деп тұрсың өзі? — деп төрдегі директор Тұсіпбеков мырза да Дәuletханға алая қараған.

— Айтайын дегенім, сондай ығыр қылған дәстүрден бас тартайық... Сайланған екен, президиумға жиналыстың төрағасы мен хатшысы ғана отырсын. Президиум деген атадан мұраға қалған құтты орын емес шығар, қалғандары бұқарамен бірге залда отырсын... Эйтпесе бүгінгі заман талап етіп отырғандай ашық әнгіме болмайды, зал мен президиум болып жікке бөлініп, сөзіміз жараспайды. Меніңше, осы дәстүрден бас тартайық, жолдастар! Сонда ғана біз жиналыс өткізуудің формасын ғана өзгертіп қоймай, мазмұнын да өзгертіп, нағыз демократиялық жолға көшетін боламыз.

Бастықтардың ойын кім білген, залда отырған қара шаруа қалың ел Дәuletханның сөзін қостап, бірауыздан «жөн екен» дескен. Бірақ, Орынбайдың есебінше, төрдегі жылы орнын қай бастық оңайлықпен бере қояды дейсің. Ондай жағдайда Дәuletханның жаңағы айтқан сөзі олардың жүректеріне инедей қадалып, миларында қатталып та, жатталып та жатыр ғой.

— Менің бір ұсынысым бар? — дейді Дәuletхан бірде директорға.

— Ие, айта ғой! — депті директор.

— Айтсам сол, жұмысшыларға мінездеме беруді жою қажет, — депті Дәuletхан. — Ол да тоқырау заманың, тіпті одан арғы замандардың тозған дәстүрінің бірі. Мінездеме ол кезде де адамды бастықтарға, партбюроға, профкомға, тағысын-тағыларға тәуелді етіп қоюшы еді. Ал бастыққа тәуелді адам жеке басының мүмкіндігін аша алмайды, бойындағы бар қуатын жұмсал, қоғамға толық пайда келтіре алмайды. Өзінің пікірін, өзінің жеке көзқарасын ашық айта алмаған адам — кемтар адам. Өкінішке орай, арамызда қазір сондай кемтарлар көбейіп кетті.

— Е, неге?

— Өйткені пікірін ашық айтып, бастықтармен тілге келіп қалған азаматтарға бастықтар дұрыс мінездеме жазып бермейді. Қысқасы, бәріне де осы мінездеме кінәлі.

— Сонда не айтайын деп тұрсың?

— Мінездеме берген практиканы тоқтату керек... Адамдардың мінездемеге тәуелділігін түбөгейлі жою қажет.

— Айналайын, Дәuletхан, ойыңды жинақтап, ұйынықты етіп айтшы! — дейді директор.

— Мінездемені айтамын. Мінездеме арқылы біз жұмысшыларды бастықтарға тәуелді етеміз, бастықтардың алдында жағымпаз етеміз. Мен соны айтып тұрмын!

— Қалайша?

— Мәселен, жаман мінездеме алған адам туристік жолдамамен шетелдерге бара алмайды. Сондыктан қашанда жақсы атанып, жақсы мінездеме алу үшін ол адам өз пікірі дұрыс болса да ашып айтпайды. Бастаң құлақ садаға дейді, бастықтарға тәуелді екенін біледі. Ал тәуелді болу — жағымпаздыққа әкеліп соғады. Ал жағымпаздық — жаман індеп. Соның салдарынан сталиншілдік, брежневшілдік кер заман соншалықты үзакқа созылған.

— Дұрыс қой, бірақ сенің мұның мемлекеттік масштабта көтеретін мәселе, шырағым!

— Жақсылық өзгерісті әркім өзінен бастауы тиіс. Сіздер де осыдан былай мінездеме беруді тоқтатсаныздар!

Бұл сөзге директор қарқылдалап күліп жіберіпті:

— Жарайды, солай-ақ болсын, — депті директор. — Бірақ осы жазда оқуға барғысы келіп жүрген жастар бар. Мінездемесіз олардың құжаттарын оқу орны қабылдамайды ғой? Рас па?

— Мүмкін...

— Онда не істейміз?

— Қайдан білейін...

— Көрдің бе, шырағым. Әркімнің басына лайық беркі болады. Сенің көтеріп отырған мәселең мемлекет тарапынан қозғалып шешімін табатын дүние... Оған біздің шамамыз келмейді. Ұқтың ба?

- Сонда мен не істеуім керек?
- Газетке жаз, пікір туғыз, жұртшылық құлактансын, оқысын, білсін...
- Мынауыңыз табылған ақыл екен! — деп Дәuletхан қуанып кетіпті. — Мен сөйтемін... Мен газетке жазамын. Пікір туғызамын!
- Дәuletхан қолға алған шаруасына тиянақты жігіт қой. Бәлкім, сол айтқан мақаласын баяғыда жазған да шығар. Бірақ ондай мақала мұқырлықтардың көзіне өзірге түседі қойған жок.
- Күнде ертеңгілік совхоз директоры Тұсіпбеков мырзаның кенсесінде өтетін разнарядкаға ауыл кітапхана-шысының мысқалдай да қатысы жоқ әрине. Қатысы жоқ болса да, ана бір жолы Дәuletхан тауық шақырғаннан тұрып, директордың әлгіндегі разнарядкасына қатысынты деседі.
- Мен сіздерге арнайы мәселемен келіп отырмын, — дейді Дәuletхан директорға. — Бұл жерде қазір совхоз басшылары, мамандар, бригадирлер, жұмысшылар жиналған екен. Дұрыс болды. Ендеше бәріміз болып қисынға келмейтін бір қайшылықты мәселені осы жерде шешіп алсақ... Ол әрбір жұмысшының, әрбір адамның еңбек демалысына қатысты мәселе...
- Шырағым, Дәuletхан, қазіргідей қарбалас шакта ешкімге отпускі бере алмаймын, — дейді директор қабак шытып.
- Жо-жоқ, директор жолдас, мен ешкімге демалыс сұрап келгем жоқ. Совхоз жұмысшыларының ішінде он жылдан демалыс алмағандардың барын да білемін...
- Өтірік! — дейді бас агроном тепсініп.
- Несі өтірік? Шопандардың қайсысын алмаңыз — демалыс дегенді ғұмыры көрмейді ғой, көрмейді.
- Демалыс алмай жүрген өздері ғой, — дейді директор. — Жазғы жайлаудан артық демалыстың қажеті қанша оларға!
- Рас айтасыз!
- Қай шопан саған арызданып жүрген? — деп бас зоотехник күпініп шығады бір шеттен.
- Ешкім де арызданған жоқ, — дейді Дәuletхан ойын дәп жеткізе алмағанына қынжылышп. — Бұл мәселе

директордан бастап — бәріңіздің еңбек демалыстарынызға қатысты...

— Шырағым, жұмысқа асығып отырмыз... Сағыздай созбай, айтарың болса — тезірек айтсаңшы!

— Ендеңше, сөзімді бөлменіздер... Біреу сөзімді бөлсе — жаңылып қалатын әдетім бар.

— Айт енді, сыйданбай...

— Айтсам сол... Мәселен, сіз, — дейді бас агрономды нұсқап. — Еңбек демалысына шыққан кезде—сізді жиырма төрт жұмыс күніне босатады. Рас па?

— Рас, бұл жаңалық емес, бәрі біледі.

— Сол жиырма төрт күнге — жұмыс күні ретінде сенбі де кіріп кетеді, рас па?

— Солай ғой енді...

— Солай болса, енді басқа жағдайды, сіз ауырып бюллетенге шыққан жағдайды алайық. Сол бюллетенді өткізген кезде сізге сенбі күнін санамайды, бұл жағдайда сенбі «жұмыс күні емес» деп есептеледі.

— Сосын?

— Несі сосын?.. Яғни, біз осылайша қақпақыл жасап отырған сенбі — жұмыс күні ме, жоқ әлде демалыс күні ме? Осының басын ашып алудымыз керек. Бұл принципиэлни мәселе, жолдастар!

— Сенбі түгіл жексенбіде де мұрнымыздан шаншылып жұмыста жүрген жоқпыз ба? — дейді бір жұмысшы.

— Канкретны біздің совхозды емес, жалпы жағдайды мысал етіп отыр ғой, сөзінің жаны бар, — дейді тағы біреуі.

— Рас айтып тұр... Яғни екі түрлі нұсқау қағаз бар ғой, тегі?

— Солай секілді...

— Ендеңше екеуінің біреуін ғана қалдыру керек қой?

— Жолдастар, тынышталыңыздар! — дейді директор. — Шырағым, Дәuletхан, сен мұндай күрделі мәселені басымызды қатырып несіне бізге айтып тұрсың? Аудан башыларымен ақылдас. Жолын тауып одан да жоғарыға барып сөйлес, зан орындарымен кенес. Бізге салсан, қара шаруаға бәрі де жұмыс күні емес пе!

— Бұл мәселені аудан да, басқа да шеше алмайды, — дейді директор артынша терең ойға қалып. — Сен, Дәу-

летхан, бұл ұсынысынды жинақтап, проблемалық мақала етіп газетке жаз, пікір тусын, ел оқысын.

— Табылған ақыл! — деп Дәuletхан да қуаныш кетеді. — Мен мұны газетке жазайын!

— Сөйт, шырағым!

...Көкейін тескен келесі бір мәселені Дәuletхан жұмысшылардың ашық жиналысында қозғаған еді. Баяғыдай емес, соңғы жылдары ашық жиналыстар көбейіп, жүртшылық та ой-пікірлерін барынша ашық сөйлейтін болды ғой. Сондай жиналыстың ашықтығын пайдаланып, Дәuletхан белсеніп мінбеге шыққан.

— Бұл жігіт тағы нені бұлдірер екен? — деп, зал іші қозғалақтап қойды.

— Жолдастар, мен бүгін сағаттық белдеу жайында мәселе қозғағым кеп тұр, — деп Дәuletхан бұл жолы төтесінен тартты.

Ашық жиналыс болған соң — адам көп, көп адамның ішінде ала да, құла да кездеседі дегендей, зал іші бірі күліп, бірі мысқылдан, даурығысып кетісті. Жиналыс тәрағасы столды тықылдатып, графинді шылдырлатып жүріп шуылды зорға басты.

— Шырағым, Дәuletхан, ойынды тұжырымдап, былай қысқаша айтпаймысың, — деді мінбеде тұрған кітапханашыға ренжіп. — Жиналысты келекеге айналдырайын дедің бе, мұның не сенің?

— Faфу өтінem... Бірақ менде ондай ой жоқ, біреу сөзімді бөлсе айтарымнан шатасып қалам.

— Шуламандаршы, сөйлесінші...

— Бәдік болса да осы жігіт бірденені біліп айтады. Сөйлей бер, шырағым!

— Сөйлесем сол... Бәріңіз де таңғы алтыда тұрып, жұмысқа барасыздар. Рас па? — деді Дәuletхан үніне салмақ беріп. — Ал, сіздер алты деп тұрған кезде күн құрық бойы көтеріліп қояды. Ал кешкі алтыда қарандылық түсіп кетеді. Әсіресе қыс күндерінде кешкі алты — түннің бір уағы. «Неге бұлай» деп тексеріп кеп қалсам — бар кілтилан біздің сағаттық белдеудің қателігінде екен.

— Мынау бір қызық сөзді бастайын деп тұр!

— Ешқандай да қызығы жоқ... Эншейін, білмейтін біреулер бізді Алматы уақытына тели салған... Алма-

тыға өрине бәрібір... Таңғы алтыда оларда таң сібірлеп енді ғана атып келе жатады. Оларға ымырт кешкі он-он екіде түседі. Олар біз секілді қиналмайды.

— Ие, сонымен не айтпақсын?

— Айтайын дегенім — біз Новосібір уақытына көшүіміз керек... Сонда бәрі де реттеледі. Уақытымен тұрып, уақытымен жататын боламыз... Картаға көз салыңыздаршы... Сол Новосібіріңіз, яғни бізден бір сағат айырмасы бар Новосібіріңіз бойлық бойынша бізге қарағанда пәленше ғрадус Алматыға жақын екен. Яғни біз бір сағат айырмасы бар Новосібірден де өрі, пәленше ғрадус шығыс жақта жатырмыз.

— Енді қайт дейсің бізге?

— Осы мәселені ашық жиналыстың қаулысына енгізіп, біздің сағаттық белдеуді өзгертуді талап етемін. Накты айтқанда, Алматы уақытымен емес, бұдан былай Новосібір уақытымен жұмыс істеуді өмірге енгізуіміз қажет!

Дәuletхан солай деді де, мінбеден түсіп кетті. Қалжыңы ма, шыны ма белгісіздеу көрінген кітапханашының бұл ұсынысына жұрт абдырап, күбірлесіп қалды.

— Мұндай қаулы біздің жиналысқа келе қояр ма екен?.. — деп жиналыс төрағасы директорға жалтактады.

— Өрине, келмейді, — деді директор. — Сағаттық белдеуді ауыстыру — біз шешетін мәселе емес. Сөзің орынды, шырағым. Бірақ сен осының бәрін әдемілеп, дәлелдеп отырып газетке жаз. Біз ғана емес, ел-жүрттың бәрі оқысын, пікір тузын.

— Жазамын! — деді Дәuletхан тағы да нық сеніммен.

Көрдіңіз бе, көп оқыған, көп білген адам ұсыныспікірді де көп айтатын секілді. Көп оқыған осы білгіштігіне демократия мен жариялық келіп қосылып, бүгінде Дәuletханның тасы өрге домалап-ақ тұр. Алайда, көрінген жерге тұмсық тығамын деп, бастықтардың алдында сүйкімін кетіріп, көзге шыққан сүйелдей бол жүргені тағы бар. Көпті көрген өзге жұрт «аяғы қалай болып кетер екен» деп қауіп қылады, аяушылық білдіреді. Сөйтіп жүрген Дәuletханның өзіне де обал жоқ, кейде тіпті әскери мәселеге де араласып кететінін қайтерсің...

— Жуықта біздің ауылдан он жігітті переподготовкаға алды, білесіз ғой? — депті Дәuletхан тағы бірде директорға. — Ал переподготовка деген — қайтара дайындау деген сөз. Яғни, әскери істі, жауынгерлік жаттығуларды ұмытынқырап қалған ер-азаматтарды қайыра әскерге шақырып, дайындық курсынан өткізіп, ұмытқан нәрселерін есіне түсіреді. Рас қой?

— Рас, рас... Ие, әрмен қарай айта бер...

— Ендеше, жуықта біздің ауылдан военкоматқа кеткен он жігіттің үшеуі осыдан бір-екі ай ғана бұрын әскерден келген солдаттар емес пе еді? Оларды неге жібердіңіздер? Екі айдың ішінде әскерді ұмытып қалды деп ойладыңыздар ма? Оның есесіне ол жігіттер совхозға жұмыс істесе, шөп шауып, егін орса — біраз пайда келтірер еді ғой?

— Шырағым, бұл сұрағынды военкомға қойсаныш! — депті директор. — Тіпті болмаса газетке жаз, пікір тусын.

Көп оқығанның кесірінен байғұс бала жаманатқа ұшырап жүрер деген ниетпен бірде Дәuletханға жаңы ашып, Лексей кітапханаға барған. Барса Дәuletхан әдетінше кітап актарып отыр екен.

— Ағай, жалғызырап отыр едім, келгеніңіз тіпті жөн болды, — деді Дәuletхан балаша қуанып. — Мына Венеция қаласын айтам... жылына пәленше милиметр суға шөгіп барады. Бұл үлкен апат... Бұл дүниежүзілік апат!

— Боже мой, апат дейсің бе?

— Солай, ағай, үлкен апат! Венецияны сол үлкен апattан қалай құтқарып қаламыз? Міне, осы жағын ойландыңыздар ма?

Лексей түкке түсінбей, қушиған иығын көтерді.

— Ал мен білемін! — деді кітапханашы. — Венецияны құтқарудың жолын білемін... Адриатика жақтан бөгет салу керек. Сосын суды керегінше босатып отыру керек.

Лексей айтқаныңың бәрі жөн дегендей басын шыбындаған атша шұлғыды.

— Жарайды, Венецияны бірдене етіп ойластырмыз. Ал енді... Пиза мұнарасын қалай сактаймыз, оған не айтар едіңіз?

— Оған не боп қалыш еді? — деп Лексей сасайын деді.

— Қисайып тұр.

— Қисайып дейсің бе?

— Иә, қисайып... егер ол бір күні ғұрс етіп құлап түссе — әлемдік мәдениеттің інжу-маржанынан мәңгіге айрылатын боламыз.

— Апымай, қын болған екен!

— Қын болғанда қандай... Бұл бүгінгі заманың ең өзекті проблемасы болып тұр. Ол туралы соңғы кездері мен де көп ойланып жүрмін. Бірақ шешімін таба алмай қатты қиналып жүрмін.

Лексей тандайын қақты.

— Мені қинап жүрген тағы бір жаһандық проблема бар, — деді Дәuletхан мұңайып. — Үш жүз миллион жылдан кейін мынау аспандағы күніміз сөнеді...

— Господи, жаман сөз айтпасаңшы! — деп Лексей ыршып тұсті.

— Жаман сөз емес, шындық солай, ағай! Күн сөнеді, жер суйиды, адамзат, жан-жануар, барша тіршілік өледі. Бәрі де қүриды... Сонда деймін-ау, осы біз несіне тыраштанып жүрміз деп ойлайсың... Несіне ала шапқын болып алға ұмтыламыз. Қыс демей, жаз демей жұмыс жасаймыз, өмірде өшпес із қалдыруға тырысамыз. Соның бәрі де баянсыз екенін, бәрі де келешекте қүритынын біле тұра сөйтеміз. Айтыңызшы, сонда біз несіне тыраштанып жүрміз осы?

Лексей жауап берген жок, кітапханашиға қарап бақырайды да қалды.

— Қарағым Дәuletхан, сен тездетіп қатын алсаңшы! — деді аз үнсіздіктен соң түйеден түскендей.

Талай естіп, құлақ етін жеген үйреншікті сөзі ғой, бұл ұсыныска кітапханаши оншалықты мән берген жок.

— Дәuletхан, сен естіп отырсың ба?.. Мен саған бас құрасаңшы, қашанғы осылайша жүре бересің деп отырмын... Егер ақша жағынан қысылып жүрсөң — елміз ғой, көтеп көмектесіп жібереміз...

— Үйлен дейсіз ғой баяғы? — деп Дәuletхан қарап отырған кітаптарын ысыра берді.

— Иә, үйлен деймін.

— Қашан?

— Мейлі, ертең үйленем десең де қарсы емеспіз.

— Эрине, сіздер қарсы болмайсыздар ғой... Бірақ... — деп кітапханашы қасын керіп ойланып қалды. — Идеяны идея қозғап... Ағай, сіздің сөзіңіз маған тағы бір ой тастап отыр. Ой емес, бұл да проблема!

— Тегі, лайықты қыз таба алмай жүрсің-ау?

— Жо-жоқ, мәселе қызда емес... Мәселе — бойдактар мен баласы жоктарға неге салық салады? Міне, мәселе сонда! Ана жолы бір кітаптан оқығаным бар еді... Бірінші Петр патша өз заманында сақал жібергендерге салық салыпты деп.

— Сақалға дейсің бе?

— Ие, сақалға... Бірақ қазір он сегізінші ғасыр емес, жиырмасыншы ғасыр емес пе! Бұл дегенің — «Неге қатын алмайсың» деп айып тағумен пара-пар ғой... Немесе, «неге балаң жоқ» деп те салық салады. Бәлкім, ол адам бала сүйгісі келетін де шығар, бірақ не әйелі, не өзі бедеу. Бұл жағдайда не істемек? Өмір бойы айып тартып, яғни салық төлеп өтуің тиіс пе?

— Бала таппайтын қатынды тастау керек қой.

— Әйел емес, еркектің өзі бедеу болса ше?

— Еркек бедеу болушы ма еді?

— Болғанда қандай!

Лексей ойланып қалған, сосын біртүрлі ыңғайсыздып, орнынан тұра берді:

— Вот, беда-то какая! — деді басын шайқап. Дәүлетхан Лексейдің күдігін байқаған жоқ, саңғырлап сөйлеп отыр:

— Меніңше, баласынан бас тартқан, немесе ата-аналық құқықтан айрылған адамдарға ғана салық салған дұрыс... Өйткені олардың балаларын асырап, оқып жеткіземіз деп, өкімет белгілі мәлшерде қаржы бөледі. Көрдіңіз бе, тұнған қайшылық, түсініксіз бірденцелер.

Лексей жылжып басып есікке жақындалды. Сонынан жүре сөйлеп, оны кітапханашы шығарып салды.

— Сосын, ақсақал, — деді Лексей есікті аша берген кезде білегінен ұстап. — Баласы жоқ деп налогті тек еркектер ғана төлейді, қазір бәріміз де тең құқылымыз ғой, ендеше баласы жоқ әйелдерге неге салық салмайды?

Лексей «қайдан білейін» дегендегі иығын көтеріп, кітапханашыға аяй қарады.

— Әрине, сіз де білмейсіз, мен де білмеймін, — деді Дәuletхан. — Ал тұрасында—осының бәрін білуге тиіспіз. Мұндай қайшылықты дүниелер дер шағында аңғарылып, дұрыс шешімін тауып отырмаса — қоғам өрге баспайды. Қоғам өрге баспаса — біздің Мұқыр ауылы да дамымайды. Өрмекшінің торындағы бәр-бәрі бір-бірімен байланысып жатқан дүние... Ұқтыңыз ба?

Лексей бұл арадан тезірек кеткісі келіп:

— Ұқтым! — деп басын изеді.

— Жо-жоқ, сіз, ағай, әлі дұрыстап ұққан жоқсыз, — деді кітапханашы да тықақтап. — Мен бұл мәселені газетке жазам, ел оқысын, пікір тузын... Сіздер де газеттен оқып, менің ойымды дұрыс түсінерсіздер сонда.

— Сөйте ғой, шырағым.

— Сөйтемін, ағай!

Кітапханашымен арада болған әңгіме Лексейдің үнжырғасын түсіріп жіберген. Түйенің тобығын жүткан-дай күні бойы тұнжырап жүріп алды. Ақыры көнілін толқытқан ауыр ой ішіне сыймай бара жатқан соң, кешке жатарда күңкілдеп бәйбішесіне сырын ашты:

— Вот беда-то какая! — деді күрсініп. — Біздің кітапханашы жігіт бар емес пе, Дәuletхан деген, сол жігіт бедеу екен.

— Бедеу дейсің бе?

— Ие, бедеу екен.

— Боже, упаси! — деп, Ольга ішін тартып, бетін шымшыды.

— Бұл ер-азаматтың басына тұскен қасірет қой!

— Боже, упаси!

— Байқұс бала отыздан асқанша неге үйленбей жүр десем...

— Боже, упаси!

— Солай, Олечка... Кейде біреудің қасіретін көрмей-білмей тұрып сыртынан кінә тағамыз. Қатын алмадың деп жүрт Дәuletханды қашаннан бері өсектеп жүр! Білмей сөйлейміз ғой осы кейде біз, білмей сөйлейміз..

— О господи, прости!

Інірде, жатар алдында айтылған бұл жаңалықты ертеңінде ертемен сиyr сауып, мал өргізген ауылдың шал-шауқаны, кемпір-кешегі естіді. Сол бойда жер-

жерге желдей тарап, тұс әлетінде бұл әңгімеге бүкіл Мұқыр құлактанып үлгерген еді.

Содан бері күні бүгінге дейін Дәулетханға «сен неге үйленбей жұрсің» деп тірі пенде жақ ашқан емес...

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

Ежелден етек-женді ел болып, ақар-шақар қоғамдасып ғұмыр кешіп жатыр, осы уақыт ішінде Мұқырдың халқы бір-бірімен алакөз болып көрген жоқ еді.

Әрине, ауыл ішіндегі сотқар мен тентектің мұрын қанатып, көз ісірген қайсыбір жанжал төбелесі, көрші-қолаңның, ағайын-ажынның арасындағы күнdestіктен туған дау-дамайдан Мұқыр да кенде емес-ті. Ел болғасын бес саусақ бірдей емес, ондай-ондай келенсіз көріністер әр ауылда кездесіп тұрады ғой. Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде. Жиі болмаса да, оқта-текте бой көрсетіп қалатын әлгіндей шәлекей-шатактар бір көшениң бойынан, әрі кетсе ауыл шегінен әріге асып кете қоймайтын.

Сөйтсе, мұқырлықтардың осыған дейін «шатақ» деп шаптығып жүргендери әншейін ағайынның бір-біріне деген өзімшіл базынасы ғана еken ғой...

Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің дегендей, шатақтың шікіресі мұқырлықтарды алда күтіп тұрыпты.

...Маусымның мамыражай бір күнінде аудандық газеттің бетінде мұқырлықтар туралы бір мақала базылды.

Тұрасында, біреу емес, қатарымен екі мақала жарияланған-ды. Жоғарғы жағында «Бір мәселеге екі пікір» деп, мақалалардың басын қосқан бармақтай тақырыбы бар. Екеуінің де тілге тиек еткені — Мұқыр мектебіне ат беру туралы ұсыныс еken. Мақаланың алғашқысын кітапханашы Дәулетхан жазыпты. Дәулетхан мектепке жиырмасыншы-отызыншы жылдары осы Мұқыр ауылының басын біріктіріп, ұжым жасаған, соның негізінде колхоз құрған, кейіннен соғыста қаза болған қадірменді ақсақал Қаратан Қарамендиннің атын беру

керек деген пікір айтыпты. Екінші мақаланы осы ауылдың мұғалімі Оралбек жазыпты. Ол да терендей тарихқа бойлап, кеңес үкіметінің алғашқы жылдарын еске түсіріпті. Мұқыр мектебінің ірге тасын қалаған, ұзак жылдар бойы осы мектепте ұстаздық етіп, елуінші жылдары көз жұмған қадірменді мұғалім Ералы Сағынаевтың есімін мектепке берген дұрыс деп оқырманға ұсыныс тастапты.

Алғашында мұқырлықтар бұл мақалаларға «жастар орынды мәселе көтерген екен» дегеннен аса қоймаған. Соңынан «осы екеуінің қайсысынікі дұрыс» деген баятта біраз ойласып, «мәселені совхоздың жалпы жиналысында қарап шешейік» деген тұжырымға тоқтасқан. Сосынғысы, жұртшылық көңілдерінде құдік жок, жайбаракат жиналысқа дайындала бастаған. Осы дайындық кезінде пікірталасқа бір бүйірден даукас Қанапия араласып, істің бәрін бұлдірді де кетті. Сөйтіп газет бетінде өркениетті тұрғыда басталған әдемі пікірталастың ақыры насырға шауып кетті.

— Мен мына мақаланың астарынан саяси мән аңғарып отырмын, — деді бірде Қанапия Мырзахметтің үйінде қонақта отырғанда. — Мұның астарында ру тартысы жатыр...

Бектемір молда бар, Нұрғали мен Лексей бар, үй иесі Мырзекең бар, бәрі де аңтарылып Қанапияға қарасты.

— Рас айтамын, ру тартысы жатыр! — деді Қанапия сөзін нығарлап. — Енді соны дәлелдейін сендерге... Жарықтық Ерекенді, Сағынайдың баласы Ералыны айтам, естерінде ғой?

— Әрине, есімізде.

— Естерінде болса, сол Ерекенің сүйегі кім еді?.. Қамай болатын.

— Қамай болса қайтейік, менің де сүйегім қамай, — деді Нұрғали.

— Сабыр, сабыр, Нұреке... Олай болса, мақаланы жазып отырған Оралбек мұғалім кім?.. Ол да қамай. Қамай болғанда — сол Ералының немере туысы. Ұқтындар ма?

— Е, мейлі, болса бола берсін.

— Жо-жок, сендер түкті де үққан жоқсындар. Ал екінші мақаланы жазып отырған Дәулетхан кім? Ол — қарғалдақ. Өзіміздің баяғы Аршатының қарғалдағы. Ал енді Қаратан Қарамендин кім еді? Ұмытып қалсаңыздар — айтайын, ол кісі қарғалдақ болатын. Сонда қамай қамайды қолдап, қарғалдақ өзінің қарғалдағын қолдап мақала жазған газетке. Яғни, әркім өз ирегін икемдеген... Бұл ру тартысы емей немене? Мәселенің төркінін енді үққан шығарсыздар?

Қанапияның дәлелі Мырзекеңің үйінде жайбаракат отырған қонақтарды жай оғынданай осып өтті. Бұл сөзге не деп уәж айтарларын білмей, бір-бірінің бетіне бажырая қарасып, сілейіп отырысып қалды. Алакандай ауылдан да осыншалық алауыздық шығады деген үш үйықтаса түстеріне кірген жоқ-ты бұл кісілердің. Енді қартайғанда сақалдарына шіркеу болып, ағайынның балдай үйіған берекесінің кетейін дегені ме!

Сілтідей тынған тыныштықты бірінші болып үй иесі Мырзахмет бұзды:

— Мүмкін емес! — деді ол өзіне тән мәдениетті қоңыр даусымен. — Бұл мүмкін емес, жолдастар!

— Не мүмкін емес, неге мүмкін емес? — деп шақ ете қалды Қанапия. — Мырзеке, нені «мүмкін емес» деп отырсыз? Қарсы дәлеліңіз болса — айтыңыз, кәне! Енді біздер тындастық сізді.

— Дәлел жоқ қой... Бірақ сенгім келмейді.

— Мырзекесі-ау, бұл масқараға кімнің сенгісі кеп түр дейсіз. Мисалы, Нұреке, сіздің сенгіңіз келе ме?

Нұрғали «сенгім келмейді» дегендегі ұнсіз басын шайқады.

— Эне, көрдіңіз бе, Нұрекеңің де сенгісі жоқ. Ал, молдеке, — деді Бектемірге бұрылып. — Сіз сенесіз бе?

— Қайдан білейін, — деді Бектемір күбірлеп. — Заман азды ма, халқым азды ма, бұлары несі, шықпағанды шығарып.

— Эне, молдекен де сенбей отыр... Қайла жоқ, алдымызда бұлтартпас пәкті. Ал пәктіні мойында масқа тағы болмайды. Солай, қымбатты ағайын, мойындаисындар! Басқадай амал да жоқ, жол да жоқ!

Отырғандар сөзден тосылып, тағы да аз-кем үнсіз қалысты. Қанапияның әңгімесі көңілдеріне көлеңке түсіргендей. Үнсіздік ұзарған сайын көңілдегі сол көлеңке қоюлана түскендей болған. Өйткені қонақта отырғандардың ішінде қамайы да, қарғалдағы да бар еді. Әрі олар өз аталастарының осы ауылдағы қадірменді қариялары саналатын. Нұрғали — қамай, Бектемір мен үй иесі Мырзахмет — қарғалдақ-ты. Лексей мен Қанапияғана бөтен ру... Қанапия бұл елге кірмей-тін... Түбін қусаң бұл Қанапияның қазаққа қатысы да шамалы болып қалады... Арғы атасы қалмақ деседі. Өз шешесі татардың қызы болғаны осы отырғандардың бәріне аян. Ал Лексей жазған қай ел екенін өзі де білмейтін мәңгұрт... Қалай болған күнде де балалар ағат басып, бірденені бүлдірген екен. Соның салдарынан ағайын арасына жарықшақ түсейін депті. Енді не істеу керек?

— Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар деген, Қанапия. Сен жұрттың ниетін жаманатқа бастама. Шайқап сөйлемей, байқап сөйле! — деді Нұрғалидың бәйбішесі Бибіш бұл әңгімeden қатты тіксініп.

Бибіштің сөзіне Қанапия шоқ басып алғандай шамданды:

— Сен, Бибіш, өйтіп тілінді беземе, тісіңің қанын маған жақпай отыр былай, — деді көзі шатынап. — Алашағым кетсе де, айташағым кетпесін... Неге сен осы менің аузыма қақпақ қоя бересің? Пікірімді ашық айтуға менде де құқық бар ғой. Менің кінәм — сендерден гөрі ойым жүйрік болып, нәрсенің астарын аңғара білгенімде ме?

Бибіш үндеғен жок. Қанапияны жактырмағандай жүзін сырт беріп, бұрып әкетті.

— Қамайы не, қарғалдағы не? Сен, Қанапия, албаты мантырама! — деді Нұрғали бәйбішесіне ара түсіп. — Қан араласып, бәріміз де баяғыдан ағайын-жекжат болып кеттік емес пе.

— Эй, Нұреке-ай, баланың сөзін сөйлеп... — деді Қанапия құрдасының білместігіне өкінгендей. — Ағайын кім, жекжат кім? Жеме-жемге келгенде бәрі де өзінің туысына бұрады... Мисалы сен, Нұреке, сен қазір қамайларды жақтап, Ералы Сағынаевты қолдап ішің бұлкілдеп отыр. Ағындан жарылшы, солай емес пе!

- Тәйт әрі, мантырамай жайына отыр!
- Көңіліне дық алма, Нұреке, мен мисал үшін айтып отырмын. Мисал үшін Мырзекең мен молдекен өздерінің қарғалдағына бұрып отыр іштей. Саусақ сыртқа емес, ішке қарай бұгіледі. Қайтесің енді, құдай со лай жаратқан соң.
- Ой, сенің мисалынды!.. — деп, Нұргали Қанапияны мұрын астынан сыбап өтті.
- Қойындар! — деп, үй иесі Мырзекең қонақтарды бәтуаға шақырды. — Басқа әңгіме құрып қалғандай... нағып өңештерінді созып өзеурей қалдындар?.. Биыл шөптің шығысы қалай екен өзі? Беке, қыр жақты болжаған жоқсыз ба?
- Бектемір ырғатылып, жауап бергенше болмады, араға тағы да сампылдалап Қанапия кіріп кетті.
- Мырзеке, шөп шығады ғой, — деді. — Бұл Мұқырда бұл жасыма дейін шөптің шықпай қалған кезін көргем жоқ... Ал мына даудың ақыры қын болайын деп түр, мектебіміздің атсыз қалу қаупі бар!
- Қалса қала берсін... Оған сенің неғып қимаң қышып отыр?
- Жо-жоқ, ағайындар, мектеп болғасын, ол жерде біздің балаларымыз, немерелеріміз оқып жатқасын, оның аты болғаны ләзім. Мисал үшін...
- Эне, тағы да мисалға кетті...
- Нұреке, сөзімді бөлменіз. Ендігі мисалымда сізді атамаймын... Иә, қай жерге тоқтап едім?
- Мисал үшінге тоқтағасың...
- Иә, мисал үшін... Қап, ненің мисалын айтайын деп едім?
- Ит біліп пе, сенің тағы неменені қоқсытқалы отырғанынды.
- Сөзімді бөліп, өстіп шатастырасындар адамды... Е, мисал үшін біздің сапқозды алайық. Ауылдың аты Мұқыр, ал сапқоздың аты Раздольное. Қандай жара сымды. Мұқыр сапқозы десең тіпті келіңкіремейді ғой... Ал Раздольное деген ат қандай жараса кеткен... Өң беріп түр емес пе!
- Сонда кімнің атын қоямыз? Бұл шаруаны даудамайсыз тігісін жазып, реттей салуға болмас па?

— Азаматтардың екеуі де елге еңбегі сіңген, құрмет пен атаққа лайық адамдар. Қамайдан шыққан Ерекең де, қарғалдақтан шыққан Қарекең де... Осы екеуінің қайсысының атын қойса да мектепке жарасып тұр.

— Оу, екеуін бірдей қойғызбайтын шығар?

— Әрине, біреуін ғана қойғызады. Ол үшін екі рудың арасында әділ жарыс... ие, ие... әділ жарыс өту керек. Сосын дауысқа сап кеп жібергенде — қай женғені алады.

— Сайлау секілді болды ғой.

— Бұл сайлаудан анағұрлым қын шаруа... Жеңү үшін — көп дауыс алу керек. Көп дауыс алу үшін жүртшылық арасында кенінен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек. Ал ондай үгіт-насихат жүргізетін, жастарға жол сілтейтін ру ақсақалдары мына сіздерсіздер!

— Сен, Қанапия, қашаннан бері ағайынға ақыл айттар көсем бола қалғансың? — деп Мырзекең қызарактап, мәдениетті түрде ашу шақырды.

— Мен көсем болайын деп отырғам жоқ. Мен шындықты айтып отырмын. Сіздер бір-біріңізге ашып айта алмайтын шындықты мен айтып отырмын. Өйткені мен қамай да емес, қарғалдақ та емеспін, ара қалыс ағайынмын. Маған бәрібір. Бірің өліп, бірің қал, оған менің қылшығым да қисаймайды. Бірақ шындықтың аты шындық, оны қабылдау керек.

— Ендеше, үгітің не, насихатың не мантырап отырған? — деді Нұрғали.

— Енді қалай дейін... Мұләймісп мәймәңкелейін бе? Үгіттің аты — үгіт, насихаттың аты — насихат! Сендер ойлағандай, қазір баяғы кез емес. Заман өзгерді, жастар келді, үрпак жаңғырды... Баяғыдай жабайы қазашылықтың ауылы алыста қалған. Қазіргі жұрт бәрін де күреспен, таласпен женіп алады. «Өмір деген — күрес» дейтіні тағы шындық. Солай, ағайын!

— Қара аспанды төндірдің-ау.

— Енді қайтемін... Абаларсың — қаппассың, менен жақсы таппасың... Тілімді қыштың, өздерің сөйлеткен екенсіндер, албаты даурықпай мойындандар, бұл шындықты!

Қарғалдақ құрдастарына қабағын көтеруге ынғайсызданып, тұқырайып Нұрғали отыр. Сақалын саума-

лап молдекең үнсіз. Ішімдіктен тартыңқырап жіберген Лексей мөмөзігі алаулап, қалғып-шұлғып өзімен өзі әбігер. Мойны салбырап, пырылдаپ үйықтап бара жатады да, шошып оянып, кекжең еткізіп басын көтеріп алады. Өз үйінде болған жайсыз әңгімеге өзінен өзі қуыстаннып Мырзахмет қипақтайды. Қарғалдақ болғанына қатты өкінгендей, «әкіри-а» деп окта-текте таңдайын қағып қояды.

— Бұғінге осы да жетер, лұқсат болса қозғалайық, — деді Бектемір бетін сипап.

Бұлар қозғалақтап тұра бергенде:

— Қазақ десен өзіңе тиеді, соқыр десен қөзіңе тиеді деген осы екен ғой! — деп Бибіш терең күрсініп, көзін сұртті. Қалың қазаққа емес, Қанапияға қатыстырып айтқан сияқты. Оған қынқ еткен Қанапия болмады, киініп жатқан кезде құрдастарын тағы бір шымшып өтті:

— Бұғиннен кейін бас қосып өстіп кездесер ме еkenбіз, жоқ әлде кездеспес пе еkenбіз, ә? Осы арада соңғы рет қоштасып шықсак қайтеді? — деп, қалжыны екені, мазағы екені белгісіз, қарқ-қарқ құлді.

— Тіліңе шиқан шықсын! — деді Бибіш.

— Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында деген осы болады! — деді Қанапия құлкісін жимай.

Меймандарымен қоштасып жатқан Мырзахмет:

— Мен қарғалдақ емеспін, жолдастар! — деді бурыл басын саусағымен тарактай кері қайырып. — Мен қазақпын, мен коммунистпін!

Қонақтар Мырзекеңе бұрылып, бөтен біреуді көргендей бір сәт аңырысып тұрып қалысты. Сосын қабарған көнілмен мойындары салбырап, шықарға бетtedі.

\* \* \*

«Жаманаттың жұз аяғы, мың даусы болады» деген сөз, тегі, рас екен.

Қанапияның «дәлелі» ертеңінде Мұқыр ауылына желді күнгі өрттей жайылған. Қамайлар айтты: қарғалдақтар өздері аз болса да тымпиып алып, іштері толған арамдық екен десті. Қарғалдақтар айтты: қамай көптігімен бізді

басынайын деген екен, ондай шовинизмге біз жол бере қоймаспаз, пішту десті. Екі жақ та пәленше жыл бойы ауыл аралас, қой қоралас болып қалайша тізе қосып бірге тұрып келе жатқандарына таң қалысты. Екі жақ та аяқтан шалар жауды ертерек аңғармай, мұрнының астынан арғыны көрмейтін көрсокыр болып келгендеріне қатты өкіністі. Екі жақ та бұғанға дейін бір-бірімен құдандалыжекжат болып, ағайындасып қан араластырғандарына ашуланып, бармақтарын тістесті.

Қашағанның қырсығы жусағанға тиеді демекші, Мұқыр дауы Аршаты мен Берелге де жетіпті. Ол жақтың да қамайы мен қарғалдағы ала тайдай бүлініп, қоғамдасып жатқаны белгілі болды. Оларды қойшы, базары тарқамаған бүтін ел емес пе, үні өшті, жабылды, бітті деген анау қырдағы Төртінші бригадаға не жорық десеңізші! Ол жақтағы Қасиман ағамыз қамай екен, қазір намысын қайрап, білек сыбанып шапқылап жүр деседі.

Араға осылайша әзәзіл түсіп, мұқырлықтардың уыздай үйіған берекесі бүлініп, шаңырағы шайқалайын деді. Дәл осы кезде, әлде көңілдері жараспады ма, әлде шынымен ауыл ішін кеулеген осынау өсек желеу болды ма, Аманжол мен Баршагұл деген былтыр қосылған жас жұбайлар ажырассын... Бұл ажырасу онсыз да тұтана-йын деп тұрған отқа лақ еткізіп майды құя салумен бірдей болды. Себебі Аманжол қарғалдақ екен де, жас баласын көтеріп, еңіреп жылап төркініне қайтқан Баршагұл қамай боп шықты. Бұл қын оқиғадан мұқырлықтар болашақ азамат соғысының иісін сезгендей болды.

Киіктің қасынуына мылтықтың басуы дегендей, біrnеше күннен соң ауылды тағы бір оқыс оқиға дүр еткізді.

Мұқырдың өзінде ушәскелік милиционер жоқ еді. Қарауында екі-үш ауыл бар, ол милиционер Мұқырда емес, көрші Аршатыда тұратын. Ол жігіт анда-санда Мұқырға да келіп, көше-көшени бір сүзіп өтуші еді. Соңғы келісінде әлгі «участковый» аяғын қайшылап кетіп бара жатқан Қазтайды көшеден ұстап алыпты. «Сен массың, значит үйінде самогон бар» деп, Қазтайды дедектетіп үйіне сүйреп апарады. Қолдан сыра ашы-

туға, самогон қайнатуға қатаң тыйым салынған кез ғой, милиционер Қазтайдың үйін асты-ұстіне шығарып тінтеді. Түк таба алмай, амалы құрып, алақанын сұртіп кетіп бара жатқан милиционерге Қазтай:

— Сен қарғалдақтық жасап мейің үйімді тінттің. Менің абыройымды төгіп, масқаралағың келді. Бәрібір ол арам ойыңдан ештеңе шықпады, түк таппадың! — дейді гүжілдей айқайлап. — Мықты болсаң анау қарғалдақ ағаң Әмірдің үйін тінтші, әуселенді сонда көрейін!

Көрші ауылда тұратын қарғалдақ «участковый» қамай Қазтайды сүйрелеп жүргенін жұрт бағана көрген. Ақыры немен тынар екен деп, қызықтаушылардың бір тобы бұл кезде көшеге жиналып қалады. Қазтай болса оларды арқаланып, жаңағы сөзді жапанға жар сала айқайлайды. Милиционер не істерін білмей сасады. Форма кигенге құдайдың құлағын ұстағандай бол, әкірендер қалған жас жігіт бұл ауылдағы кикілжіңен бейхабар болатын. Орысша оқып, орысшалау өскен ол өзінің қарғалдақ екенін де Қазтайдың аузынан тұңғыш естігенді. Бәрінен бұрын «участковый» састырган — көшеге жиналған көпшілік болатын.

— Барсам барамын! — деді милиционер Қазтайға бұрылып. Тамағы кеберсіп, шиқылдалап, даусы өзінен аспай қалды.

— Бара алмайсың.

— Неге бара алмаймын?

— Өйткені ол қарғалдақ, өз ағаң. Сондықтан сен оған тимейсің.

— Зашем маған қарғалдақ-парғалдақ. Ничего не знаю. Қазір барам да тексерем.

«Участковый» фуражкасын мандайына баса киіп, адымдай басып Әмір шалдықіне кетті. Жұрттың біразы қызық көріп оның соңынан бірге ерді. Кітапты көп оқитын, киноға жиі баратын көзі қарақты Әмір шал жас жігіттің қоқан-лоқысын тыңдасын ба, «прокурордан санкциянды әкел, сосын бірақ тексересің» деп, үйінен түріп шығыпты.

Әмірдің үйіне кірмей жатып, атып қайта далаға шықкан милиционерді көргенде Қазтай:

— Эне, қараңдаршы! — деді жұртшылықтың назарын аударып. — «Тексерем, тінтем» деп еді, қане тінткені? Өтірік айтты... Өзінің қарғалдақ ағасы ғой, сондықтан оған тиіскен жок. Көрдіңдер ме?

— Көрдік, Қазтай, көрдік! — деп күә болысты жиналған көпшілік.

— Оллаңи, қарғалдақтар осыншалық провакацияға барады деп ойламап едім! - деп тұңқілді Қазтай басқа айтар сөзі құрып.

— Эй, Қазтай, сенің келіншегің де қарғалдақ емес пе еді? — деді топ ішінен біреу.

Қазтайдың бұл ескертпеге қысылғаны соншалық, күрең жүзі бір-ақ сәтте қарақошқылданып салды:

— Тастанымын! — деді құмығып. — Әкесін ұрайын... Тастанымын ондай қатынды... Қатыннан гөрі азаматтық намысым қымбат маған!

— Астындағы атыңа, қойнындағы қатынға сенбе деген осы болады, Қазтай шырағым, — деп әлгі жігіт сақсақ күліп, Қазтайдың «шешімін» қолдап арқасынан қақты.

Қалай болғанда да, учаскелік милиционердің бақай есеп, арам оймен үйін тінтіп, Қазтайға моральдық зор нұқсан келтіргенін жиналған көпшіліктің мойындамасқа амалы қалмады. Өйткені бәрін бастаң-аяқ өз көздерімен көріп тұрды. Сөйтті де, осы оқиғаның тірі куәсі ретінде олардың әрқайсысы кейінгі күндері өр жерде оны әңгіме етіп айтып жүрді.

\* \* \*

Қазтай учаскелік милиционердің қарғалдақтығын әшкере ететін күні ақсақ Нұрғали әдетінше таң қараңғысынан тұрған.

Көк сиырды сауғызып, табынға қосуға ауыл шетіне қарай айдал бара жатып, жолай Қанапияға кезікті. Іркілдеген Қанапияға қарағанда тарамыстанған Дүрия кемпір шаруаға онқай асықтай ширак-ты. Күн шықканша үйықтайтын Қанапияның бүгін пысықсып сиыр айдал бара жатқанын көргенде, Нұрғали шырт түкіріп, орамалымен ернін сұртті.

— Кемпір Катондағы қызға кетіп... көрдің бе, мінеки! — деп, таң атпай сиыр айдал бара жатқанына Қанапия ақталғандай болды.

— Борсып үйде жата бергенше біруақ осылай серпілгенің жөн! — деді Нұргали.

— Кемпірсіз қын екен. Әке бас, көке бас деп жүріп, көршінің қызына саудырдым.

Сиырларды бақташының алдына салып, өріске жіберген соң, екеуі насыбай атып, ауыл сыртында шүйіркелесіп біршама отырды. Аздан соң күн кірпігі де қылтиып, Тасшоқының иығынан сығалаған. Сығырайып Тасшоқы жаққа көз тастаған Қанапия:

— Эй, Нұргали, осы сенің есінде ме, осы жартас баяғыда екі үшты ма еді? — деді.

— Екі үштысы несі?

Нұргали құрдасының сөзін алғашында ұқпай қалды. Бірақ ол ұқпады екен деп Қанапия сұрағын қайталаған жоқ. Ұмсына түсіп, әлденені есіне алып, өз алдына сөйлеп кетті:

— Ие, ие.. Есіме енді түсті. Ұшы екеу болатын. Қасқырдың қүрек тісіне ұқсайтын. Енді қараши, біреу ғана қалыпты! Бұл қай кезде біреу боп қалған? Түсіпбеков бастық баяғы сөзінде тұрып, бір ұшын динамитпен қопарып тастағаннан сау ма?

Нұргали да селеу сақалын шошаң еткізіп, жартас жаққа иегін көтерді.

— Сен шал не шатып отырсың? — деді, сойдиған шыңдан еш өзгеріс байқай алмаған соң шамданғандай болып. — Бұл шыңның қос емшек болғанын қашан көріп едің?

— Көргемін, қос емшек болатын.  
— Өтірікті соқпа, құдайдан қорықсаңшы!  
— Мен несіне қорқам... Бәрі есімде, ұшы екеу болатын.  
— Саған дауа жоқ шығар! — деп Нұргали қолын сілтеді.

— Эне, бұлар өстіп адам сөзіне нанбайды, — деп Қанапия да екілене түсті. — Бала күнім дәл кешегідей есімде. Сол кезде мына жартастың басы екеу болатын.

— Біз бала болмаппыш ба! Біз онда неге көрмей жүргенбіз?

— Сен Нұреке, байқамаған шығарсың. Есіңе түсірші, екеу еді ғой?

— Есіме түсірдім, біреу болатын.

— Жоқ, екеу деймін!

— Жоқ, біреу... — Екі шал аяқ астынан сөзге келіп, жақ-жақ айтысып отырғанда, қастарына кер биесін жетелеп Лексей келген. Лексейді көрген бойда екеуі оған қазылыққа жүгінгендей болысты.

— Эй, Лексей бала күнің есінде ме, мына Тасшоқының басы баяғыда нешеу еді? — деді Қанапия.

— Екеу емес, біреу еді ғой? — деді Нұрғали.

— Екеу емес пе еді, Лексей, есіңе түсірші?

— Біреу болатын.

— Екеу деймін, екеу, Лексей!

— Эй, өзеуремей тұра тұрындаршы! — деді тұкке түсінбеген Лексей. — Сендерге не болған өзі, қызуларың көтеріліп тұрған жоқ па?

— Жоға, бәтіреке... Таздан тарак қалғалы қашан. Мына Тасшоқы үшін айтысып қалдық. Басы бұрын екеу болатын, соған мына даукас Нұрғалиды көндіре алмай отырмын, — деді Қанапия қиналғандай боп.

— Мені даукас дейді.. Нағыз даукас өзіңсің, — деді Нұрғали қызарандал.

— Қалай десен де, ұшы екеу болатын.

— Жоқ, біреу деймін.

Лексей күн сала сығырайып жартас жаққа көз жіберді. Жаңа көргендей ұзак қарады. Сосын мұның қазылық байламын күтіп, аңтарыла қалған екеуіне бұрылып:

— Мен бұл жақта емес, ішкі жақта, кержақтардың арасында өстім ғой... Бұл жартасты қайдай білейін! — деп шолақ қайырды да, атын тұсамаққа топ қайынның арасына сіңіп жоғалды.

Лексейден түщымды сөз ести алмаған соң, екі шал амалдары таусылып, жерге түкіріп орындарынан тұрды. Тұрған бойда шөп-шалам жабысқан құйрықтарын да қаққан жоқ, бір-біріне тіл қатпастан екі айрылып кетісті. Тәйтіктең ауылға екеуі екі соқпақпен тартты.

— Тұкке тұрмас бірдене үшін кеңірдек жыртып, осыншалық бұлінгенім не? — деп қапаланды Нұрғали

былай шыға бере. — Мылжынды езген женеді, езгенді күдайдан безген женеді демекші, Қанапиямен шатысып, өзіме де обал жоқ... Тасшоқының басы екеу түгілі үшеу болсын. Онда менің қандай шаруам бар еді? Тіфу, сайтан алғыр!

Бұл ауылда қырқылжың Қанапиямен дауласыпabyрой тапқан адам өзірге туған жоқ. Ол жағын Нұрғали да жақсы білетін. Бірақ біреу көзінді бақырайтып қойып, қарадай өтірік соғып жатса — жаның қалай шыдасын. Әйтпесе бұл Нұрғалидың осыншалық айтысардай Тасшоқының үшкір басында әкесінің құны қалған жоқ кой.

«Осы Қанапияның мөмөзігі неге үнемі қызырып жүреді, — деп ойлады тағы да. — Лексейді қойшы... оның да мөмөзігі қызырып, нарттай боп жүреді... Әйткені ол анау ацы суға өуес. Ал Қанапияның мөмөзігіне не болған? Тегі, борсып көп үйықтағаннан қызырып кеткен ғой. Тіфу!»

Ауылға кіре бергенде бұлак басында тоңқандап жуынып жатқан кітапханаши Дәuletханды көріп, сол жаққа қарай бұрылды. Осы жігіт біраздан бері ауылдың шежіресін жинап жүр екен деп ұзын құлақтан жиі-жі естітін. Бірақ сол сөз рас па, рас болса ол қандай шежіре — ол туралы Дәuletханмен бетпе-бет жүздесіп, сұраған емес. Суыртпактап сөзге тартып, сол құрғырың немене екенін біле кетейінші деген оймен, кітапханаши жігіт суық суға аһылап-ұһілеп жуынып болғанша қасында қарады да тұрды.

— Ассалау, ағатай! — деді Дәuletхан мұны көрген кезде сәлемінің сонын жұтып.

— Уағалейкүмсәлем! — деді Нұрғали.

— Бірдене айтайын дедіңіз бе? — Дәuletхан орамалымен денесін сұртіп, Нұрғалиға жақындалды.

— Шырағым, сен бір тәуір дүние жинап жүр дейді ғой?

— Қай дүниені айтасыз?

— Шежіре дей ме...

— Э-ә, ондай дүниені жинап жүргенім рас. Бірақ ол сіздер айтып жүргендей «шежіре» емес, энциклопедия.

— Немене дедің?

— Энциклопедия деймін... «Мұқыр ауылының энциклопедиясы» деп аталады. Менің өзіргі шамалауым бойынша, барлығы үш том болуға тиіс.

— Е, е, солай ма еді.

— Солай, ағай!

Нұрғали тағы не сұрапын білмей, қипактай берді. Сөре-сөре самсаған кітаптарды кеміріп, күні бойы кітапхананың ішінде отыратын осы жігіт біраз дүниеге қанық шығар деп шамалады. Сонын жаңа ғана қырқылжың Қанапия құрдасымен арада болған жайсыз әңгіме есіне түсіп:

— Шырағым, кітап жазып жүрсөң — сен одан хабардар шығарсың... Осы Тасшоқының басы бұрын нешеу еді? — деп сұрады.

Орамалмен арқасын ыскылап жатқан Дәuletхан бұл сұраққа қалшиып аз-кем қимылсыз қалды да:

— Кімнің басы дейсіз? — деп қайталап сұрады.

— Тасшоқының... Анау шың жартасты айтамын. Бұрын екеу ме еді, біреу ме еді?

Дәuletхан Тасшоқы жаққа бір карады да:

— Оның басы қазір нешеу? — деді түк көрмей тұрғандай.

— Нешеуі несі... Біреу!

Дәuletхан орамалын мойнына іліп, былайғы бір шорымыққа барып отыра кетті. Шойнаңдал барып, Нұрғали оның қасына шонқия жайғасты.

— Ағатай, — деді кітапханашы үлкен әңгіме бастайтындай сыңай танытып. — Мен Мұқыр ауылының тұрғындары туралы ғана энциклопедия жазып жүрген қаламгермін, зерттеушімін. Білдініз бе! Ал, анау Алтайдың шыңындағы жартастың басының екеу, немесе үшеу болғаны менің энциклопедияма ешқандай да қатысы жоқ.

— Дәulet қалқам, сенің шежіреңе оның керегі жоғын мен де шамалаймын. Бірақ Қанапиямен сөзге келіп қалып едім. Ол «екеу» дейді, мен «біреу» деймін. Сен бір жөн сөз айтып, Қанапияның өтірігін бетіне басса екен деп едім.

— Жарайды, ағай, олай десеніз — сіз үшін кімнің басы болса да дәлелге тартуға бармыз! — деді Дәuletхан нық сеніммен.

— Өркенің өссін, шырағым! — деп Нұрғали кітапханашыға раҳметін айтып, протезін сүйретіп тұрмакқа ұмсынып еді, анау ақырын ғана білегінен ұстай алды:

— Мынау сұрағыныз маған сіздің характеріңіздің тағы бір қырын ашып отыр... Сіз табиғатты жаңыныздай сүйеді екенсіз, ағай! — деді ыржып.

Нұрғали не дерін білмей мұдірді. Кітапханашы болса Нұрғали Нұрғали болғалы естімеген әлдебір әдемі сөздерді төгіп-төгіп жіберді:

— Көкорай шалғын, ну орман, айдын көлді былай қойғанда, сіз сүренсіз, сұп-сұр шошайған жартастың бейнесінен де әдемі өсер, рухани шабыт алады екенсіз. Сіз құдайдың қара тасынан да поэзия іздейтін сықылдысыз. Бұл басқа ағайында атымен жоқ қасиет... Әттең, Нұреке, сіз табиғат корғау қоғамына мүше болып кірсөнсіз — керемет қатып кетер еді... Амал бар ма! Ондай жағдайда сіз мен жазып жүрген «Мұқыр ауылының энциклопедиясына» личность ретінде, яғни мүйізі қарағайдай тұлға ретінде енер едіңіз. Дегенмен мен сізді... иә, иә, «Нұрғали Тілеубаев» деген өмірбаяндық колонкаға: «Табиғаттың жанашыр досы. Ауыл төнірегіндегі тастарға дейін тізіп жүретін жаны елгезек азамат» деп жазып қоямын.

— Дәulet қалқам, сол құрғырды былай нетіп... жазбай-ақ қойсан қайтеді? Ұят-ты, тегі, — деп Нұрғали енді шындалп қысылды.

— Жо-жоқ, жазамын! — деді кітапханашы да өзөуреп. — Бұл мен үшін тамаша идея болды!

— Ұят болды-ау! Ел-жұртқа енді қай бетіммен көрінбекпін...

— Несі ұят? Тұк те ұяты жоқ... Бұл ауылда жылт еткен әрбір жаңалық пен күбылыс назардан тыс қалмауы тиіс. Бәрі де нақпа-нақ, сол қалпында энциклопедияға тіркеліп отыруы міндет. Сонда ғана Мұқыр ауылының тарихы көздеңен мақсатта, көркемдік дәрежеде жазылатын болады.

— Ол жерде мен туралы тағы не бар еді? — деп, Нұрғали үрлых жасап қойғандай Дәuletханға қуыста-на қарады.

— Бәрі бар, — деді Дәuletхан да беті бұлк етпей. — Бәрі бар, Нұреке. Бүкіл өмірбаяның бар, күллі өмір жолының жазылған... Жалғыз сіз ғана емес, осы ауылдағы адамдардың баршасының өмірбаяны жинақталған. Ауыл тұрғындарының мінез-құлқы, кәсібі, ата-тегі, бала-шағасы, тағысын-тағылардың бәр-бәрі жүйелі түрде тіркеліп-қатталып жатыр. Олай етпесе энциклопедияда құн болмайды, нарқы түседі... Эттең, сол айтқанның бәрін тіркеп үлгере алмай жатырмын, шамам келмей жатыр. Көкірек бұлбұлдай сайрайды, бірақ уақыт құрғыры жетпейді.

— Не деп жазғаныңды былай... оқып байқатпайсың ба?

— Жоқ, оны оқуға болмайды.

— Неге?

— Энциклопедия дегеніңіз қасиетті дүние. Ол сіздер мен біздерге емес, келешек үрпақ үшін жазылатын жәдігер. Сондықтан да бұл томдар сіздер мен біздер аман-есен өлгеннен кейін ғана жарық көруі тиіс.

— Апымай, ә... Сонда ол кітап біздің міндепті түрде өлуімізді күтеді екен ғой?

— Әлбетте, солай, Нұреке... Үрпаққа аманат етер асыл зат, рухани мұра қашанда өзі солай болады.

— Әйтсе де, Дәulet қалқам, мына біз құралыптас шат-шauқандар жайында ұятты бірдене кетіп қалып жүрмесе жөн еді!

— Мен, Нұреке, тек қана бұкпесіз шындықты жазам... Бұл — әлемдік энциклопедистердің принсіпі.

«Бұл бәтшәғар тазша баладай тақылданап илікпеді-ау» деп терең күрсініп, Нұрғали қираландалап орнынан тұрды. Кітапханашымен коштаспастан, көжеге өкпелеген баладай мойны салбырап өз жөнімен кете барды.

— Ағай, сіз ренжіменіз, — деді Дәuletхан мұның соңынан айғайлай дауыстап. — Мен өтірік жазуға хакым жоқ, мен тек қана боямасыз шындықты ғана жазам.

«Шындық» дейді, шындық дегені, тегі, бастан өткен уақиғалар ғой, деп болжады Нұрекен. Дәuletханның алдында соншалықты қыстанатындағы мұның басынан қандай уақиға өтіп еді?

Қалай ойласа да келешек үрпак алдында Нұрғали-  
дың сүйегіне таңба салатында ыңғайсыз әрекетті есіне  
түсіре алмай-ақ қойды.

\* \* \*

Масқара болғанда, сүйекке таңба салатын ыңғай-  
сыз әрекет, жайсыз уақиға бұл Нұрғалидың өмірінде  
бар бол шықты.

Ескіліктегі сол бір уақиға сол күні кеште, ел аяғы  
басылып, дастарқан басына отырған кезде есіне оқыс  
сап ете түскені...

Сол-ақ екен, қолы тоқ соққандай дір етіп, Бибіштің  
ұсына берген кәрлен кесесін табадағы кәртөптің үстіне  
төге салды.

Үстелге үймелеп, қуырылған кәртөптің қаспағына  
таласып жатқан балалар анырайып атасына бір қарас-  
ты да, шай мен сама төгілген картопты жемейміз деп  
тайқып шыға берісті. Іштеріндегі ең кішісі — Манар  
ғана тәтті кәртөбі «бұлініп» қалғанға көзін жұмып,  
аузын қисайтып, бырс-бырс жылап жіберді.

— Нұрекесі-ау, не жетіп отыр өзіңе? — деп Бибіш те  
кейістік білдірді.

Сосын-ақ Нұрекенің шайға зауқы болмады. Көнілі  
нілдей іріп, ішкі әлемінің астан-кестеңі шықты. Әлгі  
қоянқоз кітапханашы жігіттің тықақтап, мұны майлы  
қасықтай айналдыруынан әлдекалай секем алып еді,  
көнілі құрғыр бірденені сезгендей екен. Апымай  
десенші, баяғыдағы уақиғаны, тіпті өз басы атам за-  
манда ұмытқан дүниені қазбалап, қалайша тауып алып  
жүр бұл бәтшәғар? Тегі, біреу піш-піштеп жеткізген  
ғой. Ұят-ай десенші, ұрлық түбі қорлық дегеннің кебі  
осы шығар!

Есік алдына шығып, шарбак сыртындағы орындыққа  
протез аяғын алшысынан тастап, шалжия кетті. Көз  
байланып қалса да, әлгі Рахман жүгірмек жарықты жаға  
қоймапты. Моторға жетуге шамасы жоқ, ауылдың бір  
шетінде ләйліп жүрген шығар баяғы.

— Ассалау, көке!

Әлдекім абажадай боп, дәл құлақтың түбінен айқай  
салғанда, Нұрғали бұлк ете қалды.

— Аман-сау, күйлі-қуатты боларсыз? Бала-шаға, немере-шөбере дегендей, бәрінің қызығын көріп, пенсиянызды кеміріп жатырсыз ба? Анау әлгі... өскерде моряк бол служиттеп жүрген тәмпіш мұрыннан не хабар?

Бастырмалатып осыншама сұрактың астына алған қай заржак деп үніліп еді — Рахман жүгірмектің өзі екен. Кімді ойласаң сол келеді деген, ұзак жасайтын неме болды бұл сайтан.

— Көкесі, не... танымай қалдыңыз ба? Мен Рахманмын ғой, — деді анау да мойынағаштай еңкейіп.

— Танып тұрмын... — деді Нұрғали. — Бірақ сен жүгірмекті осыншалық көп сойлейді деп ойламаушы едім... Мен сенің сәлеміңе жауап та беріп үлгерген жок, ал сен сұрактармен төпелен тастадың мені!

Рахман Нұрғалидың бетіне телміріп, еңкейген күйі аз-кем тұрды да, иығын қиқаң еткізді:

— Бұл шалдарға сәлем берсең де бәлеке қаласың, сәлем бермесең тағы бәлеке қаласың! — деп бойын тіктеп қайрылып алды да, шалшықты шалпылдатып шарбақты айналып кетті.

«Моторды от алдырып, свет жағуға бара жатқан беті-ау деп жобалады Нұрғали. — Бірақ осы жастар сәлемінің соңын жұтып қоятыны несі екен? «Ассалау» дейді анау қоянкөз де. «Мағалейкүмі» қайда бұлардың?»

Рахманға «жүгірмек» деп жанама атты таңып жүрген осы Нұрғали болатын. Содан ауылдың үлкен-кішісі түгелдей Рахманды «жүгірмек» деп атасып кеткен. Күлегеш қыздар құсап жалбыратып шаш жібергені болмаса, жалпы өзі жаман бала емес, қайыңын безіндей шымыр, келісті жігіт.

— Ата, оның аты «жүгірмек» емес, оның аты «борзый», — деген әлгі өскерге кеткен тәмпіш ұлы баяғыда.

— Тәйт әрі, «борзый» несі? Ол иттің аты емес пе? — деді Нұрекен.

— Білмедім, ата, әйтеуір достары оны «борзый» деседі ғой!

— Жетіскең екен...

Сол «Рахман жүгірмегіңіз» осы Мұқырдың мықты моторисі, яғни электр жарығының «құдайы». Ал электр жарығынсыз бұл заманда көп шаруаң адыра қалатыны

белгілі жайт. Сондықтан моторист деген бұл жақтың қайсыбір ауылында да мәртебелі мамандық. Осы жағынан келгенде Рахман да Мұқырға аса қадірлі әрі сыйлы кісі. Сағат он екіге дейін жаға ма, таң атқанша жаға ма, жоқ әлде «тымау тиді» деп мұлдем жақпай қоя ма — ол жағын Рахаңның патша көңілі біледі. Әсіреле ауылда той-томалак бола қалса — Рахаңның абыройы аспандап, түкірігі жерге түспей кетеді. Ондай жағдайда той иелері тойдың болатынын Рахманға алдын ала ескертіп, үш күн бұрын алдынан өтеді. Сосын сыйсинаят жасап тойғанынша суғарады. Егер Рахаң олардың сый-саяпатына риза болып, пейілі түссе — той болатын тұндеғана емес, күндіз де моторды дырылдастып, жарықты жағып қоюға бар.

Аздан соң МТМ жақтан Рахманның моторы күркіреп барып от алды да, артынша ауылға бір-ақ сәтте жан кіріп, жарқ ете қалды. Жарқ еткен электр жарығымен бірге Нұргалидың басына да бір ұрымтал ой сап ете түскеңдей болған. Біреу жаман ойымды сезіп қалды ма деп, жан-жағын қауіптене көзбен шолды. Арғы шеттегі Мырзахметтің үйі жағында шоуілдеп үрген иттің, клуб жақтан сырнай тартып, ән айтқан жастардың дауысы болмаса, көше бойы тып-тыныш.

«Бұл шаруаға кімді салсам... Ыңғайлы кім бар?» деп тағы біршама уақыт бас қатырды. Айтқаныма көнеді ау деген жастардың біразын ойша тізіп, ақыры Рахманға тоқталған. Рахманнан асқан ептіні, қала берді қолынан ондай алмағайып шаруа келетін пысықтықты өзге жастардың бойынан таба алмады. Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады демекші, сұрағанын беріп, көңілін жайласаң — тентек болса да Рахман айтқанға илігуі мүмкін. Жаңа өзіне қаттырақ сөйлеп, ренжітіп алған жоқ па! Бар болғырдың мінезі де нок, мұрындықсыз бұқадай бірбеткей еді, қайрылмай жүрмесе неғылсын!

Құдай тағала өзі кешсін, Нұрекеннің «шаруа» деп көңілге түйген ісі — ұрлық болатын. Ұрлық болғанда — біреудің басын жарып, көзін шығарайын деген ой жокты. Немесе біреудің малын ұрлап, үйін тонайын деген харам ниеттен де аулак-ты. Әншейін әлгі кітапханашы

жігіттің жазып жүрген энциклопедиясын білдірмей жымқырып, із-тозсыз жоғалтып жібергісі келген... Кітапта тұрған не бар дейсің, кітап ұрлаған — зады ұрлық болғанымен, күнәға жата қоймайтын да шығар. Нұрғалидың өз үйінде де талай кітап жатыр ғой әне, әр жерде бір шашылып. Біреу соларды түгелімен тасып кетсе де Нұрғалидың шаңырағы ойсырап қалмасы белгілі.

Табан астында мұндай ұтқыр шешім қабылдауы — Нұрекеңнің көңілінде үйлыққан ала бұлтты аздал сейілкендей болды.

Қайтесің енді, соның бәріне кінәлі баяғы жастық желік қой. Жастық желіктің ойламай от басқызар бұла қуаты, көзсіз тоуекелі де. Ол жағдай зәудігалам қазір есіне түссе де қысты күнгі ала торғайдай бүрісіп, қатты қысылып қалады. Сондықтан Нұрекең ол жағдайды мұлдем еске алмауға тырысып бағатын.

Соны дейді-ау, анау Дәулетханға қай нысықай сыпсында жеткізе қойды еken?

Еске алмауға тырысқан соң, атам заманғы ол жағдайды Нұркеңнің өзі де әлдекашан ұмытқан сияқты еді. Кітапханаши бала бағана «осы ауылдағы әр кісінің өмір тарихын жазып жүрмін» дегенде, сезікті бұрын секірер дегендей, аяқ астынан көңілі кылп ете түскен. Күпті көңіл бірденені білгендей-ақ еken... Әлгі уақиға сап етіп ойға түскенде Бибіш ұсынып жатқан кессені ұстай алмай, қолы қалтылдан табаға шай төгіп алғаны да содан еді.

Мейлі, шайды да, таба толы майлы картопты да қойшы, бәрінен бұрын әлгі жағдайдың мезгілінде есіне түскені үлкен абырой болды...

Баяғыда, елуінші жылдардың басында Көккөл деген жерде кеніш ашылып, осы Нұрғалидың да елжүртпен бірге сол жаққа барып, бес-алты жыл кен қазғаны бар. Бүйткен кеніші бар болсын, көп азамат денсаулықтарынан айрылып, ку сүйек бол қайтты ғой ол жақтан. Сау қайтқандардың өзі жаппай «силикоzben» ауырып, жасына жетпей біразы кетіп қалысты. Ол бәледен Нұрекең де кем қалған жоқ секілді: кейде кеудесі қысып, дем жетпей жөтелген кездे жаны көзіне көрінеді.

Құлак шекесіне шейін қызарып, есі ауып қала жаздайтыны бар.

Ол кезде Көккөлде вольфрам дейтін қымбат металл өндірілетін. Нар түйенің өркешіндегі шошайған жұмыр таудың өр тұсында шұрық-тесік ұңгірлер бар еді. Ол ұңгірлерді «штолnya» десетін. Жұмысшы-шахтерлар сол штолnyaларға бойлай кіріп, қайламен күн демей, тұн демей қара терге түсіп кен қазатын. Соңынан, қазған кендерін қапқа салып етекке тасысатын.

Нұргали жұмыс істейтін екінші кеніш әлгі жұмыр таудың кіндік тұсында, биікте таман еді. Келіншегі азық-тұлік орап берген түйіншекті қолтықтаپ бұл да өзге шахтерлер сияқты таң қараңғысынан тауға кететін. Содан қас қарада үсті-бастары шаң, кір-қожалак, мұрттай ұшып үйге жетісетін сүйретіліп.

Бірде, ұмытпаса ақпанның аяғы, наурыздың басы болар, әдеттегідей жеті-сегіз шахтер таң қараңғысынан тау кіндігіндегі кенішке қарай өрмелеп бара жатты. Суық тиіп, сырқаттанып жүрген жігіттердің бірі құмығып барып қаттырақ жөтеліп қалып еді, сол-ақ екен, жер-дүние дүр сілкініп, айдахардай ыскыра гүрілдеп, жылжып жүре берген. Сәттің арасында тау мен тастың астан-кестеңі шығып, әлем-тапырық болды да кетті. Эйтеуір, тау алқымынан алапат көшкі тұскенін, таудан акқан қармен бірге өзі де бөріктей домалап, көбік ішінде тұншығып бара жатқанын ғана біледі.

Содан не керек, аудандық ауруханада бір-ақ есін жиган. Жағдайды сұрастыра келе, расында да таудан қар көшкіні тұскенін, сменаға бара жатқан сегіз шахтердан екі-ақ адам аман қалғанын, оның біреуі өзі екенін естіді. Жұмысшылардың біреуі әлі күнге табылмапты, анау етектегі шатқалға алып кеткен бе деседі. Күн жылышып, қар ерігенде белгі бермесе, әзіргі іздеулері әншнейін құр сарсан, нәтижесіз көрінеді.

Нұрекен де көмек келіп аршып алғанша қалың қардың астында тәулікке жуық жатып қапты. Қар астында тәулік бойы жатқан оңай ма, ауруханада бір аяқты кескізіп, саржамбас бол жаз шыққанша жатты. Жаз шығып жер көгерген кезде сырқатынан айығып, көтөрем койдай аксандай сүйретіліп Өрелге жеткен. Өрел-

жігіттің жазып жүрген энциклопедиясын білдірмей жымқырып, із-тозсыз жоғалтып жібергісі келген... Кітапта тұрған не бар дейсің, кітап ұрлаған — зады ұрлық болғанымен, күнәға жата қоймайтын да шығар. Нұрғалидың өз үйінде де талай кітап жатыр ғой әне, әр жерде бір шашылып. Біреу соларды түгелімен тасып кетсе де Нұрғалидың шаңырағы ойсырап қалмасы белгілі.

Табан астында мұндай үтқыр шешім қабылдауы — Нұрекенің көңілінде үйлыққан ала бұлтты аздап сейілкендей болды.

Қайтесің енді, соның бәріне кінәлі баяғы жастық желік қой. Жастық желіктің ойламай от басқызыар бұла куаты, көzsіз тәуекелі де. Ол жағдай зәудіғалам қазір есіне түссе де қысты күнгі ала торғайдай бүрісіп, қатты қысылып қалады. Сондықтан Нұрекең ол жағдайды мұлдем еске алмауға тырысып бағатын.

Соны дейді-ау, анау Дәuletханға қай пысықай сыпсында жеткізе қойды еken?

Еске алмауға тырықсан соң, атам заманғы ол жағдайды Нұркеңің өзі де әлдекашан ұмытқан сияқты еді. Кітапханаши бала бағана «осы ауылдағы әр кісінің өмір тарихын жазып жүрмін» дегенде, сезікті бұрын секірер дегендей, аяқ астынан көңілі қылп ете түскен. Күпті көңіл бірденені білгендей-ақ еken... Әлгі уақиға сап етіп ойға түскенде Бибіш ұсынып жатқан кесені ұстай алмай, қолы қалтылдаپ табаға шай төгіп алғаны да содан еді.

Мейлі, шайды да, таба толы майлы картопты да қойшы, бәрінен бұрын әлгі жағдайдың мезгілінде есіне түскені үлкен абырой болды...

Баяғыда, елуінші жылдардың басында Көккөл деген жерде кеніш ашылып, осы Нұрғалидың да елжүртпен бірге сол жаққа барып, бес-алты жыл кен қазғаны бар. Бұйткен кеніші бар болсын, көп азамат денсаулықтарынан айрылып, қу сүйек бол қайтты ғой ол жақтан. Сау қайтқандардың өзі жаппай «силикоzben» ауырып, жасына жетпей біразы кетіп қалысты. Ол бәледен Нұрекең де кем қалған жок секілді: кейде кеудесі қысып, дем жетпей жөтелген кезде жаны көзіне көрінеді.

Құлақ шекесіне шейін қызырып, есі ауып қала жаздайтыны бар.

Ол кезде Көккөлде вольфрам дейтін қымбат металл өндірілетін. Нар түйенің өркешіндей шошайған жұмыр таудың әр тұсында шұрық-тесік ұңгірлер бар еді. Ол ұңгірлерді «штолnya» десетін. Жұмысшы-шахтерлар сол штолnyaларға бойлай кіріп, қайламен күн демей, тұн демей қара терге түсіп кен қазатын. Соңынан, қазған кендерін қапқа салып етекке тасысатын.

Нұргали жұмыс істейтін екінші кеніш әлгі жұмыр таудың кіндік тұсында, биікте таман еді. Келіншегі азық-тұлік орап берген түйіншекті қолтықтап бұл да өзге шахтерлер сияқты таң қарандысынан тауға кететін. Содан қас қарай үсті-бастары шаң, кір-кожалак, мұрттай ұшып үйге жетісетін сүйретіліп.

Бірде, ұмытпаса акпанның аяғы, наурыздың басы болар, әдеттегідей жеті-сегіз шахтер таң қарандысынан тау кіндігіндегі кенішке қарай өрмелеп бара жатты. Суық тиіп, сырқаттанып жүрген жігіттердің бірі құмығып барып қаттырақ жөтеліп қалып еді, сол-ақ екен, жер-дүние дүр сілкініп, айдахардай ыскыра гүрілдеп, жылжып жүре берген. Сәттің арасында тау мен тастың астаң-кестені шығып, әлем-тапырық болды да кетті. Әйтеуір, тау алқымынан алапат көшкі тұскенін, таудан акқан қармен бірге өзі де бөріктей домалап, көбік ішінде тұншығып бара жатқанын ғана біледі.

Содан не керек, аудандық ауруханада бір-ақ есін жиған. Жағдайды сұрастыра келе, расында да таудан қар көшкіні тұскенін, сменаға бара жатқан сегіз шахтердан екі-ақ адам аман қалғанын, оның біреуі өзі екенін естіді. Жұмысшылардың біреуі әлі күнге табылмапты, анау етектегі шатқалға алып кеткен бе деседі. Күн жылышып, қар ерігенде белгі бермесе, әзіргі іздеулері әншнейін құр сарсан, нәтижесіз көрінеді.

Нұрекен де көмек келіп аршып алғанша қалың қардың астында тәулікке жуық жатып қапты. Қар астында тәулік бойы жатқан оңай ма, ауруханада бір аяқты кескізіп, саржамбас бол жаз шықканша жатты. Жаз шығып жер көгерген кезде сырқатынан айығып, көтөрем койдай ақсандай сүйретіліп Өрелге жеткен. Өрел-

де ол кезде Көккөлдегі кеніштің кеңсесі бар болатын. Осы жерден Көккөлге баратын көлік іздел, кеңсені торуылдал тағы бір күн сандалды. Ақыры, ол жаққа бара қоятын көліктің реті табылмай, бастық бұған колхоздың ыңыршағы айналған бір мәстегін сұратып берген.

Вольфрам кенішінің Өрелдегі кеңсесінен сапар шеккен жолаушы жол ортада бір қонып, келесі күні кештетіп Көккөлге әзер жетуші еді.

Жол ортасы — Сейсембай деген Мұзтаудың етегіндегі шалғыны шұрайлы иен-тегін аңғар болатын. Осы жағдайды ескерген кеніш бастықтары Сейсембайға арыбері жүргенде жұмысшылардың кона кетуі үшін қарашайдан қып бекет үй салдырған-ды. Нұргали колхоз берген мәстекке қиқая мініп, Сейсембайдағы сол қараша үйге жеткенде қас қарайып та кеткен еді.

Бекетке келсе есік көзінде бір ат байлаулы тұр екен. Үй ішінде еденді сыпрып, терезені сұртіп күйбендең бір бөтен әйел жүр. Көккөлдегі көп әйелдің біреуіне де үқсамайды. Аттан түсіп, сөлемдесіп, жөн сұраса келе әйелдің есімі Қадиша екенін білді. Жазатыр жақтан жолаушылап келе жатыр екен, Катонда туған-туыстары бар, соларға бара жатқан беті көрінеді.

Қыскасы, жаздың жарым түні әңгімемен өтті. Әңгімен әңгіме туып, Нұрекең ақыр сонында Қадишиның жесір, басы бос екенін, күйеуі біраз жыл бұрын қар көшкініне кетіп қаза болғанын білді.

— Мен де көшкінге қалып, өлім аузынан қайттым, — деді Нұргали. — Ауруханада үш ай жатып, жазылып шыққан бетім осы. Жолдастарымның көбісі қаза болды.

Мұны естігенде Қадишиның көнілі босап, көзіне жас ірікті. Нұрекең келіншекті сабырға шақырып, елжіреп шашынан сипап, икемдеп бауырына тартты.

Қара орманды қалың таудың арасы, иен жер, тамылжыған тұңғиық түн. Екеуі ғана... Япырмау, қысқа ғұмырда мұндайлық та бақытты сәттер болады екен-ау! Жүрек шіркінді лұпіл қактырып, көзге жас үйірген осындаидай да тылсым қуаныштар барын Нұргали бұрын неғып байқамаған?.. Өлең сөзді қара тілден айыра білмес Нұрекең бұл түні аяқ астынан ақын боп кете жаздады

дерсің. Қыстырып нелер бір өлең оқыды, қиуластырып қайсыбір шұрайлы сөздерді шұбатты Қадишаға. Қолына қанат байлап, құсқа ұқсап аспанда қалықтап үшқысы келді. Қадишины жетектеп айлы түннің астында алақайлап жүгіргісі келді. Басын мәңгі қар басқан мұзарт шындарды арман етті. Шатқал табанында сыландай акқан асау өзен Ақбұлқакты көкседі. Қадишины қолынан ұстап адам естіп, көз көрмеген алысқа безіп кеткісі келді.

Қалай болғанда да, бұл тұн Нұрғали үшін бөлекше еді. Көнілді шалқытқан тәтті ләzzатқа толы, әсері мол өзгеше тұн болды.

Екеуі ертесінде тұске таман атқа қонып, бір-біріне сұзіле қарап, қимастықпен қоштасқан.

— Мен енді осы жақта, Катонда қаламын. Эйел жазғаның жарты ғұмыры күту деседі ғой. Мен де осыдан былай сізді құтумен өтетін шығармын, — деді Қадиша мұңайып.

— Күт, Қадищажан, тірі болсам сені ізден табамын! — деп Нұркең де азаматқа тән нық уәде берген.

Сол сәтте берген уәдесіне тастай берік екеніне өзі де иланған. Амандық болып, жер басып тірі жүретіні рас болса, Қадишисын жердің түбінен болса да ізден табынына имандай сенген. Амал қанша... Көккөлге жеткен бойда алдынан улап-шулап балалары, ботадай боздап әйелі шыққан кезде Нұрекең бәрін ұмытты. Кешелі бергі қылығын ойладап, кірерге тесік таппай қысылды дерсің. Балаларын бауырына басып, кемсендер жылап та алды. Әттең, сол арада жердің тесігі бар болса балашағасына қарабет болған бет-жүзін көрсетпей-ақ кіріп-ақ кетер еді. Оллаһи, дәл сөйтер еді!

Ұяттан қысылған Нұрекең сол тұні өзіне-өзі тағы бір уәде беріп, ант-су ішкен болатын. Енді қайтіп адалдықтың ала жібін аттамауға, әзәзіл сайтанға еріп, ендігәрі әйелінің көзіне шөп салмауға сөз берді. Кеше тұндегі оқиғаны ендігәрі мәңгі-баки ұмытуға тырысты.

Обалы не керек, Нұрекең қалған ғұмырында екінші уәдесінде тұрып-ақ бакты. Қия басқан жері жоқ, балашағасының қамын күйттеп, бәрін де қатарынан қал-

дырмай оқытып жеткізді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырыды. Енді, міне, бәйбішесі екеуі немере сүйіп, қуанышқа кенелісіп отыр. Екеуі де осы ауылдың қадірлі қариялары. Оның ұстіне бұл Нұрекең қолынан бал тамған ісмер, өзі балташы, өзі ұста болды. Соның арқасында Көккөл «неперспективный» деп жабылып, жұрт шуласып ауылға қайтқанда, басқа шахтерлар секілді Нұрекең жұмыссыз тентіреп қалған жоқ. Қолы біледі, бірден ұстаханаға қойып кетті. Содан, қалған өмірі ұстаханада, колхоз-совхоздың көди-сөди шаруасымен, ат тағалаумен, қатын-қалаштың от басындағы темір-терсегін жамаумен өтті. Сол ұстаханада жүріп абыраймен зейнетке шықты.

Мінеки, осылайша ұзак ғұмырында Нұрғали намысина қамшы бастырмай, абырайына шіркеу келтірмей адалынан еңбек етті. Әттең, әлгі бір оқиға болмаса ғой... Ондай оқиғаның болған, болмағанын анау кітапханашы жігіт қайдан біледі екен? Біреу көкіп сөз еткен ғой тегі оған. Өз басы тірі пендеге ол туралы жақ ашпаған сияқты еді. Жо-жоқ, жақ ашпадым дегені бекер шығар. Баяғыда, Көккөлден көшіп келген жылы кеніштің көп жаңалығының бірі ретінде осы Лексейге айтты-ау деймін. Әлде айтқан жоқ па? Жоқ, айтты... Екеуі әйелдерінен тығылып, моншада кеукілдесіп боза ішіп отырған. Көп жылдан бері кездеспей, бір-бірін сағынyp көріскең соң, ләйліп ұзакқа кетіп қалысыпты. Сол жолы біраз әңгіменің басы қайырылып еді. Әлгі оқиға да қапелімде аузынан шығып кеткен ғой. Бәсе, Дәүлетхан қайдан естіп жүр десе... Әңгіменің төркіні енді түсінікті болды.

Даудың басы өйтіп Лексейден шыққаны рас болса, онда жақсылық болмағаны. Жалғыз ол уақиға емес, мұның есек сатып алғанын да Лексей ертегі мен жырдай ғып анау кітапханашыға жеткізген болар. Сүйінші сұрағандай осы Лексейдің бөтеннің шаруасында не шатағы бар екен!

Есек сатып алғаны есіне түсіп еді, Нұрғалиды одан бетер ашу қысып, қаны көтеріліп кетті. Бибіш берген дәрінің бір түймесін аузына салды да, шойнаң қағып үйіне тартты.

\* \* \*

Ол кезде Нұрғалидың ұстада жүрген кезі болатын. Шүкіршілік, абыройы жаман емес еді. Біреу атын тағалатса да, орағы мен шалғысын жаматса да бас ұрып осы Нұрғалиға жететін. Тіпті қатын-қалашқа дейін са-мауыры мен шәйнегін, ожауы мен ошағын қолтықтап «Нұреке, Нұреке» деп елпілдеп тұруши еді. Оларды дәнекерлеп жөндеп беру, жыртығын жамай салу ұстаға сөз болып па, тәйір! Риза болған жұрт рахметін айтып, Нұрғалиға ақша ұсынады. Ауылдастан ақша алатын-дай ақылынан алжаса қойған жок қой, «керегі жок» деп қайта қайырып, ақшаларын қалталарына салып береді. Ақшаларын алмай қолдан қакқан соң, қайта-қайта Нұрғалиға ісі түсе берген жұрт ендігі жерде бір-бір бөтелкесін қолтықтап жететін болды. Алғашында ол бөтелкені иесімен қоса бірнеше кісі болып бірге бөлісіп жүрді. Сонынан артық-ауысын үйге әкеліп, моншаға тығылып, Лексеймен бірлесіп босатуды шығарды. Бөтелкемен достасқан соң үйдегі де, түздегі де абырой аздалап шайқала бастағандай болған. Эйтеуір сондай шатақты уағында аңғарып, көңілдің көк дөненін мезгілінде тежеді ғой. Өйтпегенде шайтан азғырып адамдықтан кетіп қала жаздалты бұл пақырың. Сол жылдары моншаның маңайына тыққан бір бөтелкені Нұрекен бертінгі кезде, арада бес-алты жыл өткенде ойда-жоқта тауып алғаны бар. Эйелінен жасырып шым-то-пырактың астына қүрек бойы сұңғіткен екен, жер қазып, картоп егіп жүріп үстінен тұскен.

— Боже мой, сонша жыл жер астында сакталған арактың күші қандай екен? — деп Лексей әлгі бөтелкеге жата кеп жабыссын. «Мұның күшінің қандайлышын сенғана білесің» деп Нұрғали жадырай құліп, тапқан қазынасын көршісіне қолтықтатып жіберген.

— Уланым қаларсың, бәтіреке. Алдымен итке ішкізіп көрсөңші! — деп Бибіш бәйек болды Лексейге. Онысын Лексей құлағына да ілген жок, қырлы стақанға бұлқілдете толтырып құйды да, көзді жұмып тартып жіберді:

— Пай, пай! — деді тандайын тақылдатып. — Мықты екен, бірақ бәрібір самогонға жетпейді.

Жарықтық-ай десенші, содан бері де, мінеки ширек ғасыр өте шығыпты-ау. Есек сатып алып, жын тигендей желігіп жүргені де сол шамада еді ғой.

Ол да бір қызық кездер екен-ау...

Бірде Нұрғалиға былайғы адамның басына келе бермейтін таңғажайып ой түскен. Сол таңғажайып ойын дамытып, Нұрекең үш күн, үш түн толғанды. Ақыры нақты тоқтамға келді. Соңынан осы ойын іс жүзіне асыру үшін совхоздың қалаға жұн тасыған бір машинасына мінгесіп, Семей дейтін жер түбіндегі шаһарға тартып отырды.

Ұста болып көппен араласып жүрсе де, Нұрғали бұл ойын ауылдағы ағайынға айтқан жоқ болатын. Айтқан жағдайда да, мұндай тосын жаңалықты олардың қолдай қоятынына көзі жетпеді. Әмбе, бұл да пенде ғой, көнілге аздал қызғаныш та түскен. Ағайынның бәрі желігіп, қоғамның жұмысын тастап, шеттерінен Семейге қарай жөнкілсе не болғаны? Олардың бәріне бірдей даяр тұрған көлік қайда?

Ауылда тұрған соң, әрине, малсыз күнің қараш. Мал асырайын десен — оған жем керек, шөп керек. Шөпті мол етіп шаппасаң — Алтайдың алты айға созылған аязында малынды қарадай қырып аласың. Мал дегенде әсіресе жылқы малын асырау бұл жақта қындау соғып жүр. Шөпті көп жейді, жегенде де талғап, талмап жейді. Қырдың шөбі болмаса, ойдың өлең шөбін тағы менсінбейді. Қары қалың бұл Мұқырдың төнірегіндегі тебіндік өріс совхоздың малынан артылмайды. Ал бір үйде аяқ артар бір жылқы болмаса шаруа адамының да өрісі тарылады, аяғына тұсау түсіп, ауылдан ұзап шыға алмайды. Ол заманда қазіргідей жеке меншік мотоцикл мен мәшине сатып алып, шалқайып міну дегенді ел білмейтін кез.

Нұрғали болса мұқырлық ағайындарды тығырыққа тіреген осынау ауыр жағдайдан шығудың амалын ұзак ойластырған. Сөйтіп жүріп қындықтан құтылудың ең онай, ең төте жолын таптым деп білген.

Ойлап тапқан жаңалығына Нұрғалидың көнілінің марқайғаны соншалық, әттең өқығандай болсам менен мүйізі қарағайдай ғалым шығар еді-ау деп те ар-

маннады. Жалпы ұлы жаңалықтардың бәрі де қарапайым келеді ғой. Нұргалидың да ойлап тапқан амалы көзбен көріп, қолмен ұстағандай қарапайым болатын. Қарапайым болғандықтан да ешкімнің миына келмей жүрсе керек.

Нұрекеңнің амалы - әншнейін қолда бар жылқының біразын есекке айырбастап жіберу еді... Иә, кәдімгі ұзын құлақ, қамшы құйрық есекке... Совхоз табын-табын жылқысын өзі білер, қымыз керек, ет керек дегендей, жағдайы келсе асырай берсін. Ал шөпті керегінше шаба алмай, қолындағы жылқысын баға алмай отырған, өрісі тар, тебіні жоқ, шаруасы шамалы жекелерге Нұргалидың ақылы әкесі жасамаған жақсылықпен тең.

...Есек дегенің, Әмір шал секілді, күй талғамайтын көмпіс жануар ғой, оның асырауы шаруаға оншалық киындық келтірмейді. Есек жазғаннның еті арам, күші адад. Есек мінген еңбегін мінеді деседі. Олай болса қысы қатты мына Мұқырдай жерге асырауы қын, өзі кірпияз жылқы малына қарағанда есек өлдекайда тиімді. Бұған дау жоқ!

Осы оймен Нұргали бәйбішесінің байбаламына да қарамастан астындағы атын сатты да, Семейден бір-ақ шықты. Берідегі Өскемен емес, одан да әріден, қияндағы Семей дейтін шаһардан шығуында да бір гәп бар еді... Ұзынқұлақтан естуіне қарағанда, есек малының асылы — орысы мол Өскеменде емес, қазақтың қалың қонысы осы Семейде екен. Оның үстіне, өзін ала келген машина да тиелген жұнді Өскеменге емес, Семейге өткізбекші болатын.

Шофер бала көз алдында өскен ауылдың қара домалағы емес пе, Нұргалидың айтқанына көніп, айдағына жүріп отырды. Базардан-базар қоймай аралап, есек бакқан үйлердің біразын адактап, күні бойы қала тентіресті. Шофер бала оған да қынқ еткен жоқ. Ақыры екеуlep таңдал жүріп кешкі базардан тайыншадай бір ірісін сатып алысқан. Сатып алған есекті машинаның қамсаулы қорабына тиеді де, мықтап байлап-бекітіп, екі тәулік жол жүріп ауылға жетті.

Мұқырды былай қойғанда, жалпы Катонқарағай өнірі оған дейін тірі есекті көрмеген болатын. Маши-

наның қорабында ырғатылып, екі күн жол жүріп, ауылға жеткен тайыншадай есекті тамашалауға мұқырлықтар тегіс жиналды. Алыс қыстактарда сиыр бағып, қой жайып жайбаракат жатқан аршатылық малшыларға дейін сабылып жетті.

— Бісмілла, мынасы несі? — деп, бұл тосын құбылысқа тек Бибіш қана енжар қалды. — Пәленше күн жоғалғанда әкелгенің салпаң құлақ осы бәле ме?

— Мұны, бәйбіше, қазақ «есек» дейді. Есек дегенің — мініс малы болады! — деп Нұргали да қытыға жауап берді.

Топ ішінен балалардың біреуі:

— Ата, бұл есектің аты кім? — деп сұрады. Нұргали қапелімде аузына сөз түспей, есектің жон арқасын сипалап, кібіртіктеп сәл тұрды да:

— Тайқара! — дей салды.

Деуін десе де, бұл ат өзіне ұнап кетті. Балалар да «Тайқара, Тайқара» деп шуласып ала жөнелді.

Жұрт қызықтап біткен соң, қас қарай Нұргали Тайқараны кораға апарып, малдың арасына қосып жіберді.

Арада біраз уақыт өтіп, қарашибарың алғашқы қары да түсті. Оған дейін Нұргали есегіне ер жасап ерттеп мініп, қырдағы қойшы інісі Жанғалиға бір мөрте барып қайтқан. Көрген жұртты қайран қалдырып, есегіне шоқып мініп, ел аралап мөртебесі өсіп жүріп жатыр еді, шатақ әлгі қарашибарың алғашқы қары түскен күні басталған.

Алдымен, тұн жарымында шырт үйқыда жатқанда сатырлаған дауыстан шошып оянды. Құлақ түріп еді, қора жақта у да шу: мөңреген сиыр, маңыраған қой. Құпәйкесін иығына ілген бойда атып далаға шыққан. Есегіме ұры түскен шығар деген құдікпен, айдындал қораға келсе, — масқара-ай десенші, есегі тайыншың үстіне қонжия мініп алыпты. Тайынша жазған мықшиып, тырп ете алмай қинала мөңреген болады. Есек хайуанның мына қылығына адамның жүзі шыдар емес. Соңынан ере шыққан Бибіштің аузына сөз түспей, бетін басып теріс айналып кетіп қалды.

Нұргали тайыншага жабысып алған есекті таяқпен төпелеп жүріп, өзер дегенде айырып алды. Алғашында

Тайқараның мұндай ұтсыздығына ашу қысып, түтігіп кетіп еді. Төсекке қайыра жантайған кезде құлкі буып, біразға дейін екі иығы селкілдеп жатты.

— Жетістің! — деді не құлерін, не жыларын білмеген Бибіш. — «Қарғаны мактағанмен сұңқар болмас, есекті баптағанмен тұлпар болмас» дегенді естіп пе едің? Естімесен әлі-ақ соған көзің жетеді. Көр де тұр!

Бибіш бірденені біліп айтқан еken. Нұрғалидың құлгені бекер-ақ болыпты...

Тайқара таң ата сиырға шауып, бұлардың үйқысын тағы бөлді. Бір тұнде екі рет шатак шығарғасын, таңертең Нұрғали есегін ноктасынан жетелеп, бөлек қораға қамап тастады. Сол күні суат басына барған кезде Тайқара тізгінді жұлқи қашып, көрші Лексейдің тайыншасын әй-шәй жок, тырқыратып қуалай жөнелді.

Уш күннен соң Тайқараның ұтсыз қылығы бүкіл ауылға жайылды. Амалы таусылған Нұрғали есегін көзінен таса қылмай, жеке қораға қамап асырады. Мал дегенің жылдың белгілі бір мезгілінде ғана күйекке тұсуши еді, есекте ондай иман атымен жоқ боп шықты. Кімнен естіп жүргені белгісіз, Лексей есек туралы бірталай әңгіме біледі еken. Лексейдің сөзіне қарағанда бұл хайуан да адам сияқты-мыс. Қыс болсын, жаз болсын оған бәрібір тәрізді, талғам жок, көзі қызырып қойып кете беретін көрінеді.

— Сен ақылсыздық жасадың, — деді бірде Лексей тағы да білгішсініп. — Алғаннан кейін еркегімен қоса үрғашысын да сатып әкелу керек еді... Енді бұған лайық үрғашы мал бұл өлкеде жок. Қайтсін, бейшара хайуан... Сиыр ма, бұзау ма, көзі қарауытып есінен айрылып қалған фой.

Бұзау демекші, жеке қорада қамаулы тұрған соң Тайқара бір жұмадай тәртіп сақтап, жөнге келген сияқты еді. Бір күні тапа-тал түсте қораның сырғауылын сындырып, көрші қораға қарғып түсіп, бұзауға тап беріпті. Есектің бұл қылығынан соң Нұрғали сабасынан мұлдем шықты. Қапелімде қолына таяқ тұспей, құйтақандай бұзауды қорлаған қасиетсіз хайуанды протезben құлаштай қойып қалған. Протезі құрғыр құл-паршасы шықты. Есек болса қынқ еткен жок, протез тиген

басын бір шайқады да, мазақ қылғандай құйрығын бір бұлғап жөніне кетті.

— Сатамын! Он-ақ сомға сатамын! — деп, қүйіп кеткен Нұргали сол күні күллі ауылға жар салды.

Астындағы мініп жүрген атын сатып, жер түбіндегі Семейден әурелеп әкелген мұлігі түкке тұрмай, бекер шашылғанын ойлағанда Бибіш қан қақсады:

— Аттың ақшасын кәссіге салып, балаларға киім алсам етті одан да, — деп ойбайлады.

— Саспа, Бибіш! Шалың аман болса акша табылады. Алдымен мына жұзқарадан аман-есен құтылайықшы! — деп Нұрекең бәйбішесін сабырға шақырды.

Нұргали қаншалықты жар салғанымен, есегінен оңайлықпен құтыла алмаған. Тайқараның әлгіндей сайқалдығын естіген жұрт оны он сомға да алмай қойысты.

— Лексей, тілің майда ғой, су тегін берейін, біреулерге бірдене етіп өткізіп жіберші! — деп енді Нұргали көршісіне қолқа салды.

Құрдасының көнілін қимай, Лексей ауылдың біраз үйін аралап шықты. Тайқара десе бәрі де бастарын үстап, ат-тондарын ала қашысты. «Үстіне акша қосып берсе де алмаймыз, алған жеріне қайта апарып тастасын», — депті ауылдастары.

Алған жері Семей ғой, оған қайта апарып жатса, әрине, тын-тебенді бірдене етіп ендіріп те алар еді. Бірақ оған бара қоятындаі баяғыдай көліктің реті енді қайдан табылсын.

— Атамын! — деді Нұрекең ақыры құтыла алмасын білген соң. — Мырзахмет құлайтын анау шұнқырдың жиегіне жетектеп апарам да, атып тастаймын!

— Тек, обал болар! — деді Лексей тіксініп. — Ататындаі малдың не жазығы бар?

— Жазығы сол, қасиетсіз сайқал екен.

— Сайқал еткен сенің өзің... Алғаннан кейін қосағымен қоса алу керек еді. Енді қайтеді, бұның да еркек деген аты бар емес пе...

— Эй, сен де бір киғылықтап болмадың ғой.

— Сен, Нұргали, сөл шыда. Мен анау Ботап сайнада: отырған Колмогоров Степанға барып қайтайын...

Әлгі омарташы орыс есінде ме, сонымен сөйлесейін. Бәлкім, пұл сұрамай тегін берсек, ол кісінің көніп қалуы әбден мүмкін.

— Пұл сұрағаның не? Көнбей жатса — үстіне жүз сом ақша қосамыз де. Көндір, бірдене етіп амалын тап...

— Кайдағы ақшаны қоспақсың, байғұс-ау? — деп Бибіш зар қақты.

— Есек үшін табамын. Жылу жинасам да табам! — деп Нұрғали да шамырқанып бет бақтырмады.

Өркенің өскір Лексей, әйтеуір, есекті тегін алуға Колмогоровты көндіріпті. Басына жап-жаңа ноқта кигізіп, ерін ерттеп, ракметін айтып омарташы орысқа Тайқараны тізгіннен жетектетіп қоя берген. Қоя берді де, иығынан ауыр жүк түскендей «үһ» деді. Ертеңінде түяқ серіппей түске дейін үйықтады. Атасына нәлет, сол есекті содан қайтып көрген жок.

Міне, ұзак ғұмырында Нұрекенің басынан осын-дай да хикіметтер өткені бар.

Лексей бұл оқиғаны жатқа біледі. Олай болса әлгі есек туралы әңгімені кітапханашиға айтпады деймісін? Аңыздай етіп жырлап берген шығар! Арасына тұздық қосып дәмдеп, өтірікті шындағы ғып, мұның ақсақ аяғын тыңдай ғып әсірелеп тұрып жеткізген болар! Ондай-ондай көпірме сөзге келгенде Лексей алдына жан салмайды. Соның бәрі жіпке тізгіндей хатқа түсіп, әлгі шежіренің ішіне кіріп кетсе не болғаны? Сүйекке таңба түсті деген сол болады!

Жо-жок, тірі тұрғанда Нұрғали ондай жөнсіздікке жол бере қойmas...

\* \* \*

Осы кезден бастап Нұрғалидың өмірі бірөңкей ма-засыз күндерге ұласып жөнелді дерсің...

Бірде, ымырт әлетінде көршісі Лексейге домаланып қырқылжың Қанапия келе қалыпты. Екеуді аулада шүйіркелесіп отыр екен, аксандай басып Нұрғали да қастарына барған. Әңгіме арасында Нұрғали:

— Осы анау кітапханаши жігіттің жазып жүргені не нәрсе, естідіндер ме? — деп, білмегенсіп ортаға сөз тас-таған.

- Дәuletханды айтасың ба?
- Иә, соны айтам.
- Энциклопедия жазып жүр деп естігем, — деді Лексей.
- Онысы не туралы екен? — деп Нұрғали тағы кібіртіктеді.
- Ит біліп пе... баланың не жазып жүргенін.
- Бәрі бос сөз, — деп әңгімеге Қанапия араласты. — Ол суайтың ауызben орақ органнын басқа бітіріп жүргені шамалы. Осы ауылдың тарихын жазамын деп былтырғы жылы маған да келіп кеткен.
- Ие, сосын не болды?
- Не сосын...
- Ол сенен не ұрап жүр?
- «Әміrbаяныңызды айтыңызышы» дейді. Не істеп, не қойдыңыз дейді. Құдды бір прокурор сияқты. Сосын сендер туралы сұрады.
- Біз туралы дейсің бе? — деп Нұрғали елең ете түсті.
- Иә, сен екеуің туралы... Мырзахмет пен Қайсар туралы, Әмір туралы да білгенімді айтып бердім.
- Біз туралы не айттың? — деді Нұрғали көзі жыптықтап.
- Мен оны аудандық газетке мақала жазғалы жүр екен деп ойлағам. Сөйтсем...
- Сөйтсөң, немене?
- Сен неғып тықақтай қалдың соншалық?
- Әшейін, сұрағаным ғой...
- Содан арада бір ай өткен соң «әлгі мақаланды көрсетші» деп кітапханаға барсам — бала қолын жайды. Мақала емес, шежіре-кітап жазып жатырмын дейді.
- Энциклопедия дегені ғой.
- Ниеті дұрыс-ау...
- Қайдағы дұрыс? Бәрі болжырак, бос сөз. Шежіре жазатындай... әлгі немене еді?..
- Энциклопедия, — деп Лексей түзету жасады.
- Иә, енциклопет жазатындай бұл Мұқыр кімнің шікіресі екен. Көтерем қойдай ауданың артында жүргені мынау. Мұқыр секілді бұндай ауыл Қазақстанда мың-мындалап саналады. Әгәрки солардың бас-басына енциклопет жазыла берсе, қара жерді шөптің орнына кітап басып кетпес пе еді.

— Дәuletханның жазғандары бір кітапқа сыймайтын сияқты. Үш кітап жазбақ ниеті бар оның.

— Эне, үш кітап дейді... Көрі айнаға қараса өзінен көңілі қалады деген сөз бар. Сендер өздеріңің кім екендерінді білу үшін, тым болмаса, мына іргедегі Аршатымен салыстырып байқасандаршы... Төменде күйбендер, тәбенің басын көрмейсіңдер.

— Мұның көкейге қонатын жөн сөз, — деп Лексей Қанапияны мақұлдады.

— Сондықтан Дәuletхандықі бос сандалбай әшейін. Кітап түгілі, анау төрдегі Төртінші ауылдың кебін киіп, түбінде Мұқыр да құритын болады.

— Тіліңе теріскең шықсын сенің, Қанапия!

— Жастар жаппай қалаға қашып жатыр. Жұмыс қолы селдіреп қалды. Бүйте берсе Мұқырда болашақ бар деп мен айта алмаймын.

— Біреу патша сарайын көріп тамсанып, қайтып келіп өз үйіне өрт салыпты ғой... Сен, Қанапия, өйтіп Мұқырды жамандай берме! — деді Нұргали.

— Жамандағаным емес, пайымды сөзімді айттым, — деп Қанапия саусағын шошайтты.

Қанапияның осы пікірі Нұргалидың көңіліндегі аланды аздал сейілткендей болған. Бірақ, бұл бәтшагардың сөзінде қашан бәтуа болып еді, осы айтқаны жаңылыс бол жүрсө қайтем, деген де күдік тұрды көкейде. Сақтықта қорлық жоқ деген, жұртты тыңдаған дұрыс шығар, бірақ Нұргалидың өзінде де бас бар ғой.

Нұргали осындай оймен ертеңінде көк сиырды ертелетіп әдетінше табынға қосып, үйіне қайтып келе жатқан. Картоп еккен бақша жақтан біреу дауыстап айқай салды.

— Эй, Нұреке, бері бұрыла кет!

Тағы да Қанапия құрдасы екен. Бақшаның арғы түкпіріндегі дәретханаға жетпей, шаруасын тыңдырып тұрған кейпі бар. Шалбарын көтеріп, ат ерттегендей-ак жуан қарнына айылбасты ыргай тартып жатыр. «Пайғамбар жасынан асты, бала-шағадан ықса етті» деп Нұргали құрдасына жақтырмай қарады.

— Нұреке, неғып әукең салбырап кеткен?... — деді Қанапия шарбаққа қарай жақындал.

— Табынға сиыр қосып қайттым.

— Жөн екен, Нұреке. Бірақ әнеуқүнгі әңгімені екеуміз аяқсыз қалдырық-ау, ө?

— Қайсы әңгімені айтып тұрсын?

— Тасшоқыны айтам...

Нұрғали жауап қайырған жок, Қанапияның өгіздей өңқиген мол денесін бастан-аяқ бір шолып өтті де, шырт түкірді. Сосын басын бір шайқап, бұрылышп өз жайына кетті.

— Тасшоқының басы екеу болатын, білдің бе! — деп даурығып Қанапия қалды.

«Бәріміз де онып тұрмаған шығармыз, бірақ Қанапиядай бәдікті күндіз итпен ізден табу қын шығар» деп ойлады Нұрғали.

Көшені құлдалап келе жатып, ағарандап өз үйінің ауласында отырған Қайсарға көзі түсті. Тілдесе кетпек ниетпен солай қарай бұрылды. Қайсар дамбалашаң, табалдырықта бүкірейіп, қой қырқатын қайшымен башпайының тырнағын алышп отыр екен. Абажадай үлкен қайши ыңғайға келмей, көрі денесі оңайлықпен илікпей әжептәуір қиналысқа түскені байқалады. Қашаға келіп сүйеніп тұрған Нұрғалиды көргенде:

— Баяғыда Иіс алышп беруші еді... — деп, бұл тірлігіне ыңғайсызданып, ақталғандай болды.

— Е, бәріміз де жетісіп жүрген жоқпыз ғой, — деді Нұрғали құрдасын құптағандай. — Өлмегенге өлі баłyқ деген тірлік баяғы...

Қайсекеңнің бәйбішесі - Иіс кемпір бұдан екі жыл бұрын дүние салған болатын. Қайсекең қазір ұл мен келіннің қолында. Кезінде қызыл шырайлы, мол пішінді лақса кісі еді, соңғы екі жылда беті бозарып, денесі қушиып жүдеп кетіпті. Оның үстіне құлағы естімейді, құлағының түбінен айқай салмасаң — селт етпейтін таскеренің нағыз өзі... Өр Алтайдың бұл жағынан Қайсар сияқты саңырауды екі үйдің бірінен табуға болады. Шаруаның қамын күйттеп, тұн қатып, тұс қашып боран-шашында жүреді. Алты айға созылатын Алтайдың саршұнақ аязы ондырсын ба, ақыр соңында көпшілігі өстіп құлақ дертіне шалдығысады.

— Алматы жаққа біреу-міреу бармай ма, білмедің бе? — деді Қайсар қолындағы қайшыны табалдырықтың астына жасырып жатып.

Нұрғали «білмедім» дегендей басын шайқады.

— Апарат тапсырайын деп едім... Киіп жүрген аппаратым былтыр сынып қалған... Алдымен батариясы отырды, батария күтіп жүргенде өзі сынып қалды.

«Неғып сындырып алдың?» дегендей Нұрғали сұраулы жүзбен иегін көтерді.

— Басып кетіппін... Түнде дәретке шығам деп... ит біліп пе оны... Бытыр ете тұсті... Күл-пәршесі шығып, уатылып қалды.

— Е, қайтер дейсің, бір реті келер... Алдырарсың аппаратты! — деді Нұрғали кетуге ыңғай білдіріп.

— Бірдене дедің бе?

— Реті бір келер, алдырарсың оны дейм.

— Кім келеді дейсің? — деп Қайсар ұмтылып құлағын тосты.

— Реті деймін.

— Ол кім еді тағы?

Нұрғали қайтып тіл қатқан жоқ, көзін төмен салып ойланып қалды. Құлағында аппараты жоқ кісімен бүйтіп сөйлесудің жайы келіңкіремесін ұқты. Былайғы біреу таң атпай екі шал өңеш жыртысып үрсысып жатыр екен деп ойлар. Соны сезді де, құрдасына «жаксы тұр» дегендей басын бір изеп, жылыстай жөнелді.

— Апымай, ә... Кімнің келетінін анықтап айтпадың ғой? — деп, Қайсар құлағын уқалап, өкініш білдірді.

Нұрғалидың білуінде, осы Қайсардың да бұл өмірде жасамаған қылышы жоқ. Енді ғана ғой, қартайып, қайрат кетіп, түк көрмегендей дамбалашаң табалдырықта отырғаны. Әйтпесе әпенді анау Әмір емес, заманында нағыз әпендинің бірі осы Қайсар болатын.

Баяғыда, балқарағай қалың шыққан берекелі бір жылы осы Қайсекен тауға барыпты. Балқарағай ағашының біреуінің басына шығып, асықпай балқарағай түсіріп жүрсе, көрші ағашта да біреу сатырлатып балқарағай соғып жатыр екен дейді.

— Эй, бұ қайсың? — дейді Қайсекен дауыстап.

Үн жоқ, тым-тырыс!

Тегі, құлағының мүкісі бар Әмір шығар естімей тұрған деп түйеді Қайсекен.

— Әй, Әмір, — дейді айқайға басып, — Аянбай, былай көбірек тұсір... Менде өгіз бар, көтере алмай жүрсөң, қапқа тенден өгізбен апарамыз, ұқтың ба?

Сол-ақ екен, көрші ағаштағы көршісі сатыр-сұтыр кетті дейді төмен қарай домалап.

— Ойбай, Әмір, не болды? Абайласаң етті, құлап кеттің-ау жазған! — деп, жанұшырып бұл да ағаштан түсе бастайды.

Топ етіп жерге құлап түскен әлгі немеге қараса — өгіздей өңкіген аю екен. Аю да жерге құлап түскен бойда алды-артына қарамай борбандал қаша жөнеледі. Қайсекен де аяғы-аяғына тимей безілден етектегі ауылға қарай үшады. Енді бір қараса — балқарағайдың түбіне байлад қойған өгізі өзінен бұрын үйге жетіпті.

Бұл кісінің бәйбішесі — Иіс жарықтық ақылды әрі алғыр әйел болатын. Қайсекен қырық жыл бойы қой бақты, сол қырық жыл бойы малын шашау шығармай, мойынға мінгізбей, Қайсарды адам етіп жүрген — сол Иіс. Әйтпесе алды-артын ойламайтын ақкөңіл, ашық ауыз аңқау, тумысынан пәтуасыз Қайсекен малтасын езіп баяғыда далада қалар еді. Бірге өсті ғой, Нұрғали соның бәріне куә. Ұрада тұратын кіші қызы Дәйке туған жылғы оқиға да Нұрғалидың күні кешедей есінде...

Қайсекен, алдында бір отар қойы бар, ол кезде емін-еркін Салқыншоқы дейтін жайлауды жайлайтын. Бәйбішесі Иіс аузы-мұрнынан шыққан екіқабат екен. Қыркүйек келіп, қолдағы балалар ауылға оқуға кетіп, иен жайлаудағы қараша қоста екеуі ғана қалады. Күндердің күнінде шай таусылып, амал жоқ, Иіс Қайсарды қыр астындағы Шұбарағашқа дүкенге жұмсайды ғой.

— Менің жайымды көріп отырсың, қызырып жүріп алмай, тезірек кел былай! — дейді күйеуінің мінезіне қанық Иіс.

— О не дегенің! — дейді Қайсар бәйбішесінің ескерткеніне реніш білдіріп. — Ары екі сағат, бері екі сағат, төрт сағаттың ішінде келемін.

Төрт сағатқа кеткен Қайсекең сол кеткеннен мол кетіп, төрт күннен соң бір-ақ оралыпты.

Иіс болса ертеңінде жалғыз босанып, нәрестенің кіндігін өзі кесіп, баласын құндақтап орап, көмек сұрап көл жағасындағы көрші қосқа барады.

Есі кіресілі-шығасылы, удай мас, төрт күннен соң оралып тұрған Қайсекенде Иіс жер-жебіріне жетіп ұрсады ғой.

— Адасып кеттім! — депті Қайсекең беті бұлк етпей. — Құдайға анық, Иісжан, орман ішінде адасып, Жуантөбе түсіп кетіппін.

Жаны шықсын, адастым дегені өтірік екен. Иіс жазған оны артынан біледі. Шұбарағаш — көптен бері бармаған ауылы, біреу туыс, біреу дос дегендей, ағайының көңілін қимай көрінген үйде қонақтап жүріпті ғой бәтуасыз неме.

Сөйтіп жүрген осы Қайсекең кезінде өзінше сері де болғаны бар. Пәлендей аңшылдығы, пәлендей мергендігі жоқ болса да, жайлауда жүргенде мылтық асынып, бакбак қуалап, суыр аңдығанды ермек тұтатын. Айырбасқа да бек құмар кісі еді. Соның арқасында мініп жүрген талай атын, талай мылтығын, қолындағы талай қамшысын алмастырды.

Бұл оқиға елуінші жылдардың сонында, жайлауға шығар алдында болған секілді. Көктемеде отырған Қайсекең бірде тағы бір жаңа мылтықты асынып жетсе керек.

— Әй, Кәкім, — дейді көмекші бол жүрген інісіне. — Мен мына бір мылтықты тастың қуысынан тауып алдым.

Інісі қайран болып, мылтықты аударып-төңкеріп карай бастайды.

— Тегі, баяғыда, әлгі ак қашып, қызыл қуған заманда біреулер тастың қуысына тығып кетсе керек.

— Аға, мынауыңыз зауытта былтыр жасалған мылтық қой? — дейді інісі мылтықтағы жазуға үніліп. — Мінеки, «1958 жыл» деп жазылған.

— Әне, бұлар сенбейді... Тастың қуысынан тауып алдым дедім ғой.

— Қайдағы тастың қуысы?

— Тауда не көп, тас көп... Соның бір қуысы да.

— Ағатай, сөзінде бір шикілік бар-ау, сезіп тұрмын.

— Сезсең сол, қазір қосқа барғанда Иіс сұрай қалса — сен куә бол. Мылтықты тастың қуысынан тауып алғаны рас де. Жәрәй ма?

— Жәрәйді, — дейді інісі келісіп. — Ал шыныңды айтшы, бұны қайдан алып жүрсің?

— Ана, Жұлдыздағы Қабидолда бар емес пе, соған бір койға айырбастап, қағып тұстім, — дейді Қайсекен ағынан жарылып.

Қызыл әскерше жарқырата мылтық асынып Қайсар кешке қайқайып қосқа келеді. Есік алдында шөпшек теріп, самауыр қайнатып жүрген Иіс расында да келген беттен мылтықты сұрайды. Қайсекен беті бұлк етпей, тас қуысынан тауып алғанын айтады. Күйеуінің мінезін білетін Иіс басын шайқап құдік келтіреді. Сол кезде інісі Кәкім Қайсекенің сөзін растап, куә болады. Иіс сенеді. Сонымен бұл әңгіме біразға дейін ұмыт болады.

Құндердің күнінде Иіс әлдебір шаруамен Жанғали койшының үйіне барады ғой. Барған кезде өзінің бір койы Жанғалидың отарында жүргенін көреді. Жылда егізден козы табатын койын Иіс жазбай таниды.

— Ау, Жәке, мынау біздің кой ғой? — дейді Иіс.

— Қайдағы сенің койың?

— Әйбу... өз койымды танымай қара басып па мені! — дейді Иіс шаптығып.

— Бұл қойды түнеу күні Қабидолда әкеп косып кеткен, — деп момын Жанғали шынын айтады.

— Ол қайсы Қабидолда?

— Жұлдыздағы жылқышы Қабидолда ше?

— Апымай, ә, ол өзі үяңберіктеу момын жіліт еді, үры атанайын дегені ме! — деп Иіс кайран қалады. Сосын: — Мен мұны тек тастамаймын! — дейді жер тепсініп, — Мен оны істі етемін... Бөтеннің койын үрлаган қалай болатынын мен оған көрсетемін!

Іістің айбынына момын Жанғали қайдан шыласын, пәлден машайық қашыпты дегендей, койын екі козысымен косып Иістің алдына салып коя берілті.

Тұн ортасында екі өкпесін қолына алып шапқылап Қабидолда жетеді Иіске.

— Эй, Иіс, мұның не сенің? Не честно бұның! — дейді келген бойда кіжініп.

— Сонда, қой үрлаған сенікі жөн бол па? Осыдан сені сотқа тартпасам — Иіс атым өшсін! — дейді Иіс те жанжал шақырып айғайға басып.

— Кімді айтып тұрсың «қой үрлаған» деп?

— Сені, шырағым! Кой болғанда ішінен таңдал жүріп, егіз қозылайтын ең жақсысын үрлапсың, білдің бе?

— Не честно, Иіс, не честно!

— Бәлесін қара өзінің?

— Не честно деймін, Иіс, мен бұған төзе алмаймын!

— Төзбесен — әдірем қал, білдің бе!

— Бәрібір төзбеймін... Не честно бұларың!

— Тұн ортасында әкірендемей, қайқай ары! — дейді ашуға булыққан Иіс. — Мен сенімен ертең сөйлесем, сот алдында сөйлесем, білдің бе!

— Ойбай-ау, Иіс, кайдағы сот, қайдағы үрлық? — дейді Қабидолданың жаны шырқырап. — Біз Қайсар екеуіміз адамша келісіп едік қой. Адамша айырбастап едік қой. Енді бұларың не?

— Айырбасы несі тағы?

— Айырбас деген айырбас та!

— Неге айырбастап жүрсін? — деп сезімтал Иіс осы тұста елең ете қалады.

— Мылтыққа... Мен оған жап-жана мылтық бердім. Ол отардан таңдал бір койды берді. Сөйтіп қол алысып, бәрін де келісіп жасағанымыз қайда?

Мұны естігенде Иістін амалы құрып, сylq етіп отыра кетіпті.

Көрдіңіз бе, бұл Қайсар да кезінде осындағы болған. Зейнетке шыққанша қой бақты, зейнет демалысына шыққаннан кейін де бірнеше жыл қой бақты. Мұқырдың шежіресіне әйгілі койшы ретінде кірері айқын. Дұрысында сол атақты Қайсарға емес, Иіс марқұмға беру керек еді. Қырық жыл қой бағып алған бір орден, екі медалды Қайсекең емес, Иіс марқұм кеудесіне тағу керек еді. Эйтпесе Қайсекендікі бос кеуде, құр жүріс

қой баяғы. Иістің айтқанына көніп, айдағанына жүріп, әупіріммен тіршілік етті. Сөйтіп, жүріп осы Қайсардың ел қыдыруды, тұз тентіреп серілік құруды тәуір көретінін қайтерсің. Тұске дейін сұыр андып таудың таз басында жүрсе, түстен кейін құрығын сүйретіп су жағалайтын. Болмаса атына қиқая мініп көрші қойшыларды, қымыз ауылын аралап кететін.

Балық демекші, балыққа қатысты бір әңгімеге осы Нұрғалидың да баяғыда куә болғаны бар.

Нұрғали бірде жайлауға бара жатқан бір қора шөпшілерге ілесіп, Салқыншоқыда отырған Қайсардың косына түскен. Бұлар келсе — Қайсар әдетінше қос басында жоқ, өзенді құлдалап балық аулап кетіпті.

Бұлар жайланып, Иістің дастарқанынан шай ішіп, дәм татып орындарынан енді тұрып жатқанда — етек жактан Қайсекең де көрінді. Артында ағарандаған теңі бар, торы атына мықшия мініп, ыңылдалап ән салып жетті қосқа.

— Бұгін балық жақсы қапты! — деді аттан түсіп жатып. Көңілі көкте, дорба толы балықты лақтырып былай тастады. Бектерген тағы бір теңді қанжығадан шешіп жерге домалата салды.

— Өй, көксөккан! — деді Иіс әлгі теңді көрген бойда. — Жетістірген екенсің...

«Не бол қалды» дегендей, жігіттер бір-бір ұмтылысып еді, сонынан олар да қыран-топан құліп қоя берісті.

Сөйтсе, бұл күні расында да балық жақсы қағыпты. Иығына ілген дорбасы балыққа толады. Бірақ... қармақты суға тигізсөң болды, балық салқ еткізіп жұлып алады. Қалай қызықпассың! Дорба толды екен деп мұндайда судың жағасын қалайша қып кетпек? Қайсекең отыра қалып дамбалын шешіп, екі балағын бекітіп байлайды да, ұстаған балығын енді соған жинайды. Аздан соң оны да лықа толтырып, екі балағын салақтатып атқа тенгеріп, өлеңдетіп үйге қайтыпты.

— Сол балықты жедіндер ме? — деп күрдастары Қайсекендей талай қажады.

— Дамбалымен қосып құресінге лақтырып тастадым, — дейтін ондайда Иіс марқұм. — Бұл да үстіне

бір кигенін биттегенше шешпейтін қарағым ғой... сарғайып сасып кетіпті.

— Иә, Қайсеке, сосын не бол еді?

— Бәтіреке, қабырағын тазалап, сол балықты өзім-ақ асып жедім. Онда тұрған не бар дейсің! — дейді Қайсар түкке түсінбей.

Мұны құлактарымен естіп отырған жұрт мәз болысады.

— Дәмді болған шығар! — деседі қалжындал.

— Несіне құлесіндер... Балықты жинар алдында суға бір шайып алғам.

— Нені?

— Нені болушы еді... Дамбалды да, — деп Қайсекен тағы да жұртты құлкіге батырады.

Мінеки, жалғыз Нұрғали емес, Қайсардың да басынан осындай әумесер жайлар өткен... Осы әңгіменің қай-қайсысы да азаматқа абырой өкеле қояр жақсылық емес Әрине. Бұндай жәйттәрге мән беріп іздей берсе, Нұрғалидың жасындағы құрдастардың ішінде дені сауы жоқ. Құдай біледі, сұттен ақ, судан таза ешкім табыла қоймас. Етектеріне намаз оқып жүргендегі де шамалы. Әлгі кітапханаши жазып жүрген шежірені оқыған кейінгі ұрпақ бұл Мұқырда есі дұрыс адам болғанына құдіктенер. Мәселенки, осы Қайсар өзі туралы шежіре жазылып жатқанын біле ме екен. Білсе бұл кісілердің бәрі неге жұмған ауыздарын ашпай бұлайша тымпи-сып жүр? Неге қарекетсіз қарап жүр?

Осы сияқты сан-сапалак ой мазалаған Нұрекен құйрық басып үйде отыра алмады. Келіннің қолынан үн-түнсіз бірер кесе ертеңгілік шайды іште де, қайыра далаға шықты. Көшени өрлеп, тағы да Қайсардықіне келді. Қайсар бүгежектеп қора жақта жүр екен, ақсаң-дап құрдасының қасына барды. Нұрғалидың қайтып келгеніне Қайсекен кәдімгідей жадырап салды:

— Бәтіреке, бағана біреу келеді деп бастадың да, кім екенін айтпай қашып кеттің ғой? — деді.

— Ешкім де келмейді, — деп Нұрғали басын шайқады.

— Келмейді дейсің бе? — деді Қайсар.

— Иә, келмейді деймін.

— Бәсе, өзім де солай деп біліп едім.

Екеуі аула сыртындағы ұзынша орындыққа барып жайғасты. Жайланаңып насыбай атысты. Нұрғали әңгімені неден бастарын, бастаса да керең құрдасына қалай түсіндірерін білмей тосылды. Кошеде екеуі даурығысып сойлесер болса — ішкі жоспары, сары майдай сақтап жүрген құпиясы әлемге айдай бола ма деп те қауіп қылды.

— Кешелі бері ішім кетіп жүргені, — деді Қайсар қинала қарнын сипап. — Тұні бойы далаға жүгірдім... Тіпті келіннен ұят болды.

— Е, ішіңе не жетті? — деп Нұрғали иегін котерді.

— Немерем екеуіміз кеше қолдағы малды құнгей қыратқа апарып, орістетіп жайып қайтып едік. Бидонмен сұт ала шығыпты. Қайтарда «текке төгеміз бе, ата, мына сұтті іше салцы» деп бидон тола сұтті берген. Баланың қоңілін қимай, ішіп қойып едім... Сол құрғырың бәле болды.

— Бекер ішкенсің, — деп Нұрғали да өкініш білдірді.

— Бір бидон сұт ондырысын ба... Ішім қабысып қалды, — деді Қайсар қиналып.

— Ішкенің бекер болған.

Қайсекең қипалақтап Нұрғалиға бар денесімен бұрылды:

— Шаруамен келдің бе? Айтсаншы! — деді. — Әйтпесе мен кетейін. Мына құрғыр тағы да шұрылдал шыдатпай барады.

«Шаруам жоқ» дегендей басын шайқап Нұрғали орнынан тұрды. Қайсар безек қағып қораны айналып кетті. Нұрғали не істерін білмей, дел-сал күйде аула ішінде шошайып жалғыз қалды. Бұл Қайсарға бірдене деп міндет артудың өзі болмас шаруа екенін түсінді. Ендігісі, не де болса қармақты Рахманға тастамақ бол, тас түйін шешімге келді.

\* \* \*

Сыланбайын десем биден қорқам, сыланайын десем бибісінен қорқам депті ғой баяғының біреуі. Нұрғалидың қазіргі жағдайы дәл сондай күйде болатын.

Ауылды кеулеген сыпсың өсек, қарғалдақ пен қамайдың гулеген дау-дамайында Нұрғалидың шаруа-

сы болмады. Байтал түгіл бас қайғы дегендей, Нұрекен өйга алған өз жұмысымен әбігер еді. Өзі тетелес ауыл үлкендерін тізбелеп, бір-бірлеп ойша адақтап шықты. Құрдастарының өмір жолдарын сарапал өтті. Сондағы козінің жеткені — бұл коксоққандардың да жетіскен біреуі жоқ екен.

Нұрекенің түсінігінше, мұқырлық құрдастары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаардай қазіргі алмайып кезеңде берекеден айрылып, бытырап, тышқаншылап кетті. Қайдағы бір мектеп үшін баяғыда сүйектеріне қына біткен аруактардың атын қозғап, жікжікке болініп мантырасып жүр. Дәл қөзір өзге шаруа-ның бәрі жалған, ұсақ-түйек, мардымсыз. Бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін ең басты, ең маңызды шаруа — шежірені құрту. Сойтіп, бала-шағаның, немере мен шоберенің алдында қарабет болмау, сүйекке таңба салмау.

Құрдастардың бірде-бірі осы жайдың төркінін барлаپ түсінбей отырғаны қынжылтады.

Ұзак толғанып, құрдастардан қайыр болмасына Нұрекенің көзі анық жетті. Ұрыста тұрыс жоқ, не де болса білекті сыбанып, осынау алмағайып шаруаға жалғыз кіріспек болды. «Не бел кетер, не белбеу кетер» деп, іштей намысын жігеріне жаныды.

— Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы! — деп мұрын астынан міңгірлеп сертке жығылды.

Расында да, Нұргали ары мен намысы үшін дәл қазіргі кезде жанын қиюға өзір еді.

\* \* \*

Күндегідей көк сиырды ауыл сыртына айдал апартып табынға қосты да, Нұргали көшениң бергі шетіндегі «Рахман жүгірмектің» үйін бетке алды.

Орман жиегінде тізесі шыққан олимпийкасын тырттып Мырзахмет бұлкең-бұлкең желіп барады екен. Тұра қалып қолын онды-солды сермел, еңкейіп-тоңқайып әуресі шығып жүр. Сәске мәлден жас өтті, өзін осыншалық қинамаса етті, деп ойлады Нұргали құрда-сына жаны ашып. Сырт көзге мазақ болып, жас бала-

ша таңсәріден секендең жүрген мұны «кезінде түкірігі жерге тұспеген бастық еді» дегенге кім сенеді.

Бұлкендей желіп, көлденеңдей өтіп бара жатқан Мырзекең Нұрғалиға жалғыз рет қолын көтерді де, ағаш арасына сіңіп жоғалды. Кол көтергені — құрдасымен амандақсан түрі ғой. Бұйткен аманы бар болсын!

Жез шәйнегін сүйретіп, қораны айналып кеткен Бектемір молданы да көзі шалып қалды. Алла жолындағы молдекенің өзі де енді ғана тұрып жатқан тәрізді. Төмендегі Лексейдің ауласынан «Ой, мороз, морозды» әуелете шырқаған көнілді гүіл шығады. Алыстан қонақтар келді ме, әлде көрші ауылдың омарташы орыстары шала қазақ Лексейдікінде бас қосып қалды ма, әйтеуір бұл аулада таң асырған той.

Рахман әлі тұрмапты. Жерошак басында от жағып бұкшендеген шешесі Зейнеп «ұлды оятайын ба» деп еді, Нұрғали керегі жок дегендей басын шайқады. Ондағысы, шала үйқы одыраң неме оятқаныма қырыса қалар, көнбей жүрер деп өзінше әліптің артын баққаны болатын. «Рахман жүгірмектен» бөрін күтуге болады, оң жағына келмей қалсан «к чорту» деп қорс ете қалатын қырсықтың өзі.

Тұн қатып, тұс қашып жүрген бойдақ жігіттің үйқысы да қатты болатын секілді. Төргі бөлмедегі қорылдаған даусы далаға естіліп тұр. «Рахманның тұлкі жортуылы бар екен» деген өсек осыдан біраз бұрын Нұрғалидың да құлағына шалынған... Ұзак жыл қалада жүріп қаратаяқ болып қайтқан, ол жақта тұрмысқа шығып, соңынан ажырасып тынған осы ауылда Марфуга атты келіншек бар-ды. Қаңтардың қақаған аязында да, көктем мен күздің сылбыраң батпағында да сұлу киініп, сылаң қағып жүретін сол келіншекпен Рахманның көнілі көптен жарасыпты десетін. Апымай, ол үйге өкшесіне қаранып, бойын күткен келін емес, Зейнеп кемпірге қарайлайтын кісі лайық еді деп Нұрғали ойлаған да қойған. Ол ойын ешкімге айтқан да жок, айтқанмен де дүниенің өзгере салмасын тағы білді. Сонымен ол естігені де ұмыт болған. Бұкшендеп аулада жүрген кәрі Зейнепті көргенде, әлгі әңгіме қайта жаңғырып есіне тұсті.

Зейнептің күйеуі баяғыда Көккөлдегі қар көшкінінде мерт болған еді. Осы Рахман туғанға дейін бала тоқтамай, екі-үшеуі шетінеп кетті. Рахман туғанда әкесі жарықтық ақсарбас атап, ырымдал ұлының құлағына сырға салған. Сол аңсал күткен ұлының қызығын көре алмай әке жазған кете барды ғой дүниеден. Шешесі Зейнептің де қолындағы жалғыз ұлынан көріп отырған ракаты шамалы... Төбелесіп, төрт жыл «условный» отырып келді. Отыздан асты, әлі сүр бойдак. Шешесінің қолын жылы суға малып, келін түсірейін деген пәруейіне де келер емес. Жұрттың өсегіне қарағанда, әлгі Марфуғамен сыйбайластығы да баянды дүние емес секілді. Табанының бүрі жок, тұрлауы жок бұл жігітке бірденені сеніп тапсыру да қын-ау... Қын болса да қайтеді, ол шаруаға лайық өзге адамды сабылып іздегенмен; жер-көктен таба алмады. Ниет қылса — Рахманның ғана қолынан келетін шаруа сияқты.

— Асықпасаң, Нұреке, қаз етін асайын, — деді Зейнеп.

— Әуре боп қайтесің, бар болса бізге қара шайың да жарайды, — деді Нұрғали шын ниетімен.

— Мейлі, өзің біл... Осы үйде не көп, қаз еті көп, бәрібір асамын.

— Соншалықты көп қазды қайдан алып жүрсің?

— Қайдан алып жүрсің дерің бар ма... Бұрнағы күні қазымның бәрін қырып алдым емес пе.

Тағы да Рахманнан бір тентектік шыққан-ау деп, Нұрғалидың іші үлк ете түсті.

— Нағып қырып жүрсің? — деді, әйтсе де сыр бермей.

— Жалғыз ұл тықақтап қоймағасын, ел-жұрттан жасырып сыра ашытқам. Ұрлап-жырлап жүріп оны да ұлдың өзі сарықты ғой әйтеуір. Сыра таусылған соң, ләгөннің түбін қағып, шырмауығын күресінге төге салғам... Кім біліпті үлкей боларын... Қаздар мен төккен шырмауықты шоқып жеп қойыпты. Кешке қарасам, қазымның бәрі тырайып-тырайып өліп жатыр... Тым болмаса мамығын жастық қылайын деп, бәрінің жүнін жұлып, өздерін әлгі Мырзахмет құлайтын шұңқырға

апарып тастағам... Сөйтсем, ертеңінде қаңқылдаپ үйге кеп тұр бәрі. Қызыл шақа, ұсқындары тіпті қораш, адам шошығандай... Ұлға айтып, бәрінің басын шаптырып таstadtым.

— Апырмай, қызық болған екен, — деді Нұрғали сөл ғана езу тартып.

— Мейлі, Нұреке, — деді Зейнеп. — Қаздан көрген пайдамыз шамалы. Тым болмаса осылай ет боп пайдасты тисін.

Осы Зейнепке анау бір жылдары кемпірі өлген Аршатының бір шалы сөз салып келген көрінеді. Ол шалға Зейнеп байқұстың қалай жауап бергені бір құдайға аян, бірақ шалдың бөтен ниетін Рахман сезіп қалып, сақалынан сүйреп, үйден қуып шығыпты.

— Апырмай, үлкен кісіні сақалынан сүйрегені үят болған екен, — деп, бұл әңгімені естігенде Нұрғали кәдімгідей ынғайсызданған. Бірақ Рахмандай әумесерге сақалдың да, бастықтың да құны көк тиын, ол үшін білектің қүші ғана бедел екенін және ұқты. Барлап қараса, бұл Мұқырда Рахманның сағын сындырып, жөнге салар қүш иесі жоқ секілді. Бар болса да, одырандаған Рахманмен байланыскысы келмейтін шығар ешкімнің. Әлде Зейнеп кемпірдің жалғызы ғой деп аяушылық жасай ма екен... Ол жағы да бір құдайға аян. Қыны сол, кейінгі жастар да Рахманға еліктеп, оны өздерінше өнеге тұтып, қайдағы бір оспадар мінез танытып жүр.

Зейнеп ауызғы үйге дастарқан жасап жатқан кезде, керіліп-созылып Рахман да тұрды.

— Ассалау, көке! — деді Нұрғалиды көргенде есінеп. — Таң атпай біздің үйде неғып жүрсіз?

— Ауылдың таңы баяғыда атқан, — деді Нұрғали мұләйімсіп мұртын сылап.

— Атса ата берсін... Мотористің жұмысы кештен басталады, — деп, Рахман иығына орамалын іліп, талтаңдай басып бұлак басына жуынуға кетті.

Моторист деп тұрғаны өзі, яғни күні бойы үйықтасам да еркімде дегенді аңғартқаны Нұрғалиға. «Апырмай, бірденеге шамданып қалған жоқ па?» деп Нұрғали тағы қылп ете түсті.

— Үш күн болды моторды жөндеп... Көке, бұл менің ерте тұрып жүргенім, — деп самбырлай сөйлеп, Рахман дастарқанға жайғасты.

— Жөндей ғой, қалқам, жөндей ғой, — деді Нұрғали оның ырқына жығылып.

Рахман жалғыз кесе шайды асығыс ішті де, қаудырлатып комбинезонын кие бастады.

— Экәу, шай ішпедің ғой? — деді Нұрғали.

— Бұның әдеті сол, таңғы шайды ішпейді, — деді Зейнеп.

— Бас дыңылдал тұр... Басы ауырған кісіге шай тамак бола ма, — деді Рахман.

— Егер шайды қою етіп ішсен — бастың сақинасын жазады, қалқам.

— Түң, көкесі-ай... Сказки рассказываете!

— Рас айтам, шырағым.

— Маған шай емес, арак керек... жұз грамм. Бас сонда жазылады.

— Қап... таң атпай оны қайдан таптық? — деп, Нұрғали міңгірлеп, сөзінен тосылды.

Рахман киініп, есіктен шыға бергенде:

— Шырағым Рахман, сенде бір бұйымтайым бар еді! — деп, Нұрғали да қолын таянып орнынан тұрды.

— Сіздің... менде ме?.. — деп Рахман аң-таң.

— Иә, сенде... Былайырак шығып, жеке сөйле-сейікші.

— Кызық екен... Маған да біреудің ісі түскені ме... Кызық екен!

— Неге тұспесін... Ауылдың бәріне сібет беріп, са-маладай жарқыратып отырған сен емеспісің?

— Ол үшін мен зарплат алам.

— Не алатыныңда шатағымыз жок, біздің білетініміз Рахманның сібеті.

— Ильichtің шамы, Рахманның светі деңіз... Кызық екен!

— Біреудің үйінде той болса да таң атқанша жарық сұрап, саған жалынып жүрмей ме. Іс түсті деген сол емес пе!

— Қалай іс түскен? Ондай тойды таң атқанша мен де тойлап жүрмін ғой... Жалпы мен той-томалақты жақсы көрем.

— Ойын-сауыққа өуестігінді білемін, Рахман шырағым. Шынымен ойын-сауықты жақсы көрсөң — жастар бірігіп, әлгі не деуші еді... әлгі, концерт үйымдастырсандаршы!

— Бұйымтайыңыз осы ма? Осы болса — концерт менің қолым емес, көке!

— Сабыр, сабыр, Рахман қалқам. Айтайын дегенім бұл емес еді...

— Иә, құлағым сізде.., пожалыста айта беріңіз!

Нұрғали қалай бастасам екен деп, мұртын сипап азкем ойланып қалды. Сосын:

— Мен сені үрлыққа жұмсайын деп отырмын, — деді түйеден түскендей.

— Үрлыққа дейді? — Рахманның дүрдиген аузы ашылып қалды.

— Иә, үрлыққа, қалқам. Әлгі концерт қолым емес дедің ғой. Ал бұл шаруа тек сенің ғана қолындан келетін нәрсе.

— Сонда сіз мені үрлықшы дегініз кеп түр ғой?

— Құдай сақтасын... Басқа лайықты адам таппай, өтініп келіп тұрмын алдыңа.

— Ол не нәрсе... Анығын айтсанызышы былай!

— Қалай десем екен... Сен Дәuletханды танисың ғой?

— Е, анау мендуана жеген қиялиды ма?

— Оның не жегенін қайдан білейін... Сол Дәuletханда осы ауылдың шежіресі бар. Соны қолға тұсіріп берсөң.

— Шежіре дейді?

— Тура аты шежіре емес, басқаша аталады... Енциклоп деді ме, құдай-ау...

— Энциклопедия шығар?

— Тура өзі. Өзің де біліп түр екенсің ғой.

Рахман аз-кем ойланып тұрды да, карқылдалап күліп жіберді.

— Шырағым, ақырынырақ күлші, ел мен жұртқа жария боп жүрерміз, — деп Нұрғали састы.

— Мен енді тұсіндім, — деді Рахман құлқісін жимай. — Сіз қарғалдақтан өш алайын деген екенсіз ғой!

— Әлгі қоянкөз Дәuletханның қарғалдақ екені сонда ғана Нұрғалидың есіне түскен.

— Ә, мейлі, қалай деп ойласаң да өз еркінде, — деді басын шұлғып.

— Ендеши өш алуға қол үшін береміз, — деді Рахман масаттанып. — Қатырамыз, көкесі!

— Өркенің өссін, шырағым!

— Ол энциклопедияның түрі қандай еді? Аты бар ма?

— Қалқам-ау, ол жағын қара танымайтын біз қайдан білейік.

— Кітапты көрдік дедіңіз ғой?

— Көргеміз жоқ, өз құлағымызben естідік қой. Қандай кітап екенін... өзің байқастарсың. Арғы жағын патша көңілің білсін.

Рахман тағы ойланды. «Керегі жоқ» деп қорс ете түсеме деген қауіппен Нұрғали:

— Сол кітап менің білуімше кітапханада сақтаулы, — деп қосып қойды.

— Ладно, көке, — деді Рахман алақанын ұсынып. — Бесті әкеліңіз, келістік!

— Шырағым, бесің бес сом ба?

— Бесім — алақан. Келістік деген сөз. Ал бұл шаруаңың құнына бес соммен құтыла алмайсыз.

— Онда қанша?..

— Бір ләгөн сыра, немесе үш бөтелке шиша... Қайсыын қалайсыз, өзіңіз білініз?

— Көп емес пе? Нарқы ауыр болмай ма?

— Енді қалай деп едіңіз? Ұрлық жасау оңай нөрсе ме? Үсталып қалып, тағы да түрмелеге айдалып кетсем қайтесіз?

— Апырмай, не дейін енді... Келіссек келісейік. Сырасы қыын болар, анау үшеуіне...

— Ендеши, көке, мұндай шаруаға алдын-ала аванс беріп қояды.

— Онысы несі тағы?

— Үшеудің біреуін алдын-ала әкеп тастаңыз. МТМ-да болам... Магазин сағат 2-де ашылады. Оны білесіз ғой? Қалған екеуін жұмыс біткесін есептесерміз. Келістік қой?

— Келіспегендеге қайда барады дейсін...

— Ендеши, чао, күтем сізді, — деп Рахман қулана көзін қысып, көшө бойлап жүріп кетті. Кетіп бара жатып «Күтем сізді, көкетай» деп ыңылдан ән айтып бара жатты.

Рахманмен қол алысып, сөз байласқан соң, көнілі жайлардандағы сезініп, Нұрғали елпен қағып үйіне қайткан. Табалдырықтан аттай бере бәйбішесіне:

— Ау, Бибіш, мені жолға дайында. Өскеменге, қызыма барып қайтайын! — деді дауыстап.

Шұқшиып, құрак көрпені жамап отырған Бибіш саусағына оқыс ине тығып алды.

— Нұрекесі-ау, саған не болған? — деді шып-шып шыққан саусағының қанын сорып. — Далаңың желі тиіп жүрмесе нетті? Көктен түскендей бұл қай сөзің?

— Қызымды сағындым, — деді Нұрғали әлгіндей емес, көнілі сәл пәсейіп. Былайғы бір орындыққа барып аяғын түзу тастап, сықырлатып қона қетті. — Немерелерімнің мандағынан иіске қайтайын деп едім. Өздерін көрмегелі көп болды ғой...

— Аяқ астынан кетем дегенінді айтам.

— Сен де, Бибіш, менімен бірге жүрсөңші? Көніл жазып, екеулеп қаланы көріп, бір серпіліп қайтайық?

— Үйбай... мені өурелеп қайтесің сен шал. Ұл мен келін күні бойы жұмыста, үйдегі балаларға кім қарайды. Оның үстіне шөпке шығар уақ та таяп қалды ғой.

— Шөпке дейін келеміз... Ол жакта балаларға масыл бол шалжиып жатып алады дейсің бе! Барамыз да, қайтамыз.

— Мені қинама, Нұрекесі! Барғың келсе — өзің барып қайт.

— Олай болса — жолға жина! Аялдамай, ертең таңертеңгі аптобозбен шығып кетейін...

— Нұрекесі-ау, түсіннен шошығандай осыншалық асыққаның не?

— Солай, Бибіш. Ақшаң болмай жатса, қаражатты барап жолға тапсаң жетеді. Қайтарға балалар бірденесін өздері қамдай жатар.

Нұрғалидың бұлайша аяқ астынан асығыс жиналудында өзіне ғана аян бір сыр бар еді. Рахман жүгірмек әлгі шежіре кітапты жымқырған күні Нұрғали бұл ауылда болмауы тиіс. Яғни, ертеңгі күні ел дүрлігіп, милиция шығарып, ит қосып іздеген кезде — ауылда болмай шыққаны Нұрекенді қандай да бір жауапкершіліктен құтқарып қалады.

Бибіш қарызданып-қауғаланып жинап берген тиын-тебенің жарымына бір бөтелке арақ алып, уәде бо-йынша қалаға кетер күні Рахман жүгірмекке табыстады. Қалған ақша қалаға дейін жете ме, жетпей ме, ол жағын да санаған жок. Жолаушылап, бұйтіп алысқа са-пар шегіп кім көріпті, сөйтсе соғысқа қатысқан арда-герлерге «льгота» деген жол женілдігі бар екен гой. Нұрғали оны да кейін, жол үстінде біреулердің аузы-нан естіді. Ол үшін соғысқа қатысқандығы туралы кітапшасы көрек екен, Нұрғалидың ол кітапшасы үйде, сандықтың түбінде баяғыдан сүрленіп қаттаулы жатыр. Қыскасы, қызының қаладағы мекен-жайын бетке ұста-ды да, тағдыр талайын бір құдайға тапсырып, алға қарай тарта берді.

Нұрғали қалаға сол кеткеннен мол кетті. Шөпке дейін келемін деп Бибішке сөз беріп еді, шөпке дейінді койып, шөптен кейін де келе алмады. Осылайша ай-дың аманында, күннің жарығында Мұқыр ауылынан адам жоғалды.

\* \* \*

Мұқыр ауылы Мұқыр атанғалы, ауылдың негізінде құралған совхоз — Раздольное атанғалы бері бұл жақ-тың елі ғұмыры көрмеген әлдебір таңсық жеміс түскен дүкенге. Ол жемістің аты «алмұрт» екен.

Оның алмұрт екенін дүкенші қызғана емес, мұқыр-лықтардың бәрі жазбай таныды. Шүкіршілік, газет-журнал оқиды, кино көреді, теледидар бар: дәмін білмесе де, жеміс-жидекті түстеп тануға сауаттары жетеді. Дүкенде кезекте тұрған сары карын көп әйелдің біреуі:

— Дәмі алмадан аумайды... Жалпы алмұрт деген ал-маның жақын туысы болады, — деп алмұртты кезектегі көпшілікке таныстырысы келіп еді, келесі бір әйел:

— Қандай туысы? Ағасы ма, әлде көкесі ме? — деп сылқ-сылқ құліп жіберді.

— Қарағым, алмұртты неге сатпай тұрсың?

— Қазір бастық келеді. Сол кісінің нұсқауын күтіп тұрмын.

— Немене, бастық «сатпа» деп пе еді?

Рахманмен қол алысып, сөз байласқан соң, көнілі жайланғандай сезініп, Нұрғали елпен қағып үйіне қайтқан. Табалдырықтан аттай бере бәйбішесіне:

— Ау, Бибіш, мені жолға дайында. Өскеменге, қызыма барып қайтайын! — деді дауыстап.

Шұқшиып, құрақ көрпені жамап отырған Бибіш саусағына оқыс ине тығып алды.

— Нұрекесі-ау, саған не болған? — деді шып-шып шыққан саусағының қанын сорып. — Далаңың желі тиіп жүрмесе нетті? Көктен түскендей бұл қай сөзің?

— Қызымды сағындым, — деді Нұрғали әлгіндей емес, көнілі сәл пәсейіп. Былайғы бір орындыққа барып аяғын тұзу тастап, сықырлатып қона қетті. — Немерелерімнің мандайынан иіскең қайтайын деп едім. Өздерін көрмегелі көп болды ғой...

— Аяқ астынан кетем дегенінді айтам.

— Сен де, Бибіш, менімен бірге жүрсөңші? Көніл жазып, екеулеп қаланы көріп, бір серпіліп қайтайық?

— Үйбай... мені әурелеп қайтесің сен шал. Ұл мен келін күні бойы жұмыста, үйдегі балаларға кім қарайды. Оның үстіне шөпке шығар уақ та таяп қалды ғой.

— Шөпке дейін келеміз... Ол жакта балаларға масыл боп шалжиып жатып алады дейсің бе! Барамыз да, қайтамыз.

— Мені қинама, Нұрекесі! Барғың келсе —өзің барып қайт.

— Олай болса — жолға жина! Аялдамай, ертең таңертенгі аттобозбен шығып кетейін...

— Нұрекесі-ау, түсіннен шошығандай осыншалық асыққаның не?

— Солай, Бибіш. Ақшаң болмай жатса, қаражатты барад жолға тапсан жетеді. Қайтарға балалар бірденесін өздері қамдай жатар.

Нұрғалидың бұлайша аяқ астынан асығыс жиналуында өзіне ғана аян бір сыр бар еді. Рахман жүгірмек әлгі шежіре кітапты жымқырған күні Нұрғали бұл ауылда болмауы тиіс. Яғни, ертеңгі күні ел дүрлігіп, милиция шығарып, ит қосып іздеген кезде — ауылда болмай шыққаны Нұрекенде қандай да бір жауапкершілікten күтқарып қалады.

Бибіш қарызданып-қауғаланып жинап берген тиын-тебенниң жарымына бір бөтелке арақ алғып, уәде бо-йынша қалаға кетер күні Рахман жүгірмекке табыстады. Қалған ақша қалаға дейін жете ме, жетпей ме, ол жағын да санаған жоқ. Жолаушылап, бүйтіп алысқа са-пар шегіп кім көріпті, сөйтсе соғысқа қатысқан арда-герлерге «льгота» деген жол женілдігі бар екен гой. Нұрғали оны да кейін, жол үстінде біреулердің аузы-нан естіді. Ол үшін соғысқа қатысқандығы туралы кітапшасы керек екен, Нұрғалидың ол кітапшасы үйде, сандықтың түбінде баяғыдан сүрленіп қаттаулы жатыр. Қыскасы, қызының қаладағы мекен-жайын бетке ұста-ды да, тағдыр талайын бір құдайға тапсырып, алға қарай тарта берді.

Нұрғали қалаға сол кеткеннен мол кетті. Шөпке дейін келемін деп Бибішке сөз беріп еді, шөпке дейінді койып, шөптен кейін де келе алмады. Осылайша ай-дың аманында, күннің жарығында Мұқыр ауылынан адам жоғалды.

\* \* \*

Мұқыр ауылы Мұқыр атанғалы, ауылдың негізінде құралған совхоз — Раздельное атанғалы бері бұл жақтың елі ғұмыры көрмеген әлдебір таңсық жеміс түскен дүкенге. Ол жемістің аты «алмұрт» екен.

Оның алмұрт екенін дүкенші қыз ғана емес, мұқырлықтардың бәрі жазбай таныды. Шүкіршілік, газет-журнал оқиды, кино көреді, теледидар бар: дәмін білмесе де, жеміс-жидекті түстеп тануға сауаттары жетеді. Дүкенде кезекте тұрған сары қарын көп әйелдің біреуі:

— Дәмі алмадан аумайды... Жалпы алмұрт деген ал-маның жақын туысы болады, — деп алмұртты кезектегі көпшілікке таныстырысы келіп еді, келесі бір әйел:

— Қандай туысы? Ағасы ма, әлде көкесі ме? — деп сылқ-сылқ құліп жіберді.

— Қарағым, алмұртты неге сатпай тұрсың?

— Қазір бастық келеді. Сол кісінің нұсқауын күтіп тұрмын.

— Немене, бастық «сатпа» деп пе еді?

— «Менің нұсқауымсыз алмұрттың біреуіне де қол тигізбе» деп қатты ескертті.

— Эне, дүкенге бір тәуір дүние түссе, бұлар сөйтеді енді!

Бұлар тағатсыздана бастықты күтіп тұрған кезде есіктен тырнадай сорайып Лексей кірді. Кірді де, кезекте тұрған көпшіліктің көңілін нілдей бұзып жіберді.

— Не түсіпті? — деді екі бұкеттіліп, дүкеннің төрінде бақшаланған жәшіктерге мойнын созып.

— Алмұрт түсіпті...

— Алмұрт дейсің бе? Кәнеки... Өй, мынау груша ғой?

— «Грушасы» несі? Алмұрт! — деді дүкенші қыз көзі бақырайып.

— Жо-жок, груша деймін. Баяғыда Оскеменге барғанда көргем.

— Қайдағы «груша»?

— Әлгі өлеңде айтатын груша ше?.. Қалай еді... «Расцветали яблони и груши» деген, — деп Лексей сөл өлеңдетіп жіберді. — Бұл сол өлеңдегі грушаның дәл өзі.

Кезекте тұрғандар наразылық білдіріп, құбір-құбір қозғалақтасып кетті.

— Қайдан білейік, бізге алмұрт деді ғой.

— Аңқау елге арамза молда деген. Осылар алмұрт деп бізге грушаны сатып жүрмесін.

Бұлар дүкенге қандай жемістің түскенін айыра алмай бастары қатып тұрғанда қасына кәсіподагын ертіп бастық та жетті. Келген бойда жәшіктің біріне қолын жүгіртіп жіберіп, алмұрттың біреуін суырып алды. Кезекте тұрған жүрттың көзін қызықтырғандай аударып-төңкеріп аз-кем тұрды да:

— Баяғыда Алматыда оқып жүрген кезімізде мұндай жемістерді сорт-сортымен таңдал жеуші едік! — деп алмұртты қарш еткізіп бір тістеді.

— Пай-пай, біздің Түкеңнің де жемегені жоқ-ау! — деп алмұрт күйсеп жатқан бастыққа кәсіподак тамсана қарап, орамалымен аузын сұртті.

— Жағдай былай, жолдастар, — деді бастық асық-пай алмұртты жеп болған соң қаздай тізіле қалған кезекке көз жүгіртіп. — Өздеріңіз білесіздер, алмұрт

дегеніңіз дефицит тауардың қатарына жатады. Соңдықтан біз алмұртты еңбек озаттары мен пенсионерлерге, соғыс ардагерлеріне ғана сатуды үйғардық.

— Түке, батыр аналарды қосайық! — деді кәсіподак.

— Иә, батыр аналарға да... Эрбір отбасына үш келеграммнан. Эйтпесе жетпейді, көріп тұрсыздар, өзі де аз дүние.

Жиналған жұрт шулады, наразылық білдірді, сонында тұрған жастардың бірі ыскырып жіберді, бәрібір болмады. Бастық айтты — бітті, шешім өзгерген жоқ. Оның үстіне кәсіподак куә болып тұрған соң, еңбек озаттары еместер, зейнеткер еместер, соғыс ардагері еместер мойындары салбырап үйлеріне қайтысты. Батыр ана емес, үй қызметіндегі әйелдер де қара басып баланы аздау тапқандарына өкінісіп, етектеріне сүрініп олар да кетті.

Сөйтіп, ауылға келген азғантай алмұртты бастықтың тізімі бойынша тиесілі қіслер қылдай ғып бөліп алысқан.

Ең қызығы сол, келесі күні совхоздың еңбек озаттары түгелімен жұмыска шықпай қалды. Директор мен кәсіподак монша жақтырып, бұл күні кенсе жаққа жоламапты. Еңбек озаттары түні бойы кірпік ілмей, іштерін басып даға жүгірумен болыпты. Кейін анықталды, еңбек озаттары ғана емес, ардагер шалдар да, батыр аналар да, олардың бала-шагалары, көрші-қоландары да түн үйқысын төрт бөліп, дала құзетіп шыққан көрінеді.

Алыстан келген алмұрттың дәмін мұқырлық ағайындар алғаш рет осылайша байқаған болатын.

\* \* \*

Бәле деген аяқ астынан екен!

Мұқырдың тең жарымы іштерін басып ертеңінде ыңқылдап ауырып жатқан кезде даукас Қанапия:

— Бұл — нағыз диберсия! — деп, алмұрт оқиғасына саяси баға берген.

Әрине, түске дейін борсып үйыктамағанда, Қанапия да алмұрттан өзіне тиесілі сыбағасын алатын еді. Сосын ауылдастарының кебін ол да киетін еді. Қазір

ғой, алмұрт сатып алмағанына мықтымсып, өзге елді мазақ етіп, сақ-сақ күліп тұрғаны.

— Бұл дегеніңіз — диберсия, мен сезіп тұрмын! — деді Қанапия қатын-қалаштың қалың ортасында. — Ру тартысының мұндай диберсиялық жолы түбінде жақсылыққа апармайды! Менің ескерткенім осы!

— Қайдағы ру тартысын көкіп тұр мынау? — деп, әйелдер жағы үл сөзден секем алып, құлақтарын түре қалысты.

— Қайдағы болушы еді... Қамай мен қарғалдақтың таласы да.

— Оның алмұртқа қандай қатысы бар?

— Пірөмой қатысы бар.

— Иә, сөйле.., сөйле!

— Бірақ, ақ сөйле, сөйлегішім!

— Сөйлесем сол... Алмұрт сатқан дүкенші Қабира кімнің қызы еді, естерінде бар ма?

— Қабира ма... Қабира қойшы Заманның қызы. Оны бәріміз білеміз.

— Қойшы Заманның сүйегі кім еді? Естерінде бар ма?

— Заман... Заман қамай ғой...

— Міне, ағайындар, бәленің төркіні осында жатыр. Ойланындар. Ойлағанда — қатты ойланындар!

Қанапияның сөзі әйелдерге тоқпакпен ұрғандай әсер етті. Бірінен-бірі қуыстанып, еріндері дірілдеп, не дау айтарын білмей бөгелісті. Эйтсе де орталарынан батылдау біреуі алға шығып, шәниіп шетте тұрған Қанапияға жақындалды. Ақсак Нұрғалидың бәйбішесі Бибіш екен:

— Сен, Қанапия, ауыз өзімдікі екен деп бейкүнә жүртқа жала жаппа, білдің бе! — деді Бибіш тұтігіп. Топ ортада сирек болатын, аз сөйлейтін сабаз бәйбіше шегелеп айтты. — Алмұрт жеп ауырғандардың ішінде қарғалдақ та, қамай да бар. Ал анау Лексей үл Мұқырға қатысы жок, кірме еді ғой, оны кім ауыртты? Қамай ма, қарғалдақ па?

— Жөн-ак!

— Өйтіп көпшілікке күйе жаққаны несі екен?

— Бұл Қанапия жайдан-жай даукас атанбаған шығар.

— Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамас деген... —  
Жиналған қалың әйел Бибіштің сөзін қуаттап, шуласып кетті.

— Ау, ағайындар, сендер маған нақақ тиіспендер! —  
деді Қанапия сасқанынан қолын сермел, шаршы топқа шаңқ ете қалды. — Қайтеді-ей бұлар, бөрінің артындаш шулап... Мен айтсам пәктімен айтып тұрмын.

— Немен дейді?

— Пәктімен... Ауылда неше адам ауырды, оның нешеуі қамай, нешеуі қарғалдақ, қаншасы басқа жүрт, мен бөрін де есептеп қойғам. Білдіндер ме?

— Не дейді мынау?

— Есепші бол кеткеннен сау ма?

— Іздегені дау-дамай ғой, тірлігі сол болған соң, қайтсін енді!

— Астапыралла, ниетінің жаманын...

— Бибіш дұрыс айтады, — деп Қанапия, бұл жолы даусына салмақ берे сөйледі: — Алмұрт жеп ауырғандардың ішінде қамайлар да бар. Олардың саны он төрт. Ал ауырған қарғалдақтар саны жиырма сегіз. Бес адам басқа атаның кісілері... Оның ішінде Лексей де бар.

— Бәсе, екі жақтан да ауырғандар бар екен ғой?

— Оның рас... Бірак бұл диберсияда былайғы кісі аңғара бермейтін бір құйтұркы жатыр. Қамайлықтар қарғалдақтың екі адамына өздерінің бір адамын садақа етіп отыр. Күрес болған соң ондай жертібасыз болмайды, ағайын. Өзіміз герман соғысының тәжірибесін көп зерттедік қой. Тұпкілікті жеңіс үшін өз адамдарын қойдай қырған ондай жағдай майдан даласында жиі бол тұрған.

— Сен соғысқа барған жоқ едің ғой?

— Барғам жоқ... Бірак көп зерттедім дедім ғой.

Қанапияның ұтымды сөзіне орынды жауап таба алмай, әйелдердің тілі күрмелеп берді.

— Майданы несі, аузыңа жылан жұмыртқаласын сенің! — деді сәлден соң алдарап тұрған әйелдің біреуі.

— Сен өйтіп елді арандатпа, халықтың қарғысы тиіп жүрер! — деді Бибіш Қанапияны ақылға шақырып.

Бибіштің бұл сөзіне Қанапия шат-шәлекей бол шамданып қалды:

— Сен, Бибіш, қорқытпа мені! — деді қызарақтап. — Шалың қамай болған соң сен қамайларға бұрып тұрсың. Ендеңе, әңгіменің ашығына көшейік: айтшы кәне, шалың қайда қашып кетті... Шалың кеткен бойда мұндағы жұрт жаппай індекте ұшырады. Қарғалдақтар жағы жайрап қалды. Бұны қалай түсінуге болады? Осы алмұрт пен Нұрғалидың қалаға кетуінің арасында бір байланыс жоқ дейсің бе? Ойлану керек, тексеру керек бұл мәселені!

— Құдай атсың сені, — деп Бибіш қолын бір сілтеп, беті нарттай қызырып теріс айнала берді. — Құдай атсың! Айтып тұрған сөзін мұның...

— Дауа жоқ екен бұл Қанапияға, дауа жоқ!

Бұдан әрі әйелдермен әңгімесінің жараспасын сезіп, Қанапия да қалың топтан жылыстай жөнелді. Кетіп бара жатып та сонадайdan сұқ саусағын шошайтып, әйелдерге бұрылды:

— Менің әншайін қоғамдық пікір тудыру, қатындар, — деді айқайлад. — Ал ол пікірді қалай қабылдайсындар, ол өз еріктерінде!

Бұл кез — совхоздың әлі шөпке шыға қоймаған, арқаны кеңге салған өліара шағы болатын. Шөпке шықпаса да жұмысшылар шалғыларын қайрап, қамыт-саймандарын сайлап ұлы-жіңгір науқанға қауырт дайындық үстінде еді. Өйткені шөпке шықты болды, мұқырлықтардың бұрылуға, біреуге қарайлауға мұршасы болмайды, мұрындарына су жетпей қаймалысып кетеді.

Бұл кезде ауылдан үшті-күйлі адам жоғалғанынан да мұқырлық ағайын бейхабар болатын.

\* \* \*

Шілде туа мұқырлықтар жаппай шөпке шықты.

Ауылда кемпір-кешек, бала-шаға ғана қалды. Еразаматтар бір-бір арғымақты ерттеп мініп, шөбі шүйгін алыс жайлауға қарай аттанысты. Олар осы кеткеннен табандатып жайлауда екі ай бойы совхозға шөп дайындаиды. Осы екі ай аралықтың орта тұсына таман, жаңбырлы бір күнді пайдаланып шапқылап ойға түседі де, бірер күн еру болып, кірін жуғызып, моншаға түсіп дегендей, дем алысады. Содан күннің көзі ашылған

бойда келген іздерімен қайта қайтысады. Ал жайлауда бірөңкей ашық күндер тұрса — онда шөпші азаматтар моншасыз да шыдайды. Екі айға бола кірлеп, биттей қоймас деп бастықтар босатпайды. Жуынам-шайынам деген кісіге жайлауда да өзен бар, көл бар десіп, шөп біткенше тырп еткізбейді.

Ауыл төңірегіндегі шабындыққа шал-шауқан, жеткіншек жастар, қыз-келіншектер шыққан. Әйтеуір қолына айыр, болмаса тырма ұстауға жарайтындар көшеде босқа қалған жоқ. Қолдарының қаруы барлары отау үйеді, сүйретпеге шөп салады. Одан кейінгі ересектері сүйретпенің сонында шашылған шөпті тырмамен жинастырады. Жас балалар атқа мініп, «пәгөншік» болады.

Шөп шабу дегеніңіз — мұқырлықтар үшін думанды қызық маусым. Жаздың бір күні қыстың бір айын асырайтыны рас сөз. Жазда қамданып қалмасаң, қыста қысыласың, қолдағы малды қарадай қырып аласың. Мұқырдың қысы қатты, қары кісі бойы қалың келеді. Тебін деген бұл жақта әсте болмайды, көп жағдайда түяқты жылқыға дейін ала қыстай қорадағы шөпке қарап қалады. Ендеши осынау маңызды науқанға ауылдың қалқиған шалдарына шейін үлес қосып қалуға тырысады. Әрине, олар дедектеп сүйретпенің сонынан жүгіре алмайды, жерде тұрып отаудың басына айыр-айыр шөп лактыруға шамалары келмейді. Бірақ отаудың басында тұрып, жерден айырлап лактырған шөпті қабылдауға қауқарлары бар. Отауды ыңғайлы тұска әдемілеп үйіп, бас жағын су өтпестей доғалдалап шығаруға олардың айла-шарғылары да, тәжірибелері де жетеді. Сондықтан шөпшілер ауылдағы бес-алты шалды биыл да қылдай ғып звено-звеноға бөліп алысқан. Іштерінде қалаға кеткен Нұрғали ғана жоқ. Нұрғали жоғалды екен деп ел-жұрт әлі дүрліге қойған жоқ. Қалаға кетті екен — жолы болсын, кешігіп жатыр екен — онда тұрган не бар? Қызына күнде барып жатқан жоқ қой, немерелерінің қасында мауқын басып, қонақтап қыдырып жүрген шығар!

— Амандық болса, менің көршім ертең-бұрсұғұні келіп қалады, ішім сезеді! — дейді шөпте жүрген Лексей.

Лексей солай деп үміттенгенімен, Нұрғали ертеңінде де, бұрсігүні де келген жок. Бұрсігүні Бибіштің үйіне шалы Нұрғали емес, қызара бөрткен Рахман келген.

— Апа, бәрі де «о кей» болды! — деді бас бармағын қайқайтып. — Нұрғали көкемнің айтқанын қатырдым!

— Жақсы, қалқам, келіп жатса айтайын, — деді Бибіш.

— Как эта... келіп жатса? — деп Рахман ұдіреје қалды.

— Қайдан білейін... келетін уағы болып еді. Жаман айтпай жақсы жок, жолда ауырып қалды ма, әлде адасып кетті ме деп те қорқамын.

— Қорықпаңыз, апа, біздің мынадай жарқын заманда ешкім де сара жолдан адаспайды. Тіпті ол кісінің жол жүргенде ауыруға да қақысы жок.

— Айтқаның келсін, Рахман қалқам. Тәнір жарылқасын сені!

— Мен былай нетіп... аздал қызып жүргенім. Бұгін туған күнім еді. Оған ғапу етерсіз!

— Уақасы жок, қалқам... Мерейлі бол, теніңнің алды бол! Зейнеп жазған да қуанып жатқан шығар?

— Тәтем білмейді... оған әлі айтқам жок.

— Айт шешенде... Зейнептің жалғандағы жалғызы да, қуанышы да өзіңсің ғой. Шешенде айт, қалқам. Қазір бар да айт!

— Айтамын, апа, айтамын.. Но пока!

Рахман туған күнін шешесіне айтуға бәрібір асыққан жок. Шабындық басынан шаршап қайтқан шөпшілер кешке мәдени демалып, дұрыс тынығулары тиіс. Мұқырдағы мәдени демалыс дегенге кешкісін клубқа барып, кино көру жатады. Кино көрсету үшін электр қуаты, яғни жарық керек. Ал ауылда жарықтың болу-болмауы моторист Рахманға тікелей байланысты. Осындай жауапкершілікті сезінген Рахман бұгін сұранып, шабындық басынан ертерек кетіп қалған. Ертерек кетуіне күрделі үш мәселе себеп болған. Біріншісі, бұгін туған күні еді. Екіншісі — бұлақтың арғы жағындағы көшеде «замыкание» бар тәрізді: кеше ол жактағы көшенің жарығы бір жанып, бір сөніп жыптықтап тұрды. Соның салдарын анықтап, дімкәс жерін жөндеу керек. Үшіншісі, бұгін самурайлар туралы

лы жапон киносы болмақшы. Ол дегеніңіз — бұл ауылдың сирек қуанышы, кішігірім мейрамы. Самурайлар туралы кинода міндетті түрде дзюдо, каратэні, жарқжүрк семсерлесуді, құрып қалғанда сарт-сұрт жұдырықтасқан қара төбелесті көрсетеді. Ал бас жарып, көз шығарған төбелесі бар, қиян-кескі соғысы бар киноларды Рахман жанындай жақсы көреді. Сондықтан бүгінгі мотор да ақаусыз тоқ беруі тиіс. Ол үшін моторды тағы бір тексеріп, тетіктерін жөндең, сұртіп қойғаның артығы жоқ.

Рахман алдымен арғы көшедегі «замыканиенің» себебін тексеруге барды. Ұзак ізден әуреленген жоқ, ақауды бірден тапқан: көшениң дәл басында, Қазтайдың үйінің тұсындағы діңгектің сымтемірі бірде тиіп, бірде тимей ілініп қана түр екен.

Аяғына тақаны киіп, керек-жарагын қалтасына салды да, діңгектің басына өрмеледі. Басына шығып, шынжыр белдікті байлаپ жатыр еді; діңгек күтір-күтір етіп, бір жағына қарай қисая бастады. «Құладым! — деген Рахман. — Бұл шірік діңгекті баяғыда-ақ жаңалай салу керек еді, ажалыма көрінген екен ғой!» деп өкінді. Окініп үлгергенше болмады, терезені сындырып, діңгекпен қоса Қазтайдың үйінің ішіне тасыр-тұсыр құлап тұсқен. Құлағанда — еденге емес, жұп-жұмсақ төсекке құлапты. Біреудің құлында-құлыны шығып, шырқыраған даусын естіді. Не болғанын түсінбей, тақада қалған аяғын шығарып, жан-жағына қараса — төсекте тенкиіп бір әйел жатыр. Екі көзі бақырайып шошына қарайды, іркілдеген денесі дір-дір етеді. Әрен таныды, Қазтайдың «шифонер» келіншегі Нұрлытай екен төңкеріліп жатқан.

— Діңгектен құладым, шірік екен! — деді төсектен үйелеп тұрып жатып. — Аяғымды ауыртып алғанымды...

Нұрлытайда үн жоқ.

— Сен неғып шөпке бармай, тал түсте үйінде жатырсың?

Тілін жұтып қойғандай «шифонер» келіншек үнсіз, қалш-қалш етіп, жасаураған көзін жыпылықтата берді.

— Корқып кеттің бе? Сымтемірді жөндең жатып, діңгектен құлап кеттім. Діңгекпен бірге құладым. Бан-

дит емес, менмін... моторист Рахманмын. Элі танымай тұрсың ба?

Нұрлытайға жан бітіп, қимылдан төсектен тұсті.

— Бетің қан, — деді үні дірілдеп. — Қып-қызыл қан... Жүлік екен деп қалдым.

Рахман бетін сипап еді, алақанына қан жұқты. Құлаған кезде терезенің шынысы кесіп кеткен гой. Ақсандаій басып, алдыңғы үйге отіп, қолжуғышқа бетін жуды. Айнаға қарап, үсті-басын түзеді де, Нұрлытайдың қасына қайтып келді.

— Сен корықпа... Терезенді салып береміз. Терезен сынғанға мен кінәлі емеспін. Дінгек кінәлі. Атаңа нәлет, шіріп тұр екен.

Әншейінде ауыздыға соз бермейтін Нұрлытай тағы да үнсіз, «ұқтым» дегендей ишара білдіріп, басын ғана изеді.

Рахман тақасы мен саймандарын жинастырып, дінгектің терезеден кіріп тұрган ұшын сыртқа қарай итерді. Сымтемірлері борт-борт үзіліп, шиыршиқталып далада қалыпты.

— Сен неге үйде жатырсын? Шопке барған жоқ па едің? — деп, үйден шығып бара жатып Рахман тағы да Нұрлытайға бұрылды.

— Аяғыма шоғір кіріп, іріңдеп жүре алмай қалдым, — деді Нұрлытай акталып.

— Ендеше екеуіміз де ақсак екенбіз! — деп Рахман қарқылдан күлді. Енді ғана есін жинаған Нұрлытай да сықылықтап күліп жіберді.

Құлаған дінгектің орнына жер қазып жаңа дінгек орнату, оған жаңадан сымтемір тарту — оңай жұмыс емес. Оған жалғыз Рахманның шамасы жетпейді, екі-үш кісінің қолғабысы қажет. Ал комектесер кісінің бәрі қырда, шабындық басында шөпте жүр. Жарық болмақ түгілі, Мұқыр ауылы қараң қалса да олардың Рахманға қарайлауға қазір мұршасы жоқ. Сондықтан шөп науқаны аяқталғанға дейін Рахман шеткі көшениң жарығын мұлдем ажыратып тастады.

Кеш түсіп, қас қарайған шақта клубта жапонның жақсы киносы болды. Жанжал-тартысы мол, тәбелесі көп шытырман оқиғалы кинодан шабыттанып шық-

қан Рахман өзі тәрбиелеп жүрген төрт-бес жас жігітті үйіне қонаққа шақырды. Ауыз үйге дастарқан жасап, тұн ортасы ауғанша достарымен туған күнін тойлады. Тұн ортасы ауа қапырық үйді тастап, қыдырыстап бәрі таза ауаға шықты.

Қызып алған жігіттер көздері тұманданып, көшекөшенні мағынасыз кезумен болды.

Әлдебір шарбакты жағалап, шуласып өңгіме соғып келе жатыр еді, құлақ түбінен қойдың маңыраған даусы естілген. Қойдың маңырасына Рахманнан өзгесі мән берген жоқ: ауылда не көп, қой көп, маңыраған қойды көрмел пе... Озыңқырап кеткен Рахман қойдың даусын естіген бойда жалт бұрылып, кері жүрді. Шарбактан асыра мойнын созып, картоп еккен бақшаға телмірді. Бұлдыраған көзіне бақшаның арғы түбінен ағарандаған бірдене ілінгендей болған. Ағарандаған нәрсе қой боп шықты, көк майсаға арқандап қойыпты. Мұқырлықтар малды семіртіп соярдағана жайлаудан арнайы алдыртып, өстіп бірер күн арқандап үстайтын.

— Эй жігіттер, бері келіндер! — деді Рахман сыбырлап, мастығы да айығып кеткендей болды. — Бері келіндер! Тамаша идея бар!

Даурығыскан жігіттер де бір қызықтың иісін сезгендей жым болысты.

— Сендердің қарындарың ашқан шығар? — деді Рахман алаканымен ернін басып, «дымдарың іште болсын» дегені.

— Бағана біздің үйден жеген жалғыз қаздың еті сайдың тасындаі сендерге қайдан закуска болсын... Мына қойды тоғайға апарып сояйық та, етке бір тояйық!

— Иесі біліп қалса қайтеміз?

— Түк те білмейді... Тұн біздікі. Таң атқанша еті түгіл, жілігінің майына дейін сорып тастаймыз.

— Ендеше біз дайын...

— Тайлак та жылында бір тайрандайды. Біз де бүгін дұрыстап бір тойлайықшы, көкетайларым менің! Есте бір қалсын бүгінгі тұн...

Жігіттер қойсын ба, секіріп-секіріп шарбактың арғы жағына түсіп, арқандаулы ақ қойды тарпа бас салды.

Жігіттердің біреуі қойды алдыңғы екі сирағынан көтерді де, иіріп әкеп арқасына тол еткізді. Ел аман, жұрт тынышта қолды боп бара жатқан қой маңырай берген соң, Рахман бір етігін шешіп, шүлғауын қойдың аузына нығарлай тығып жіберген. Қойдың үні өшті. Бір жігіт қазан-ошак әкелуге жүгіріп үйіне кетті. Қалғандары қойды арқалаған күйі жылыстап ауылдан шығып, өзен бойындағы тоғайға қарай қашты.

Желігіп алған жігіттер су жағасына жеткен бойда қойды әп-сәтте боршалап, жіліктеп тастаған. Жаубүйрекке деп бауырды ғана бөліп, ішек-қарнын өзенге ағызып жіберісті. Із қалмасын деп төрт сиракты былай апарып көміп тастады. Қазақ болғасын қойдың басынсыз тамақ болушы ма еді. Жігіттер басты да жақсылап үйітіп, етпен қосып, қазанға салды.

Қазандағы ет піскенше бәрі жабылып, тұнгі тоғайды шарлап, құшак-құшак отын жинады. Сонынан, бір жігітті қазан басында кезекшілікке қалдырып, қалғандары өзенге шомылды. Кауіп-қатер мен қызыққа толы бағанағы жапон киносының жалғасы осы тоғайда өтіп жатқандай, жігіттер аса қоңілді болатын.

— Адамға өмір бір рет қана беріледі. Сол өмірді өксітпеуге тырысу керек! — деп, Рахман жігіттерді одан бетер жігерлендіріп қойды. — Менімен шын достассандар — өмірлерің жәрменкенің базарындай болады. Мен сендерден, көкетайлар, намысшыл азамат, нағыз ерек жасап шығарам!

Етті баптап, былқылдатып пісіріп отыруға уақыт қайда. Қазан бұрқ етіп бір қайнаған соң тамакты түсіріп, жігіттер қофамдасып отыра қалысты. Бір-бір жіліктен иемденіп, майы мен қанын сорғалатып, жұлқылап жеуге кірісті. Қырлы стаканға бұлкілдеп арақ та құйылды.

— Біздің бүгінгі тұнгі тамаша демалысымыз үшін! — деп, Рахман алғашқы тосты көтертіп те жіберді.

Жігіттердің ішіндегі үлкені ретінде қойдың басы Рахманға тартылды. Екі құлағын кесіп, екі көзін ойып, достарына үлестірді де, енді таңдайын іздел еді, таба алмады... Бастың жағы айрылмай, бітеу асылыпты. Тістің арасына пышак салып, құштеп жағын ашты.

Жағын ашып еді, арғы жағынан шұбатылған бірдене шықты.

— Мынасы несі?—деді Рахман таң қалып. — Мынау мата ғой.

— Орамал шығар. Жемір қойлардың орамал жейтіні бар.

— Мынау да жемір бәле болғаны-ау, шамасы!

— Орамал емес, Рахманның бағанағы шұлғауы емес пе?

— Рас айтады, менің шұлғауым, — деп Рахман қуанып кетті.

— Шұлғаудың да пісіп қалғаны ма!

— Рахаңның аяғының шуашы молдау еді. Сорпа дәмді болған шығар?

Бастан шыққан шұлғауға мән берген де, күлгөн де ешкім болмады. Жігіттердің көздеріне үйқы тығылып, малжан-малжан жілік мұжумен әуре еді.

Рахман шұлғауды саусағының ұшына ілді де, сорпасын сорғалатып былай тастап, басты мұжуге кірісті.

\* \* \*

Адам көнілден азады, тілден жазады деген рас екен.

Рахман шабындық басында шөп жинап жүрген кезде бірде тілі қышып, діңгектен қалай құлағанын сөз қылған. Діңгекпен қоса құлап, терезені сындырып, мамық төсекте шалқасынан жатқан Нұрлытайдың үстіне топ ете түскенін мақтана айтып салды.

— Өйдөйт, деген, майлы былпылдың үстіне құлап... суішкілігің бар екен сенің, — десті еркектер жағы әзілдеп. — Айсара секілді күбай арықтың үстіне құласаң — сүйегің шашылып қалар еді.

— Қазтайдың жайлауда шөpte екенін біледі, әдейі құлаған ғой.

— Басқа жерге емес, тура төсекке құлауын...

— Сүр бойдақ жүрсе де бұл Рахманның есебі түгел.

Шөпшілердің қолпаش әзіліне масаттанған Рахман әнеу күні түнде бір семіз койды үрлағандарын, оны тоғайға апарып сойып жегендерін де тамсана әңгіме етті. Үрлап жеген қой етінің дәмділігін, шұлғау хикаясын айтып еді, шөпшілерге бұл әңгіме пәлендей әсер етпеді.

— Әлгі жесір Жамал «қойым жоғалды» деп шарқ ұрып іздең жүр еді. Сол жазғанның жалғыз қойын үрлап жүрмендер? — деп өкініш білдірісті.

Мұны естіген кезде Рахман тарағыдақ тартыла қалды:

— Жо-жоқ, көкесі, ондайды атамаңыз! Біз қойды Аршатыдан үрлап әкелгеміз, — деп, жаза басқанын сезіп, тайсақтай бастады.

— Қайдан үрласандар да — үрлықтың аты үрлық кой! — деді шөпшілердің бірі.

— Үрлық үшін соттайды, — деді тағы біреуі күнкілден.

— «Соттайды» дейді?

— Иә, соттағанда қандай... Аяқ-қолыңды байламай әкетеді.

— Қайдағы бір жаман кой үшін де ме? — деп Рахман да корғанып бақты.

— Жаман болса неге үрлап жүрсің?

— Болды... болды енді... Қалжың созді де сіздер шын көреді екенсіздер. Көкелерімді күлдіру үшін әдейі өтірік соққам мен, — деп Рахман кішірейе түсті.

— Лайым, солай-ақ болсын! — деп шөпшілер сенімсіз бастарын шайқасты.

Мактанамын деп дүниені бүлдіріп алғанын Рахман анық сезген. Өзі «условный» болса да түрме дегенді жағалап қайтты, ол жақтың не екенін көріп-біліп келді. Былайша айтқанда, басқаларға қарағанда тәжірибесі баршылық. Сөйте тұра өстіп... жас баладай жаңылысар ма? Ұят-ай десенші! Бұл әңгіме, әрине, Жамалдың да құлағына жетеді. Сосын-ақ айғай-шу, милиция шақыру, тексеру, бір-бірлеп жігіттерді жауапқа тарту... Істі болды деген осы да! Тағы да еркіндіктен айрылып, сотталып кете барғаны ғой! Екінші рет қылмысты болып отыр дейді де, енді олар Рахманды аямайды.

Соңғы кезде өзінен басқаны ұмытып, көп сөйлеп, көбірек желпілден кетіп еді. Ақыр соңында әнеки, өз аузынан жазды. Көп асқанға — бір тосқанның кебін киді. Өзіне де обал жоқ! Шоқ, шоқ бәлем!

Рахман басына жауар бұлттай төніп келе жатқан қауіпті анық сезді. Сезді де, таң атпай МТМ менгерушісін тауып алып, жеделдетіп моторды өткізді.

— Ау, інішек, бүйі шаққандай аяқ астынан бұлінгенің қалай? — деп МТМ бастығы аң-таң.

— Нұрғали көкем жоғалып кетіпті, соны іздеймін, — деп Рахман барқ ете қалды.

«Нұрғалиды іздеймін» деген сұлтаумен кадр бөлімінде құжаттарын да тездетіп реттеп, қалтасына қаттап салып алды. Бибішке барып: «Нұрғали көкемді іздел қалаға кетіп барам!» — деп, ол кісіден біраз соманы қағып тұсті. «Әрі кетсе бір аптаның ішінде қайтып ораламын», — деп, шешесімен қош айтысты да, Рахан сол күні тұс аяға Мұқырдан үшті-күйлі қашып кетті.

\* \* \*

Егерде тып-тымық тұн қарандысында табалдырықта жатқан алжыған жаман иттің құйрығын оқыс басып кетіңізші... Шошып оянған жабағы жұн кәрі тәбет атып тұрып қыңсылай қашады, сосын былайырақ барып әупілдеп етіп үрген болады. Ол иттің үрісіне көршінің иті қосылады, көршіге көршінікі қосылады. Сөйтіп келесі бір сэтте құлақ тұрсеніз — алысы бар, жақыны бар, ауылдағы ит біткен ұлардай шуласып жатады. Ол шудың ішінде не жоқ дейсіз: арпылдаған алыпсоктар да, арсылдаған бөрібасарлар да, шәуілдеген қаншықтар да, шіңкілдеген қандендер де, бәр-бәрі кездеседі.

Аудандық газет бетіндегі мақаладан, дәлірек айтқанда, сол мақалаға Қанапия тарарапынан жасалған дәйекті талдаудан кейін басталған Мұқырдағы ағайын тартысы осындай даңғаза шуға үқсайтын. Бұл шуға қала жактан қайтпай жатқан Нұрғалидан басқасы, яғни қамай мен қарғалдақ әuletіне жататындар түгелге жуық өз үндерін қосысқан. Басқа рудың өкілдері де қарап жатпады; екі жаққа ара ағайын ретінде намыстарына камшы басып, отқа май құйып жүрді. Осылайша шағын ауыл екі үлкен одакқа, одак түрлі партияларға, партиялар ұсақ-ұсақ фракцияларға бөлінді. Біреулер қай-қайдағы ескіні қопарып, архивті қопсытып, бұл тартысқа тарихи дәйектеме беруге тырысты. Келесі топ түймедейді түйедей етіп дәлелдеп, бұл шиеленістің ақыры тек қана қарулы көтеріліспен ғана шешілеріне нақты болжаулар жасады. Қысқасы, алақандай Мұқыр-

да азғантай ғана уақыт ішінде ақыл айтқыштар да, сөүегей мен коріпкелдер де күрт кобейіп кетті.

...Тамыз орталай күн райы күрт бұзылып, қатарымен апта бойы жаңбыр жауған. Адамның жүйкесін жүқартып, ығыр қылатын сылбыраған ақ жауынның өзі. Дәл осы ақ жауынды сұлтауратын жайлауда жатқан шопшілер «моншаға түсеміз» деп бір-ақ күнде ауылға сау ете қалысты.

Алакөз болып отырса да жарықтық ауылдың аты ауыл ғой, жігіттер бала-шағасымен, дос-жаран, сүйген қыздарымен қауышып, мәре-сәре болысты. Осы жолы қамай Нұргалидың бір жарым айдан бері қаладан қайтпай жатқанын естіді. Нұргалиды іздең соңынан кеткен Рахманның да хабарсыз үзак жоғалғанын білісті. Мұқырлықтарды қатты мазалан жүрген басты мәселе — мектепке ат беруді бастықтар күзге қалдырыпты. Шөп науқаны аяқталып, ел-жүрт етек-жеңін жиған соң асықпай алқалы жиналыс ашып, мәселені ақылдасып шешеміз деп сөз берісіні.

Бұл күндері «монша» деп жайлаудан ойға түскен көп шөпшінің бірі — Қазтай болатын.

Қазтай үйіне келген кезде Рахман сындырған терезе үңірейіп әлі бос тұрған-ды. Нұрлытай, қайдан алғаны белгісіз, етектей целофанмен терезені жауып, өзінше бекіткен болыпты. Онысы дәл ортасынан қиғаштай жыртылып, шетіне қарай ығысып кетіні, желмен қоса желп-желп етеді.

Ертеңінде озге жүрт секілді Қазтай да таудағы жеке шабындығына баруы керек еді, терезенің кесірінен бара алмай қалды. Дархан мен екі қызын ертіп шабындық басына Нұрлытай кеткен. Бұл үйдің шобін Қазтай емес, ала жаздай ойда жүрген Нұрлытай тірнектеп болса да өзі шауып алатын. Жылда солай. Сондықтан «қолдағы малға шөп шабылмай қалады-ау» деп қиналып жүрген Қазтай жоқ. Озаттар қатарында қоғамның шаруасын қамдал, жаз бойы жайлауда алаңсыз жата береді.

— Терезені жөндеп біткен соң мен де соңынан ба-рармын! — деген Қазтай келіншегіне.

Терезенің шаруасын түске дейін бітетін шығармын деп еді, бітіре алмады. Ағаштарын жамап-жасқап, шы-

ныларын құрап-кесіп, түс ауа өзер бітірді. Бітіргенімен шабындық басындағы Нұрлытайға бәрібір комекке бара алмаған... Терезені жондеп болдым-ау деген кезде — бүйрек беті албырап, балық көзі құлімдеп үйге Оралбек мұғалім келіп қалыпты.

— Бір ай жүріп жайлаудан сен де, мен де шаршап қайттық қой, Қақа. Былай... жүйкені босатып, бір уақ көңіл жазбаймыз ба? — деді қызыны.

— Ондайың бар ма еді? — деп, көңіл жазуға кет ары еместігін сездіріп, Қазтай да қылп ете түсті.

— Жасырып жүрген екі шолмек «ензе» бар еді... Өзіңиен басқаға қимай түрмүн... Дос деп жүргеннің бәрі қаргалдақ боп шықты емес пе!

Бұл сөз Қазтайға өзінің де, Оралбектің де қамай екенін есіне салған. Мұғалімнің озін жұрағат тартып, жүрттан алабөтен екшеп шақырғанына іші құрғыр майдай еріп жүре берді.

— Біздің үйге барайық, — деді Оралбек. — Шер тарқатып бір сырласайықшы!

Оралбектердің шебі шабылып бітіпті, енді жинауығана қалыпты. Шөпті жинауға жаңбыр ырық бермеген соң, бала-шагасымен амалсыз бүгін үйде екен.

— Шабылған шоптің өзін жаңбырга шірітпей жинап алсақ та жетеді бізге! — деді Оралбек.

Екеуі Оралбектің ауыз үйіне жайғасып, керек-жарқ тіске басарын ортага алып, қас қарайғанша отырды. Біраз әңгіменің басы қайырылды. Әңгімені айтушы — Оралбек, анда-санда «ehe» деп қойып, бас шұлғып тындаушы Қазтай. Оралбекпен бұрын бұлайша жақын сырласып көрмел еді, бақса бұл мұғалім көп дүниеден хабардар, кокірегі сара, білімді жігіт екен. Қамай інісінің әңгімесінен Қазтай тұңғыш рет Таулы Қарабақтағы қыын жағдайды білді. Оның аузынан алғаш рет Тәжікстандағы қырғын соғысты естіді. Қазтайдың естімеген басқа да көп-көп әңгімесі бар екен, олардан да хабардар болды.

Оқығанның аты оқыған ғой, бірге шөп шауып, жайлауда бір қоста жатса да, жаңалық атаулыға мұғалімнің құлағы түрік сияқты. Жалпы бұл Оралбек қамай болғанымен, тегі төмендегі Аршаты жақтан болатын.

Өскеменнің пединститутын бітіріп, жолдамамен бая-быда осы Мұқырға келген. Осы жерде жүріп үйленді, бала-шагалы болды. Осында жүріп ауылдағы мектептің тарихын зерттеді. Аудандық газеттегі ел-жүртты шулаттын анау жолғы әйгілі мақаланы жазған да осы Оралбек. Демек, талабы таудай, таланты тас жаардай жойдасыз жігіт деген сөз. Мұндай жігіттер, Қазтайдың бағалауында, Мұқырда мұғалім емес, шалқайып ауданды басқаруы тиіс. Бұл Оралбек негіп орнында омалып отырып қалды екен? Ауданда бастық болып қамай туысы отырса, дос бар, дүшпан бар дегендей, бұл Қазтайға да мерей емес пе еді!

Қазтай біршама қызды. Қызған сайын үні ошіп, мойнын ішіне алып тұнжырай түсті. Бағанағы «еће» мен бас шүлғу да жайына қалған. Оған қарағанда шағын болса да Оралбек көп котереді екен, сөзінен жаңылмай әлі есіп отыр.

— Менің арманым мұғалімдік емес, журналист болу еді, — деді балық көзі жасаурап, қиялға батып. — Газетке макала жазып жүргенім де сондықтан... Өзің білесің, алдымен мектептің тарихын зерттедім. Қағаздарды, құжаттарды актардым, қариялармен, көзкорген күөгерлермен сойлестім. Әлгі өзіміздің қамай ағамыз Ералы Сагынаевты тауып алып жүргенім соның арқасы. Егер менде о бастан журналистік қабілет болмаса — мен ол кісіні шаң басқан архивтің арасынан ешқашан да таба алmas едім.

Бұл кезде Қазтайдың көгерген түкті иегі мұлдем салбырап кеткен болатын. Мұғалімнің әңгімесін тыңдалп отырғаны, әлде тыңдамай отырғаны белгісіз еді. Оған көңіл бөліп жатқан Оралбек болмады, рюмкелерге тағы бір-бір құйып шықты да, әңгімесін жалғастыра берді.

— Мені бар ғой... мені... — деді Қазтай не заматта гүжілдеп мұғалімнің сөзін бөліп. — Мені... осы рюмке құртып отыр.

— Неге?—деді мұғалім таңданып.

— Мен... анау әлгі... қырлы стаканға үйренгем ғой... Тартып салып қарап отыратын...

— Бұның дұрыс емес. Рюмкамен ішкен кісі кайф алады...

— Жарытпайды... Сыздыктатып мысынды құртады екен.

— Мәдениетті ішіп үйренсейші! — деді мұғалім Қазтайдың онысын жақтырмай. — Менің туыстарым мәдениетті болуы тиіс... Сөйтіп анау қаргалдақтарды мәдениетке үйретуі тиіс. Сонда ғана біз интеллектімізben олардың сағын сындырып, жасыта аламыз.

Қазтай оған да көнді.

— Қарғалдақ демекші, мен өз мақаламды жазған кезде олар қуралы ойламаппын да, — деді мұғалім үзілген әңгімесін сабактап. — Оллаңи, ол жағы үш үйықтасам түсіме кірмепті. Тіпті Ералы Сағынаевтың қамай екенін де білгем жоқ... Кімнің кім екенін кейін анықтадық кой... Қазір өзім де соған таң қаламын. Бұндайға көзімізді ашқан Қанапияға ракмет!

Қазтай құстенген құректей алақанына рюмканы мөлдіретіп қондырды да, шалқая беріп, қылқ еткізіп котара салды.

— Мәссаған! — деді мұғалім мырс етіп. — Рюмкесімен жұтып қоя жаздадың ғой, Қақа?

Қазтай үндеғен жоқ, тыжырынып, қолын бір иіскеді де, тұқырайып отыра берді. Мұғалім де қалыспайын дегендей, рюмкесін қолына алды, бірақ ішкен жоқ. Таусылып бермес әңгімесін тағы да жалғай жөнелді:

— Мына... жазушы дегендеріңіз, журналист дегендеріңіз, Қақа, творчество адамдары саналады, — деді. — Ал, творчество адамдарында интуиция қатты дамыған. Яғни бір нәрсені алдын-ала аңғарып отырады немесе әлгі дүниеге миы жетіп, түсінбесе де, түйсіктің тұртпегімен әйтеуір жүргегі сезеді... Сондай құбылысты мен өз болмысымнан да байқап жүрмін.

Қазтай үндеғен жоқ, тұкті иегі салбырап одан сайын тұқырая түсті.

— Дәлелдейін бе? — деді мұғалім сұқ саусағын шошайтып. — Дәлелдесем мынау... Әлгі мақаланы жазғанда мен Ералы Сағынаевтың қамай екенін білдім бе? Әрине, білгем жоқ. Бірақ интуитивно сезген секілдімін. Ол мақала жарияланғаннан кейін осыншалық резонанс туады екен деп ойладым ба? Әрине, ойлағам жоқ. Бірақ интуитивно сезінуім мүмкін. Яғни, менің о баста ар-

ман еткен журналистік, зерттеушілік қабілетім осы ара-да оянып, өре түрекелген... Міне, солай! Осыншалық беделге ие болған ол мақала, достым, саған отірік, ма-ған шын, менің тырнақ алды тұнғыш шығармам бола-тын. Ал егерде мен көлдей очерк жазсам не болмақ? Бұрқыратып етектей-етектей повестер мен романдар жазсам не болғаны!?

— Жазбай-ақ қой! — деді бағанадан үнсіз отырған Қазтай үйқысынан оянғандай. Қазтайдың үн шығарып, оқыс жауап қатқанына Оралбек елең етті:

— Неге жазбаймын? — деді жұлып алғандай.

— Бәле болады! — деді Қазтай.

— Бәле болады дейсің бе? Оның да жон екен, — деп, мұғалім бұл жауапқа да оп-оңай келісе салды. — Дегенмен, мен бұл туралы өлде де ойланамын.

— Ойлан... Бірақ мен кетейін, — деді де, Қазтай есінеп, керіліп-созылып орнынан тұрды.

Ағайын үшін көптен сактап жүрген шөлмектердің екеуін де сарыққан соң, мұғалім де Қазтайды тоқтат-пады, көшеге дейін шығарып салды.

Жаңбыр суымен езілген батпакты шалпылдата кешіп, Қазтай үйіне қарай тартқан. Масайған кездегі өзінің ежелгі әдетіне басып тұнжырап, тұнғиық ойға шому-мен болды. Мұндайда адамды қайбір жетіскең ой, жөні тұзу нәрсе мендеуші еді! Қазтай да көптен бері жүйкесін жұқартып жүрген — Дархан мен Дидарды ойлап қина-лып кетті. Бұл екі үлдың тағдыры — шешімі күрделі қыын мәселеге айналды. Не істеу керек, оған ақылы жетпейді. Ойлай-ойлай ақыры самайына ақ тұсті. Бәрібір басын шырмаған мазасыз ойдан құтыла алмай-ақ қойды бұл Қазтай.

Осы ауылдағы әдебиет пәнінің ілмиген сары мұғалімі Ақдәulet екеуі бір жылдың екі мезгілінде үйленген секілді еді. Ұмытпаса, сары мұғалім өзінің Ақгүліне көктемнің соны, жаздың басында қосылған. Ол кезде мектептің пионер вожатыйы болып жүрген Ақгүл оқушыларын жинап, мамырдың он тоғызында алаула-тып костер жакқан. Содан кейін-ақ іле-шала Ақдәuletке тұрмысқа шығып, ұлан-асыр той жасады гой... Қазтай шөп науқаны аяқталып, жайлаудан мал қай-

тып жатқан кезде, қыркүйектің сонына қарай үйленді. Соған қарамай, екеуінің де өйелі Өрелдегі перзентханаға бірге түсіп, бір күні босанды. Сонда деп таң қалады бұл Қазтай, ілміген анау жігіт ала жаздай ай қарап жүрген бе? Әйелін мұның әйелімен ойтіп жағаластырмағанда өзі де, Қазтай да мұндай тауқыметті тартпас еді ғой? Барлық кесір сол ілміген сарыдан келді. Бәріне сол кінәлі!

Балалардың перзентханада алмасып кеткенін қазір былайғы ағайынды қойғанда, соқыр кісі растай алады. Сәби кезінде баланың ботендігі оншалықты байқалмаушы еді, оның үстіне Нұрлытай да шаңқылдап бет бақтырмайтын.

— Мынау сап-сары ғой өзі, орыска ұқсап кетіпті, — деп Қазтай өлденеден қуыстанып, жырқ-жырқ күлетін.

— Кетші әрі, шықпағанды шығарып... Орыс десен жоламай-ақ кой баламның қасына! — дейтін ондайда Нұрлытай ернін сылп еткізіп.

Балаға жоламайтын Қазтай ма, әжесі мен Нұрлытайдың көзін ала бере айналып-толғанып, мекіреніп иіскеумен болатын.

«Бала орыска ұқсайды» деген күнкіл бірде Қатипа әжейдің де құлағына шалыныпты. Сол-ақ екен, әжей Қазтайдың шаңын кағып, үйден түре куып шықты.

— Өлгенде корген жалғыз немерем... Қайтеді-ей, бұлар алтындей баламды жатырқап... Тіліңе теріскен шықсын сенің! — деп әжей бұлқан-талқан болды.

Қазтай сол тұні қора ішіндегі шөмеленің ішінде тұнеген. Тісі-тісіне тимей қалышылдап қатты тонды. Содан кейін көнілдегі күдіктен де, былайғы бөтен ойдан да айыққандай болған. Баласының тұр-тұсі төңірегінде қайтып жақ ашкан жоқ.

Кейінгі әңгімені қозғаған Нұрлытайдың өзі еді. Нұрлытай Дарханды қолынан жетелеп мектепке, бірінші класқа апарған болатын. Ақғұл де сол күні өзінің Дидарын бірінші класқа әкеліпті. Оқу жылының ашылуына арналған салтанатты жиында Дархан мен Дидар қатар тұрып қалса керек. Екеуіне алма-кезек қарап тұрып, Нұрлытай шынымен бір өрескел қателіктің болғанын сезіп, ішін тарта қалады. Көзінің қырымен Ақғұлді

байқаса, ол да балаларға жаутаңдап шүберектей бозарып кетіпті. Нұрлытайға қарағанда денесі де, жаны да нәзіктеу ғой, козі мөлтілдеп, еріндері дірілдей беріпті.

— Әсіресе біздің Дарханды айтам-ау, анау Ақдәүлеттен аумай қапты... Аузынан түскендей, — деп оңашада Нұрлытай бырқырап жылап алды.

— Мен айттым ғой саған... екі қарадан қалайша сары бала туады деп... Сен сенбей қойдың, — деді Қазтай жеті жыл бұрынғы өкпесін еске түсіріп.

— Қара басып мені құдай атқан екен! — деді Нұрлытай күрсініп.

— Сені емес, анау родломдағы онбаған сестраларды құдай атқан! — деді Қазтайдың да қоңілі босап қолпышылдал.

— Албасты басқырлар, колға тағар биркаларды ауыстырып жіберген ғой, тегі?

Нұрлытай орамалының ұшымен козін сұртті. Қайта-қайта өкінішпен басын шайқап, күрсіне берді.

— Дидардың көзі саған келеді екен, — деді. — Көзі сенікі секілді қиғаштау, монголойд.

— Дидар мен секілді қара, — деді Қазтай. — Оның маған ұқсайтынын мен баяғыдан білемін.

— Мұрыны маған ұқсайды екен! — деді Нұрлытай сүйсіне күлімсіреп. — Тәмпіш мұрын... Мен секілді...

Бұл уақиға Нұрлытайды ойсоқты етіп, кәдімгідей жүдетіп жіберген. Іркілдеген мол денесі аздап қалыпқа түскендей болып еді. Бірақ қайғырғанмен пайда жоғын іштей сезді ме, жаңа жыл алдында бәрін серпіп тастап, бұрынғыдай жадыраған қалпына тұсті.

— Неғып сенің жүнің жығылып жүр? — деп, аяқ астынан күйеуіне шүйлікті. — Жетті енді! Жетіге келген баламды айырбастар шамам жок. Білдің бе? Ендігісі осы Дарханның, сонынан ерген анау екі қыздың саулығын тілейік!

Қазтай не десін:

— Тілесек тілейік! — деп әдетінше бас шұлғып келісе салды.

Содан бері де торт жыл отті. Қаншалықты еске алмайын, ұмытайын десе де бұл жағдай Қазтайдың бүйірін бұлкілдетіп маза бермеді. Папалап жүгіріп жүрген Дар-

хан да туған ұлы ғой, бірақ нағыз өз қаныңың жөні бөлек екен. Әсіреле кіндігінен кіш еткен үрпағыңың бөтен үйдің босағасында жүргені ет жүректі езілтіп, тас көнілді жібіткендей. Миын мүжіп, басын кеміріп жатқан сезім тауқыметін Қазтай созбен де, ыммен де айтып жеткізе алмас еді. Есіне түскен сайын маңдайы құрыстанып, тынысы тарылып, терең-терең күрсінетін. Кейде үйықтап жатып та біреу буындырып жатқандай-ақ ахылап-үхілейтін, қинала ыңыранатын, төсекті сықырлатып аунақшып кететін. Талай рет Дидарды сырттай бақылап, сөйлеген созін, күлген күлкісін, ойнаған ойынын тамашалап, мәз болып қайтып жүрді. Ондайда Дидардың қимыл-қозғалысынан, тәтті күлкісінен өзі мәңгілікке жоғалтып алған әлдебір асылын іздегендей болатын. Соңынан сол іздеген асылын таппағандай, сандалып сағым қуып жүргендей беймаза күй кешуші еді.

Дархан екінші класқа барған жылдың қысында, Қазтай бірде гараждан шығып, түскі асқа үйге қайтып келе жатқан. Дәулетқаның кітапханасының тұсынан өте бергенде, бұрышта тұрған Ақдәulet пен Дарханды көрді. Селк етіп, жүрегі тас тобесіне шықты. Ақдәulet сырт беріп тұр екен, мұны байқаған жоқ:

— Қалай, тоңып жүрген жоқпышың? — деді Ақдәulet балаға еміреніп.

— Кәмпіт жегің келе ме?—деді одан сайын иіліп. Сосын баланың албыраған бетіне алақанын тосты, бөркінен сипады. Өз ұлын бүйтіп айналдырып-толғандырып қоюға бұдан әріге Қазтайдың жүрегі дауаламай:

— Дархан! — деп барқ етті. Даусы аңы әрі үрейлі шықты. Балаға еңкейіп, иіліп тұрған мұғалім мұның даусынан шайқатылып кетіп, жығылып қала жаздады.

— Папа! — деді Дархан әкесін көрген бойда, сосын алақайлап құлындағы ұшты.

— Ұлым менің!

Қазтай баласын жаңа көргендей мекірене сүйіп-сүйіп алды. Бала дегенің осыншалық тәтті, осыншалық ыстық болар ма!

Дел-сал сілейіп тұрып қалған мұғалімге көз қырын да салған жоқ, ұлын мойнына мінгізді де, одырандай басып өз жолымен кете барды.

Әйтсе де, Ақдәulet мұғалімнің екі бүктетіле иіліп, Дарханды айналып-толғанғаны үзак үақыт көз алдынан кетпей жүрді. Ақдәулетті Қазтай іштей жактырмайтын. Ала жаздай түк бітірмей, күзде үйленген мұнымен мұғалімнің қасақана жарысқандай болғанына, Нұрлытаймен бірге Ақгүлді қабаттастырып бір мезгілде перзентханаға салғанына өкпесі катты еді. Бұл өкпесі о баста болымсызыдауғана көрінген. Алайда, жыл откен сайын онысы үлғайып, қазіргі кездे зіл қара тасқа айналған. Көкіректе шемен бол қатып қалды. Ойлап кетсе болды, көкіректе қатқан әлгі зіл қара тасты котере алмай, мойыны салбырап, еңкендең қалатын жағдайға жетті. Ендеңе озін осындаі пүшайман күйге түсірген Ақдәулетті қалайша жақсы көрсін! Жұттан шыққан котерем койдай арық, сүйегіне сүйеніп соз кемірген сары мұғалімде қандай қуат, қандай сезім болсын деп менсінбеуші еді. Сойтсе, онысы күпірлік болған секілді. Дарханды айналып-толғануына қарағанда, ода да әкелік мейір, аталық сезім бар екен. Балалардың о баста алмасып кеткенін, оз қаны Дархан екенін сары мұғалім де білетін болып шықты.

Қазтайды қинаған осы жағдай болатын... Мұғалімнің Дарханды айналып-толғанғаны жалғыз бұл емес болар, тегі? Мектептің мұғалімі, күн беделі балалармен бірге. Мұғалім ретінде Дарханды онашалау тұска шақырып алып, шашынан сипап, бетінен сүйіп жіберсе де — кім көріп жатыр! Бала ес біліп қалды, бәлкім, сары мұғалімнің ондай-ондай үрлығын ендігөрі үлдың өзінен сұрап тұрған жөн шығар?

— Әй, Дархан! — деген бірде Қазтай ұлына. — Сені анау сары мұғалім бетіңнен сүйіп жүрген жоқ па?

— Сары мұғалім деген кім? — деді Дархан жаутандап.

— Кім еді аты?.. Әлгі.. Ақдәulet деген мұғалім.

— Ой, папа, ол кісі — жақсы кісі. Маған ылғи кәмпит береді...

— Атаңның аузын... Кәмпитетті сұрап тұрғам жоқ мен сенен. Бетіңнен сүйді ме деймін?

— Сүйді...

Қазтайға бұдан артық ақпараттың қажеті жоқ еді. Қас қарайып, ымырт жабылғанына да қарамады, апылғұптыл киініп сыртқа шықты.

— Қайда кеттің? — деді ауыз үйде бауырсақ пісріп отырған Нұрлытай.

— Қазір келем!

Салып үрып алдымен мектепке барды. Ол жерде кемпірінің орнына құзетшілікке келген Әмір шалдан басқа ешкім жоқ екен. Әужекең есігін айқара ашып тастап, завхоздың болмесінде қаннен-қаперсіз ағаш жонып отырды. Тарпылдай басып дәлізге андыздай кірген Қазтайды елеген де жоқ. Бұл отырысына қарағанда мектептің жарым мұлкін көшіріп өкетсөң де Әужекең бұлк ететін емес.

— Ассалаумағалейкүм! — деп Қазтай қарсы алдына жетіп барғандаған:

— Ә, сенбісің! — деп, басын көтеріп, амандақсан болды.

— Ата, Ақдәulet мұғалімді кордіңіз бе?

Мұғалімнің үйге кетіп қалғанын Қазтайдың өзі де сезді. Бірақ мектепке кіргесін ақсақалмен амандаспай кету, амандақсан соң бір ауыз тілдеспей кетуді ыңғайсыз санады. Шал мұның сұрағын естімепті:

— Жақсы азамат еді, — деп оз алдына сойлеп кетті. — От алып оракқа түскендей мықты жігіт еді... Бірақ атын шатастырып алыптын, балам... Мұсілімов Игілік пе еді, әлде Игіліков Мұсілім бе? Есіме түспей-ақ қойды.

— Ақдәulet мұғалімді көрмедіңіз бе? — деді Қазтай сұрағын дауыстап кайталап.

Шал бұл жолы «көрмедім» дегендей басын шайқады да:

— Ондай азаматтардың атын ұмыту — күнә! — деді тагы өзімен-өзі сойлесіп. — Мен пақыр ана дүниеге күнә арқалап баратын болым...

Қазтай келіскеңдей басын изеді де, адымдай басып есіктен шығып кетті. Келдің-кеттің деген Әужекең болмады, сол шұқшиған күйі ағашын жонып отырып қалды.

«Әмір шал алжыын деген екен» деп ойлады Қазтай былай шыға бере.

Енді не істерін білмей дағдарып біраз тұрды да, бөркін мильтата басып мұғалімнің үйін нысанаға алып тартып берді. Сары мұғалімді арнайы іздең шыққан екен,

ендеши алған бетінен қайтпауы керек. Әйтпесе несіне еркек атанып жүр! Әрине, сары мұғалімді мектепте кездестіріп, сол жерде азаматтарша жеке сөйлескен онды болар еді. Көрдің бе, енді үйіне баруға мәжбүр... Қазтайдың не үшін келгенін Ақгүл айтқызбай-ақ түсінетін шығар. Қалай дегенмен де заты әйел ғой, сезетін болар.

Әлгінде, үйден шыққан бетте ашуы да, екпіні де өзгеше қатты еді. Ғұмыры біреуге жұдырық жұмсал, тірі тышқанның тұмсығын қанатып көрмесе де, Қазтай дәл осы жолы тобелеске тас-түйін бекінген болатын. Тышқанның болмаса да, сары мұғалімнің тұмсығын бір қанатайын деп ойлаған. Өзге жүртты қайдам, кеудесінен күн корінген сол ілміген мұғалімге шамасының жететінін білді.

Амал қанша, аузынан кобік шашқызып, арындаған ашуы ұзакқа бармады. Әмір шалдан шыққан бойда су сепкендей басылған. Ендігісі, әйтеуір сары мұғаліммен тілдесіп қайтайын, «Қарағым, Қыртыңдамай тыныш жүр» деп ескертіп қайтайын деген бейбіт ниет қана болатын.

Алдында қозы қамайтын үйшіктей ғана сенкесі бар мұғалімнің жалғыз болмелі үйіне де жетті. Есігін тартып еді, іштен іліп алыпты. Тоқылдатып еді, ешкім жауап қатпады. Қатты үйыктап естімей жатыр ма деп, терезеге барды. Жалғыз болмелі үйде жалғыз ғана терезе екен, сыртқы қақпағын жауып, ілмектеп қойыпты. Қақпақтын саңылауынан жылтырап үйдің жарығы көрінеді. Шамдарын өшірмепті, соған қарағанда әлі үйықтай қоймаған тәрізді.

— Ақдәulet! — деп дауыстап, терезенің қақпағын тоңқ-тоңқ еткізді.

Құлак түріп еді, іштен ешкім жауап бермеді.

— Ay, үйде кім бар? — деп қырылдалап, қақпақты тағы да тоқылдатты.

— Үйде біз бармыз, — деді іштен біреу. Жіңішке дауыс. Баланың даусы. Баланың даусы дейді-ау, мынау айналайын Дидардың өзі ғой! Иә, соның даусы!

Қазтай мекіреніп, іштегі Дидарға жылы-жылы сөз айтқысы келді. Бірақ былайғы кезде екі сөздің басын

коса алмай дағдаратын Қазекең, қазіргідей қысылған шакта не айтарын білмей тілі байланды.

— Акдәulet қайда?—деді. «Папаң» деп айтуға аузы күрғыры бармады.

— Папам мен мамам конакка кеткен.

— Үйде кім бар?

— Айнұр екеуіміз бармыз.

«Үніңнен айналдым» деп елжіреді Қазтай. Іштегі Ди-дар сойлей түссе екен деп тілеп еді, сұрак коймасаң бала да сөйлемейтін секілді. Сұракты жөн-жосықсыз қашанғы қоя бермек, қапелімде сұрактың да жөнін таба қоятын Қазтай ма. Осымен екі арадағы сұхбат түгесілген. Сұхбат түгесілсе де Қазтай айналышықтан, терезенің түбінен кеткісі келмеді. Терезенің қакпағына біресе он құлағын, біресе сол құлағын тақап тың тыңдады. Алқынған өз жүрегінің лұпілі ме, әлде іштегі Дидардың демін сезгендей болды ма:

— Жәнім сол, ың... ың... — деп дауыстай кісінеп жіберді.

— Бұл кім?—деді іштегі Дидар.

— Ың... ың... жәнім сол! — деді Қазтай тағы да.

— Бұл кім?

Кішкентай қыздың қорқып жылағаны естілді.

— Дәуісінен сенің! — деді Қазтай.

Сол сәтте гұрс етіп мылтық атылды. Терезенің шынысы шылдыр ете қалды. Құлағын қакпаққа тақап түрған Қазтай сасқанынан тайып жығылды. Шүкіршілік, періштесі қағып ок денесіне дарымапты. Домалап қалған бөркін тізесіне бір кағып, мильтата киді де, алды-артына карамай үйіне зытты.

Міне, содан бері де екі кыс, екі жаз өтті. Бәрібір өзгерген дәнене жок. Дархан да, Дидар да... екеуі де өз баласы секілді. Кейде олар Қазтайға егіз тәрізді елестейді. Сол егіздің біреуін танымайтын бөтен адамға уақытша асырауға бергендей сезінеді.

Оралбектің үйінен шықкан бойда толарсақтан батпактап, сандалып көшеде үзак жүрді. Жаңбырдың басылар түрі жок, адамның зықысын шығарып, сыйбырап түр. Жотаның басындағы ағаш ескерткішке де барып қайтты. Соғыс қурбандарына арнап Әмір шалдың

орнаткан ескерткіші ғой. Жаңбырлы тұн астында солдат жазған да біртүрлі тұнжырап кетіпті, үсті-басы сағал-сағал. Жалғыздықтан жаны жүдеп тұрғандай.

Жаңбыр астында, тұн ішінде көп жүргеннен бе, көкірегінде қайнаған запыранның зәрі қайтынқырағандай болған.

Етігі белуардан батпак, үсті-басы малмандай су, үйге кірсе — шөптен қайтқан Нұрлытай әлі үйықтай қоймапты. Балалардың киімін жөрмел, алдыңғы үйде отыр екен. Нұрлытайдың үйықтамай өзін күтіп отырғанына іші жылып, Қазтай мәз болып, ыржып күлді.

Күйеуіне қабак астынан көз тастап қойған Нұрлытай:

- Тісің қайда? — деді.
- Немене?
- Протез тісің қайда деймін?

— Тіс дейді... — Қазтай бар денесімен қолжуғыштың маңдайындағы сынық айнаға бұрылып, аузын ашып, тісін санады.

— Алтын тісті айтам... алтын тіс? — деді Нұрлытай да тақылдал.

Қазтай қалай санаса да тісі түгел, бірақ алтын тісі жоқ бол шықты.

— Таңертең мен шөпке кеткенде бар болатын... Қайда жібердің?

Тұн ортасында қайдағы бір тісті жоқтап, Нұрлытайдың бүйтіп тақылдағанын жақтырмады. Былш еткізіп легенге бір түкірді де, қолжуғышқа аузын шайды.

- Тіс қайда деймін?.. Жоғалттың ба?

Қазтай не дерін білмей, аузын ақситып, тағы да сынық айнаға қарады.

- Тамақпен коса жұтып қойған шығарсың?

Қазтай үндеген жоқ. Алтын тістің ізі-қайым қайда кеткеніне өзі де таңырқап, тұкті иегін сипалай берді. Сол құрғырды бекер-ақ салдырған екем деп өкінді. Соншалықты әкетіп бара жатқан дәнене де жоқ еді, отыз екі тісі аман-сау түгел орнында болатын.

— Сен өйтіп несіне бұға бересің? Кімнен кемсің? Сен де современный модный жігіт бол! — деп, Нұрлытай мұны қолынан жетектеп ауданға апарып, құрек тісін

алтынмен қаптатып берген. Алтынмен қаптатқаннан келе қойған өзгерісті Қазтай байқай алмаған. Анда-санда қоңлі түсіп, ықыласымен ыржиғандаға алтын тісі жарқырап көрініс беретін. Бұл тістің сән үшін салынғанын, сондыктан жиі-жиі ыржып, алтын тісті көрсетіп қою парыз екенін іштей сезетін. Әйтсе де ауызда жүрген ардакты тіс аяқ асты жоғалады деп кім ойладты!

— Әлде аузыңды ашып, аңқып тұрғанда біреуге үрлатып алдың ба? — деді Нұрлытай.

Нұрлытай да қадалған жерден қан алмай тынбайтын әйел екен. Бұрын бұл мінезін нағып байқамаған?

— Жоқ! — деп Қазтай қорс етті.

— Онда қайда жоғалттың?

Қазтай «білмеймін» дегендей, иығын көтерді.

— Қайда барып келдің?

— Ағаш ескерткішке.

— Қайда?

— Әмір шалдың ескерткішіне... Жота басындағы.

— Мына жаңбырда ма?

— Иә...

Нұрлытай ісін тастай беріп орнынан тұрды. «Жаныңың барында шыныңды айт» дегендей Қазтайға шаншыла қарады. Құрғырдың көзі қандай өткір еді, өңменіңнен өтіп кеткендей екен.

— Иә!.. — деді Қазтай су-су болған шашын сипалап, тентектік жасап қойған баладай мойны салбырап, кібіртіктең берді. — Оның алдында Оралбек мұғалімдікінде қонақта болды.

— Сөйтіп жөнінді айтпайсың ба!

Қазтай кінәсін мойындал, су-су болған шашын тағы да үйпалады. Шашы май жаққандай жылтырап, жып-жылмағай бола қапты.

— Ол үйде не жеп едіндер?

— Арақ іштік.

— Ішкеніңді сұрап тұрғам жоқ... Не жеп едіндер?

— Қуырдақ... картоп қосылған.

— Үйден шыққанда тамақ ішіп шығып па ең?

— Жоқ... Тerezені жөндедім. Біткен кездे Оралбек келіп үйіне ертіп алып кетті.

Нұрлытай екі аттап Қазтайдың қасына келді. Бір шатақты бастайды-ау деп қауіптеніп еді:

— Шешін! — деді жұмсак қана.

Қазтай жүйкесі жібіп, шешіне бастады. Нұрлытай күйеуінің шешінуіне өзі көмектесті. Су-су болған плашын, батпаққа былғанған етігін сенекке шығарып тастады.

— Жат! — деді Нұрлытай. Ақырын айтса да, Қазтайға бұл үн бүйрықтан бетер естілді.

Корбандаій басып, бүйірдегі төсекке жете бере, ак мамықтың үстіне бұрқ ете түсті.

\* \* \*

Аузындағы алтын тістен ай мен күннің аманында айрылып қалғаны Қазтайға жақсылық болмады...

Былайғы жұртшылықтың құлағына шалынбасын деңіз, әйтпесе Қазтайдың содан кейінгі бастан кешкені — азаматқа абырой әпере қоятын тірлік емес-ті. Екі күн бойы қықтай үйге қамалып, Нұрлытайдың қатаң бақылауында отырды. Оған дейін Нұрлытай жоғалған тісті іздел Оралбектің үйін сұзіп шыққан. Бір жерде түкіріп тастады ма деп, көшені де шолулады. Тіпті соғыс құрбандарына арналған ағаш ескерткішке дейін барып қайтты.

— Менің ендігі бар үмітім сенің ішінде! — деді Нұрлытай түтігіп. — Малжандап малтанды езіп отырып, қырдақпен қоса жұтып қойғансың-ау, шамасы?

— Неменені?

— «Неменені» дейді ей, беті бұлк етпей? Алтын тісті, үқтың ба!

— Жұтқам жок!

— Жұтпасаң жұтпағаның дәлелденеді... Сондықтан үш күн бойы, тіпті бес-алты күн бойы үйден тырп етпейсің. Білдің бе?

— Неге?

— Менің қарауымда боласын.

— Мен онсыз да қарауындамын ғой... Совхоздың шебін қайтемін, жігіттер іздейді ғой мені!?

— Совхоздың шебі де, үйдің шебі де қарайлай тұрады... Сенсіз совхоз қараң қалмас... «Суық тиді» деп

справка алып берем. Білдің бе! Тырп етпейсің... Осыдан тырп етші, мойныңа қамыт кигізіп, қоңыз тергізіп жіберейін бәлем сені!

— Ұрыспашы өйтіп!

— Ұрыспаймын... Бірак айтқанымды істе... Міне, горшок саған. Сыртқа, есіктің артына шығарып қоямын, соған кәк етесің, білдің бе!

— Ұят қой... горшогі несі?

— Ұятшылын мұның... Пах, бетінен моншағы үзіле қапты ғой! Мен сені адам болсын, ел болсын деп тыраштанам. Қатарынан қалмасын деп алтын тіс салғызам... Ал сен болсаң кежегең кейін кетіп, көткеншектейсің де жүресің өстіп. Мен сені не жұрт қатарлы күйеу етем, не коще қаңғырған бейшара біреу етем. Айтқаным айтқан, ұқтың ба!?

Нұрлытайдың буырқанған ашуына қарсы тұрар қауқар қайда, Қазтай мұрын астынан бірдене деп міңгірледі де, жым болды. Сосынғысы тілге келмей, әйелінің айтқанына көніп, айдауына жүріп бакты. Әйтеуір досың түгіл жауыңа тілемес қорлық екен бұл. Құдайға шүкір, Нұрлытай қорқытқандай бұл тәжірибе бес-алты күнге созылған жоқ, екі-ақ күнде нәтиже берген.

— Табылды! — деді Нұрлытай екінші күні кешке жақын мәз бола қуанып. — Жұтып қойғаныңды сезіп едім, жаңылмаппын... Мінеки, көрдің бе!

Нұрлытай алтын тісті жылтыратып алақанына салып, Қазтайдың көзіне тақай берді.

— Әкетші әрі! — деді Қазтай тыжырына қашқақтап. — Қалай ғана ұстап жүрсің сасытып.

— Пах, мынаның кірпияз бола қалғанын қара!.. Суға шайып, горшоктың ішінен сүзіп алдым... Сосын ыстық суға салып қайнаттым... Дезинфекция жасалды деп есепте. Қайтеді-ей, жиіркеніп!? Ертең ауданға барып, аузыңа қайта салып берем, білдің бе!

Қазтай мұны естігенде лоқсып, құсып жібере жаздады. Нұрлытай желкеден тоңқ еткізіп жұдырықпен қойып қалды.

— Шашылып жатқан артық дәuletім жоқ... Бұл пәленше мың ақша... Сен өйтіп жиіркенбе. Қазір табаққа салып, көзіңше тағы да қайнатамын.

Нұрлытай күйеуін қолынан жетелеп ауыз үйге апарды да, тісті табаққа салып қайнатты. Тістің тазалығына Қазтайдың көзін әбден сендермек болып, ұзак қайнатты.

— Сен екеуің екі күн бойы неменеге шүйіркелесіп жүрсіндер? — деді Қатипа әжей әлденеден сезіктеніп. Келіні енесіне бірденені айтЫП қоя ма деп, Қазтайдың жаны шығып кете жаздады.

— Мына балаңа жаңбырдан сұық тиіп... Соны емдеп жатырмын, — деп Нұрлытай козі күлім қағып, өтірікті соғып жіберді.

— Қайнатып, шөптің нілін ішкіз, — деді әжесі білгішсініп. — Анау өкіметтің түйме дәрісінен ғорі шөп дұрыс.

— Сіз айтқандай, апа, мінеки мен шөп қайнатып жатырмын.

— Е, бәсе, өзім де солай ғой деп ойлап едім.

Алтын тістің тазалығына козі жеткен соң, Қазтай қарсыласқан жоқ, әйелінің жетегінде ертеңгілік автобуспен ауданға кете барған. Ол жақта бір түнеп, алтын тісті аузында қайта жарқыратып ауылға оралды. Қазтайды кім білген, алтын тістің табылғанына Нұрлытайдың қуанышында шек болмады. Сандақтың түбіне тығып, сары майдай сактап жүрген соңғы шөлмегін шығарып:

— Ал енді, Қазтайжан, тісінді жууыңа болады, — деді шаттанып. — Дезенпексия ретінде!

Қазтай тілі күрмеліп, қапелімде Нұрлытайға онды жауап қайтара алмады. Қысық көзі мұлдем жұмылып, әйеліне елжірей бір қарады да, басын шұлғи берді.

\* \* \*

Нұрғалидың қалаға кеткеніне бір жарым ай, сол Нұрғалиды соңынан іздел шыққан Рахманның жоғалғанына жарты ай шамасы откенде Бибіш кемпір құмалақ салып бір бәлені сезгендей болып, Мұқырдың поштасына барған. Өскемендегі қызының мекен-жайын көрсетіп: «Әкең барды ма, барса үйге қайтпай неғып жатыр, тезірек қайтар», — деп жеделхат соқтырды.

Келесі күні поштабай қыз: «Келген жоқ. Ол кайда кетіп еді? Қашан кетіп еді? Біз бір ай демалыста, Қы-

рымда болып қайттық. Тездетіп жауабын беріндер»деген жеделхатты үйге әкеліп берді. Жеделхатты оқыған бойда Бибіш поштабай қызды бас салып, зар илеп жылап қоя берген:

— Жүрегім бір жаманатты сезіп еді... Осылай боларын біліп едім... Жаман шалды жүліктер өлтіріп кеткен екен ғой жолда. Әйтпесе бойында жаны бар кісі осыншалық жоғалар ма! Ойда-қырда малы бар, шабылмаған шөбі бар, соның бәрін біле тұра жаман шал бүйтіп үзак жатпас еді ғой... Өліп қалған екен ғой, өлтіріп кеткен екен ғой арысымды! — деп ойбайға басты.

Поштабай қыз Бибіш апасына не деп басу айтарын білмей абдырады:

— Апа, сабыр етіңіз, сабыр... — деді де, Бибіштің бетінен шөп-шөп сүйіп алды.

— Қашанғы сабыр етейін! — деді Бибіш оған да тоқтамай. — Бір жарым ай болды, үндемей-ақ шыдап бақтым. «Нұргали жоғалған екен» деп бұлк еткен біреуі болмады... Осы ауылдың іргесін қаласып, бір кісідей еңбегі сіңген азамат емес пе еді. Сапқоз тышқақ лағын да іздетіп, ала шапқын болып жатады. Біздің шалдың сол мал құрлы да құны болмағаны ғой? Соған жаным ауырады, қарағым. Қайтейін енді!..

— Сабыр етіңізші, апа, сабыр... Нұргали атам ертең-ақ жетіп келеді. Көресіз әлі.

Бибіш басынан сузып түсіп кеткен орамалымен бетін сұртіп, орамалды қайыра басына жапты.

— Айтқаның келсін! — деді күрсініп. Бойын тез жинап, поштабай қызға бұрылды. — Қарағым, сен телеграмм соктырып, анау аудандағы ұлды шақыртып бер...

— Оралғазы ағайды ма?

— Ие, соны...

— Ол біздің ауданда емес, көрші Үлкен Нарын ауданында ғой.

— Мейлі, қайда жүрсе де шақырт тездетіп. Әдірісі міне, көк дәптерде жазулы.

Поштабай қыз көк дәптерді актарып, Оралғазының мекен-тұрағын мұқияттап көшіріп алды.

— Содан соң Аршатыдағы қызға да телеграмм сок! — деді Бибіш.

— Оларға не деп соғайын?

Бибіш сәл ойланып тұрды да:

— «Әкелеріңді жүліктер өлтіріп кетті, тез жетіндер» деп соғарсың! — деді.

Поштабай қыз келіспегендей, басын шайқады:

— Сіз, апа, жаманатқа бастай берменіз! Қалаға барып, ауырып қалса қайтесіз? Ауруханадан жазылып шығып, ертең үйге жетіп келсе қайтесіз? Сондықтан телеграмманың текстін өзім жазайын. Маған сеніңіз: балаларыңыз тез келетіндей етіп жазам.

— Өзің біл, қарағым. Қысылтаянда қол үшін бергеніңе рахмет... Тәнір жарылқасын сени!

— Өскеменге де жауап жолдау керек қой... Оларға не дейміз?

— Оларға не десек екен? Жаз шықса болды, ауылға келіп, әке-шешесіне шопке қолғабыс етудің орнына Қырым мен Қытайға қашысады. Үйлері жабық, әкесі барып далада қаңғып қалған ғой, тегі. Сойтіп, ұрысып жазып жіберші оздеріне.

— Болмайды, апа... Әйткенше біз «Әкен сендерге маусымның 20 күні кеткен. Ауруханадан іздендер. Милицияға хабарлап, іздеу салындар. Хабарын тездетіп беріндер» деп телеграмма соғайық?

— Мейлі, қызым, сойтсен сойт! — деп Бибіш поштабай қызға ризалық білдіріп, қолына жеделхатқа жетерлік ақшасын санап берді де, шығарып салды.

Сол күні ымырт жабыла, шабындық басынан қайткан Лексей мен Жангалиды Бибіш үйге шақыртты:

— Ағаң жоғалды, ағаңнан айрылдық! — деді Бибіш қайнысына шағынғандай болып.

— Ақырын күтейік... — деді Жангали сабырмен. — Өскеменнен келетін жауапты тосайық. Не дейді екен... сол жауапқа орай біз де қаракет қылармыз.

— Саған қараганда жастау бір қаратаяқ кемпір іздел кеткен шығар? — деп Лексей Бибішке қарап кеңк-кеңк күлді.

— Мейлі, кімді іздесе де өзі аман болсыншы, — деді Бибіш.

— Албаты шу көтерме сен, бәйбіше! — деді Лексей күлкісін жиып. — Мен білетін Нұргали болса — ол

жөпшөңкі жүлігіне де, оңай-оспак ауруыңа да алдырмайды. Соғыста шыныққандар солай болады... Көресің әлі, шалың шойнаң қағып ертең жетіп келеді. Сонда не демексің маған?

— Айтқаның келсін! — деді Бибіш.

Ертеңінде шойнаң қағып Нұргалидың өзі жетіп келмегенімен, Өскеменнен жақсылық хабар алынды. Бұл хабарға Бибіш Нұргалидың өзі келгендей қуанды. «Әкейді таптық. Ауруханаға түсіпті. Хал-жағдайы жақсы. Жуықта шығарады. Алаң болмандар, ауылға өзіміз жеткізіп саламыз» депті қаладағы қызың мен күйеу.

Шабындықта жүрген шал-шауқандар да Өскеменнен хабар күтіп алаңдап, жұмыстан ертерек қайтқан еді. «Ауруханаға түсіпті» дегенді естігенде таңданғандай бастарын шайқасты:

— Апырмай, ауылдың шалын кім апарып бәлніске салып жүр екен? — деді Бектемір.

— Тағы да протез аяғы белгі берген ғой, тегі, — деп Лексей де өзінше жорамал жасады.

— Ағайдың жүрегінің дімкәстігі бар еді, жүрегі ауырып түскен болар, — деді Жанғали.

— Жаман шал қаңғалақтап жүргенде мәшине қағып кетпесе жарап еді... Содан қорқам! — деді Бибіш.

Айналасы бір жетінің ішінде Нұргали, қасында қызы мен күйеу баласы бар, ақсандал үйіне келген. Әкесін көруге андағы-мұндағы балалары Мұқырға ағылды. Туған-туыстардың осыған дейін қосылмай жүрген бастары бір қосылып, мал сойып құдайы беріп, ұлан-асыр той жасасты.

Бибіш кемпірдің көріпкелдігі бар екен... Қалаға барған Нұргалидың алдынан қызы мен күйеу баласы қарсы алмапты. Тегі, ауданнан соққан жеделхат жетпеген ғой деп, Нұргали такси жалдал, әдіріспен үйге келсе, үй жабық екен. Көршілері қызы мен күйеуі балаларын ертіп курортқа кеткенін айтады. Сол көршінің үйінде бір түнеп, Нұрекең кош айттысып ертеңінде қайтар жолға шығады. Таксимен өзі білетін автовокзалға дейін барады. Содан автовокзалдың көп сатылы тас табалдырығымен көтеріліп бара жатқанда автобусқа асыққан әлдебір жасөспірімдер байқаусызда қағып

кетіп, қалпақтай ұшырады. Тас басқыштан төмен қарай допша домалап, протезі сынып, өзі есінен танып қалады.

Нұрекен ауруханаға осылай түсіпті.

— Бәлністе жатырмын деп хабар бермедің бе? Әкесінің үйінде жатқандай шалжиып хабар-ошарсыз жатып алғаны несі екен бұл шалдың? — деп Бибіш ренішін білдірді.

— Қызыымның әдірісі жазылған әлгі жалғыз жапырақ қағазды жоғалтып алыппын... Менің қызыымды танымасандар, онда Мұқырға хат жазындаршы десем, «іздедік, бірақ ондай ауыл біздің облыста жок екен» деп сестра қыздар бет бақтырмай қойды.

— Мұқыр емес, ресми қағаздарда Раздольное емес пе? Соны да ұмытып қалдың ба? — деді Мырзахмет.

— Картада да, поштадағы әлгі «Индекс кітабында» да Раздольное деп көрсетілген, — деді Лексей де Мырзахметтің сөзін растап.

— Онда біз несіне Мұқыр деп мәз болып жүрміз? — деп бұл жаңалықты жаңа естіген Бектемір молда да аңтаң болды.

— Кітап оқымайсындар, газет-журнал қарамайсындар. Ауылдың атына дейін ұмытып, бәрің де көштен қалғансындар! — деп Мырзахмет құрдастарын қатты айыптады.

Бір жарым ай бойы жоғалып кеткен Нұрғалидың табылу қуанышына жиналған жұрт кеу-кеу әңгіме қозғап, көңіл жазып, түннің бір уағына дейін отырысты.

Жан-жактан бір-ак күнде жиналып қалған Нұрғалидың балалары бір-ак күнде жан-жаққа тарап кетісті.

Қаладағы аурухана берген су жаңа протезін киіп, иығына шалғысын іліп, Нұрғали да ертеңінде шойнаң қағып өзінің шабындығына тартты.

\* \* \*

Ой мен қырдағы шәп шабылып, егін орагы аяқталғаннан кейін ауыл басшылары өзара кенес құрған:

— Алдымен сабантой жасаймыз ба, әлде мектепке ат беру жиынын өткіземіз бе? — деп шаруашылық басшысы Тұсіпбеков мәселені төтесінен қойды.

Арасында мектеп директоры бар, жиналған мамандар бұл сұраққа тиянақты жауап таба алмай қиналысты.

— Сабантойды өткізе берейік, — деді күбір-күбір кеңестен соң алғашқы болып пікір білдірген бас инженер. — Механизаторлар тұн үйқысын төрт бөліп, шүкіршілік, орак науқанынabyроимен аяқтады. Биылғы орак оларға оңайға соққан жоқ, бәрі де қажыды, шаршады. Сондықтан біруақ механизаторлардың көңілдерін аулаған жөн деп білем.

— Малшылар да жайлаудан жылжып күзеуге түсіп жатыр. Сабантойды өткізген дұрыс шығар, — деп бас зоотехник бас инженердің пікіріне қолдау көрсетті.

— Тағы қандай ұсыныс бар?

— Сабантой, сабантой дейді... Совхозымыз белшесінен батып убыткада отыр... Несіне өзекеүрессіңдер? Қаржыны қайдан табам сендердің ондай тойларына? — деп, осы арада бас инженер мен бас зоотехникке бас бухгалтер қарсы шықты.

— Әкімшілік тарапынан аздаған қаржы табармыз, — деді Тұсіпбеков бас бухгалтерді сабырға шақырып. — Одан арғысын, ел-жұрт қой, өздері-ақ бірдене етіп көтеріп әкетеді.

Жиналғандар бастықтың сөзін гүілдесіп, қолпаشتай жөнелді.

— Тұсекең тауып айтты!

— Бастап берсек болды ғой, қалғанын өздері-ақ қатырады.

— Рас айтасың, бұл ауылдың Мұқыр екені рас болса, арғы жағын өздері-ақ алып кетеді.

— Эне, тағы да Мұқыр деп шатастырды... «Раздольное совхозы» десенізші?

— Мейлі, солай-ақ болсын...

— Арақ-шарапты молырақ етіп түсіру керек шығар...

— Киім-кешек, қант пен шай дегендей...

— Қанттың керегі жоқ... Сол тиесілі талоннан айырмайық.

— Дұрыс айтады. Эйтпесе жұрт жаппай самогон айдал, үятқа қалып жүрерміз.

— Сонымен, сабантой өткізетін болдық қой? — деді бастық.

Жиналған мамандар нақты жауап бере алмай тағы да біріне-бірі жаутаңдастып, тосыла берісті.

— Неге үндемейсіздер?

— Меніңше, сабантойдан бұрын мектепке ат беру жиналысын өткізген жөн секілді, — деді мектеп директоры.

— Неге олай дейсіз... дәлеліңіз бар ма?

— Пәлендей дәлелім жок. Бірақ... сабантой дегенің аламан жиын ғой. Ондай үлкен жиында ауылдастардың бір-бірімен алакөз бол жүргені жақсылыққа апармас. Жанжал шығып жүруі мүмкін...

— Қамай мен қарғалдақ болып дейсіз ғой?

— Дәп солай, Тұсеке... Екі рудың бетке шыққан азаматтары тістерін қайрасып, білектерін сыбанысып мектептің жиналысын күтісп жүр...

— Жиналысты күтіп жүр дейсіз бе?

— Ие, күтіп жүр.

— Өйтіп күтіп жүрсе, ол жиналыстың да соны төбелеске айналып кетпей ме?

— Онсыз да азамат соғысы бұрқ етейін деп тұр бұл ауылда...

— Азамат соғысы дейді?

— Ие, азамат соғысы... Біз де Таулы Қарабақтың алдында тұрмыз.

— Таяу Шығыс де... Біз соларға келіңкірейміз.

— Не дейді, бәтіреке?

— Ондай қауіп төніп тұрса, сол мектепке ат бермей-ак қойсак қайтеді?

— Бермей жатсак — баяғыдағы ағылшындар мен француздардың жүз жылдық сойқанына ұласып кетуі кәдік.

— Апымай, мынау бір қын жағдай болды ғой!

— Қындықтың көкесі алда...

Көпшіліктің гу-гу сөзін мектеп директоры тоқтатты:

— Сіздер өйтіп бұра тартпаңыздар, жолдастар! — деді бастық кәдімгідей-ак қызырақтап. — Мектеп болған соң оның аты болғаны дұрыс. Аты бар мектеп сіздерге де, біздерге де абырай.

— Абырой дейсіз бе? — деп бастық мектеп директорына қарады.

— Ие, үлкен абырой...

— Ендеше, былай болсын... — деді Тұсіпбеков. — Алдымен мектептің мәселесін шешіп алайық. Сабантой бізден қашпас... Ол үшін ертең кешке ауыл клубына халықты жинап, күн тәртібіне мектепке ат беру мәселесін қоялық... Карсылық жок қой? Келісеміз бе осыған?

— Келіспей қайда барамыз...

— Келісеміз!

Ертеңінде, осы келісім бойынша мұқырлықтар ауыл клубына жиналды. Көмелетке толған, дауыс беруге жараган азаматтардың бәрі иін тіресіп клубтың ішіне кірді. Бала-шага, мектеп дауын сырттай қызықтаған басқа атасың оқілдеріне іштен орын тимей, олар кезек-кезек терезеден сығаласып, ашық тұрған есікке құлактарын тосты. Мұндай шулы жиын Мұқыр ауылында бұрын-соңды болмаған. Болмаганы былай тұрсын, ауданнан әлдебір әкім келіп жиналыс аша қалса, бастықтар ауылдастарын желкелеп жүріп клубқа әзер жинасатын. Сосын жиналыс дегенге мұқырлықтар әдетте қалғып-шұлғып, бірер сағат болса да көз шырымын алып қайту үшін барушы еді. Бұл жолы қалғыған да, шұлғыған да ешкім болмады. Тіпті ауыл клубын ғұмыры көрмеген кейбір кемпір-шалға дейін кимешектерін желпілдетіп жетіпті. Келген бетте қарғалдақтар он қатарға, қамайлар сол қатарға жайғасты. Жиналыс басталғанша екі жақ жарылып кетердей болса да іштен тынып, бірін-бірі козбен атысып, әйтеуір жақ ашып тіл қатысқан жок. Жиналыс басталған беттен оның бәрі адыра қалды: зал іші аю тиген араның ұясына үқсан кетті.

Жиналысты аудандық оқу бөлімінің бастығы, мұрты таңқита қырылған, мұрын астында түймедей ғана қарасы бар Ковалев деген көзілдірікті кісі басқарды. Ол жұртшылықты күн тәртібімен егжей-тегжейлі таныстырыды да, алғашқы сөзді ауылдық кітапхананың менгерушісі Дәuletханға берді.

Сол-ақ екен, сол қатарда отырған қамайлар жағы корасына оқыста ит-құс түсіп кеткендей шулап қоя берісті.

— Неге бірінші болып қарғалдақ сөйлеуі тиіс? — деді олар қолдарын сермеп, айқайға басып.

— Кім бастап сөйлесе де бәрібір емес пе? — деп, Ковалев абдырады.

— Неге бәрібір? Бұл принсіпті мәселе... Сонда қалай бірінші бол сөйлейтіндей қарғалдақтың несі артық бізден?! — деді қамайлар жағы есе бермей шаптығып.

— Артық болсақ — артық та шығармыз! — деп қарғалдақтар жағы да сызданып, жиналыс төрағасы берген сирек мүмкіндікті жібергісі келмеді.

— Ендеше Дәuletхан да, Оралбек те сахнаға шықсын, екеуі екі жерде тұрып, бір мезетте сөйлесін! — деді есік көзінде тұрған Сейтебек деген жалпак бет, тапал жігіт.

— Екеуін қатар тыңдау қынғой?

— Сөзжарыс бол кетеді.

— Олай болса біреуіне беріндер!

— Ие, сонда кімге береміз?

— Даулетхан сөйлесін!

— Жо-жоқ, Оралбекке сөз беріндер!

Жиналыс төрағасы не істерін білмей сасқалақтап, көзілдірігін бір шешіп, бір киді. Төрағаның қиналғанын байқап, мінбеге Тұсіпбеков мырзаның өзі көтерілді. Мінбеден бастықтың сұсты тұлғасын көргенде зал іші жым болды.

— Жолдастар, мен қарғалдақ та, қамай да емеспін, ол жағы өздеріңізге жақсы мәлім, — деді бастық салмақпен. — Маған қарғалдағың да, қамайың да бәрібір, екеуіне де қаймана қазақ деп қарайтын кісінің бірімін...

— Неге бәрібір? Анау қамай Әшкөн құданды қайда қоясың? — деді топ ортадан біреу.

— Ешқайда да қоймаймын, — деді бастық. — Оның қамай екені, маған құда екені рас, бірақ ол кісінің мына сіздердің дау-дамайларыныңға ешқандай қатысы жок. Ол Аршатыда тұрады, оны өздеріңіз жақсы білесіздер.

— Құдан болғасын бүйрегің бәрібір қамай жаққа бұрады ғой!

— Ал бұрды делік... Сонда кімге бірінші бол сөз берерімізді шеше алмай, өстіп тұні бойы тәжікелесіп отырамыз ба?

— Неге шеше алмаймыз?.. Бірінші болып қамай сөйлесін.

— Оттапсың! Бірінші болып қарғалдаққа сөз беріліп қойылды! — деп оң қатардағы біреу орнынан атып тұрды.

Ендігісі, мінбеде тұрған бастыққа дейін сасайын деді:

— Жолдастар! — деп ол қолын көтеріп, бастықтығына басып ақырып жіберді. — Мынау жиналыс емес, Ташкендеғі Алай базары бол кетті ғой! Бұларыңыз не?.. Албаты шулағанды дөғарыныздар! Раздольное совхозының дирекциясы алғашқы сөзді Дәuletханға береді. Бірінші болып сөйлеуге оның моральдық құқы бар... Өйткені оның мақаласы газет бетінде Оралбектен бұрын тұр...

— Басекен жөн айтады... бірінші болып Дәuletханың мақаласы тұрған болатын.

— Бұрын тұрғаны рас па еді?

— Иә, бірінші сонықін басыпты ғой оңбағандар!

— Солай ма еді?

— Қап! Құртқан екен ғой бізді!

Бастықтың тауып айтқан бұл дәлеліне қарсы дау айта алмай, қамайлар жағының ауыздарына құм құйылғандай болды. Сөйтіп, бірінші сөзді кітапханаши Дәuletхан алған. Ол осы Мұқыр ауылын ауыл еткен, соның негізінде Раздольное атты тамаша шаруашылықты үйымдастырған, өзі кейіннен Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза болған Қаратай Карамендин туралы толғана әңгіме айтты. Әңгімесінің соңын мектепке сол қасиетті кісінің атын берген ең ұрымтал, ең әділетті шешім болады деген ұранмен аяқтады. Дәuletханың сөзіне оң қатарда отырғандар «уралап» қол шапалактады, сол жактағылар ыскырып-кикулап, залды бастауна көтерісті.

Сөз кезегі Оралбек мұғалімге берілді. Ол айтар сөзін бипаздап әріден бастады. Өзінің таза шығармашылықтың адамы екенін, көп дүниені интуициямен алдын ала сезіп-біліп жүретінін, бала күнінен журналистік шаруага

бейімі бар дарын иесі екенін қозғап отті. Сосын, қаламгерлік шығармашылық жолдағы тырнақ алды туындысына осыншалық коніл боліп, талқыға салғандары үшін тосін басып, ауылдастарының алдында үш мәрте иіліп, перзенттік алғыс сезімін білдірді.

— Ау, жігітім, мектепке сенің атынды бергені отырған жоқпыз ғой, сағыздай созбай айттар созінді айтсаңшы! — десті он қатарда отырған қарғалдақтар жағының төзімі таусылып.

— Азаматтың аузын қақпандар, сойлесін! — десті сол жақтағы қамайлар жағы оз өкіліне ара түсіп.

Ақыры Оралбек негізгі әңгімесіне де ойысқан. Катонқарағай ауданындағы тұңғыш зерттеушінің бірі ретінде ұзак тұндер бойы кірпік ілмей архив актарғанын, сондай азапты да ауыр жұмыстың нәтижесінде әйгілі мұғалім Ералы Сагынаевтың онегелі өмірбаянын жарыққа шығарғанын айтты. Ол кісінің осы ауылдағы мектептің іргесін қаласқанын, ұзак жыл ұстаздық еткенін, жүздеген шәкірт тәрбиелегенін, ол шәкірттердің халық шаруашылығының алуан саласында ерен еңбек етіп жатқанын шабыттана соз етті. Мектепке сол кісінің атын беру лайық, нағыз әділетті шешім осы болады деген ұсыныспен сөзін тамамдады.

Бұл жолы қамайлар жағы ду қол шапалактап жіберді. Қарғалдақтар жағы олардың қуанышын айғаймен, ысқырықпен коміп естіртпей тастады. Екі жақ та кіжініп, білектерін сыбана бастап еді, жиналыс торағасы тұтана бастаған жанжалды үстелді тоқылдатып тоқтатып тастады.

— Дауысқа саламыз! — деді тораға.

Дауысты санау үшін он қатардан бір уәкіл, сол қатардан бір уәкіл сайланды. Мектеп директоры есеп комиссиясының төрағасы болып бекітілді.

Қол көтеріліп, дауыс берілді.

Қызық болғанда, дауыс қортындысында екі жақ та тең түсті.

— Бұлай болуы мүмкін емес! — деді қалыс ағайының бірі. — Қалайша екі жақ тең болады?

— Қамай жағы жеңуі тиіс еді... Біз көппіз ғой, — десті сол жақта отырғандар мығымсып.

— Қарғалдақтан садаға кет... Көпіз деп кердендегені несі! Біз де қоғам болып сайланып келгеміз, тегінде! — деп қоқиланды оң қатарда отырғандар.

— Бұл жерде сенімсіздік көрсететін дәнене де жоқ, — деді жиналыс төрағасы ақталып. — Өздерің сайлаған адамдар санады... Не істе дейсіндер енді маған?

— Қалыс ағайындарды неге есепке алдындар? — деген батыл емес, күбір-күбір дауыстар шықты.

— Олар да осы ауылдың тұрғындары, — деп түсінік берді төраға. — Мектеп оларға да ортақ. Мектептің тағдырына олар да енжар емес. Сондықтан олар да екі жаққа бөлініп дауыс берді. Оларды да санадық.

— Енді не істейміз?

— Ит біліп пе...

— Мынау шатақ шаруа болды ғой озі!

Төралқадағылардың да, залда отырған көпшіліктің де айла-шарғысы таусылып, бастары қатты.

— Қайталап дауыска салып көрсек қайтеді? — деді мектеп директоры төрағага жаутаңдал.

— Болмайды! — деп Ковалев бұл ұсыныска үзілдікесілді қарсы болды. — Оңдай жағдайда бір жағы жеңген күннің өзінде жеңілген жақ жанжал шығарады. Әдейі істедіндер деп президиумға сенімсіздік білдіреді.

Залда отырған екі топтың да екпіндері басылып, өзара қызу талқыға кірісті. Бұл тығырықтан шығар жол іздел, әрбір топ өздерінше мәжіліс құрысты.

— Қарғалдақ пен қамайдан басқа бұл ауылда ел құрып қап па? Олардың өтпеген екен, ендеши біз де өз кандидатурамызды ұсынайық! — деді есікте тұрган бағанағы жалпақ бет тапал Сейтебек.

Жұрт түгел жапырыла бұрылып, есік жаққа қарап аңтарылып қалды.

— Ұсынған кандидатуралардың екеуі де өтпеген екен, ендеши үшінші кандидатураны біз ұсынамыз!

Айтуын айтса да, жалпақ бет Сейтебек жасқаншақтап шегіне берді. Көпшіліктің назары жеп қоярдай оқыс өзіне төнгені зәре-құтын алған сыңайлы.

— Ол кім... сенің кандидатураң?

— Әзірge білмеймін... Ойласақ, табамыз ғой біреуді...

— Білмесен... — былжырамай жайына тұр!

«Бұл быртыштың сөзі кім, өзі кім» дегендей қөпшілік қолдарын бір сілтеп, өз жөндеріне көшті. Тағы да қызу талқыға кірісті. Әйтсе де, «үшінші кандидатура» деген идея жиналыс төрағасының көкейіне қона кеткен еді:

— Жолдастар, бұл жігіттің ұсынысы — орынды ұсыныс! — деп Ковалев орнынан ұшып тұрды. — Сіздер ұсынған екі кандидатура өтпеген екен, заң бойынша үшіншісін ұсынуға да қақыларының бар!

— Кімді? — деп күніренді зал іші.

— Ол жағын өздеріңіз шешінгіздер. Әйтеуір лайық деп тапқан ұлы адамдардың біреуін ұсынызыдар.

— Кімді? — деп зал іші тағы да наразы гүілдесіп кетті.

— Кімді екенін мен қайдан білейін? — деп Ковалев екі қолын жайды. — Өздеріңіз ойласаңыздаршы... Мысалы, аудандағы үлкен мектеп Калинин атында... Михаил Иванович Калининнің атында. Сіздер де сондай бір мықтының атын қойсаңыздаршы!

— Ау, ағайындар, біз ауданнан кембіз бе? — деп, осы кезде топ ортадан Лексей айғайлай орнынан тұрды. — Ауданың мектебі Калининнің атын неге жалғыз иеленуі тиіс?

— Рас айтады...

— Жақсы мен жайсаның бәрін аудан иемденетін болдығой бұл заманда...

— Олай болса біз де мектепке Калининнің атын береміз! — деп Лексей екі бұқтеліп, орнына қайта жайғасты.

— Кәліні кім еді? — деп сұрады бір кемпір.

— Бектемірге ұқсайтын теке сақал бір шал болған...

— Жақсы кісі болса — келіскең жөн, шырактарым!

— Жақсы кісі... Одан өткен жақсы кісіні табу қын шығар!

— Ендеше Лексейдің ұсынысын қолдайық.

— Біздің оқушылар ауданың оқушыларынан кем бе екен! Қолдасақ қолдаймыз!

— Калинин аты берілсін!

— Калинин болсын!

— Калинин! — деп зал іші қат-қабат жарысып, Лексейдің ұсынысын бірінен соң бірі көтере жөнелісті.

Клубтың іші өзгеше рухтанып кетті.

— Айтқандарыңыз болсын! — деп шулаған көпшіліктің мысы басып, Ковалев батылсыздау үн қатты. — Мектепке Калининнің атын беруге өз басым қарсы емеспін.

— Рахмет, шырағым!

— Алдыңдан жарылқасын!

— Бізді сен қолдасаң, сені құдай қолдап жүрсін!

— Әумин!

Жиналған көпшілік аяқ астынан табылған тамаша ұсыныстарына Ковалев бастаған бастықтардың қарсы болмағанына шын жүректен ризашылық білдіріп, ду қол шапалактап жіберді. Тіпті есік жактағы жастар урап, бір-бір ыскырып қалысты.

Сөйтіп, бұл ұсыныс дереу дауысқа салынған. Қарсы қол көтерген, немесе қалыс қалған тірі пенде болмады. Ұсыныс бірауыздан мақұлданып, ауыл мектебіне аса ірі мемлекет қайраткері Михаил Иванович Калининнің есімі берілетін болды.

Жиналыс тәрағасы Ковалев ауыл тұрғындарының бұл ұсынысын тиянақтап, құжаттарды реттеп, жоғарғы жаққа бекітуге тездетіп жіберетінін хабарлады да, жиналысты жабық деп жариялады.

Осылайша мұқырлықтар көптен көкейде жүрген қын мәселені ойдағыдай реттеп тастаған. Арқаларынан ауыр жүк түскендей сезініп көңілдері жайланып, асықпай, тұн ортасына қарай үйді-үйлеріне тарқасты.

Ала жаздай ағайынды алакөз еткен мектеп мәселесі осылайша дұрыс шешімін тапқан. Артынша Мұқыр өзенінің жағасындағы жазық машақта сабантой өткізілді. Дүрілдеп өткен сабантойдан соң мұқырлықтар қанағаттанғандық сезіммен қыстың қамына кіріскең.

Сөйтіп жүргенде, Мұқырда тағы бір жиналыстың өтетіні белгілі болды. Оны аудан басшылары қарашаның басында жасамақшы екен. Басшылардың үйғарымына қарағанда, осы жиында Мұқырдың бүгінгі жағдайы, келешек тағдыры сөз болатын сияқты.

\* \* \*

Қараша түсе қар жауды. Жаңа жауған қарды пайдаланып мұқырлықтар жаз бойы тау-қияда, сай-салада ақ тер, қара тер боп шапқан азын-аулак шөбін біртіндеп

кораларына таси бастады. Қолы жеткендер трактор жалдап, қолы жетпегендер шана жегіп, шошайған шомелесін шетінен көртіп, шет пүшпақтап атпен тасып жатты. Тамыр-таныстықпен сонау көктемде малшыларға мал қосқан ағайындар жайлаудан семіріп қайткан малдарын айдал қайту үшін күзеуді бетке алысты. Әрине, құр қол емес, жаз беделі мал баққан ақысы деп бірер шолмек, көйлектік бөз, қант пен шай қолтықтай кетісті. Қар жауған күні ауылдағы жекенің малын да бақташылар үйді-үйге таратып беріскең.

Жаз кезінде арнайы бақташы жалдап, ауылдағы жекенің малын бір жерге жинап, қоғам жасап бағып келген еді. Ендігісі ондай кең заманның ауаны тарайды. Ендігісі әркім малының сонында таяқ ұстап салпақтап өзі жүретін мезгіл жеткен. Малды қазірден қолда ұстап, қорадағы азын-аулак шөпке қамап қою өлі ертерек. Өйтіп қараашаның басынан шүлениситін болсаң — шапқан шебің көктемді былай қойғанда, ақырапқа да ілінбей, жұтап қаласың. Сондықтан әзіргідей күн жылы, қар жұқада жекелер малын егіні орылған боласаны масақтап, уақытты ұтуға тырысады.

Табиғат пен тұрмыстың ыңғайы мұқырлықтарды осындаі амалға үйреткен болатын.

Қыс пен жаздың жалғасар тұсындағы осы бір өліара шақта әсіресе қолдағы бірлі-жарым сиыр малына ие болу қын екен. Козден таса болса бітті, қарасан келгір немелер көздері алайып безіп береді. Басқа дүние жетпегендей, салып ұрып сохоздың шобіне барады. Содан күргейлеп үйіп қойған маяның етегін шыр айналдыра шүрк-тесік оймыштап, бастарын белуардан тығып, малжаң-малжан қүйсеп тұрғандары. Жегендерімен қоймай, шөпті мүйіздерімен іреп шашып, сонынан үстіне шығып жапалап кетерін қайтерсің!

Орынбай күзетші бол жүргенде мұқырлықтар өздері сауып отырған сиыр тұлігінің қандай хайуан екенін бағамдамай келіпті.

Биыл күзде Орекең аман-есен жұмысынан алнып, оның орнына семіз Қанапия «охран» болған. Сиыр тұлігінің ысқаяқ оңбаған жүрісі барын мұқырлықтар сонда үқты... Кімнің кім екенін бастықтар да таниды

екен, қазір Қанапия өзіне жүктелген зор сенімді есептеп ақтап жатқан жайы бар. Охран болғанға құдайдың құлағын ұстағандай ісініп, деміне нан пісіп жүр. Ол охран болғалы мұқырлықтардың басынан қиқу, коңлінен құдік кетпей-ақ қойды. Төңкерілген қарны ердің қасынан асып, күн ұзак қиқайып аттан түспейді. Сауысқандай шықылықтап, тансәріден үйге келіп тұрганы қамшысын шошаңдатып. Совхоздың шөбіне малың оқыс түсіп кетті екен, онда қып-қызыл бәлеге қалғаның... Алдымен малыңды тырқыратып қораға апарып қамайды. Сосын козінді бакырайтып қойып саған акті жасайды. Бала-шағаңның аузынан жырып, ақшалай айып толетеді. Осымен тынса бір жөн ғой, онсыз да шықпа жаным шықпа деп отырған отбасынды шайлышқа сүттен қақтап, қамаған малыңның майын сылып ашықтырып, бірер күннен соң ғана қайтарады.

— Қанапия құдайшылықтан кеткен екен... Соғымға деп бордақылап жүрген тайыншамды қамап, екі күн бойы ашықтырды, — деді Лексей бірде коршісіне шағынып.

— Сені қойшы... орыс реуіштісің ғой сен, Лексей, — деді оған Нұрғали. — Тайынша болмаса, сен соғымға шошқа сойсан да күнінді көресің. Ұят болғанда, биылғы жыл соғымнан мен қағыла жаздадым емес пе!

— Иә, не болты соншалық?

— Әлгі менің күрен тайымды білесің ғой?

— Иә, сосын?

— Сол күрен тайды Ботап сайындағы Мәнтештің ескі моншасына қамап кетіпті. Табанымнан таусылып төрт күн іздел, азар таптым емес пе!

— Адам емес екен бұл Қанапия.

— Садаға кетсін адамнан... Тасшоқының басы екеу деп жүрген шатасқан шалдан қандай иман күтерсін!

Қанапияның қырсығы қабырғаларына батынқырап кеткен соң, қазір боласадағы әр сиырдың сонында шошайып бір-бір кісіден жүр. Кісі болғанда, бала-шаға окуда, былайғы азаматтар совхоздың шаруасынан болсамайды. Бұл жүргендер ауылдың баяғы кәрі-құртандары, кембағалдары болатын.

Қылтадан қар жауып, шана жолы түскен соң жаңадан келген орманшы жігіт Қаракүнгей жақтан делән

бөлген. Орманшыдан отындық ағашқа занды түрде билет жаздырып алғандар сол күні шаналарын жегіп, Қаракүнгей жаққа қайқайысқан. Елден бұрын барып, бұтағы аз, безі жоқ, отындыққа ыңғайлыш ағаштарды белгілеп, алдын-ала қармап қалмақ.

Осылайша Мұқыр ауылы күйбен тірлігімен қысқаракетіне кіріспей жатқан мезетте көктен тұскендей салан етіп ауылға Рахман жетіп келді. Торт ай бойы Раханың із-тұзыз жоғалып, ауылға аман-есен оралып тұрғаны осы болатын. Келгенде — жалғыз емес, қасына бүркіт мұрын, жабағы шаш ұзынтыра бір жігітті, сосын өкшесіне қаранган өзінің Марфуга сұлуын ерте келіпті.

— Қуды қу табады, шұқанақты су табады демекші, Рахманның жабағы шаш мынауысы озінен аумайды екен, — десті оларды корген бетте мұқырлықтар.

— Бұл кісі атағы жер жарған экстрасенс! — деп таныстырыды Рахман қасындағы жігітті. — Бұл кісінің қасында Кашпировский мен Чумагің қоныз теріп кетеді.

Ауыл болған соң ол жерде ауру-сырқаусыз тағы болмайды ғой. Оның үстіне фельдшер қыз сонау сәуірде Аршатыға тұрмысқа шығып, ала жаздай медпункт мелшиіп жабық тұрған болатын. «Экстрасенс» дегенді естіген кезде мұқырлықтар құлақтарын түре қалысты. Сойтті де алыстан келген ғажайып кісіні көру үшін келесі күні Бибіштің үйіне қарай ағылды.

— Сендерді ағайыным деп, көкелерім ғой деп мен бұл кісіні Мұқырға әдейі алып келдім, — деді Рахман да жиналған көвшілікті көріп көнілі босап. — Бірақ сендер менің осы жақсылығымды да білмейсіндер гой... Күні ертең ұмытып кетесіндер.

— Ұмытпаймыз! — десті экстрасенсті көрмекке келген көвшілік.

— Ұмытпасандар, төрт ай бойы жоғалғанда, «Рахман қайда?» деп, тым болмаса біреуін іздесендер етті?

— Шырағым-ау, сайда саны, құмда ізі жоқ сені қайқаладан, қай даладан іздел таппақпыз?

— Жарайды... Маған деген жақсылықтарың сол болсын. Бастықтарға сөз салып, анау медпунктті мына кісіге аштырып беріндерші. Сол жерде, жайлы орында отырып клиент қабылдасын.

Көптен дәрігерсіз, дәрісіз қалған көпшілік қоя ма, Рахманның айтқанын екі етпей, иесіз тұрған медпунктті сол күні-ақ аштырып берді. Рахман жабағы шаш ұзынтыраны төргі бөлмеге жайғастырды да, сенекке үстел қойғызып, ол жерге Марфуғаны отырғызды. Марфуғаның қасына «касса» деген жазуы бар тақтайша іліп қойды.

— Марфуға осы жерде отырып клиенттерден ақша жинайтын болады. Мен бұлардың бастығы ретінде кезек сақтатып, жұртты тәртіпке шақырып отырам, — деп Рахман өркімнің міндетін түсіндіріп өтті.

Бұған қала кормеген біреулер танданыс білдіріп жатты:

— «Ақша» дейді... Тегі, бұл кісі ақшамен емдейді еken ғой?

— Сен немене... елдің бәрі бершіл Мағрипа деп пеен, тегін емдейтін.

— Көрмегенге көсеу таң деген осы да...

— Денсаулық үшін ақша деген не тәйірі. Ертең өлсөң бок дүние босқа қалады.

— Қаншадан еken?

— 50 сомнан деді ғой...

Экстрасенске кіру үшін ақша жинағанға кемпір-шалдар жағы сұрақты көбейте берген соң, Рахман ол мәселені де жеріне жеткізе түсіндіріп берді:

— Біз әрбір клиенттен қалада 10 сомнан алатынбыз. Одан бергі Самарда 20 сомнан, Зеранда 30 сомнан, Үлкен Нарында 40-тан алып келдік. Ал бұл Катонқарағай ең шалғайдағы аудан, сондықтан бұл жакта әр клиенттен 50 сомнан алуға шештік.

— Тым көп емес пе, Рахман шырағым?

— Түк те көп емес... Бұл Мұқыр ауданнан да алыс — жүз шақырым түкпірде... Глубинкада. Қайта біз сендерден сәпсем аз алып отырмыз. Жерлесім деп, көкелерім деп мен қайта үлкен жеңілдік жасап отырмын. Мұқыр Катонқарағай емес қой, қайдағы бір құдай атқан түкпір бұл жер. Сондықтан бұл жерден 60 сомнан алсақ та артықтық етпейді. Сөйткен дұрыс, 60 сомнан болсын!

— Көбейтіп жібердің ғой!

— Жо-жоқ. Давай.. көп сөзді доғарып, тағы 10 сомнан қосындар!

— Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, құлағынан айрылыпты деген осы!

Арада откен торт ай — білген кісіге біраз уақыт екен. Бұл торт айдың ішінде Рахманның қой ұрлағанын да жұрт ұмытқан болатын. Семіртіп отырған жалғыз қойын ұрлатып алған Жамал жесірге дейін оны баяғыда кешірген:

— Бұршақ қанша секіргенмен табаны қиратпайды... Рахман тентек болып тезден шықпас. Азаматтың абыройынан тышқақ тоқтым садаға! — депті ол кісі ана бір жолы.

Соған қарағанда, Рахманның ауылдан алды-артына қарамай безіп кетуі де бекер болған сияқты. Рахман кеткеннен кейін үш күннен соң жабылып қалған Төртінші ауылдан ауып келген Сәрсен деген жігіт моторист бол оның орнын басқан. Сонынан Қазтайдың үйінің қасындағы діңгек те қайта орнап, Заречный кошесіне шам жағылды. Қазір де кешкі жетіден тұнгі он бірге дейін ауыл іші самаладай жарқырап тұрады. Кейде екі сериялық әлдебір қызық кино бола қалса — Сәрсен моторды он екіге дейін ошірмей жағып қояды. Жақсылық хабар қашанда жерде жатпайды ғой, ауылды кеулеген қайсыбір әңгімелерге қарағанда Бұқтырма ГЭС-інің жарығы жуықтағы екі-үш жылда осы Мұқырға да келіп қалатын сияқты:

— Ондай жағдайда әр отбасы бір-бір мұздатқыш сатып алатын болады! — дейді кітапханаши Дәulethan Мұқырдың болашағын болжап.

— Оны не істейміз? — дейді білмейтіндер иықтарын көтеріп.

— Ет сақтаймыз, сұт сақтаймыз...

— Сосын...

— Сосын ГЭС-тің қуаты келсе телевизорды қосып қойып, күндіз-тұні кино кореміз.

— Жұмактай жақсылықтар алдымызда екен ғой!

— Пішту! Оған дейін балапан басына, тұрымтай тұсына қаңғып кетпесек жарап еді...

Дәulethan демекші, оның көптен жазып жүрген «Мұқыр ауылының энциклопедиясы» турасында бұл

ауылды әрқилы әңгіме кезіп жүр. Ол әңгіменің қайсысы шын, қайсысы өтірік, анығын өшкім білмейді. Біреулер «энциклопедияны» Дәuletхан өткен айда жазып бітіріп, поштамен Алматыға салып жіберген екен деседі. Енді біреулер: «Тіпті де олай емес, Дәuletхан мұзға жазып, күнге кептірген уәдешіл суайт. Шежіреге ол енді ғана кірісіп жатыр» деп дәлелдейді. Үшінші біреулер: «Кітапханашиның энциклопедия жазып жүрмін дегені шылғи өтірік, оның бәрі болайын деп бола алмаған, толайын деп тола алмаған баланың әшейінгі қысыр қиялы, көкейдегі арманы ғана» деп есіл еңбекті тұп-тұқиянымен жокқа шығарғысы келеді. Күзден бері «охран» болып, үрген қарындағы күпіп жүрген Қанапия да әнеу күні даңғырлап, осы үшінші пікірді қуаттап кеткен:

— Жер жүзінде Мұқыр сиякты көтерем ауылдар аз ба!.. Оның бәріне өйтіп шежіре жазыла берсе — жер бетін шөп емес, кітап қаптап кетер еді, — деді ол белгілі әуеніне басып.

— Адам деген су ішкен құдығына түкірмес болар! — деп Нұргали аскан отаншылдық танытып, ауылына араша түсіп еді, Қанапия:

— Сен қазанға салмағанды қасықпен іздетіп елді өуре қылма... Былайғы жұрт сенің ауылыңың өмірде баржоғын да білмейді! — деп кесіп тастады.

— Білмесе қойсын. Бірак Мұқыр қасиетті мекен! — деп Нұргали да қасарысып, өз пікірінен қайтпады.

— Есекке үкі таққандай Мұқырды несіне мақтай бересіндер осы! — деді Қанапия барынша салмақтап. — Мұқыр түгілі қазір ел-жұрттың алдында аудан қарабет бол отыр.

— Не бол қапты тағы?

— Әнеу күні Қалиахмет Сатанов деген Берелдің управляемийі астанадан келген бір топ қадірлі қонақтарды жер соқтырып алдап кетіпті.

— Апымай, үят-ақ болған екен!

— «Ертең келіндер, бұғының мүйізін кескенді көрсетем» депті де, өзі ертеңінде тығылып қалыпты. Сөйтіп, әлгі астаналық қонақтар ыстық аптастың астында Қалиахметті жарты күн тосыпты. Алданып қалғанда-

рын білгесін, «ендігәрі көрмегеніміз Катонқарағай болсын» деп бір түкіріп, қатты ренжіп Алматыға кетіп қалысыпты. Содан бері Алматыда да біздің аудан туралы нашар пікір бар деседі.

— Бұл Қалиахмет сүйекке таңба салып, бәріміздің масқарамызды шығарған екен! — деп бұл әңгімені естіген көпшілік қатты намыстанды.

— Қалиахметте шатағым жоқ, — деді Нұргали күбірлеп. — Бірақ біздің Мұқырдың жөні басқа.

Құрдасының бірбеткейлігі тағы да Қанапияның шамына тиіп кетті:

— Сен Нұргали, алдымен анау Тасшоқының басы нешеу екенін анықтап алсаңшы, менімен сосын сөз та-ластырасың! — деді шолақ қамшысын шошандатып.

— Білемін... біреу болған, — деді Нұргали да тіресіп.

— Біреу емес, екеу болған деймін!

— Біреу болған...

— Екеу деймін. Екеу!

Мейлі, Қанапия кіммен дауласпаған, сырьы көпке мәлім күбі қеуде, көк езу Қанапия ғой. Сондықтан кітапханаши Дәuletхан туралы көре алмастықпен де жаман айтуы мүмкін. Олар қалай ойласа да өздері білер, бірақ Нұргали кітапханашида әлгі айтқан шежіренің барына сенімді болатын.

Сенген адамы — Рахман жүгірмек Нұргалиды жер соқтырып, сазға отырғызып кетіпті. Табанының бұдыры жоқ сол жігітке о бастан-ақ «қалай болар екен» деп күмәнданып еді, онысы бекер емес екен... Басқадай онтайлы адам табылмаған соң, амалсыздың күнінен әлгіндей күрделі істі күдіктене тұрып табыстағаны рас. Сөйтсе, Дәuletхан жазып жүр дейтін Мұқырдың энциклопедиясының орнына «Қазақ совет энциклопедиясының» он екі томын жытырыпты ғой сабазың. «Көке, кешірініз, басқадай энциклопедия таба алмадым» деп тілдей хат жазып, қала жаққа қашарда соңына тастап кетіпті. Апымай, қолмен жазылған дүние мен тасқа басылған кітапты айыра алмағаны несі бұл Рахманның? Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болушы ма еді... Ымның ыңғайын түсінген сияқты еді ғой? Негып басқа кітапты өкеліп жүр? Үқылассыз, құлықсыз жасал-

ған жұмыстың ақыры өстіп тынады мінеки. Біреудің жоғын біреу түйе үстінен іздейді деген осы да.

Қалай болған күнде де бұл мәселе Нұрекенің көнілін байыз таптырмай, тұн үйкесін төрт бөліп, мазасын кетіріп жүр...

Қазтай мен Ақдәuletтің арасындағы құпия сырдан, шүкіршілік, әлі күнге әлеумет бейхабар. Бір класта қатар оқып жүрген ойын балалары емес пе, Дархан мен Дидар төс түйістірген дос болып алысыпты. Осы жағдайды біраздан бері байқап жүрген Нұрлытай тұнеу күні:

— Ақгүлдердің үйін қонаққа шақырып, былай нетіп... араласып тұрсақ қайтеді?— деп Қазтайға назайтқан.

Жалпы бұл ұсыныска Қазтай әу бастан қарсы емес еді. Бірақ ол кезде қарғалдақ пен қамайдың дауы шарықтау шегіне жетіп, әні-міне жарылайын деп тұрған қауіпті шағы болатын. Ондай қын-қыстау кезенде көзсіз ерлікке баруға Қазтайдың батылы жетпеді. Күллі қамай өuletі ондай шақырысты сатқындыққа балап, бетіне басып табалай ма деп қауіптенді. Сонынан «осы Нұрлытай қарғалдақтығына басып, алыс та болса атласына бүйрегі бұрып тұрмаса неғылсын!» деген де ой келген басына. Соны ойлауы мұн екен:

— Керегі жок! — деп барқ ете қалды.

— Неге керегі жок?— деді Нұрлытай күйеуін еркелете шашынан сипап. — Балалар екі үйге де ортак, олай болса екі үй араласып, ағайындастып тату-тәтті өмір сұрсеқ қандай жақсы болар еді. Бәріміздің көніліміз жай табар еді.

— Керегі жок! — деп Қазтай тағы да барқ етті. Солак екен, Нұрлытай да орнынан жылан шаққандай атып тұрып:

— Садағам! — деді айқайға басып, Қазтайды көк желкеден қойып қалардай тепең-тепең етті. — Садағам, білдің бе! Бірің өліп, бірің қал... Қайтеді ей, адам сөзін айтса, төбет ит құсан арнылдап...

Солай деді де, есікті тарс жауып сыртқа шығып кетті. Бекер-ақ «арпылдаған» екенмін деп, жерге кірердей жүдеп Қазтай қалды.

Қазір елді шулатқан мектеп мәселесі ойдағыдай шешімін тауып, қамай мен қарғалдақ арасындағы ата жаулықтың жалындаған оты бәсекесіген уақыт қой. Әгәрки, екі атаның арасындағы осынау бейбітшіліктің ақыры баянды болса, Қазтайдың да Ақдәuletті қонакқа шақырып қалуы ғажап емес. Сосын еруліге қарулы дегендей, Қазтайды Ақдәulet қонакқа шақыра жатар. Сөйтіп, төс түйістірген дос болар, отбасымен араласып, күйрық-бауыр жескен ағайын-жекжат болып кетер... Әзірге мұның бәрі Қазтайдың көкейіндегі құрғақ киялғана. Ал шындығында екі үйдің туыстық қарым-қатынасын, екі баланың тағдыр-талайын тек қана ауылдағы рухани келісім, бейбіт келешек шешетін сияқты.

Бірақ соңғы кезде «Ақдәulet бұзылыңқырап жүр» деген ел ішінде қауесет бар. Әйелі Ақғұлмен жиі-жиі үрсысып, аздал ішімдікке салынып барады деседі. Ғұмыры ішімдікті аузына алмайтын мұғалімнің бұлайша өзгеріске түсуі мұқырлықтарға абырай емес әрине.

— Кетемін мен бұл жерден! — дейді екен Ақдәulet ішкен сайын. — Мұқырда бір күн де түрмаймын. Дүние кен, бір жерде менің де несібем бар шығар... Көз көрмес алысқа кетем. Әйтпесе омірім өксүмен босқа өтіп барады. Ішкүса бол өлетін болдым мынау меніреу түкпірден.

— Босқа откені несі? Сен шәкірт тәрбиелеп, еліміздің келешек азаматтарын дайындал жатқан жоксың ба? Сен олайша босқа қапа болма! — деп келіншегі басу айтса:

— Бәрі былжырақ, бәрі бос сөз, демагогия! — деп оған да көнбейді екен. — Мұғалімнің дәуірі әлдекашан өткен. Бүгінде мұғалім жазғанды, басқаны былай қойғанда, оқушының өзі де тындармайды. Жәйі келсе, сыртынан мазақ етіп, ернін шығарады.

— Қой, Ақасы, соншалықты таусылғаның не?

— Алатын айлығың ішкен-жегеніңнен артылмайды. Оның өзін уақтылы ала алмай, сандалып жүргенің. Біреулер құсап жарқырап киім киіп, жадырап көніл де көтере алмайсың. Отын, шөп дегендей, күнкөріс үшін осы ауылдың бастығынан бастап, басқасына дейін тоуелдісің. Жалшыдай жалтактап жүргенің көрінгенге бас үрүп...

— Үмітсіз шайтан деген, Ақасы...

— Бәрі бекер. Көкірек толы арман еді, бәрі де адыра қалды. Тұкпірге тығылып тұншығып қалдым, дегеніме жете алмай қор болдым. Бәріне осы сайтан атқыр Мұқыр кінәлі! — дейді екен Ақдәulet қатты қызған кезде.

Ақдәulet ауылдың ғана емес, ауданның да бетке үстар үлгілі мұғалімі санатында. Үлгілі мұғалімнің аппак көніліне ала коленкенің тұскені ауылдастары үшін киындау мәселе болып тұр. Тай тулағанмен үйірінен шықпас дейді ғой. Ақдәulet те бала-шағасын, қара шаңырағын, қала берді туған ауылын тастап қайда барады дейсің. Бәлкім, ішімдік жағын азайтса, ақыл кіріп, бұрынғыдай ізетті әрі момын кейпіне түсетін шығар деген үміт бар.

\* \* \*

Суық тиіп, біраздан бері сырқаттанып үйінде жатқан Әмір шал да қарашаның қары жауған күні қауқып шықарға шыққан. Содан баяғы жылдары өзі орнатқан ағаш ескерткішті жаңалап, бетін сырлап қайту үшін қыр басына жиналды...

Кеше кешкісін Әужекенде Өскеменде тұратын кіші қызы Қанипа бала-шағасымен меймандалап келген болатын. Әздері от ала жүргендей тым асығыс екен. Әкешешемізге амандастып қайтайық деп, небәрі үш-ақ күнге жұмыстан сұранып шығыпты.

Шалының бүкшенденеп, бір жаққа жиналып жатқанын байқап қалған Рәзия реніш білдірді:

— Әй, кантож, қызың қаладан күнде келіп жатқан жок қой... копандамай үйде отырсаншы былай! — деді дауыстаі.

Әужекен кемпірінің байбаламын естімеді ме, құлақ асқан жок. Шалы құлақ аспағанға Рәзия одан сайын ашууланып айқайға басты:

— Бұйыққан мысықтай үйде жатып-жатып, боранды күні құтырғаның не сенің? Андағы көкжөтел түбіме жетсін деп жүрсің бе!

Әужекен Рәзияның айқайының мәнісін ұққан кезде:

— Рәзия, сен үрыспа маған! — деп тамағы кеберсі үн шығарды. — Құдайдан бір тілеуім бар, келіннің қолына телміртпей, сенің алдыңда алса екен деймін... Ол жаққа мен коптен бері дайын жүрген кісімін.

— «Бісміллә» деп сөйле былай!

— Бүгін майдаңдас достарым түсіме кіріп, мені шақырып жүр екен деймін... Ескерткішті жаңғыртып, бояумен сырлап қайтайын.

Шалының сөзінен тіксініп қалған Рәзия қайтып үндеғен жоқ.

Бояуы мен бояуышын сүйретіп қыр басына шыққанымен, Әужекең ағаш ескерткішті орнынан таба алмай адасып қалды. Сұрақ белгісіндей бүкішип, қыр биігінде далы шығып тұрған шалды коріп, етекте ойнап жүрген бір топ бала жамырай жүгіріп қасына келді. Жамырай жеткен балалар бастырмалатып бірінен соң бірі жарыса сөйлеп жатыр:

— Ата, ескерткішті ана жолы біргөдір трактормен қопарып тастаған...

— Солдаттың мойнына арқан ілді де, трактормен бірақ құлатты...

— Сосын анау сайға қарай домалатып жіберді...

Әужекең балалардың жарыса сойлеген сөзінің бірін үқса, бірін үққан жоқ. Бірақ болған жағдайдың мәнжайын жақсы түсінді. Өкінгендей басын шайқап күрсінді, сосын ойға батып сақалын саумалады.

— «Автоматы жоқ, қолы жоқ бұл мазақ кімге керек» деп жұлып тастады.

— Бибіш апам «тиіспендер» деп еді, біргөдір тында-май қойды...

Әужекең балалардың кекілінен еркелете бір-бір сипады да, ілби басып арғы жақтағы сайға түсті. Тамырымен қопарылған ағаш ескерткіш домалап сай табанында теңкип жатыр екен. Солдаттың бетіне біреу қара май жағып әлеміштеп, кеудесіне «жаман жазулар» жазып тастапты.

Әужекең бояуы мен бояуышын сүйретіп, қыр басынан көңілі құлазып қайтты.

Қаладан Қанипаның келгенін естіп, сол күні кешке Әужекенің үйіне саптамасын сүйретіп Қайсар жетті.

— Қарағым Қанипа, қолың тисе қала жақтан маған құлактың аппаратын салып жіберші! — деп шай үстінде Қанипаға келген бұйымтайын айтты.

— Ондай дүниес табылса, салып жіберейін! — деді Қанипа.

Қайсар ыңғайсыздана қозғалақтап:

— Ақшасын беріп жіберейін бе? — деп күмілжіді.

— Керегі жоқ... кейін бере жатарсыз, — деді Қанипа.

Қайсар естімедім дегендей, құлағын тосты.

— Ақшасының керегі жоқ деймін, — деді Қанипа дауысталап.

— Тілеуінді берсін, Қанипажан! — деді Қайсар өзгеше жадырап.

Құрдасының келіп қуанышына ортақтасқанына Әужекең де риза болатын.

— Биылғы жыл аурушаң бол алдым, — деді Әужекең дастарқан жиналған соң Қайсарға бұрылып. — Байқаймын, осы қыстан шықпайтын сияқтымын. Коктемдегі жеңіс тойын менсіз тойлайтын болдыңдар енді.

Әужекеннің не айтып отырғанын Қайсар ести алмады. Естімесе де насыбайын атып бас шұлғып отыра берді.

— Қалай болғанда да көкіректе бір арман кетіп барады, — деді Әужекең созін жалғап. — Майданда шейіт болған азаматтың атын ұмытып, қара басып анау дүниеге күнәр арқалап аттанатын болдым мен...

Қайсар тағы да құптағандай басын шұлғыды.

Әужекең бүгежектеп сандықтың түбін актарып, ол жерден қызыл бөзге оралған бір бума қағазды алғып шықты. Сөйтті де шет-жиегі жыртылып, сарғайып кеткен әлгі қағаздарды Қайсардың алдына бір-бірлеп жайып тастады.

— Бәтіреке, мыналарың әскер қағаздар ғой? — деді Қайсар көп қағаздың біреуін көтеріп.

— Бұлар майданда маған берген грамыттар! — деді Әужекең. — Мынау Стәліннің өзі берген... мынау да сол кісінің мактау қағазы. Мына біреуін командуший берген. Мынасы да командушийдікі. Мына медалді Прага деген қала үшін алғам.

Әужекенің созін естімесе де, Қайсар бұл жолы курдасының не туралы айтып жатқанын үкты.

— Сен нағыз батыр екенсің! — деді, шын ниетімен айтты. Сосын жылтыраған медалді аялай сипаіт қойды. — Сен мына қағаздарды сарғайтып сандыққа тықпай, рәмкеге сап төрдің басына іліп қойсаңшы! Ел көрсін, жұрт білсін... сенің тегін адам емесінді.

Әужекен үндеген жоқ, қағаздарды қайыра қаттаң жи-нап, медалді арасына салды да қызыл бөзбен шарт буып былай ысырып қойды.

Екі шал бұдан кейін де көукілдесіп біршама уақыт отырды. Әңгімелері оншалықты үйлеспей, әркім өзінше лағып, ауа жайыла берген соң, оларды сырттай бақылап отырған Мақан Қайсар атасын қолтығынан демен, үйіне жеткізіп салды.

Қайтып келсе әкесі жылдар бойы бойтұмардай сақтап келген грамоталары мен мақтау қағаздарын бір-бірлеп отқа жағып, пеш қасында тізерлеп бүктүсіп қалыпты. Қызарған шоқтың үстінде жалғыз медалдың жанып біткен темірі жылтырайды.

— Эке, мұның не? — деп Мақан шошып кетті. Ұмтыла түсіп, әкесін қапсыра құшақтай алды.

Қушиған арық қеудесі дір-дір етіп, әкесі үнсіз жылап отыр екен. Мақан не болғанын түсінбеді, панасыз жас баладай жетімсіреп қалған әкесін қеудесіне баса берді.

\* \* \*

Жангалидың Жалбызды бұлағының дәл түбінен совхоз осы күзде «кәрелен күпке» салып тастаған болатын.

Келесі коктемнен бастап осы жерде қой тоғытамыз деп еді, соңғы кездегі әңгімеге қарағанда совхоздың болар-болмасы белгісіз, тағдыры негайбыл сияқты. Осыншалық шығын шығарып күпке салғандарымен, ендігі жерде оның да ертеңі дүдәмал болып қалды. Бәрінен бұрын осы күпкенің кесірінен Жангали жазғаның Жалбызды бұлағы тартылып, ми батпаққа айналып кетті.

Қарашаның қары жауған күні бұрынғы бастық Мырзахмет әдетінше желіп келе жатып, Жалбызды бұлак-

тың жағасына тайып жығылыпты. Тайып жығылып, совхоз қазған өлгі терең күпкеге домалап тұсіп кетіпті.

Содан шекесі қызыл ала қан, белуардан суға малшынып дір-дір етіп үйіне азар жеткен көрінеді.

Шалының шала майданнан қайтқандай түрін көрген Зылиха ойбайға басып, сол күні кешке мал сойып, күдайы бергізген. Қазан көтеріп, Мырзекеңнің замандастарын, қала берді, көрші-қолаңды шақырып тілеу тіледі. Кезінде бастық болған кісінің беделі де зор ғой, совхоз директоры Тұсілбеков мырза да Мырзекеңнің көңілін сұрай келіпті. Бәрі жөн-ак, бірақ осындай күдайы дастарқанға беті самардай болған «охран» Қанапияның шақырылғанына Нұрғали іштей ренжулі болатын. Бірденені іші сезген екен, дастарқан басында құрдасымен тағы да сөзге келіп қалды...

Нұрғалидың тобық жұтқандай томсырайып отырғанын байқаған Қанапия:

— Бәйбіше, шалыңның күйісі кетіңкіреп жүр ме, қалай? — деп Бибішке екіұшты өзілсімек тастады.

— Нұрекеңнің көктем мен күзде қол-аяғы сырқырайтын әдеті бар, оны өзің де билетін шығарсың? — деді Бибіш. Сөйтті де Қанапияны жақтырмағанын сездіріп жүзін сырт бұрып әкетті.

Оған беті бұлк еткен Қанапия жоқ, Нұрғалиға бір, Бибішке бір қулана көз тастап:

— Күйкентайдың күйін тапсан сұнқардай деген... — деп мырс етті.

— Эй, Қанапия, сенің тәнің семіріп, жаның азғындалп барады! — деді Нұрғали күйініп. Сосын төр жақта Бектемірмен қатар отырған директорға жүз беріп:

— Өсер елдің арманы коп, өшер елдің жанжалы көп болады дейді екен атам қазак. Тегі, соған қарағанда осы Мұқырдың халқы ел болудан қалып бара жатқан шығармыз, — деді.

Директор үндеғен жоқ, төмен карап тұқырайып отырып қалды. Директордың үнсіздігін арқаланып, сөзге тағы да Қанапия килікті:

— Соған сенің көкейің енді ғана жетіп отыр ма? — деді Нұрғалиға. — Мен оны баяғыда... баяғыда тұсінгем. Тұсіндім де, бұл баянсыз тірлікті тәрк еткем...

— Астапыралла, не дейді мынау!

— Қырық жыл қатар жүрсек те сенің мінезінді біліп болмадым, — деді Нұргали таусылып.

— Мен бәрін әдейі істеймін. Маған қызық керек... — деді Қанапия қарқ-қарқ күліп. — Қызық болмаса, әредік ұрыс-керіс болмаса бұл қуарған тірліктің сөні болушы ма еді! Атам бөтен болғасын ба, қазактарды қырқыстырып қойып, қыр басынан қызықтағанды үнатам.

— Астапыралла; не дейт!

— Бүркеп жүріп бөтендігін білдіріп алды.

— Менікі әншейін пікір тудыру ғой, Нұреке, — деп Қанапия тағы да мазақ қылғандай қарқылдалап күлді.

— Адалсынған молданың үйінен алты доныздың басы шығыпты деген сөз бар... «Пікір тудыру» емес, Қанапия, сенің көкейінде қара жатыр, — деді Бибіш.

Қанапия ойып жіберердей Бибішке одырая қарап қойды. Тілі қышып тағы бір түйреп откісі бар еді, осы арада совхоз директоры жөткірініп, қабағын көтерді:

— Ұрпағына үлгі, ұланына ұлағат болған бұрынғының аксақалдары қайда осы? — деді Қанапияға шашылып. — Әлде бәрі де откеннің өкініші бол кетті ме?

Отырғандар бастықтың астарлы сұрағына не дерін білмей тосылып, тым-тырыс қалысты.

— Айта білгеннің аузы дуалы. Жөн айтып отырсың, Тұсіпхан шырағым... Үлкендерде ұлағат, кішілерде ізет қалмай барады бүгінде. Әлде ел азды ма, әлде заман тозды ма, әйтеуір бәріміз де тышқаншылап, ұсақтап кеттік білем, — деп Бектемір қасын котере көпшілікке бұрылып, козғалақтап қойды.

— Кіші дейтін кіші қалды ма осы ауылда... Жастардың бәрі қағынан жеріген құландай қалаға қашып жатыр. Тұзден тоят іздеседі... Қалқып жүрген он-он бес азаматтан басқасы кепкен кеуектей шалдар емес пе! — деді Орынбай өзімен-өзі күбірлеп.

— Білегінің күші, қолының қаруы бар азаматтардың ауылда азайып бара жатқаны рас, — деп Нұргали Орекенің күбіріне жан қосты.

— Бүйте берсе, қазақ ауылында келешек қалмай ма деп корқам! — деді Орынбай тағы өзімен-өзі күбірлеп.

Жиналғандар бір-бірін қабақ астынан бағысып, бірер сәтке тым-тырыс қалысты.

— Мен бүгін бір қын тұс көрдім, — деді Нұрғали әлдене есіне түскендей қозғалактай комданып.

Бәрі де Нұрғалиды жаңа көргендей кеуделерін тіктеп, мойындарын солай қарай бұрысты. Нұрғали айтар сөзін айтқанымен, көшіліктің оқыс өзіне бұрылғанынан ыңғайсызданайын деді.

— Ие, сосын? — деді Бектемір жақтырмағандай шүйлігіп.

— Тұс көрдім деймін.

— Оныңды естідік... Мен де көрдім түсті. Онымен не айтпак едің?

Нұрғали тамағын кенеп, сөйлей жөнелді.

— Тұсімде жапырағы жайқалған бір мәуелі бәйтерек екен деймін. Сол бәйтерек шайқатылып-шайқатылып тұрды да, менің көз алдымда ұзынынан гұрс етіп құлап түсті.

— Эйтеуір өзің амансың ба?

— Қарасам — быжынаған коп құрт бәйтеректің тамырын кеміріп жеп жатыр екен.

— Соны да тұс деп... — Қанапия козін сығырайтып, самайын қасыды.

— Жақсы тұс емес бұл...

— Қойыңызшы... Ақылды ісіне сенеді, ақымак күшіне сенеді, қорқақ тұсіне сенеді дегенді естіп пе едіңіз?

— Жөн-ау, бірақ бәрібір құйтырқылау тұс пе дедім.

Әлдебір қызық әңгіме күткен жүртшылықтың көнілі жығылып, назарларын қайыра бастықта бұрысты.

— Совхоз таратылады, бөлшектеніп жекелерге үлестіріледі деп естіміз. Бағдардан айрылып байырқалап қалдық емес пе! — деді Бектемір.

— Совхоз туралы осы жуықтағы жиналыста кенесіп шешіледі деседі ғой?

— Орнында бар оңалар, ел іргесі тыныш болсын!

— Көп суыр ін қазбайды, ін қазса түзу қазбайды деген бір аталы сөз бар. Түсекендей басшы жоқ жерде Мұқырдың ҳалқы өткел таппай адасып қалып жүрмесін.

— Олай бола қоймас. Заман өзгерді, қоғам жаңғырды. Ендігісі сол заманың ынғайына қарай тіршілік жасау керек шығар.

Осы тұста Қанапия Бектемірге бұрылып:

— Беке, рұқсат болса бастыққа мен бір уәж айтайдын, — деді.

— Уәжің болса — айт! — деді Бектемір.

Қанапия сөйлеуге асыққан жоқ. Төңкерілген қарнын аялай сипады да, жұртқа қаралап маңғаздана мұрнын тартты.

— Түсеке, көкейінізді жазбай танып отырмын, сіз әлгі әңгіменізben шалдарды саясатқа бастап отырсыз, — деді жуан мойнын бастыққа бұрып. — Бодан елдің бұғаулы бұзауы болған мына бізден не күтіп едіңіз? Төрелер болса ат ойнатып ел басқарды, қаралар атойлаумен ғұмыр кешті. Кең дүниені кеуделеумен тірлік құрып едік, кеudemіз қуыс бол шықты. Өміріміз біреулер кокіп жүргендей зая да болмаған шығар. Дегенмен, арбалған санамен алданған ғұмыр кешкен аға үрпак екеніміз рас... Олай болса ондай үрпак қарға тірлік тышқаншыламай қайтпек керек...

— Мынауыңыз қызық байлам екен! — деп бастық таңданыс білдірді.

— Жалпы Қанапия агадың сөзінің жаны бар, — деп үлкендердің әңгімесіне бір шеттегі Дәuletхан килікті. — Жуықта «Парасат» журналынан осындай ойды қуаттаған бір мақала оқығам... «Кеңестік дәуірдегі жетпіс жылда қазақ халқының ұлттық генофонды деградацияға ұшырады» деп тұжырым жасапты ғалымдар.

— Неменеге ұшырапты дейді?

— Тоқыраған, тозған деседі.

— Кім ол тозып жүрген?

Дәuletханың сөзіне бастық басын шайқап құліп жіберді. Сосын:

— Бұл да мен естімеген әңгіме екен, — деп ойланып қалды.

— Қалай деп мінесеніз де мінезіміз осы біздің! — деді Бибіш те сөзге араласып. — Барымыз да осы, бағымыз да осы, шырағым... Енді бізді тезге салғанмен түзелмеспіз.

Дәл мұндай жұмбақ әңгімені осыған дейін осы отырғандардың ешқайсысы естімепті. Оны біреу үқты, біреу үққан жок. Жұмбақ әңгіме жиналғандарды жұмбақ күйге түсіріп, тілді күрмел, конілді қөпке жазбай таstadtы. Сөйтіп, Мырзахметтің тілеуіне келген қонақтар бұл күні әдеттегідей ұзак отырған жок, өрнені сылтау етіспіп, күн жарықта ертерек тарқасып тынды.

\* \* \*

Аудан жақтан бастықтар келіп жиналыс жасайды деген кесімді күні Мұқырда тағы да қапалактап қар жауған.

Қапалактап қарашибада жауған қар жер дүниені аппақ көрпеге орап таstadtы. Бұл Өр Алтайға қыстың келгендігінің белгісі еді. Қыстың да қайталанбас көркем әсері болады екен, қармен бірге Мұқыр да жаңа түскен жас келіндей жасанып шыға келді.

Тұс әлетінде мұқырлықтар ауыл төріндегі адам коптен бармай тозып тұрған ескі клубқа қарай ағылған. Бәрі де ауданнан келген аузы дуалы бастықтардың айтар жаңалығын, сойлер созін естүге асықты... Жел сөз жерде жатушы ма еді, «совхоз тарайды екен» деген әңгіме мұқырлықтардың құлағын жауыр қылғалы біраз уақыт өткен. Кейінгі кезде совхоз ғана емес, аудан да тарайды екен, аудан ғана емес, облыс та тарайды екен деген қауесет шықты. Аудан ауданға, облыс облысқа қосылады екен, сөйтіп ірілендіріледі екен десті. Енді сол ел ішін кеулеген қауесеттің шын-өтірігіне көз жеткізіп, мұқырлықтар бүгін соны өз құлақтарымен естімек.

Қалай болғанда да, қоғамдақсан тірліктері кезеңді бір белеске жеткенін бәрі де мойындаған жатты.

Тұған ауылдарын алдағы уақта ұлken өзгерістер күтіп тұрғанын жүректері сезіп бара жатты.

1994 ж.

## МАЗМҰНЫ

<i>Ш. Мұртаза.</i> Романға бергісіз хикаят .....	5
Бірінші бөлім .....	9
Екінші бөлім .....	99
Үшінші бөлім .....	199

**Асқаров Әлібек**

**ӨР АЛТАЙ, МЕН ҚАЙТЕЙІН БИІГІҢДІ...**

**Хикаят**

Редактор *Е. Дүйсенбайұлы*

Суретші *Святослав Ким*

Компьютерде теріп, беттеген *Г. Есімбекова*

Корректор *С. Ыбраева*

Теруге 20.04.06 жіберілді. Басуға 12.04.06 қол қойылды.

Қалпы 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы оффсетті. Каріп түрі «Таймс».

Баспа табағы 19,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 3072.

**«Раритет» баспа компаниясы, 050022, Алматы қаласы, Масанчи кошесі, 98,  
оф. 14, тел.: 92-87-18, 60-67-08, тел./факс 92-88-36**


Тапсырысшының диапозитивінен

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының


Полиграфия комбинатында басылған,

050002, Алматы қаласы, Мақатаев кошесі, 41

«Өр Алтай, асқақ Алтай, асқар Алтай...»  
Бәріміз жатқа білетін осы әнде айтылар  
«өр», «биік» таудың баурайында  
төменшік өмір-тірлік кешіп жатқан  
бүгінгі қазақ ауылының тағдыр-талайын  
өзек еткен көрнекті жазушы  
Әлібек Асқаровтың бұл кітабымен  
сырласқан оқушы қылыш кезеңге тән қын  
хал-ахуалды күйрек мұң-шерсіз-ақ,  
астарлы құлкі, уытты тіл кестесімен  
кемел бейнелеген керемет шеберлікке  
тәнті болады.



Қазақ  
прозасы  
Қазынасынан



ISBN 9965-770-08-5  
9 789965 770081